

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№3 (170),
НАУРЫЗ
2019 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев,
Т.Омарбеков, — т.ғ.д. акад.;
Б.Аяған, Ә.Мұқтар — т.ғ.д.,
проф.; Д.Сәтбай, С.Сымағұ-
лова, Ұ.Ысмағұлов — т.ғ.д.
доц.; Н.Әлімбаев, А.Жұмаділ,
Ж.Әшірбекова, М.Ноғайбаева,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина —
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен — п.ғ.к.,
Қ.Қарамандаев — тарихшы-
зерттеуші.

С.Әбішқызы — тұңғыш
бас редактор. Б.Матекова —
ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева
— озат ұстаздар.

Басуға 25.02.2019 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108 ¹/₁₆.
Шартты б.т. — 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы — 1500.
Индекс — 75748.
Тапсырысы —

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Ғылыми-теориялық
мақала авторлары орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаша пікір ұсынуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-тұжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкеспейі де
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Ержан Бұланов. Қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы	2
Құмарбек Жұпбаев. Адамзаттың жер бетіне таралуы	7
Гүлнар Байжұма. Абақ-Керейлердің моңғол үстіртіне қоныстануы.....	10
Жанат Ахметова, Айна Сисенова. Ортағасырлық Алаша хан кесенесі	13
Ұлан Жанғалиев. Қазақстанның саяси жағдайы	15
Абдуллах Ағалықов. Перовск уезінің демографиялық ахуалы	17
Хадиша Әубәкірова, Бауыржан Еңсепов. Халел Досмұхамедовтің ғылыми-ағартушылық қызметінің ташкенттік кезеңі.....	20
Өтеген Исенов. "Қазақ" газеті: ұлт мүддесі.....	22
Әсемгүл Қоскеева. Тіл мәселесі – қазақ зиялыларының еңбектерінде	24
Зағира Тоқбергенова. Түркістан өлкесіндегі коммунистік идеологияның үстемдігі	26
Жанат Әбішева. Кеңестік биліктің дінге қатысты саясаты.....	28
Алдар Сәрсенов, Шахман Нағимов, Динара Хамидуллина. Кейбір КСРО азаматтарын конституциялық құқығынан айыру	30
Аққали Ахмет, Әділбек Өмірзақов. Атырау облысындағы жылқы шаруашылығы	34
Айгүл Оразалина. Патриотизм – азаматтық тәрбиенің негізі	35
Ардақ Мырзағұл. Майданда мерт болған батыр	37
Амангелді Төлемісов. Заңгер ғалымдар	39
Досалы Салқынбек. Тарихи жәдігерлер – ұлт мұрасы.....	42
Ердәулет Берлібаев, Ақбота Сейсенбаева. Ұлы даланың мұрагерлері.....	44
Мәдина Омарова. Орталық Азиядағы жаңа интеграциялық үрдіс	47
Толқын Еришева. Тарихи жады мен сананы жаңғырту:.....	50
Марал Қалиева. Модернизация исторического сознания	52
Ақмарал Өмірбекова. Қазақстан халқы Ассамблеясы.....	54

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Гүлқыз Жусанбаева. Тарих пәнін оқытудың тиімді әдістері	56
Айжан Ыдырысова. Тоқсандық жиынтық бақылау үлгісі	58
Бақытжан Ақдөңов. Сақтар туралы тарихи мәліметтер.....	59
Нұрланат Дөңбаев. Сақтардың мәдениеті.....	60
Сабилла Алмаханова. Қаңлылардың археологиялық олжасы.....	61
Қаныш Садыр. Тірілей жанған батыр	62
А.Жангелдина, Л.Жиренбаева, Л.Әжғалиева, А.Естемесова. Елбасы – болашақтың қамқоры.....	63
Айбек Бейсекенов. Жат ағымнан сақтанайық!	64

УДК 94 (574)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУ-ТАЙПАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ және осы туралы жаңа көзқарастар

Ержан БҰЛАНОВ,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік
университеті Қазақстан тарихы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен тарихқа жаңаша көзқарас қалыптаса бастағаны мәлім. Осы мәселеде тың бастама көтеріп, оны ру-тайпалық қатынастар жүйесі негізінде зерттеуге баса көңіл аударуға бағытталған зерттеулер жүргізу мен жариялауды қолға алған – 2005 жылы құрылған «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы. Бұл орталық арнайы «Алаш» тарихи-этнологиялық журналын шығарып, қазақ тайпалары мен руларының тарихын зерттеп, көп томдық кітаптар шығаруды бастады. Біздіңше, бұл – қазақ халқының тарихын, соның ішінде оның қалыптасу тарихын да зерттеудегі жаңа үрдіс. Оны «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» атты ғылыми-зерттеу жобасының бірінші томының бірінші кітабындағы алғысөзден айқын көреміз [1]. Оның авторлары Х.Ғабжалилов, Т.Омарбеков, Б.Кәрібаев қазақ халқының тарихының ру-тайпалық құрылымдар тарихымен тығыз байланысын, оны тереңдете және кеңейте зерттеудің еліміздің тарихын оқып-үйренудегі маңызын ғылыми тұрғыда негіздеді.

Олар ру-тайпалық қатынастардың біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтардан басталып, XX ғасырдың 30-жылдарына дейін халқымыздың тарихында ерекше орын алып келгендігін, ал Кеңестік тәртіптің орнауы барысында тоталитарлық жүйенің қазақ халқының рухани дамуын ғана емес, дәстүрлі шаруашылыққа негізделген дамуын да күйреткендігін көрсетеді. Мұнымен қатар, авторлар, тәуелсіздік тұсында да Кеңестік кезеңде жазылған «Қазақстан тарихының» бес томдығы көлемінен аса алмай жатқанымызды айта отырып, ондағы басты кемшілік ретінде, ежелгі дәуірден бері қарайғы қазақ халқының тарихын жазуда жекелеген тайпалық топтар мен алғашқы мемлекеттік құрылымдар тарихын зерттеуден әріге бара алмай жатқанымызды атап өтеді. Моңғол шапқыншылығына дейінгі мемлекеттік бірлестіктер тарихының әлі де саяси тұрғыдан жазылып отырғандығын айта келе: «Олардың рулық-тайпалық құрылымы және осы құрылымның ордалық мемлекеттер мен хандық бірлестіктердің саяси, әлеуметтік және әскери өміріндегі, дәстүрлі шаруашылық пен болмыстағы маңызды да шешуші рөлдері және алатын орны туралы арнайы да ауқымды еңбектер тарихнамamızда жоқтың қасы» [1, 6-б.], – дейді.

Мұнымен қатар авторлар біздіңше, мынандай тағы екі мәселеге дұрыс назар аудартады. Біріншіден, «Қазақстан тарихы» оқулықтарының бұрыннан таптаурын болған методологиялық жүйеден ажырай алмағандығын. Ал екіншіден, тәуелсіздіктен кейінгі балама тарих жазуға ұмтылыстың барысында жекелеген авторлардың жоқ жерден сенсация

іздеп, тарихи сананы ақиқаттан ауытқытатын бөтен бағыттарға жетелеп кеткендігі. Осы аталған мәселелерді тарихымызды жазудағы сәтсіздіктер ретінде атай отырып, «Олардың орын алуының басты себебі біздің ойымызша мынада, – дейді зерттеушілер, – қазақ халқының өзінің дәстүрлі тайпалық-рулық тарихи даму жолын, осы маңызды да күрделі мәселені бүгінгі қоғамымызда Кеңестік кезеңнен бастау алып қалыптасқан, рушылдық пиғылдардан сақтану психологиясының жолына құрбандық еттік. ...Рушылдықтан қорқамыз деп, өзіндік ерекшелігі бар – шын мәнінде өткені ру-тайпалардың іс-әрекетінен құралған ұлттымыздың тарихын көпекөрнеу байқамай, қазақ тарихын тайпалар мен рулар тарихын екшелеп алмай-ақ, «ұлттық», «халықтық» деген жалпылама ұрандар тасасында «жауырды жаба тоқып» жаза береміз бе? Рулар тарихын ұлт тарихына қарсы қойғанымыз қалай болады?!» [1, 7; 15-бб.]. Байқап отырғанымыздай авторлар, қазақ халқының қалыптасуы мен дамуын оқып-үйренудегі ру-тайпалық құрылымдар тарихын зерттеудің тығыз байланыстылығын және қажеттігін баса көрсетеді. Қазақ үшін ру тарихының – ұлт тарихы екендігіне баса назар аударады. Біздіңше, бұл – шындыққа өте жақын тұжырым. «Шын мәнінде кейінірек «қазақ» деген халықты құрған осы ежелгі тайпалар тарихының өзі, көптеген рулар тарихынан тұратынын да ескере бермейміз» [1, 6-б.], – деп нақтылай түседі.

Бұдан соң аталған зерттеушілер рулар мен тайпалар тарихын жазудың ерекшеліктері мен жолдарына тоқталады. Қазақ руларының сан-салалы, әрі қилы тарихының толыққанды зерттелмей отырғандығын айта келе, оны шежіремен ғана шектеудің дұрыс емес екендігін, оның халқымыздың тарихымен тығыз байланыста қарастыру қажеттігін көрсетеді. Мұнымен бірге, қазақтың әрбір руы мен тайпасының тарихында қайталанбас тарихи оқиғалардың да орын алып отырғанын, сондай-ақ халқымызға ортақ үрдістер мен шиленісті тарихи құбылыстарында олардың әрқайсысының өзіндік орны мен үлесі барлығын ескертеді. Кеңестік кезеңге дейін қазақтың әрбір руының өзіне тән ата-қонысының, көшу жолдарының, тарихи тұлғаларының болғандығын атап көрсете отырып, осы тұлғаларды руының тарихымен байланыстыра зертеу қажеттігіне баса назар аударады. Бірақ, әркім өзінің руының тарихын жазуы керек, басқалардың оған араласпаған жөн дейтін жаңсақ пікір тұмауы қажеттігін де ескертеді. Зерттеуші үшін руды бөліп, жіктеудің дұрыс еместігін де атап өтеді. Міне осылайша, бүгінгі таңда, ру-тайпалар тарихын кеңейте, арнайы зерттеу – қазақ халқының тарихын жазудың жаңа, этникалық және

тың методологиялық бағыты ретінде ерекшеленіп отыр.

Авторлар бұл алғысөзде қазақ жүздеріне көзқарас, рулардың таңбалары, қазақ ру-тайпаларының ұрандары жөніндегі мәселелерді ерекшелей қарастырады. Енді біз, осы бағыттағы авторлардың көзқарастарына тоқталайық. Өйткені, оларда біршама жаңаша пікірлер мен тұжырымдар негізделген деп ойлаймыз. Онда «жүз» сөзінің мағынасы, қолданылу уақыты және мәні туралы мәселелерді жіктей отырып зерттеу қажеттігі мен маңызы ерекшеленеді. Бұдан кейін авторлардың қазақ жүздеріне байланысты пікірлері, ол туралы мәселеге көңіл аударған зерттеушілердің көзқарастарын, негізінен үш топқа бөле отырып, талдауға бағытталған. Жүздер туралы мәселе турасында көптеген көзқарастардың өмір сүріп келгендігін баяндай келе, жүзді – «қазақ ру-тайпаларының шаруашылық-географиялық ерекшеліктеріне, саяси дамуына байланысты қалыптасқан әкімшілік құрылымы» деп көрсетеді. **Ал жүздердің пайда болған уақыты туралы мәселеде мынадай соны пікір білдіреді:** «Біздің ойымызша, Қазақ хандығының XVI ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы хандықтың «уақытша әлсіреуі» кезеңінде пайда болған бөліктер «Жүздер» деп аталған» [1, 20-б.]. Бұл үш автор өздерінің осы кітаптың кіріспесіндегі жүздер туралы жазған ойларын кеңейте, тереңдете отырып жариялаған мақаласында төмендегідей қорытынды жасалады: «Қорыта келгенде айтарымыз, қазақ қоғамында біршама ұзақ мерзімде орын алған жүздік құрылым біздің этникалық тарихымызға тән өзіндік ерекшелік болып табылады. Саяси-әкімшілік жағынан қазақтарды жіктей тұрса да, бұл жүйе қазақ халқының біртұтас ұлт болып ұйысуына, үлкен аймақты сақтап қалуға өзіндік жағымды үлес қосты, бұл бөліктер бытыраңқы көшпелі тайпаларды өзара жақындасуға, бірігуге, туыстасуға баулыды» [2]. Осылайша жүздік жүйенің қазақ халқының қалыптасып дамуында, ұлтқа айналуында өзіндік рөл атқарғандығын баса сипаттайды. **Мұнымен бірге, біздіңше, авторлар қазақ жүздері мәселесі көлеміндегі мынандай мәселелерді өздерінің тұжырымы ретінде талқылауға ұсынады:**

«1. Жүздік бірлестіктер бұрынғы Ордалық, яғни ұлыстық басқару жүйесінің жаңа этно-саяси ахуал жағдайында күрделі өзгеріске ұшыраған жаңа әкімшілік үлгілері. Бұл көптеген ру-тайпаларды біріктірген қазақ халқының қалыптасуынан және оның ішкі, сыртқы саяси жағдайға сәйкес туындаған этно-әкімшілік, саяси проблемаларынан еріксіз туындаған мемлекеттік жүйе;

2. Сондықтан да «жүз» терминінің мағынасын ұғынғанда «бөлшек», «жақ» деп түсіндіретін ұғымнан бас тартуға негіз жоқ деп ойлаймыз. Әрбір қазақ жүзі тұтас халықтың «ұлы», «орта», «кіші» бейнесін, түрін, яғни жүзін көрсетті. Бұлар тұтас этностың бөліктері еді;

3. Жүздер бұрынғы Ордалар тәрізді қазақ рулары мен тайпаларының басты-басты үш көшу аудандарында, орталықтарда топтасып өмірге келді. Бұл көшпелі шаруашылық жағдайында әбден табиғи нәрсе еді. Алайда жүздердің құрылуына экономикалық-шаруашылықтық факторлардан гөрі XVI ғасырдың соңындағы – XVII ғасыр басындағы ішкі-сыртқы саяси, тіптен әскери соғыстық факторлар басым әсер етті. Жаңа әкімшілік жүйе этнос ретінде қазақ халқы қалыптасып үлгерген мерзімде орын алғандықтан халқымызды іштен ажыратушы, ірітуші емес, қайта ел ретінде ұйыстырушы,

топтастырушы рөл атқарды. Бұл процестің қазақ тағдырында прогресті ықпалын да мойындауымыз керек;

4. Қазақты құраған рулар мен тайпалар сандары ғасырлардан бері нақты көшу аудандарында шоғырлана көшіп жүргендіктен, шаруашылықтық-территориялық мүдделер ортақ болғандықтан жоғарыдан қазақ хандары жасаған жүздік басқару құрылымын түсіністікпен қабылдады және алғашқы күндерден бастап-ақ өздерін осы жүздік құрылымның табиғи заңды мүшелері ретінде сезінді;

5. Жүздік басқару құрылымы Есім ханның ел басқаруының алғашқы жылдарында 1598-1606 жылдары орнықты деп айтуға негіз бар. Бұл жаңа жүйенің негізгі қағидалары бұрынғы ұлыстық (Ордалық) басқару ережелерін жаңа этно-саяси ахуалға икемдеп негіздеген «Есім ханның ескі жолында» көрініс тапты. Есім хан реформасының «ескі жол» аталуы да сондықтан;

6. Жүздердің қазақ қоғамында орнығуына байланысты алып-қашты, нақты тарихи деректерге негізделмеген, шын мәнінде тарихымызды бұрмалайтын әртүрлі көзқарастар мен болжамдарды қайта-қайта баяндауды қойып, нақты дәлелдермен тарихымыздың осындай күрделі мәселелерін байыптап, орнықты жазатын уақыт болды. Ежелгі және орта ғасырлардағы тарихымыздың өзіндік ерекшеліктері, мәселелері қашанға дейін топшылаулар мен бұрынғылардың әртүрлі қисындарын сипаттауға құрылмақ. Бүгінгі зерттеушілеріміз осыны түсінулері керек. Тарих жалтақтау кезеңінен өтіп кетті» [2, 67-68-бб.]. Біздіңше бұл сөз жоқ қазақ жүздері туралы жаңа көзқарастар жүйесі. Осы негіздегі зерттеулер қазақ халқының қалыптасуы мен дамуының ғылыми негіздегі тарихын нақтылай түсерінде шүбә болмаса керек. Атап өтуге тұрарлық нақ осы жаңашылдықты басшылыққа алған «Алаш» орталығы қазақ ру-тайпаларының ұрандары жөніндегі мәселені арнайы қарастыруды және қазақ жүздерінің пайда болуы мәселесін ұлттық мүдде тұрғысынан зерттей бастаудың негізін қалады.

Бұл мәселені тарихшы-ғалым Зікірия Жандарбек «Қазақ жүздерінің пайда болуы жөніндегі жаңа деректер» атты мақаласында XIV-XV ғасырларда қалыптасуы аяқталған қазақ халқының тарихымен тікелей байланыстыра қарастырды [3]. Зерттеуші, қазақ ру-тайпаларының шаруашылық-территориялық мүдделерінің ортақ болуы жүздік құрылымдардың пайда болуына алып келді деп пайымдайды. Алайда, З.Жандарбек діни тұжырымдарға баса көңіл бөліп, халықты топтастырған күш – ол яссауия ілімі деп санайды [4]. Біздіңше, бұл тұжырым «Алаш» тарихи-зерттеу орталығының ғалымдарының пікірлерімен үндеседі және бірін-бірі толықтыра түседі.

«Алаш» тарихи-зерттеу орталығының зерттеушілері ұсынған келесі бір тың мәселе – рулардың таңбалары жөніндегі мәселелерді ғылыми тұрғыда зерттеу. Өздерінің күрделі этникалық тарихи даму жолдарында нақты деректерді тым аз қалдырған қазақ рулары мен тайпалары өзіндік таңбалармен және ұрандармен ерекшеленеді. Сондықтан, «Рулық немесе тайпалық таңбаларды және ұрандарды зерттемей, қазақ халқының қалыптасуының этникалық жолын айқындау мүмкін емес екендігін байқаймыз», – деп атап көрсетеді олар. Тарихи әдебиеттерде рулық және тайпалық таңбалардың шығуы туралы әртүрлі, тіпті ғылыми тұрғыда қисынсыз пікірлердің айтылып келгендігін негізінен

бес топқа жіктей отырып сипаттайды. Н.Аристовтың түркі хандарының таңбаларының Орхон бойынан табылған тас плиталарда кездесетіндігі туралы пікірін, таңбаларды Оғұз ханның, Шыңғыс ханның үлестіргендігі жөніндегі пікірлердің қазақ руларының тарихының тереңнен басталатындығын байқататындығын жаза отырып: *«Біздің ойымызша, осы тұжырымдардың өзі рулық таңбалардың ерте ортағасырлардағы түркілердің өмірінің саяси-шаруашылықтық қажеттіктері туғызған дегенге ақиқат жақын тұр»*,— деп тұжырымдайды. Бұдан кейін, М.Қашқаридың белгілі еңбегіндегі оғыз руларының таңбаларының қазақ руларының таңбаларымен ұқсастығын дәлелдей келе, рулардың таңбаларын зерттеудің олардың тарихын зерттеу болып шығатындығын көрсетеді. Рулық және тайпалық таңбалардың өзгеріп, ауысып отыруы, олардың тарихи дамуымен, тарихи процестер барысында өзара араласуымен байланысты болып отырғандығын да айқындай түседі. Мұнымен қатар, рулар мен тайпалар тарихының қазақ халқының тарихымен тығыз байланысын нақтылай түскен мынандай қорытындыларын қаз-қалпында беруді жөн деп білеміз: *«Бірінші, сандаған ғасырларға созылған күрделі тарихи даму барысында көшпелі қазақ рулары тайпалық одақтардағы орындарын ауыстырып отыруға мәжбүр болған. Нәтижесінде көптеген рулар мен тайпалар өзара араласып, этникалық, тілдік, антропологиялық тұрғыдан жақындаса түсті. Ал мұның өзі қазақ халқының этникалық тұрғыдан біртұтас ұлт болып қалыптасуын қамтамасыз етті. Бұл біздің ұлтымыздың адамзат тарихындағы ұлы жеңісі; екінші, қазақ рулары мен тайпаларына тән белгілерді жан-жақты терең зерттеу халқымыздың этникалық тарихына байланысты жаңа, тың қорытындылар мен тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Рулық және тайпалық таңбалар әрбір рулар мен тайпалардың өткен жолын ғана емес, олардың өзара қалай біріккендерін де анықтай түсуге жол ашады»* [1, 28-б.]. Біздіңше, бұл тарихи шындыққа өте жақын және болашақ тарихшы-зерттеушілер баса назар аударуға тиісті мәселелердің бірі. Айта кететін бір мәселе, авторлар осы шағын алғысөздің өзінде қазақ тайпалары мен рулары және олардың таңбалары туралы мәліметтер жинақталған бірнеше деректік кестені ұсынады.

Бұл кітаптағы тағы бір жаңашылдық қазақ ру-тайпаларының ұрандары жөніндегі мәселені арнайы, ерекшелік қарастыруында деп білеміз. Өйткені, авторлар дұрыс көрсеткендей әлі күнге дейін қазақ ру-тайпаларының ұрандары туралы мәселемен арнайы түрде ешбір зерттеуші айналысқан емес. «Ұран» сөзінің Кеңестік кезеңде жарық көрген «Қазақ Совет Энциклопедиясындағы» анықтамасына тоқтала келіп, оның толық мағыналы емес екендігін атап көрсетеді [5]. Таңбалар сияқты ұрандардың да қазақ ру-тайпаларының тарихын зерттеудегі маңызды деректік рөлін айқындай келе, олардың пайда болу жолдары мен себептеріне дұрыс талдау жасалады. Ұрандардың өзгеріп отыратындығы, оның себептері жөніндегі мәселе де арнайы талданады. Осыларды тұжырымдай отырып, біздіңше қазақ халқының тарихын болашақта зерттеуге жаңаша бағыт беретіндей төмендегіше маңызды қорытындылар жасалады: *«Біріншіден, тарихи тұлға есімі ұранға айналуы үшін оның әулиелік, батырлық, көсемдік, шешендік қасиеттері жарқырап көрінуі керек. Екіншіден, кейбір ұрандар 2-3 ғасырға ғана төтеп*

беріп, онан соң жаңарып, өзгеріп отырса, қайсыбір ұрандар – Қарабура, Ақжол тәрізділері уақыт сынына ұзақ шыдаған. Үшіншіден, ру-тайпалардың тарихын зерттеуде дерек ретінде көмекші қызмет көрсете алады» [1, 47-б.]. Еңбекте қазақтың үш жүзінің 43 тайпасының М.Тынышпаевтың, Гродековтың, Л.Мейердің, Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востровтың еңбектері бойынша ұрандарының салыстырмалы кестесі де берілген.

Бұл еңбектің қорытындылаушы бөлігінде ру-тайпалар тарихын арнайы зерттеудің қажеттігі мен маңызын ерекшелік келе, мына тұжырымды тағы да нақтылай, қайталай көрсетеді: *«Қазақтың рулық-тайпалық негіздерін тереңдете зерттеу дегеніміз қазақ халқының өзінің қалыптасу тарихын тәптіштеп зерттеу болып шығады»* [1, 50-б.]. Біз бұл тұжырымды толықтай қолдаймыз және болашақ зерттеушілер баса көңіл аударатын мәселе деп білеміз. Мұнымен қатар, авторлар ұсынған мынандай тұжырымдар да өзінің жаңашылдығымен және дәйектілігімен ерекшеленетініне зерттеушілердің назарын аударғанды жөн деп есептейміз. **Ол – «қазақ» этнонимінің пайда болуы туралы мәселені қазбалай берудің қазақ халқының қалыптасуын айқындап береді деп есептеудің біржақтылыққа ұрындыратыны жөнінде айтқан пікірлері.** Зерттеушілер бұл тұжырымдарын рулар мен тайпалары арасында да, тіпті түрік қағанатының құрамында да, қыпшақ-оғыз, қарлұқ бірлестіктерінде де, Көшпелі өзбектер ұлысында да, Ноғай Ордасының құрамында да «қазақ» атауымен аталатын этникалық құрылымдардың кездеспейтіндігімен түсіндіреді. Мұнымен қатар «қазақ» этнонимі пайда болмай тұрып та, пайда болғаннан кейін де бірнеше ғасыр бойы өмір сүріп келе жатқан қазіргі қазақ рулары мен тайпаларының қиын да, қызықты тарихы бар екендігін көрсетеді де мынандай тұжырым жасайды: *«Қазақ халқы XV ғасырда «қазақ» этнонимі пайда болмай тұрып-ақ халқымызды құраған 40-тан астам рулар мен тайпалардың қанында, жанында, рухында, тілінде және ділінде өмір сүріп келді десек ақиқатын айтамыз. Ерте ортағасырлардағы қазақ ру-тайпаларының арғы бабаларын мойындау дегеніміз қазақ халқының ежелгі халық екенін мойындау болып шығатынын ескерейік»* [1, 53-б.].

Орталық ғалымдары мен қызметкерлері Кіші жүздің Жетіру бірлестігіндегі тайпалардың тарихын терең зерттеп, жаңа тарихи танымға негізделген жеті том, он бір кітаптан тұратын еңбектер даярлап, «Атамұра» баспасынан жарыққа шығарды. Бұл – кітаптардың қатарына жоғарыда аталып, талданған «Тама» ұжымдық зерттеуінің үш кітабы да кіреді. Олардан өзге «Табын» – екі, «Кердері» – бір, «Керейт» – бір, «Жағалбайлы» – екі, «Рамадан» – бір, «Телеу» – бір кітап түрінде жарияланды.

Табын тайпасының тарихы жайлы егжей-тегжейлі айтылатын оның бірінші кітабында табындардың XIII ғасырға дейінгі тарихы, кезінде Орхон өзені бойын мекендеген Үш табындар тайпасы, Майқы бидің Табын хандығының негізін салушы және билеушісі ретіндегі рөлі жайлы, Алтын Орда дәуіріндегі, сондай-ақ кейінгі орта ғасырлардағы саяси жағдайындағы табындар тарихының мәселелері, XVII-XVIII ғасырлардағы табындардың қазақ қоғамындағы рөлі деректер мен зерттеулердің мәліметтеріне негізделіп қарастырылған.

Еңбекте Кіші жүзді құраған тайпалардың, соның ішінде табындардың Қазақ хандығы құрамына

кейінірек қосылғандығы айтылады. Оның себептерін XVIII ғасырлардағы табын тайпасының тарихын зерттеген тарихшы-ғалым Б.Кәрібаев және Х.Ғабжалилов былай түсіндіреді: «Біріншіден, ... сол замандарда қалыптасқан тарихи-саяси оқиғалар нәтижесінде негізінен Қазақстанның батыс өңірлерін мекендеген Кіші жүз рулары, соның ішінде Жетіруға кірген табындар да Ноғай Ордасы мемлекетінің ықпалында болды. Бұл кезеңде өз күш-қуатының шарықтау шегіне жеткен, қуатты Ноғай Ордасы елеулі саяси күш болды.

Екіншіден, Керей мен Жәнібек бастаған топтың көшіп кету актісінің негізгі себебі Әбілхайыр хандығы мемлекетінің әлсіреуінің нәтижесінде пайда болған ішкі талас-тартыстарға көрсеткен қарсылығы еді» [6]. Сонымен қатар зерттеушілер XIV-XV ғасырлардағы қазақ ру-тайпаларының «өзбек-қазақ», «өзбек», «моғол», «ноғай», «маңғыт» тәрізді этносаяси қауымдастықтарға біріккендігін, солардың ішінде табындардың да бар екендігіне баса назар аударған.

Қазақ ру-тайпалары арасында Жетіру тайпалық бірлестігіне кіретін кердерілер тарихының өзіндік ерекшеліктері «Кердері» деген атаумен 3-том, дара кітап болып жарық көрген еңбекте көне заманнан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі тарихы көптеген деректер мен тарихи зерттеулердің көмегімен баяндалған. Орта ғасырлардағы түстік Арал аймағындағы Кердер мемлекеті, оны IX ғасырға дейін арабтардың жаулауы, Әбілхайыр хандығы, қазақ-ноғай қатынастары, Қазақ хандығы тұсындағы этносаяси тарихы жан-жақты көрініс тапқан.

XIV-XV ғасырлардағы этникалық процестерге, қазақ халқының қалыптасуының аяқталуына байланысты ғылыми-зерттеу орталықтың тарихшылары мынадай тұжырым түйіндеген: «XIV-XV ғасырларда қазіргі Қазақстан аумағындағы халықтың саяси өмір нысандарының дамуы мұндағы Ақ Орда, Моғолстан, Ноғай Ордасы, Көшпелі өзбектер мемлекеті немесе Әбілхайыр хандығы (1428-1468) секілді мемлекеттермен тікелей байланысты болғандығы белгілі. Осы кезде тайпалардың этникалық құрамы тұрақтанады да, мәдени-шаруашылық ерекшеліктер бір арнаға түсіп, ортақ этникалық белгілер байқала бастайды. Мұндағы этникалық-саяси даму үрдістері көптеген халықтарға (қазақ, қарақалпақ, өзбек, т.б.) ортақ еді» [7]. Авторлар кердерілердің Әбілхайыр хандығының құрамында болғандығы жайлы болжам ғана айтады. Олар өз ойларын: «Әбілхайыр хан қазақтың Кіші жүзі ертеден орныққан аймақтарға жетіп, мұндағы ру-тайпалардың біразын өзіне бағындырғаны анық. Әрине, жазба деректерде шағын рулар жайында ештеңе айтыла қоймайды. Бірақ, этникалық территорияларда болған ірілі-ұсақты тарихи оқиғаларға сипаттама жасау бізді осындай болжам жасауға итермелейді» [7, 111-б.], – деп дәйектеген. Сондықтан да кердері рулары XV ғасырда осы мемлекетпен тығыз саяси қарым-қатынас орнатқан, тіпті оның құрамына кірген деуге мүмкіндік беретінін баса көрсетеміз. Тарихшылар өз жорамалдарын орта ғасырлық шығармалар арқылы растай түскен. Мәселен, Құрбанғали Халидтың «Тауарих хамса» еңбегіндегі «тоқсан екі баулы» өзбектердің тізімі орта ғасырлардағы жазба ескерткіштердің негізінде құрастырылғандығы белгілі. Міне, осы тізімде кердерілер қазақ ру-тайпаларының ішінде елу жетінші орында тұр. Мұның өзі олардың мемлекеттегі орны, тізімде олардан кейін берілген барлық ру-тайпалардан

жоғары тұрғандығын айғақтайды.

Қазақ хандығы құрылған кезде кердерілер бірден оның құрамына ене алмаған. Осы турасында «Кердері» еңбегінің авторлары былай деп пайымдайды: «Кердерілер сол замандарда мекендеген қазіргі Қазақстанның батыс өңірін өздеріне Керей де, Жәнібек те қарата алмағаны анық. Оған оңтүстікте шайбани әулеті мен Темір ұрпақтарының наместниктерімен болған соғыстар, шығыста моғолдарға үнемі тойтарыс беріп отыру, батыста ноғай билеушілері позициясының үстемдігі, т.б. мәселелер өзіндік әсерін тигізіп отырса керек» [7, 227-б.].

Кердерілердің Қазақ хандығының құрамына еніп, қазақ халқының қалыптасуына тигізген өзіндік әсері мол. Себебі, орта ғасырлық Қазақстан тарихында орын алған аса маңызды оқиғалардың бірі Ноғай Ордасынан бөлінген тілі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі ортақ рулардың бір тобының қазақ халқының қосылуы болып табылады. Ал, Ноғай Ордасының құрамындағы ру-тайпалардың Кіші және Орта жүз қазақтарының қалыптасуына маңызды ықпал еткендігі екінші тараудың бірінші бөлімшесінде жан-жақты ашып көрсетілді.

Жетіру тайпалар бірлестігінің белді мүшесі керейт тайпасының тарихы 4 томда баяндалған. **Керейттер тарихы сонау ғұндар кезеңінен бастап қарастырылып, керейт – керей болып бөлінудің күрделі тарихы, Шыңғыс ханмен байланысты тарихи кітапта терең зерттелген. Керейттердің арғы тарихы туралы болжамдар мен көзқарастардан басталатын зерттеу, олардың XV-XVII ғасырлардағы тарихи тағдырына ұласады.** Кітап авторлары XIV-XV ғасырлардағы тарихи оқиғаларға байланысты керейттердің бір бөлігінің қырғыз, келесі бір тобы ноғай, басқа біреулері өзбек, ал ең негізгілері қазақ халқының этникалық құрамына ене бастағандығын баса көрсетеді. «Аталмыш процесс Ақ Орда мемлекеті тұсында шарықтау шыңына жетеді де, Қазақ хандығы құрылған кезде аяқталады. Ақ Орда, Көшпелі өзбектер мемлекеті, Моғолстан мен Ноғай Ордасы қазақ, қырғыз, өзбек халықтарының кірігу процестеріне жағдайлар әзірледі. Қазақ халқының қалыптасуында тайпалар мен руларды мемлекет етіп біріктіру этникалық өзара жақын топтардың саяси бытыраңқылығын жеңіп шығудың заңды қорытындысы болды» [8], – деп өз тұжырымдарын бекіте түседі.

XV ғасырда керейттер жеке тайпа ретінде қалыптасуы аяқталған. Оны XVI ғасырдағы «тоқсан екі баулы өзбек» тайпаларының орналасуы дәйектейді. Құрбанғали Халидтың мәліметінше керейттер 36-шы, ал керейлер 59 орынға ие болған, яғни екі тайпаның бөлек-бөлек аталғандығы айқын көрініп тұр. Мұның өзі осы уақыттарда бұл тайпалардың Шыңғыс хан тұсындағы (оған дейінгі де) туыстық қарым-қатынасынан толық ажырағанын байқатады.

Қазақ хандығының құрылуы, соның салдарынан «қазақ» атты ұлттың тарих сахнасына шығуы – тілі, бет-пішіні, діні, ділі, әдет-ғұрпы бір, тұрмыс тіршілігі ортақ туыстас тайпалардың, этникалық тұрғыдан қарастырғанда біршама қалыптасқан қауымның жаңғырған мемлекет құрамына қайтадан топтасуының айқын көрінісі еді. Оның түп-тамыры бірнеше мыңжылдықтар шегінде жатқан болатын. Қазақ билеушілері осы уақытта Моғолстанға деген азды-кемді тәуелділігінен босанады да Жетісудағы жергілікті тайпаларға арқа сүйеп, Шығыс Дешті Қыпшақтағы билікті қолдарына алу үшін күреседі.

Алдымен Әбілхайырдан қысым көргендерді паналатады да, бірте-бірте күшейе бастайды.

Қазақ хандығының құрылуына және оның құрамына керейттердің қосылуы туралы ғылыми орталық ғалымдары былай деп жазады: «Жалпы, Керей мен Жәнібек ел билеген жылдары хандықтың аумағы керейттер мекендеген Сыр бойындағы өңірлерді толық қамти қойған жоқ. Сырдария алабындағы қалалар қарсыластардың (Темір ұрпақтары, М.Шайбани хан және қазақ хандары – Е.Б.) қол астына алма-кезек өтіп отырды. 1470 жылғы жорық нәтижесінде қазақтар Созақ, Сауран, Сығанақ қалаларын қаратты. Сөйтіп, бұрынғы Ақ Орда билеушілерінің мирасқорлары кезінде осы мемлекет құрамына енген Арал өңіріндегі, Сырдарияның төменгі ағысындағы, Қаратау баурайларындағы аймақтарға толық болмаса да, ішінара ықпалын жүргізе бастайды» [8, 210-б.]. Керейттер орналасқан аумақ, Қасым хан билік еткен тұста Қазақ хандығының этникалық территориясына қосылған. Себебі, Қазақ хандығы құрылғаннан және күшейіп, нығайған кезде оның батыстағы көршісі – Ноғай Ордасы әлсіреп, ол мемлекетте ыдырау процестері жүріп жатқан болатын. XVI ғасырдың басында ноғайлар ішінара бір-біріне тәуелсіз үш бөлек ұлысқа бөлініп, жеке өмір сүріп жатты. Ноғай Ордасының әлсіреп, ыдырауына ең алдымен Қазақ хандығының күшеюі мен қазақ халқының қалыптасуы факторлары ықпал етті.

Сонымен, қазақ халқының қалыптасуына Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісу аумағындағы әр түрлі тайпалық одақтар мен ұлыстардың құрамында болған біртектес түркі тілді рулар мен тайпалар өзіндік әсерін тигізді. Осындай орта ғасырлық Қазақстан тарихында орын алған аса маңызды оқиғалардың бірі Ноғай Ордасынан бөлінген тілі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі ортақ рулардың бір тобының қазақ халқының құрамына қосылуы болып табылады. Оған «Алаш» тарихи-зерттеу орталығының жоғарыда атап өткен еңбектерін талдау барысында көз жеткіздік және бұл проблеманың маңыздылығы екінші тарауда қарастырылғанын тағы да атап өтеміз.

Қазақ халқының қалыптасуының аяқталуына байланысты этникалық үрдістер мәселесінде жағалбайлы тайпасының алар маңызы зор. Бұлар туралы тайпа атауымен шыққан екі кітаптан тұратын зерттеуде көрініс тапқан. Онда жағалбайлылар тарихи өзіне тән ерекшеліктері, дербес әлеуметтік-этникалық сипаттары арқылы баяндалып, VI-XIII ғасырларда «жағалдар», онан соң «жағалбайлы» атанған тарихи белестер ескерілген. Ал XIII-XVI ғасырларда Ақ Орда мемлекетін, Әбілхайыр хандығын, Моғолстанның солтүстік бөлігін (Жетісуды) және Ноғай Ордасын қазақ халқының ірі-ірі этникалық топтары мекендеді. Жағалбайлылар осы мемлекеттерде өсіп өнді. «Осы мемлекеттер шеңберінде қазақ халқының қалыптасуының ұзаққа созылған процесі өрбіп, ал Қазақ хандығында біртұтас халықтың біржолата этникалық топтасуы аяқталды, – дей келе ғылыми-зерттеу орталығының ғалымдары жағалбайлы тайпасының қазақтардың құрамына қашан қосылғандығын былайша атап көрсетеді, – Алғаш ноғайлармен бірге болған жағалбайлылар XVI ғасырдың орта шенінде қазақ қоғамынан біржолата орын тепті» [9]. Бұл орталықтың атқарып жұмыстарының ауқымдылығын осы зерттеулерден ақ айқын көруге болады. Кіші жүз ру-тайпаларынан бастаған зерттеу процесіне көз жүгіртетін болсақ, әр ру-тайпаның жүріп өткен бүкіл тарихи жолын қамтылып, жазба деректер, зерттеу еңбектерін, халық

ауыз әдебиеті үлгілеріндегі мәліметтердің барлығы салыстырыла отырып қарастырылған.

Сонымен қатар, орталықтың Кіші жүз қазақтарының құрамындағы телеу, рамадан тайпалары туралы да зерттеулері жарыққа шықты. Мәселен, телеу тайпасының Түрік қағанаты тұсындағы батысқа жылжыған арғы бабаларының тарихи тағдыры, олардың қыпшақ, башқұрт және ноғай бірлестіктеріндегі, Алтын Орда құрамындағы, Ноғай Ордасы, Қазақ хандығы тұсындағы этникалық процестердегі орны мен рөлі туралы ең соңғы ғылыми тұжырымдарды осы еңбектерден аламыз.

Еңбекте XV ғасыр түркі тілдес тайпалар тарихында бөлінудің аяқталған ғасыры және жеке халық, ұлт болуда бірігудің басталған уақыты ретінде ерекшеленген. Зерттеуде қазақ халқының қалыптасуына әсер еткен фактордың біріне саяси факторларға басымдық беріледі. Осыған орай ғалымдар «Телеу» кітабында мынадай тұжырым түйіндеген: «Алтын Орданың XV ғасырдың бірінші жартысында ыдырау процесі кезеңінде Дешті Қыпшақтағы тайпалар негізінен екі үлкен этникалық топқа топтастырылды. Бірі ноғай ру-тайпалар бірлестігі болса, екіншісі – көшпелі «өзбектер» деп аталған ру-тайпалар бірлестігі болды. Тарихи заңдылықтар бойынша ру-тайпалардың біріктіріліп, белгілі бір аймақта мекендеп, ортақ этнос болып қалыптасуына экономикалық, діни-рухани факторлар да жетекші ықпал жасайды. Осы заңдылыққа сәйкес ноғай ру-тайпалық бірлестігінің қалыптасуына Ноғай Ордасы ықпал етсе, көшпелі «өзбектер» тобының пайда болуына ... Әбілхайыр хандығы әсер етті» [10].

Телеулердің Қазақ хандығының құрамына енуі туралы ұжымдық еңбекте мынадай тұжырым жасалады: «XVI ғасырдың басында Қасым ханның тұсында орын алды» [10, 298-299-бб.]. Бұл пікір шындыққа жақын, себебі Қасым ханның тұсында Қазақ хандығының территориясына Жетісу, Сырдың орта ағысына дейінгі жерлер, ал батыста Жайық өзеніне дейінгі аумақ қосылған болатын. Сонымен қатар М.Х.Дулатидың мәліметі бойынша оның билігі тұсында қазақтардың саны бір миллионға жеткені белгілі. Міне, мәселеге осы тұрғыдан келген орталықтың тарихшылары, Керей мен Жәнібектің артынан ерген «... 1470 жылдар шамасында 200 мың болған қазақтардың жарты ғасыр ішінде табиғи өсіммен бір миллионға дейін өсуі мүмкін емес. Батыс Қазақстандағы тайпалар, оның ішінде телеу тайпасы да миллионның ішіне еніп, жалпы атаумен қазақтар деп аталған» [10, 299-б.]. XVI ғасырдың басында Батыс Қазақстандағы ру-тайпалардың Қазақ хандығының құрамына қосыла бастаған бұл процесі Хақназар ханның тұсында кең ауқымда жүрді. Алшын одағындағы және Жетіру бірлестігіндегі тайпалар XVI ғасырдың екінші жартысында Кіші жүздің негізін қалаған болатын. Телеу тайпасы да қазақтар құрамына осы кезде толығымен қосылды.

Қазақ ру-тайпалары тарихында тарихи аса күрделі, тарихи мәліметтер өте аз кездесетін және тағдыры жұмбақ бірлестіктер де бар. Солай бола тұрса да олар қазақ халқын қалыптастыруға этникалық тұрғыдан үлкен үлес қосып, маңызды рөл атқарды. Сондай тайпалардың бірі – рамадан. Жетіру тайпалық бірлестігінің тарихи баянында рамадан тайпасының тарихы VII том болып басылған [11]. Әрине, аталған тайпаның тарихы, әсіресе, орта ғасырлар кезеңіндегі тарихи тағдыры өте күрделі және қайшылықты мәселелерге толы. Сондықтан,

«Алаш» орталығы зерттеген рамадандардың тарихы мен бұдан кейінгі жарық көретін қазақтың басқа да ру-тайпалары туралы зерттеулеріне келешекте тарихнамалық талдау жасалатынына күмән жоқ.

Қазақ ру-тайпаларының тарихына, соның ішінде жоғарыда шолу жасалған Жетіру бірлестігіндегі тайпалардың әр түрлі кезеңдердегі тарихи оқиғалар мен процестерге қатысуы, этноним, этногенез мәселелерінің кейбір тұстары «Алаш» ғылыми тарихи-этнологиялық журналының бірнеше сандарында көрініс тапты.

Сонымен, «Алаш» тарихи зерттеу орталығы бастамасымен қазақ рулары мен тайпаларының тарихы арнайы зерттеп, ғылыми негіздеудің іргесін қалады. Бұл жаңа бағыт, қазақ халқының қалыптасуы мен дамуы туралы мәселені тереңдете, кеңейте түсуге үлкен ықпал етеді деп санаймыз және олардың зерттеу еңбектері тарихнамалық тұрғыда зерттеу, талдау болашақтың еншісінде. Ру тарихын зерттеу дегеніміз өзіміздің шығу тегімізді, төл тарихымызды, халқымыздың жүріп өткен жолын һәм қалыптасуын білу деген сөз. Ал рушылдық мәселесі қазақ халқының тұтастығына, бірлігіне қауіп төндіретін кесел. Сондықтан, біз ру тарихы мен рушылдықты шатастырмауымыз керек. «Алаш» тарихи-зерттеу орталығының қазақ руларының тарихын зерттеп бастауы, ол қазақ халқының тарихын бүгінгі күн тұрғысынан, ұлттық һәм өркениеттілік мүддесі тұрғысынан ғылыми тұрғыда зерттеуі деп санаймыз және сондай баға береміз. Мәселеге осы тұрғыдан келе отырып, зерттеу мақаламызда өз тарапымыздан тек «Алаш» тарихи-зерттеу орталығының бастаған һәм қолға алған қадамдарын күн тәртібіне қоюға тырыстық.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена анализу историко-исследовательского центра «Алаш», заложившего основы научного обоснования изучения истории казахских

родов и племен. Данное новое направление основанное в период независимости научным центром, оказывает влияние на углубленное и расширенное понимание проблемы формирования и развития казахского народа.

The article is devoted to the analysis of the historical research center «Alash», which laid the foundations of the scientific study of the history of the Kazakh clans and tribes. This new direction, founded in the period of independence by the scientific center, has an impact on an in-depth and expanded understanding of the problem of formation and development of the Kazakh people.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Тама. Бірінші кітап. – Алматы: Алаш тарихи-зерттеу орталығы, 2005. – 1-том. – 4-59-бб.
2. Омарбеков Т., Ғабжалилов Х., Кәрібаев Б. Қазақ жүздері: жаңа тарихи болжамдар // Алаш. – 2005. – № 3. – 67 б.
3. Жандарбек З. Қазақ жүздерінің пайда болуы жөніндегі жаңа деректер // Государство и общество в странах постсоветского Востока: история, современность, перспективы. Материалы международной конф. – Алматы, 1999. – 57-58-бб.
4. Жандарбек З. Қожа Ахмет Яссауи және Қазақ хандығы // Түркістан тарихы мен мәдениеті. – Түркістан, 2000. – 144-153-бб.
5. Қазақ Совет Энциклопедиясы. – Алматы, 1987. – 11-том. – 389 б.
6. Табын. – Алматы: Атамұра, 2006. – 2-том. – 1-кіт. – 322 б.
7. Кердері. – Алматы: Атамұра, 2006. – 3-том. – 205-206-бб.
8. Керейт. – Алматы: Атамұра, 2006. – 4-том. – 197 б.
9. Жағалбайлы. – Алматы: Атамұра, 2006. – 5-том. – 1-кітап. – 192 б.
10. Телеу. – Алматы: Атамұра, 2006. – 6-том. – 224 б.
11. Рамадан. – Алматы: Атамұра, 2006. – 7-том. – 444 б.

АДАМЗАТТЫҢ ЖЕР БЕТІНЕ ТАРАЛУЫ

Құмарбек ЖҰПБАЕВ,
зейнеткер

Адам ғ.с.-ның алғашқы ұрпақтарын опат қылған Ұлы Топан су б.з.д. 3980 жылы басталған екен. Бұл орасан апат Нұқ ғ.с. пайғамбардың заманында болған. Және бұл алапат құбылыс – бұзық жолға түсіп, күнәға батқан, Нұқ ғ.с.-ның жүздеген жылға созылған насихатына құлақ аспаған, Алланың ақ жолынан бас тартқан адамзат нәсілін жоқ қылуға бағытталған Ұлы Жаратушының қатал жазасы еді. Ұзақ уақыт талмай жүргізген түсіндіру, қорқыту, үгіттеу жұмыстары еш нәтиже бермеген соң, Нұқ ғ.с. мүлдем түңіліп, Жаратушыдан бұзықтардың бірін қалдырмай жоқ қылуды сұраған екен. Пайғамбардың тілегі қабыл болып Жер бетін түгел мұхит суы басыпты. Судың көптігі сондай, ең биік деген таулардан ондаған құлаш асып кетіпті делінеді. Жер бетіндегі тіршілік иелері түгел опат болады.

Жаратушының бұйрығымен, Нұқ ғ.с. алдымен үлкен кеме жасаған. Оған періштелер көмектес-

кен, үйреткен екен. Кеменің ұзындығы 300 шынтақ (133,5 м.), биіктігі 30 шынтақ (13,35 м.), ені 50 шынтақ (22,25 м.), 3 қабатты (палубалы) екен. Кеме «гофер» ағашынан жасалған. Оған керек арнайы ағаш тұқымын Жәбірәйіл періште аспаннан әкелген дейді. Сол тұқымдарды егіп, күтіп, бірнеше жылдай өсіріп, содан кейін кесіп, тіліп, материалға айналдырған екен. Бұл жұмысқа 100 жылдай уақыт кетіпті.

Яғни сол заманда кеме жасауда ғарыш технологиясы қолданылған. Өйткені, мұндай алып құрылғыны жасау жәй адамдардың қолынан келмес еді. Жаратушының бұйрығы бойынша кемеге Нұқ ғ.с. дінін қабылдаған 70-80 дей адам және жердегі әрбір мақлұқаттан (жан-жануарлардан) бір-бір жұп тиіп алады. Бір жылдай уақытқа созылған Топан су кезінде Жаратушының бұйрығымен барлық жан-жануарлар, құстар, жыртқыштар, шөп қоректілер, жәндіктер, т.б. тыныштық сақтап, бір-біріне ешқандай

қауып-қатер туғызбайды. Арада жыл өтіп, Топан су тартылған соң Нұқ ғ.с. кемесі Сирия-Түркия-Армения жерлерінің арасындағы Жуд (Арарат) тауына тоқтаған екен. Сол маңнан ғалымдар ХХІ ғасырдың басында тасқа айналып кеткен кемеңің қаңқасын тапты. Бұдан басқа, Жер бетінің барлық дерлік аудандарынан су басудың іздері, белгілері табылуда. **Яғни, қасиетті діни кітаптарда айтылған оқиғалардың Жер бетінде, адамзат өмірінде болғаны ақиқат шындық екені бірте-бірте дәлелденуде.** Ғылымның алдыңғы шебінде келе жатқан Жапон ғалымдары гендік талдау әдісімен Жердегі барлық нәсілдердің адамдары бір адамның ұрпағы екендігін дәлелдеді. Соңғы кездердегі ғылымда «ашылған» ғарыштағы және Жер бетіндегі көптеген жаңалықтар қасиетті Құран Кәрімнен табылып отыр. Нұқ ғ.с. кемесін бірнеше экспедиция іздеп, ақыры, 2007 жылы Түрік-Гонконг экспедициясы Арарат тауынан (Кордуй шыңы) кеме қалдығын тауып, ішін аралап, фотоға, киноға түсіріп, нәтижесін 2010 жылы жариялапты.

Ұлы Топан судың болған уақыты былайша есептеліп шығарылған:

Грек аңыздарындағы Девкалион патшаның тұсында да топан су (су қаптау) болған екен. Бұл кіші топан судың болған уақыты Паросс шежірешісі жасаған хронологиялық кестеден табылыпты. Ол кесте бойынша Девкалион тұсындағы топан су кесте жасалғаннан 1265 жыл бұрын болған депті. Кесте б.з.д. 265 жылы жасалыпты. Сонда Девкалион тұсындағы топан су б.з.д. 1530 жылы болғандығы шығады.

Грекия жақта екінші топан су Огигес деген патшаның тұсында болған екен. Огигес патша Фивы (Беотия) қаласын салдырған, сонда билік құрған. Евсевий шіркеуінің жылнамасында Огигес заманындағы топан су Нұқ ғ.с. пайғамбар кезіндегі Ұлы Топан судан 2200 жыл кейін, ал Девкалион патша тұсындағы топан судан 250 жыл бұрын болған деп жазылыпты. Осыдан келіп есептегенде (1530+2200+250) Нұқ ғ.с. тұсындағы Ұлы Топан судың б.з.д. 3980 жылы болғандығы шығады.

Құрғаққа шыққан соң Нұқ ғ.с. еріп, Топан Судан бірге құтқарылған 70-80 кісі әр түрлі аурудан өліп қалады. Нұқ ғ.с. мен бірге кемпірі, үш ұлы мен келіндері ғана қалады. Қазіргі кездегі Жер бетіндегі 7,5 миллиард адамның бәрі осы Нұқ ғ.с. үш ұлынан өсіп-өніп, тараған ұрпақтары болып табылады.

Б.з.д. 3980 жылғы Ұлы Топан судан кейінгі адамзат ұрпағының өсіп-өнуі, жер бетіне таралуы, үш жерден (орталықтан) басталды. Ол орталықтардың екеуі Еуразия материгінде (дәлірек айтсақ Азияда), біреуі – Африка материгінде орын алды. **Нұқ ғ.с. нұсқауы бойынша оның үш ұлы үш жаққа кетеді. Үлкен ұлы Сам Таяу Шығыстағы Тигр-Евфрат (Қосөзен) маңына қоныстанды.** Самның ұрпақтары Қосөзен, Палестина, Иран маңына тарады. Кейінірек Еуропа мен Индияға дейін барды. Сам ұрпақтары адамзат тарихындағы алғашқы мемлекетті құрып, б.з.д. 3761 жылы оның тұңғыш билеушісі болып Кеюмарс деген кісі сайланды. Ежелгі Иран мемлекетінің тарихы осыдан бастау алады. Самның ұрпақтары болып табылатын еврейлердің көне Иудея жыл санау жүйесі осы жылдан басталады – б.з.д. 3761 жыл 7 қазан. Кеюмарс патшаның билігі кезінде адамдар үңгірлерде тұрып, аң терісін жамылып жүреді екен. Ол кезде металл өндіру болмаған. Адамдар құрал-жабдықтарын, қару-жарақтарын тастан, ағаштан жасаған. Қазіргі ғылымдағы «миллиондаған жылға» созылған

«алғашқы адамдардың тас дәуірі» деген ұғым осы кездің адамдарының өмірінен қалған деректерден алынған. Кеюмарс патша 213 жыл билік құрып, ол өлген соң оның немересі Хушаң билікке тұрады. Ол 40 жыл билік құрады. Хушаң патшаның заманында ақ адамдар отырықшы өмірге көшеді, бір жерді мекендейді. Егін салуды, от жағуды үйренеді. Металл қорытуды бастайды. От жағуды үйренудің құрметіне адамдар Сэдэ деп аталған мейрамды әдет-ғұрыпқа енгізеді. **Соған қарағанда көне адамдардың Тас дәуірі миллиондаған жылдар емес, Ұлы Топан судан кейін 450 жыл мөлшеріндей ғана болған.** Сонымен, адамзаттың таралу орталықтарының бірі – Сам ұрпақтарының (Үндіеуропа халықтарының) ежелгі отаны – Қосөзен маңы. Кейінірек осы маңда Вавилон патшалығы, көне Иран патшалығы, көне Иудея мемлекеттері пайда болды.

Адамзат ұрпақтарының екінші таралу орталығы Нұқ ғ.с. ортаншы ұлы Иафеттің (Яфес) атымен байланысты. Иафет Нұқ ғ.с. ұлының әулетінен таралған халықтардан Ұлы Дала көшпенділері мен Қытай, Үндіқытай елдері шықты. Нұқ ғ.с. өмірі бойынша Иафет жұбайы екеуі Каспий теңізіне құятын Еділ мен Жайық өзендерінің арасына келіп қоныстанады. Иафет ұрпақтары алдымен Еділ-Жайықтан Орталық Азия жаққа тарайды. Иафет 250 жылдан соң өліп, оның ұрпақтарына билеуші болып Түрік Тоқар (Тогарма) ұлы сайланады. Бұл кез мөлшермен б.з.д. 3728 жыл. Иафет ұрпақтары мал өсірумен және егіншілікпен айналысады. **Иафет ұрпақтары – Азия халықтарының түп аталары.** Олар Қара теңіз, Днепр өзенінен бастап Орал, Сібір, Орта Азия, Алтай, Байкал маңы мен Шың өлкесі (қазіргі Қытай), Қиыр Шығысқа дейінгі алапқа қоныстанып тарады. Түрік хан қарамағындағы елді мемлекет етіп құрады. Қазіргі Ыстық көлдің (Қырғызстандағы) орнында қала салдырып, оны мемлекетінің астанасы етеді. Қ.Жалайридің жазуында Түріктің қаласы Аңжатам деп аталған дейді. Бұл қаланың бас-аяғы бір күндік жол, қырық дарбазасы (қақпасы) бар делінеді. Ыстық көлдің қашан пайда болғаны белгісіз. Көлде қатты жел соғып, толқын жүргенде жағаға әр түрлі ескі бұйымдардың қалдықтарын шығарып тастайды дейді. Түрік хан 105 жыл билік етеді, ол кез б.з.д. 3728-3623 жылдар мөлшері. Түріктен соң 4 билеушіден кейін Түнік хан, Елші хан, Диббақұй хан, Күйік хан – аты аңызға айналған Алаша хан таққа отырады (Алынша хан деп те атайды). Бұл заман б.з.д. XXXII ғ. мөлшері, есеп бойынша б.з.д. 3212-3142 жылдар, барлығы 70 жыл билік етеді. Алаша ханнан соң түрік халқы татар және моңғол болып екіге бөлінеді.

Адамзат ұрпағының үшінші таралу орталығы көне Ифрехия (Африка) болып табылады. Нұқ ғ.с. кіші ұлы Хам жұбайымен сонда жіберілген еді. Хам ұрпақтарының қалай таралғаны жөнінде айқын мәліметтер жоқ. Олар негізінен Ніл өзенінің бойын қуалай қоныстанған сияқты. Кейінірек, б.з.д. 3000 жылдарда бұл жерлерде екі патшалық құрылып, оларды Менес деген билеуші біріктіріп, ежелгі Египет (Мысыр) патшалығын құрған. Осыдан барып, ежелгі Египет тарихы басталған.

Жалпы адамзаттың өсіп-өнуі, дүние жүзіне таралуы жайлы сөз еткенде есте ұстайтын жайлар бар. Алдымен, Жер бетінің халықтарының негізін Еуразия халқы құрайды. Еуразия халықтары Америка континентіне жетіп, ол жерлерге де тараған. Аустралия мен Тынық мұхит аралдарының халықтары да Еуразия халықтарының ұрпақтары.

Ал, енді Еуразия халықтарының таралу про-

цесін қарастырсақ, жоғарыда келтірілгендей, екі таралу орталығын көруге болады. Олардың бірі – Сам Нұх ғ.с. ұлының әулетінің ұрпақтары – Үндіеуропа халықтары мен Таяу Шығыс және Ажам (араб-парсы) халықтары тараған орталық – Косөзен (Тигр-Евфрат, немесе әл-Фурат) өлкесі, ежелгі Вавилон маңы. Бұл жерлерде бүгінде белгілі болған ең көне адамзат қоғамдары өмір кешкен. Б.з.д. XXXV ғасырларда Косөзеннің төменгі ағысында Шумер халқы, ал орта ағысында Аккад халықтары тұрыпты. Бұл халықтар – қазіргі араб, парсы (ажам) халықтарының, Палестина елдерінің, Үнді және Еуропа елдерінің арғы тегі.

Еуразия континентіндегі халықтардың екінші таралу орталығы – Иафет Нұх ғ.с. ұлы әулетінің ұрпақтарынан шыққан елдер тараған орталық – Еділ-Жайық өзендерінің аралығы (қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Астрахан облысы және Оңтүстік Орал өңірі). Осы аймақта өсіп-өніп, көбейген Иафет ұрпақтары бірте-бірте қазіргі Қазақстан жеріне, Алтайға, Байкал маңына және Орта Азияға тараған. Бұлар – көшпенді және отырықшы түрік халықтары. Иафет ұрпақтарының екінші бөлігі қазіргі Қытай мен Үндіқытай жерлеріне тараған. Бұл халықтарының барлығы түбі бір туыстас, Түрік және Шын халықтары бір адамның – Иафет Нұх ғ.с. ұлының ұрпақтары.

Алаша хан заманынан кейін өсіп-өнген және екіге бөлінген түрік халқы өзара соғысып, жан-жаққа шашырап, қоныс аударған, Еуразия материгіне тараған. Түріктердің бір бөлігі Еділ-Жайық пен Орталық Азияға сиыспай, батысқа, Шығыс Еуропа жазығына ауа көшкен. Онда қазіргі Қара Теңіз, Дон, Днепр өзендері маңындағы жазық далаға орналасқан. Бұл Иафет ұрпақтарының алдыңғы легі – кемер халқы болатын. Кемерлер өз алдына хандық құрып, түрік мемлекетімен қатар өмір сүрген. Б.з.д. VII ғасырда гүндерден бөлінген скиф татарлары батысқа қарай жөңкіліп, ауа көшкенде (Ишпақай патша) кемер халқы қатты бүлінді. Бір шешімге келе алмай, өзара соғысты. Тірі қалғандары Қара теңіз маңына ауып, бытырап кетті. Кемер халқының кейінгі ұрпақтары – Урарту патшалығы, одан кейін грузиндер мен армяндар болып табылады. Моңғолдармен соғысқан татарлардың бір бөлігі Сібір жаққа және Қиыр Шығысқа қоныс аударды. Бұл да б.з.д. VII ғасырдан кейін болған оқиғалар. Осы қоныс аударулардың нәтижесінде қазіргі Қазақстандағы Арал теңізінің маңынан Лена өзенінің бассейніне барған түрік татарларынан қазіргі якут (саха) халқы қалыптасты. Байқал маңында хакас, тыва халықтары пайда болды. Бұрын-соңды қоныс аударған Иафет ұрпақтарынан ненец, чукча ж.б. солтүстік тайга халықтары пайда болды. Олар Сібірдің қиыр шығысына жеткен. Жалпақтығы 35 км Беринг бұғазынан өтіп, түріктер (татарлар) Америка континентіне тараған. **Американың жергілікті халқы деп саналатын үндістер – осы түрік татарларының ұрпағы.** Үндістер Америка жерінде бірнеше мемлекеттер құрған. Олардың ішінде мәдениеті жоғары Майя, Ацтек, Инк мемлекеттері болған. Олар 1492 жылы 12 қазанда Колумб экспедициясы Америкаға барғаннан кейін Еуропа конкистадорлары тарапынан ашылған соғыста қырғын тауып, бытырап, тозып кеткен. Бірақ үндістер салған қалалар, пирамидалар, храмдар басқа да құрылыстар күні бүгінге дейін адамзатты таңқалдырып келеді.

Еуразияның көшпенді және отырықшы түріктері де көптеген қалалар, мавзолейлер, мешіттер салған өзіндік ерекше мәдениеттері болған. Табиғатқа етене жақын, қамқоршы болған. Дүние жү-

зілік тарихта ерекше, өшпес із қалдырған. Атақты ел билеушілер, ғұлама ғалымдар шыққан. Түріктер көптеген империялар, мемлекеттер құрған. **Алғашқы Түрік мемлекеті б.з.д. XXXVII ғасырда құрылған дедік.** Бұл заман атақты Египет перғауындарынан 1000 жылдай бұрын болған еді, көне Египет мемлекетінен 700 жыл бұрын құрылған еді. Түріктер құрған империяларға Алаша хан империясы (б.з.д. XXXII ғ.), Оғыз қаған империясы (б.з.д. XIII ғ.), Гүндердің империясы (б.з.д. XII ғ. – б.з. I ғ.), Құшан мемлекеті (I-IV ғ.), Парфия патшалығы (б.з.д. 238 ж.-б.з. 224 ж.), Түрік қағандықтары (552 ж.–745 ж.), Аттила гүндерінің мемлекеті (370 ж.–790 ж.), Шыңғыс хан империясы (1206 ж.–1400 ж.), Осман империясы (1320 ж.–1918 ж.), Ақсақ Темір мемлекеті (1370 ж. – 1469 ж.), Ұлы Моғолдар мемлекеті (1526 ж.–1858 ж.), Египеттегі Мамлюктер (ақ құлдар) мемлекеті (1250 ж. – 1811 ж.), Орталық Азиядағы Эфталит (қаптал) гүндері мемлекеті (IV-VI ғ.) ж.б. жатқызуға болады.

XX ғасырдың соңында Кеңес одағының ыдырауы нәтижесінде жаңа егемен түрік мемлекеттері құрылды. Оларға – Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғыз, Азербайжан республикалары жатады. Ресей Федерациясы құрамында түрік автономиялық республикалары – Татарстан, Башқұртстан, Шешенстан, Мари Эл, Якутия, Хакасия, Бурятия, Тыва, Қалмакия, Қарашай-Шеркес, Дағыстан, т.б. бар.

Осы тарихи оқиғаларды талдай келе мынадай бір қорытынды шығады: ежелгі Түрік халқының ата қонысы – өсіп-өнген, тарихын жасаған, өмір сүрген негізгі жерлері қазіргі Қазақстан мен Моңғолия жерлері. Оған Алтай-Саян өңірлері, Байқал маңы және Сары Арқадан Ыстық көлге дейінгі жерлер кіреді. Ыстық көлде түріктердің астанасы болғанын еске түсірейік. Бұларға алғаш тіршілік дами бастаған Еділ мен Жайық өзендерінің аралығын қосу қажет. Осыдан мынадай түйін шығады: бағзы замандарда адамзат ұрпағының Еуразия материгіне таралған екі таралу орталығының бірі, түрік халықтарының шыққан түпкі Отаны – Қазақстан жері.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ Совет энциклопедиясы, А. 1977.
2. **Әбілғазы.** Түрік шежіресі. А. «Ана тілі» 1992.
3. **Қадырғали Жалайыр.** Шежірелер жинағы. А. «Қазақстан» 1997.
4. **Құрбанғали Халид.** Тауарих Хамса. А. «Қазақстан» 1992.
5. **М.Ж.Көпеев.** Омар Хайям. Наурызнама. А. «Жалын» 1993.
6. Киелі кітап (Библиядан үзінді аударма). А. 1993.
7. **М.Қани.** Қазақтың көне тарихы. А. «Жалын» 1993.
8. **Шәкәрім Құдайбердіұлы.** Түрік, қазақ, қырғыз һәм хандар шежіресі. А. «Ол-Жас». 2004.
9. **Ә.Фирдоуси.** Шахнама. М. Изд. АН СССР. 1957. I-том.
10. **Л.Н.Гумилев.** Хундар. А. «Қазақстан». 1998.
11. **Л.Н.Гумилев.** Көне түріктер. А. «Білім». 1994.
12. **Н.Я.Бичурин (Иакинф).** Собрание сочинений о народах, обитавших в Средней Азии в давние времена. I-том. А. «Жалын» 1998.
13. **Абурайхан әл-Бируни.** Избранные произведения. Ташкент. I-III том. 1957.
14. Интернет – энциклопедия Википедия.

Алматы облысы,
Ескелді ауданы,
Қаратал ауылы.

АБАҚ-КЕРЕЙЛЕРДІҢ МОҢҒОЛ ҮСТІРТІНЕ ҚОНЫСТАНУЫ

(XVIII ғасырдың II жартысы мен XIX ғасырдың басы)

Гүлнар БАЙЖҰМА,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың
тарих факультетінің 1-курс докторанты

Мақалада автор моңғол даласына қазақ руларының қоныстану ерекшеліктерін жаңа көзқарас тұрғысынан талдауға алған. Әсіресе, Алтай, Қобда өлкесіндегі қазақ руларының әлеуметтік өмірін жаңа деректер арқылы ашып көрсеткен. Қорытындысында Моңғолиядағы қазақ руларының пайда болуы мен қалыптасуын және оның Отан тарихындағы алатын орнын саралап, ашып көрсету үшін әлі де зерттей түсу қажет деп түйіндейді.

Түйін сөздер: Цин империясы, Ресей империясы, Алтай, Қобда Абақ-Керей, Г.Потанин, Г.Е.Грумм-Гржимайло және т.б.

Қазақстан тәуелсіздігін алып, егеменді ел болуы төл тарихымызды жаңаша зерделеуге мүмкіндік берді. Осыған орай бүгінде еліміздің тарихында болған саяси-этникалық үдерістерге ұлттық мүдде тұрғысынан лайықты баға беру жолында көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, тарихымыздың ақтаңдақ беттері ашыла түсуде.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2018 жылдың 21 қарашасында жариялаған «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Қазақтардың және Еуразияның басқа халықтарының тарихында Алтайдың алар орны ерекше. Осынау асқар таулар ғасырлар бойы Қазақстан жерінің тәжі ғана емес, күллі түркі әлемінің бесігі саналды» [1], – деп жазды. Міне, осы тұжырымның өзі біздің тарихымыздың тек Қазақстан аумағымен шектелмейтінін сонау Орхон-Енесай мен Алтайдан бастау алатынын нақты ашып көрсетеді. Осыған орай XVIII-XIX ғасырлардағы Алтай аймағындағы этникалық үдерістердің қайта жаңғыруын жан-жақты ғылыми негізде саралау, өткен тарихымыздың рухани құндылықтарын тура және терең түсінуге жол ашады.

XVIII ғасырдың 60-жылдарының соңына қарай Ертіс, Алтай тауының батыс оңтүстігіне қоныстанған Абақ-керей тайпасының кейбір рулары ең алдымен Алқабек, Білезік, Қаба өзендері бойын мекендейді. 1770 жылдан керейлердің қарақас, шеруші, молқы, шүйіншәлі рулары Алқабектен өрлей Білезік, Қаба, Буыршын өзендері алқабына келіп қоныстанады. Осы бағытпен жылжыған орта жүздің керей рулары Қыран өзеніне дейін келеді. Ал XVIII ғасырдың соңы XIX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақтың бұл рулары шығыста Ертістің оңтүстігімен жылжып, Сауыр тауының солтүстігі арқылы Үліңгір көліне жетеді. Абақ-керей тайпасының келесі бір бөлігі Зайсан, Кендірлік, Көкпектіні мекендейді.

Жалпы Абақ-керей руларының Қалба тауынан шығысқа қарай Шіңгілге дейінгі кең-байтақ Алтай өңіріне қайта қоныстануына жарты ғасырдай уақыт кетеді. Дегенмен, бұл өңірлерге қа-

зақтардың қоныстануы оңайға соқпайды. Яғни, қазақтардың аталған өңірлерге қоныстануына жергілікті моңғолдармен қатар Цин үкіметі де барынша кедергі жасайды. Цин үкіметі 1822 жылы 4000 атты әскермен көш алдындағы қазақ ауылдарын шауып, кері қайтарғанымен 1839 жылы олар қайта көшіп, моңғол қуғыншыларына күйрете соққы беріп, Бұлғын өзені бойына ірге тебеді. Сөйтіп, қазақтар XIX ғасырдың 30-жылдары ежелгі ата мекені Алтай өңіріне жаппай қоныстанады.

XVIII ғасырдың соңынан XIX ғасырдың басына дейін Абақ-керей рулары Зайсан, Маңырақтан бастап, Сауыр тауының солтүстігі мен Ертіс аралығы, Үліңгір көліне дейінгі Алтай тауының құнарлы өңірін бір ғасырдан астам уақыт мекен етеді. Осы дәуірде олар Ертістің Қаба, Буыршын, Қыран, Қара Ертіс, Бал Ертіс, Қу Ертіс қатарлы салаларын, Үліңгірдің батысындағы қос Шіңгіл, Бұлғын өзені сағаларымен Кенерлік, Сауыр, Сайхан өңірлерін қыстап, Алтай тауының күнгейін жайлап көшіп қонады. Абақ-керей руларының Қобда бетіне өтерден бұйрыңғы Алтай өңіріндегі орналасуы мынадай еді: Жәдік, Жәнтекей, Шеруші рулары – Қаба, Буыршын, Ертіс өзені бойында болса, Шұбарайғырлар – Қабада; Қарақастар – Түрген, Көктоғай, Шіңгіл, Бұлғын тұсында, Көксадақтар мен Жастабандар – Ертіс бойында, Шимойындар – Бурылтоғайда, Сарбастар – Бұлғында қоныстанған [2, 68-69-бб.].

Г.Е.Грумм-Гржимайло «Орта жүз керейлердің көптеген рулары XVIII ғасырдың екінші жартысының басында Алтай жеріне көшіп келген және осы ғасырдың 60-70 жылдары біршама шығысқа қарай өтіп мекендейтін болған» [3, 720-б.], – десе, Г.Н.Потанин «Қазақтар Алтайға келіп, XVIII ғасырдың 70-80-жылдарында Қара Ертіс бойымен Тарбағатай, Сауыр тауының солтүстігімен Алтайдың оңтүстігін мекендейтін болды» [4, 2-б.], – деп жазады. XVIII ғасырдың екінші жартысынан соң әр түрлі себептермен, әсіресе, шаруашылық жайына байланысты керейлерге Алтайдағы Ертіс пен Қыран өзенінің маңы тарлық ете бастайды. Керейлерге шығысқа қарай, немесе, батысқа қарай жерін кеңейте түскеннен басқа шара қалмайды [4, 2-б.].

XIX ғасырдың ортасына дейін Алтай өңіріндегі Абақ-керей руларының қоныстануында елеулі өзгешелік болмағанымен, 1860-1870 жылдары басқа өңірлерге қоныс аудару бой көрсете бастайды. Осындай қоныс аудару – Абақ-керей рулары тарихындағы елеулі оқиғалардың басы болып, соның нәтижесінде олардың тағдыры сан алуан бағытпен өрбіп, ілгерілеуіне негіз болады. Сондай қоныс аударудың басты бір бағыты солтүстікке – Алтай тауының теріскей беті – Қобда өңіріне қарай жылжиды. Бұл өлкеге қазақтар бұрын уақытша көшіп келіп жайлап қайтатын. Ал, біраз жылдан соң кейбір ауылдар

қыстап қалатын да болды. Сонымен XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Алтайдың теріскейі – Қобда бетіне қазақтардың біржолата қоныстануы басталады.

Алтай аймағы, батыс Моңғол өңірі Қобда өлкесіне қарайтындықтан, қазақтардың Қобда бетіне өтіп қоныстануына оңтайлы мүмкіндіктері болды.

Жалпы алғанда Қобда бетіне қазақтардың қоныстануына әр түрлі факторлар әсер етті. Бұл туралы Ц.Жамсрано: «Қазақтар алғаш Алтайдың арғы жағына сиыспағандықтан, бергі бетінен кеңістік жер іздеп келген» [5, 59-б.], – десе, Г.Е.Грумм-Гржимайло: «Өткен ғасырда Қара Ертістің бойынан басталған жер дауы салдарынан керейлердің Қобдаға келмеске амалы қалмады» [5, 60-б.], – деп жазады. Олар бір ғасырдан астам тіршілік етіп, кең жерлерге, елі сирек, шұрайлы өлкелерге көз тігіп, онда алғашында уақытша болып, барлау, қорытынды жасай келіп соңында тұрақтап қалды. XIX ғасырдың соңғы ширегінде Абақ-керейлер Тянь-Шанның солтүстігіне, шығыста Баркөлге қарай ыдырай көшіп тірлік ету кеңістігін ұлғайтқан кезде бір бөлігі Алтай тауының теріскейі – Қобда өңіріне ірге тебеді. Біраз жылдан соң олардың алды тіпті Ресейдің Шүй өңіріне дейін жетеді. Сөйтіп, қазақтардың бұл өлкеге қоныс тебуін жаңа қоныс іздеу, немесе, көші-қон ретінде қарауға келмейді. Себебі, қазақтар Батыс Алтай тауынан қос Шіңгілге дейін созылған Алтай тауының күнгей бетін жаппай мекен етіп, солтүстігіне әрбір асуы бар жерлермен асып, жайлап, қыстап отырды. Көрнекті тарихшы Хұрметхан Мұхамедиұлы «Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы мен дамуы» атты зерттеу еңбегінде: «Қобда бетіндегі қазақтардың бұл өлкеде өз мекендерін ұлғайта беруі сонау 1758 жылдан «ежелгі ата мекенге бет бұрған қазақ миграциясының толқыны әлі де толастамағанының бір көрінісі болатын. Бұл сырттай қарағанда «жайылым іздеу», «жер дауы», т.б. түрінде болса да саяси, қоғамдық, тарихи сипатымен өзіндік себебі бар оқиға екенін» [5, 61-б.] ашып көрсетеді.

Қобда бетіне мекендеген қазақтар – Өрмегейті, Даян, Қайырты, Құрымты, Шегірта, Жалғыз ағаш, Бұлғын асуларын асып, соларға жапсарлас өлкелерге тұрақтады [3, 89-б.].

1959 жылы Баян-Өлгий аймағы қазақтары арасынан көне көз қариялардан жазылып алынған естеліктерде көптеген деректер келтіріледі. Мәселен, Салданбайұлы Мәсели сол жылы өз әкесі 100 жаста екенін, ол 7 жасынан Қобда бетінде тірлік өткенін айтқанда 1863 жылға сәйкес келеді. Сонымен бірге, ол кісі «әуелі Жәдік руының Құлыбай деген адамы бастаған ауылдар, артынан Өжеке төре, Сұмдайрықпен асып келгенін» [6, 195-б.] баяндайды. Өжекеден бір жылдан соң көптеген қазақ ауылдары Даян көлінің Шүмек деген жеріне келіп қоныстанады. Бұлар негізінен Шерушінің Кәрібай, Рысбай, Жылқышы, Базарқұл, Көбеш батыр ауылдары еді. Кейбір зерттеушілер 1841–1851 жылдар аралығында бұл өлкеге шеруші, жантекей, молқы руларының тұрақтана бастаған кезі деп көрсетеді. 1959 жылы Тұлба сұмындық Тоғызқас деген кісі, сол жылы әкесі 121 жасқа келіп отырғанын, ол мұнда 13 жасында келгеннен бері 108 жыл өткенінің куәгері екенін айтуына қарағанда әкесі 1838 жылдан осы жерде мекен өткені байқалады [6, 36-б.]. Дэлүүн сұмындық Халипаұлы Тақырдың айтуынша,

Дэлүүн өлкесіне қошақ (молқының бір атасы), қарақас руларынан келгеніне сол жылға дейін 121 жыл өтті дейді. **Есілбай деген адам бастап келген қошақ ауылдары 1835 жылдан қоныстанғанын байқауға болады.** Буянты сұмын тұрғыны, ұраңқай текті Бадрах деген кісі де 1959 жылғы берген мәлімдемесінде бұл өлкеге қазақтар қоныстанғаннан бері 130–140 жыл уақыт өтті [6, 36-б.], – деп көрсетеді. **Бұған қарағанда қазақтар шамамен 1819 жылдан қоныстана бастағаны байқалады.** Қобда бетіне қазақтар алғаш рет ірге тепкені туралы жоғарыда көрсетілгендей әртүрлі деректер болғанымен, қоныстанған жер көлемі ұлғайып, жан саны өсіп, тұрақтанып, шоғырлана бастаған мерзімін XVIII ғасырдың орта шені деп қарауға болады. **1876–1877 жылдары Қобдаға келген Г.Н.Потанин «қазақтар бұл жерге мекендегеннен бері біз Қобда қаласына келгенге дейін 6–7 жылдан асқан жоқ» [4, 34-35-б.], – десе, 1903 жылы осы өңірдегі қазақтар арасында болған Г.Е.Грумм-Гржимайло: «қазақтар өткен ғасырдың 60-жылдарының соңында Алтай тауын асып келіп мекен еткен» [3, 413-б.], – деп жазады. Сонымен бірге, «олар өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында Алтай тауының жоталарына табан тірей бастаған-ды. Енді, міне, олардың көшінің алды Қобда мен Буянтыға ілініпті» [3, 413-б.], – дейді.**

Сөйтіп, қазақтар Қобда бетіне алғаш асып қоныстағаннан соң шамамен 50 жыл өткенде, XVIII ғасырдың ортасында көзге түсе бастағанын көптеген деректер дәлелдейді. Қазақтар бұл өңірде мал жайылымына жарамды, халық сирек қоныстанған жерлерге, Алтайдан асып түсетін асулар маңында белгілі мөлшерде жер иеленіп, мекен етті. Даян көлі, Сұмдайрық өзені маңынан, Дэлүүн, Бұлғын өзеніне дейінгі жерлерге қоныстанады. Біртіндеп қазақтардың жан, мал саны өсіп, қонысының көлемі ұлғая түсті. Ұранхайлар «Алтайдың солтүстік жағындағы Сақсай өзені бойы, Даян мен Дала көлдің маңындағы біраз жерді қырғыздарға (қазақтарға – Г.Б.) беріпті» [4, 34-35-б.], – деп жазады Г.Н.Потанин. Сонымен қатар, ол: «бұрын бұл өлкені мекендегіп алған ұраңқайлар мен қазақтар арасында жер дауы болып, қазақ билері Цин үкіметіне арыз жолдап, Қобда өлкесіндегі мекендері заңды екенін көрсетті. Бірақ, Цин үкіметі қазақтарды Қобда өлкесіне өтіп қоныстауына рұқсат бергенімен, мекендейтін жер туралы анық шешім шығармаған еді» [4, 2-б.], – деп жазады.

Қазақтар 1867-1870 жылдары Алтайдан Қобда бетіне қарай топ-тобымен қоныстанады. Көбеш батыр бастаған Жөнтекей рулары Сұмдайрық, Өрмегейті, Шегірта қатарлы шекарамен жапсарлас өңірлерден өтіп көшіп келеді. Онан солтүстікте Жылқышы бастаған Шеруші рулары қоныс теуіп, жергілікті ұраңқай төрелерінің жер, жайылымын жалдап алады. 1890 жылдары шамасында Шұбарайғыр, Қарақас, Молқы қатарлы рулары тобымен келіп жетті. Қазақтардың бұлайша топ-тобымен келіп қоныстануы жергілікті халық арасында қайшылықтарға апарды. Сондықтан 1895 жылы Цин үкіметінің Қобда қаласының билеушісіне қазақтар түйе бастаған «тоғыз тарту» етіп, өздері ірге тепкен жерлерін куәландырып, заңды түрде қоныстанушы құқығын тануды өтінді [2, 68-69-бб.].

Қазақтарды кері шегеруді ойлаған ұраңқай төрелері Цин үкіметінің рұқсатынсыз, заңсыз жанжал шығарып отырса да, оңды нәтиже шық-

пады. «Бұл шектеулер де қазақтардың шығысқа жылжуын тоқтата алмады. Мен оларды 1903 жылы Сақсай, Дэлүүн өзенінің бойында кезіктірдім», – дейді Г.Е.Грумм-Гржимайло [3, 414-б.].

Қазақтар әуелден Қобда өзенінің батыс, солтүстік батыс жағындағы Даян, Сырғалы көлдерімен Сақсай, Буянты, Дэлүүн өзендері бойына қыстап, жайлап, ұраңқай, тувалармен аралас қоныстанды. 1906 жылы В.В.Сапожников «Қазақтар Қобда өзенінің бойын қыстап, маусым мен шілде айларында биік таулы жондар мен Сырғалы, Даян көлдері, Сақсайдың құйғаны, жалғыз ағашқа жайлайды» [7, 2-б.], – деп жазады. Жоғарыда атағанымыздай, ұраңқайлар «жыл сайын жер жайылымның ақысына әр жүз мал басынан бір түйе, жылқы, қой, сиыр жинап алды» [8, 121-б.]. Соңынан қазақтар Сұмдайрық өзенін құлдап, оның құйғаны, Хотан, Құрған көлдерінің шығысындағы тауларды қыраттап, Борабұрғысын тауының бөктерімен Қобда өзеніне қосылып, одан Қарағайты тауына жетіп, батыс, шығысқа бет алады. Қарағайты, Қаракөл басы, Цэнгэл Хайрхан тауы арқылы Сақсай өзенін басып өтіп, Алтай жотасының саласы, Асхи тауын жоталап, Дала көлдің шығысы мен Сарыалағаз көлінің маңынан Алтай тауы асуларына дейінгі жерлерді 1870 жылдарға дейін мекен етеді [9, 35-б.].

1870–1905 жылдар аралығында Қобда бетіндегі қазақтардың қонысы едәуір кеңейеді. Бұл кезде қазақтар Бес Боғданың шығысынан Аққолдың бойы, Қобда өзені, Сақсай өзені бойымен өрлеп, Жилбертқо, Асхи жоталары, Далакөл, Суықкөл, Сайыр тауы, Дөрөкөл, Боршауқар [Сұршоқы], Тиекті, Көксерке, Дундгол арқылы батыс солтүстікке бет алып Дэлүүн өзені, Бүркіт тауынан Ақуынты, Хуурай кезеңі, Түбшін көлді басып, Моңғол Республикасы мен Қытай шекара сызығына дейінгі жерлерді қоныстанды.

Жалпы алғанда, қазақ рулары XVIII ғасырдың соңынан XX ғасырдың бас кезіне дейін Алтай тауының оңтүстік бетін тұтастай қоныстанып тұрды. Ал, солардың бір бөлігі XVIII ғасырдың бас шенінен бастап Алтай тауының теріскей бетін жайлады. Цин, Ресей империясы арасында шекара сызығын тоқтатып, қазақты екіге айырғанда, бұл өңір қазақтары Цин империясының отарлығында қала берді. Ал, XX ғасырдың басында Цин үкіметі бұл өлкедегі өз билігін толық мойындату үшін Қобда өлкесін екіге бөліп, қазақтарды бір әкімшілік жүйеге біріктіріп, 1905 жылы Алтай аймағын құрып,

орталығын Сарысүмбе қаласы қылды.

1911 жылдан қазақтар қуғын-сүргінге түсуіне байланысты көптеген жерлер бос қалып, 1913 жылдан олар бұрынғы мекендеріне қайта оралды [9, 35-б.]. Ресейге қарасты Шүй өзені бойын мекендеген қазақтарға 1912-1913 жж. «Жалама айдаған» оқиғасының салдарынан ауып барып қосылған. Алайда олардың көбі қайта оралып келген. Кешікпей Моңғолияда 1911 жылдың соңында Цин үстемдігі жойылып, тәуелсіздігін жариялаған кезде ондағы қазақтар Моңғол мемлекетіне бодан болуға тілек білдіреді. Сол өтінішті Боғда үкіметі 1917 жылдың 22-наурызында ресми шешім қабылдап, батыс өлкедегі қазақтар жекедара аудан түрінде әкімшілік бірлігін топтастырып, оның билеушілерін қазақтардың өздерінен сайлады [10, 70-б.].

Қорыта келе, XVIII ғасырдың II жартысы мен XX ғасыр басы кезіндегі орта жүз керей руларының моңғол үстіртіне қоныстану тарихын ғылыми негізде саралап, оның Отан тарихындағы алатын орнын көптеген дерек көздері арқылы ашып көрсету үшін зерделі зерттеу жүргізу қажет. Ол үшін Моңғол Халық Республикасы мұрағаттары мен Ресей Федерациясы Мемлекеттік мұрағаттары және Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты қорларындағы құжаттармен танысып, ғылыми негізде саралау керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә.Назарбаев. Ұлы Даланың жеті қыры» Айқын газеті, 2018 жыл, 21 қараша.
2. Моңғол этнографиясының түсіндірме сөздігі).- Улаанбаттар. 1993.
3. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урианхайский край. -Л.-М, 1930. Т. III. - 840 с.
4. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Т. II. -СПб., 1881. - 425 с.
5. Мұхамедиұлы Х. «Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы мен дамуы тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы» Алматы, 2000. – 268.
6. Баян-Өлгий аймағы қақындағы әңгімелер.-Өлгий. 1959. (Моңғол тілінде)
7. Сапожников В.В. По Алтаю. -М, 1949, -С. 273.
8. МХР-ның III ұлы құрылтайының қаулысы.Т-II.-УБ.1927.
9. Сарай Асқанбай. Революциядан бұрынғы қазақ халқы. - Өлгий, 1980.
10. Ван Мин. Пол века КПК и предательство Мао Цзе-дуна. - М. 1984.

ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр кафедрадан кемінде 5 адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) кафедраның соңғы 2-3 жылдағы

жетістіктері туралы 0.5–1 беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының 2–2.5 (1 жылға жазылса, 4 бет) беттен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.

Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі-түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.

Редакция алқасы.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АЛАША ХАН КЕСЕНЕСІ: рухани-тарихи маңызы

Жанат АХМЕТОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
Айна СИСЕНОВА,
Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық
университетінің 2-курс магистранты

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы еліміздің дамуына маңызды үлес қосатыны мәлім. Өйткені өз мақаласында Елбасы: «Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді» [1], – деп атап көрсеткен болатын. Осы мақаланың негізінде еліміздің тарихында өзіндік із қалдырған киелі мекендердің: кесенелердің, мазарлардың, ескерткіштердің тарихын дәріптеу, болашақ ұрпақтың патриоттық сезіміне әсер ететіндей маңызды мәліметтерді қарастыру қазіргі таңдағы өзекті мәселердің қатарын толықтырады.

Өзімізге белгілі Қазақстан жеріндегі ортағасырлық тарихи-сәулет ескерткіштері заман талабына сай, әр тарихи оқиғалардың тәуелділігіне орайланып өзгеріп отырған. Оның бір дәлелі – рухани білім беру мақсатында салынған діни мешіт-медреселердің бой көтеруі. Бұл, әрине, түркілер жеріне ислам дінінің кең таралуымен, әрі нығайтумен байланыстырылады.

Қазақстан территориясында ислам діні IX-XIII ғасырларда кеңінен тарап, берік орныға бастағаннан кейін, қазақ халқының өмірінде айтарлықтай орын алғандығын заттай деректерден байқауға болады. Мысалы, сол заманда тұрғызылған архитектуралық ескерткіштер, сәулет өнерінің тамаша туындылары бір-біріне ұқсас келген. Әсіресе, кесенелердің архитектурасы мен құрылыс материалдары, бет-пішіні бір сарында салынып, онда ислам дінінің әсері ерекше байқалған. Дегенмен де ортағасырда салынған кесенелер, тарихи ескерткіштер өзіндік қайталанбас тарихымен ерекшеленеді. Соның бірі – Орталық Қазақстанда орналасқан, бүгінде республикалық маңызы бар, Қазақстанның киелі мәдени ошақтарының қатарында **Алаша хан кесенесі**.

Енді осы кесененің аталу тарихына көз жүгіртсек, «Алаш» немесе «Алаша» атауының пайда болуы туралы ел ішінде көптеген аңыз-әңгімелер тараған. Соның ішінде ең көп айтылатын аңыздың бірі мынау: «Бұқара хандарының бірі Қызыларыстан деген ханның бәйбішесі сауысқанның аласындай ала бала туады. Алапес баланың дүниеге келуін жаман ырымға балаған Қызыларыстан хан қырық жігітіне баланы өзінің үкімі жүрмейтін жерге апарып тастауды бұйырады. Қырық жігіт Сырдариядан өтіп, Алатау мен Қаратаудың арасын жайлап, осындағы жұрттың ортасына келіп, баланы өсіреді. Алапес бала он екі жасқа келгенде, Майқы бидің Үйсін деген баласы ит жүгіртіп, құс салып жүріп оған кезігеді. Кешке үйіне барғанда Майқы биге даладан көрген баланы баяндайды. Ертесіне Майқы бидің өзі балаға жолығуға барғанда, алапес бала: «Ассалаумағалейкум, тамам ханның қазығы, бұқара жұрттың шірімейтін, сасымайтын, таусылмайтын азығы!» деп сәлемдеседі. Сонда Майқы би: «Уағалейкумассалам, құрсақта жатып, несібесін алыстан тілеп туған балам, болайын деп туған ұл екенсің! Болатын жеріңе жете алмай тұр екенсің! Кел балам, қасыма мін!» – деп, баланы ауылына алып келіп, асықты жілік ұстатады. Майқы би балаға Үйсінді қосып, жүз жігіт ертіп, Қаратаудан өрмен асып, Шу, Сарысу, Ұлытау, Кішітау, Есіл, Нұра өңірін жайлауды ұсынады. Майқы би соңынан тағы да Ақжол бастаған жүз жігітті аттандырады. Оның артынан жүз жігітке бас қылып, Алшынды жібереді. Бәрі жиналып, «Кел, енді ортамыздан хан сайлайық!» деп, алашаға салып, алапес баланы хан көтеріп, «Алаша хан» деп ат қояды. Үйсін бастаған жүз жігіт Ұлы жүзді, Ақжол бастаған жүз жігіт Орта жүзді, Алшын бастаған жүз жігіт Кіші жүзді құрап, «Таңбалы Нұраға» әрбір ру өзінің таңбасын басып, бұл ел Қазақ атанады» [2].

Мәшһүр бабамыздың «Алаша ханға» қатысты келесі бір жеткізген аңызында да жоғарыдағы оқиға баяндалады. Айырмашылығы – Арқаға ауып кеткен Алаша ханды қайтаруға Қызыларыстан ханның Қотан, Қоғам, Құндыкер, Қобан, Майқы билерге адам жіберіп, Алаша ханды еліне алып келуге кезек-кезегімен үш жүз жігітті аттандырғанын айтып өтеді. Барған жүздіктердің Алаша ханның қасында қалып қойып, үлкен елге айналғанын, Алаша ханнан Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс, олардан Ақсақалкелімбет, Қаракелімбет, Сарыкелімбет, Науан, Шуан деген ру-аталықтар тарап, Үш жүздің ортаға шыққанын баяндайды [2, 127-130].

«Алаша хан» туралы аңыздарды зерттеген этнограф-ғалым **Ақселеу Сейдімбек «Алаша хан» туралы аңыздың бірінде, Майқы бидің орнына Қотан бидің аты аталып өтсе, бірінде Қызылжарыстан хан алапес баланы жаман ырымға балап, суға ағызып жібереді.** Сырдарияның суынан балық аулаған бір балықшы кезіктіріп, асырап алады [3, 215-216-бб.] деген мәліметтер келтірген.

Сонымен қатар тарихшы-ғалым **Құрбанғали Халидтың** келтірген мәліметтерінде де Алаша ханның соңынан барған жүздіктердің кері қайтпай қоюына байланысты, оларды «қашақ» деп атап, кейін «ш» дыбысының орнына «з» дыбысы қолданылып, олардың «қашақ» емес, «қазақ» аталғанын айтады [4, 56-57].

Сол сияқты «Алаш» атауының тарихын зерттей келе, бұл ұғым тек қазақ ұлтына ғана тиесілі екенін айтады. Мысалы, **Нығмет Мыңжанның «Қазақтың қысқаша тарихы»** деген еңбегінде «Алаш» атауы ертеректе қазақ халқының ұраны болғанын айта келе, шежіреде «Алаш» сөзі «Қазақ» атауының синонимі ретінде қолданылып, халық арасында тарағанын

*«Алаш алаш болғанда,
Ала тай ат болғанда.
Таңбасыз тай,
Енсіз қой болғанда.
Алаша хан болғанда...», –*

деген мысалдармен келтірген [5, 26-27].

Жалпы тарихта «Алаша» ұғымы мен Алаша хан аңызға айналған тұлға ретінде танылған. Расында Алаша сөзі «ала» деген сөзден таралып, Алаша хан туралы мысалдар тек қазақ халқының ғана емес, басқа да түркі елдердің аңыз-әңгімелерінде де кездеседі.

Алаша хан кесенесі – XI-XII ғасырлардағы халық шеберлері салған Қазақстандағы ерекше сәулеттік мәнге ие сәулет өнерінің ескерткіші. Ол Жезқазған қаласынан 90 шақырым жерде Қаракеңгір өзенінің оң жақ аңғарында орналасқан.

Алаша хан мазарын ең алғаш зерттегендердің бірі – қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы Ш.Уәлиханов. Ол «Қырғыз-қайсақ моласы және жалпы көне кезең туралы» атты мақаласында (1855 ж.) ел жадындағы тарихи аңыздарды жинақтап, алғашқы деректерді хатқа түсірген. **Әйгілі ғалым бұл туралы: «...Ұлытау сияқты меңіреу далада, Кеңгірде өзінің құрылысымен таң қалдыратын Қамыр хан, Алаша хан, Домбауыл әулие, Болған ана және басқалардың, көптеген молалардың болуы заңды, бұлардың барлығы кірпіштен қаланған, сыртынан әртүрлі сыммен боялған. ...Алаша хандікі сәл өзгешелеу: күмбездің іргетасы мазардан кішкентай, сондықтан төбесі жабылған, ал қабырғалары жоғары қарай тарыла келген шағын баспалдақпен шығуға болатын балкон құрған»** [6, 165-169], – деп жазады.

Алаша хан кесенесі порталды-күмбезді сәулет өнері үлгісіне жатады. Сырт көрінісі әр түрлі-кескінді өрнекпен өрнектелген. Аумағы – 9,73 x 11,9. Биіктігі 10 метр. Күйдірілген қызыл кірпіштен қаланған. Олардың көлемі 230 x 14 x 60 мм, 260 x 230 мм, 320 x 320 x 60 мм, т.с.с әртүрлі болып келеді. Құрылыс үстінен биіктігі екі жарым метрге жуық (231 см) барабан – күмбез мойындығы салынып, одан күмбез шығарылған. Барабан сатыланып кішірейе түсетін төрт белдеуден тұрады. Көпқырлы және цилиндр тәрізді етіп жасалған бұл белдеулердің диаметрі – 743, 673, 643 см. [7, 49-51]. Кіреберіс

қақпа-портал аркасы мен екі жақ ұстынды мұнаралық бөліктерінің биіктігі қандай болғаны белгісіз. Олардың күмбез барабандары басталатын тұстан жоғарғы жағы жойылып кеткен. Кіреберіс сол жақ бұрышта баспалдақты тар қуыс бар. Сол арқылы жоғары көтеріліп барып, күмбездік екінші айналма қабатқа (барабан галереясы), одан портал аркасының желке тұсынан кесене үстіне шығуға болады. Портал мен күмбездің шыны сырлы қаптама жұқа өрнектерінен ешнәрсе қалмаған. Ары-бері өткен жолаушылар төбәрік етіп алып кеткен болуы керек. Алаша хан күмбезінің шынайы қалпын онымен тұстас, сәулеттік үлгілері ортақ жәдігерліктермен салыстыру арқылы елестетуге болады.

Алаша хан күмбезінің әр түсті және әр көлемді кірпіштерді қиюластыра қалау арқылы геометриялық бейне жасап, күмбездің барлық беттерін масатыдай кілемнің түріне ұқсата өрнектеуі адам таң қаларлық шеберлікті байқатады. Бір қарағанда кесенесінің қабырғасындағы өрнектер киіз үйдің керегесі тәрізді бейнеленген сықылды. Осыншама уақытты артына қалдырып, өзінің қалпын сақтап қалуының сыры туралы да әр түрлі пікірлер айтылады. Халықтың аңызы бойынша өте мықты кірпіш жасау үшін, кірпіштің құрамына биенің сау-мал сүтін, ерекше қызыл топырақты, қойдың құйрығын, жылқының қылын қосып араластырып жасаған. 1999 жылы кесенеге қайта өңдеу жұмысы жасалды. Реставрация жасалынып, кесененің арасына салынған кірпіштер үгітіліп қалған, ал керісінше XII-XIII ғасырлардағы негізі қаланған кірпіштер сол қалпын әлі сақтап қалған.

Кесененің ішіндегі баспалдағы арқылы күмбезіне шыққанда айбынды мінбеге көтерілгендей боласыз. Тарихи аңыздарда бұл күмбез хандардың жорықтарға шығып, одан оралған бетте ат басын бұрып, тағзым етіп, халқына жар салатын орын болған. Бүкіл қасиетті даламыздың алтын діңгегі ұлы Алаш идеясының бастауы болған Алаша хан күмбезі кемел келешегіміздің қадірлейтін асыл мұрасы болып қасқайып тұра бермек. Бүкіл Еуразия даласын ат тұяғымен дүбірлеткен бабалар мұратының да, Алаш атты қасиетті ұранымыздың да куәсі осы күмбез.

Оғыз, қыпшақ заманындағы сәулет өнерінің баға жетпес мұрасына жататын Алаша хан кесенесінің тарихымыздағы алар орны ерекше. Қазақ даласының аңызға толы ғажайыптарының қатарында уақыттың ұлы көшінен қалмай бізге жеткен жәдігер бабаларымыздың аманаты болып, жас ұрпақ жадында жаңғыра бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы (12 сәуір 2017 ж.). <http://www.akorda.kz>.
2. **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.** Ел-шежіре. – Алматы, 2008. – 8-том.
3. **Ақселеу Сейдімбек.** Қазақтың ауызша тарихы. Шежірелік деректерді пайымдау. – Астана: Фоллиант, 2008. – 726 б.
4. **Құрбанғали Халид.** Тауарих Хамса. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.
5. **Нығмет Мыңжан.** Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.
6. **Уәлиханов Ш.** Көп томдық шығармалар жинағы. I том. 2 басылым. Алматы: «Толағай групп», 2010. – 376 б.
7. **Маргулан А.Х.** Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алматы, 1950. – 230 б.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ЖАҒДАЙЫ

мен мәдени ахуалына сипаттама (XVIII - XIX ғасырлар)

Ұлан ЖАНҒАЛИЕВ,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

тарих факультетінің докторанты

Сан ғасырларға созылған отарлық үстемдіктің осы кезеңі туралы тарихнамада қым-қиғаш пікірлер әлі күнге дейін сақталып келеді, себебі бұл мәселе мемлекетаралық қатынастар идеологиясына барып тірелетіні сөзсіз.

Қазақ өлкесінде патша өкіметінің отарлау саясаты үш бағытта жүргізілді: біріншіден, гарнизондар мен күшейтілген бекіністі әскери шептер құрылысын тездетіп салу және тұрақты казак-орыс (Орынбор, Жайық, Батыс-Сібір, кейін Жетісу) мекендерін құру жолы. **Екіншіден**, саяси әкімшілік реформалар жасау, сыртқы округтер мен приказдарды одан әрі құру, басқарудың дистанциялық жұмыс түрін енгізу жолы. **Үшіншіден**, қазақ даласын өзіне біржолата қосу, ал Орта Азия хандықтарымен сауда-саттықты кеңейту. Жалпы отарлау барысында патша үкіметіне жергілікті барлық билікті ресейлік әкімшіліктің қолына шоғырландыру саясатын жүзеге асыру сұлтандардың, ру шонжарларының, билердің наразылығын тудырды. Себебі оларды патша өкіметі орындары сот-әкімшілік қызметіне қатыстырмауға тырысты.

Патша өкіметі қазақ даласын түпкілікті билеу үшін әр түрлі реформалар жүргізіп, қазақтың елдік-этникалық ұйытқысын ірітіп, ұлыстарды бөлшектеп, оларды губернияларға, округтерге теліп, ұлтанды елді тұтастықтан айырды. Жалпы олар мұның бәрін бірден жүзеге асыра қойған жоқ.

Патша үкіметі қазақ елінің басым жерлерін отарлаудың барлық түрлерін қолдана отырып 1822 жылдан 1867 жылға дейін әскери реформалық жүйелермен жұмыс жасады. Патша үкіметінің отаршылдық саясатының екінші кезеңі тұсында әскер күші арқылы елдің ішкі тірлігіне араласып, жергілікті қазақ шаруаларын қонысынан қуа бастады. Олардың орнына ішкі Ресейде жоқшылыққа ұшыраған орыс босқындарын әкеп орналастырды.

Отарлаудың осы әскери-әкімшілік кезеңінде патша өкіметінің тірек пункттері ретінде әскери бекіністердің іргелері қалана бастады. Оларды тұрақтандыру үшін шекаралық белгілермен бөлді. Біртіндеп бекіністер Қазақстанның ішкі аймақтарына тамыр жайды. Бастапқы кезде бұл бекіністер Орал, Ертіс сияқты өзен жағаларына орналасты. Ал кейінірек патша өкіметінің отарлау саясатының күшеюі нәтижесінде әскери қамалдар салу Қазақстанның батыс, солтүстік-шығыс аймақтарын тегіс қамтыды. **1744 жылы Орынбор қаласы, 1752 жылы Петропавл қаласы салынды.** Ресейдің Шығыс Қазақстан жеріндегі экспансиясы бұрынғысынан неғұрлым күшейе түсті. 1752 жылдан бастап Оңтүстік Алтайдың, Ертістің жоғарғы ағысындағы Үлбі, Бұқтырма және Нарым бойындағы жерлердің Ресейге қосылғаны туралы ресми түрде жарияланды. **1760 жылы Өскемен бекінісінен Телецк көліне дейін бекіністер салына бастады. Келесі 1761 жылы Өскеменнен Зайсан көліне дейін Бұқтырма шебінің бекіністері пайда болды.** 1764 жылы Кузнецк-Колыван шебінің бір бөлігі Өскеменнен Тигерц форцостына дейін көшірілді. Сөйтіп, Қазақстандағы шекаралық шептің шығыс қанаты XVII ғасырдың 60-жылдары Ресей әскери қамалдарының бірнеше шебінен тұратын күшті бекіністі ауданға айналдырылды.

XVIII аяғы мен XIX ғасырдың басында патшалық

ресейдің отарлау саясаты күшейе түсті. Ол өз кезегінде Хиуа хандығының текетіресімен тұспа-тұс келген кез болатын. Хиуа хандығы XVIII ғасырдың аяққы ширегінде өз территориясын кеңейту мақсатында көршілес жатқан шекаралас көшпелі халықтарға жаулап алу жұмыстарын жүргізген болатын. Әсіресе, Мұхаммед Рахымның тұсында (1806-1825) Хиуа хандығы түркімен, қарақалпақ және қазақтардың территориясына көптеген жойқын шабуыл жасалды [1, 94-95].

Патша үкіметінің қазақ даласына жасаған жортуылдары Хиуа және Қоқан хандықтарының ашық тонау шабуылынан кейбір жағдайда тактикалық жағынан ерекшеленді. Патша үкіметі қазақ халқының орыс мемлекетінің әсеріне ұшырауын және сол мемлекетке үнемі бағыныштылыққа әкеп соқтыратын астыртын саясатты пайдалана бастады. Әсіресе, патша үкіметі қазақ даласындағы билеушілерді үлкен көлемде сыйақы берумен өздеріне сатып алып, жұмыс жасатты.

XVIII ғасырдың ортасынан бастап кейбір қазақ билеушілері Ресей үкіметінің органдарына жер беру туралы әр түрлі жолдау хаттарын жібере бастады. Мысалы, 1777 жылы Орта жүздің старшыны Чобактары, Керей болысында Ішберді Құттықадамов (деректе – Кутлұчадамов) Тобыл губернаторынан Ресей территориясының жерлерінде иелік етуге және ешбір кедергісіз қоныс ауыстыруға рұқсат сұраған. Өз хатында патша үкіметіне қасық қаны қалғанша қызмет етемін және қандай да тапсырылған жұмыстың бәрін орындауға дайынмын деп уәде береді [2, 86].

1788 жылы Ұлы жүзден Сұлтан Шәрігей өзіне қарайтын қазақтармен Ресей шекарасын асып өтіп және ресми рұқсатпен Өскемен бекінісінің ауданына орналасқан. Бұл көшу мен қоныс аударудың негізінде әр түрлі себептер жатқандығын көреміз. Сонымен қатар кейбір қазақтың көрші мықты мемлекетпен жақсы қарым-қатынаста болғысы келетінін де атауға болады.

XVIII ғасырдың соңында қазақ даласында Ресей билігін орнықтыру мақсатындағы бірқатар жобалар пайда болды. XVIII ғасырдың 90-жылдарының ортасында әзірленген Я.Боувердің жобасына сәйкес, саяси және экономикалық сипаттағы өзгерістердің тұтас кешені көзделген. Ол бірінші Уәли ханның жанынан екі алқадан құрылған ақсақалдар кеңесін құру туралы жоба. Бас сот алқасы Петропавл бекінісінде, ал екіншісі – хан ордасы жанында болуы тиіс еді. Ең маңызды істер екінші алқада қаралып, оның шешімін Петропавлда бекіту қарастырылған болатын. Бұдан қазақтардың сот жүйесін шекаралық өкімет орындарының өз бақылауында ұстағанын көреміз. Осындай шаралар арқылы Ресей әкімшілігі қазақтардың рухани өмірін бақылауға алуды жоспарлады.

Ал XIX ғасырдың басында шекаралық өкімет орындары әскери-барлау сипатында бірқатар шаралар қолданды. 1815 Усть-Уйск бекінісінен Торғайдың жоғарғы ағысына подполковник Феофильтьевтің бастауымен 1617 адамнан, соның ішінде 330 казактан, 1080-нен астам башқұрттан, екі зеңбірегі бар 100 жаяу әскерден тұратын

экспедиция жіберілген. Бұл экспедицияның басты мақсаты қорғасын рудасы кеніштерін зерттеу және оларға апаратын қолайлы жолдарды барлау болатын [3, 246-247].

Орыс шаруалары бекіністер, форпостар, басқа да инфрақұрылымдар маңына келіп қоныстанды. XIX ғасырдан күні бүгінге дейін Қазақстанды жаулап алуда орыс казактарының маңызды рөл атқарғанын, орыс келімсектерінің осы казак-орыстардың қылышының қорғауында болғаны мәлім. Кейбір зерттеулерде казактар мен орыс қоныстанушылары арасындағы қайшылықты қатынастар жөніндегі орыс тарихнамасындағы пікірдің негізсіздігі айқындалуда.

Орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныстануы әскери отарлаудың жалғасы, жаңа сатысы екендігі мойындалды. Орыс миссионері А.Е.Алехторовтың "Қырғыздар туралы кітаптардың, журналдар мен газеттердің көрсеткіші" деген еңбегінде патша өкіметінің отарлауының осы екі кезеңі жөнінде былай делінеді: *"Казактар қырғыз жерінде тыныштық орнатуға белсенді түрде атсалысып, өзінің тарихи миссиясын орындады. Жаңа кезеңнің талабына сай, қырғыз даласын экономикалық жағынан отарлау керек. Сондықтан біз үшін бұрын әскери бекеттердің маңызы қандай болса, переселендік поселкелер құрудың бүгінгі таңдағы рөлі сондай болуы тиіс"* [4, 4-5].

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Ресей империясының қазақтың архаикалық қоғамдық өміріне аса араласпауын шығыстанушылар С.Г.Кляшторный және Т.И.Султанов былай деп жеткізеді: «Ресей өз саясатында қазақ даласының билеушілері арқылы ықпал етуді көздегенін дәйектейді. Олардың пікірінше нақты 1830 жылдардан бастап Ресей империясы қазақ даласын Орталық Азияны экспанциялаудағы плацдарм ретінде қарай бастады деп пайымдайды: *«для того чтобы ввести российскую систему управления, нужно было заменить традиционные органы управления: ханскую власть, народное собрание (курултай) и суд биев новыми административными органами»* [5,302]. Нәтижесінде барлық көшпелі халықтар Ресей империясының өкімшілік басқару жүйесіне енді.

Қазіргі қазақстандық тарихшылардың ұсынған тұжырымдары біз үшін өте маңызды. Оның ішінде Ресей саясатының нәтижесіндегі демографиялық өзгерістерге қатысты зерттеулер. XIX-XX ғасыр аралығында Ресей империясы жүргізген қоныстандыру саясаты, миграциялық қозғалыстар қазақ даласындағы демографиялық балансқа өзгеріс әкелді [6].

1890-1897 жылдардағы патша өкіметінің отаршылдық саясаты қоғам өмірінің әр саласына кері әсерін тигізді. Яғни, қазақ халқының атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлттық дәстүрі мен рухани байлығының түбіне балта шауып, экономикалық құрылымының күйзелуіне рухани бастауларының құлдырауына алып келді. Ә.Тұрсынбаев шаруалар отарлауы бір жағынан патша өкіметінің әлеуметтік саяси тірегін күшейтуге, екінші жағынан қазақ жерінің орасан зор байлығын тартып алуға негіз болды деген [7, 44]. Шаруалар отарлауының барысында қазақтардың тарихи қалыптасқан шаруашылығы күйзелді, мал шаруашылығы дағдарысқа ұшырады, мешіттері орыс қоныстарының арасында қалды, ата-бабасының бейіттері тапталды, халықтың тілі мен діні жойылып, соның негізінде қазақтарды орыстандырып шоқындыру мақсатымен орыс шаруаларын қазақтармен араластыра орналастырды.

Сөйтіп Ресей өкіметі қазақтардың әлеуметтік-экономикалық рухани мүдделерін аяққа таптаумен болды. Осылайша қазақ даласындағы өзінің саяси билігі мен тірегін нығайтқан патшалық Ресей түркі өркенінің бір тірегі Орта Азия территориясын жаулап алу плацдарына айналдыра алатынын жақсы түсінді.

Патша өкіметінің қазақ халқына қатысты саясатының сырын М.Тынышпаев былай түсіндіреді: біріншіден, жабайы және тағылық қуғын-сүргіндер және тілді,

әдет-ғұрыпты барлық өзіндік ерекшелікті қыспаққа алу арқылы қазақтарды дербес ұлт ретінде жою және бүкіл өлкені орыстандыру; екіншіден, түрлі өкімшілік шаралар, пәрмендер мен ережелер күші мен қазақтарды құқықсыз, қауқарсыз, заңсыз тобырға айналдыру; үшіншіден, оларды қаны төгіліп, сүйегі шашылған ата қоныс жерлерінен айыру және құба тұз, қу далаға ажал апанына айдау сынды қан-құйлы зымиян мақсат деп айыптады.

Шығыстағы байтақ даланы жаулап алуға ұмтылу орыс патша өкіметінің дәстүрлі саясаты болды. Алайда орта Азиядағы орыс өктемдігінің тоқтаусыз жүруіне қарамастан, XIX ғасырдың 30-жылдарына дейін ортаазиялық істер патша өкіметінің «үлкен саясаты» саласынан сырт қалып келді. Сонымен қатар Ресей ол кезде Таяу шығысқа бетала отырып, Орта Азиядағы өз орнын баяу, әрі мықтап бекіте отырып, XIX ғасырдың екінші ширегі басталғанша бұл бағыттағы саясатын тездетпеді. Ортаазиялық хандықтармен сауда айналымын кеңейтуге ұмтылу бұл саясаттың негізгі өзегі болды. Мысалы, канцлер Нессельроде қаржы министрі Канкринге «бұл сауда біздің бүкіл азиялық саясатымыздың негізін құрайды» деп жазғаны осыған айғақ [8, 121].

Ойымызды қортындыласақ, патша өкіметі өзінің отарлау саясаты арқылы, біріншіден, Ресейдегі жер шиеленісін орыс мужықтарын қазақ жеріне қоныстандыру арқылы шешу, екіншіден, көшіп келген орыс шаруаларын өзінің әлеуметтік-саяси тірегіне айналдыру, үшіншіден, қазақ жерін Орта Азия бағытындағы өзінің стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру жолындағы плацдарм ету, төртіншіден, өлкенің жер байлығын тонау, елді өзінің шикізат көзіне айналдыру, бесіншіден, орыстар санын арттыру, сөйтіп, жергілікті халықты орыстандыру, алтыншыдан, осы шараларды пайдаланып, қазақ халқының саяси бірлігі мен тұтастығына жол бермеу және қазақ елін Ресейдің бодандығында ұстау болып табылады.

РЕЗЮМЕ

Конец 18 в. и первая половина 19 века представляет собой решающий этап колониального наступления царизма на Казахстан и через него в пределы среднеазиатских ханств. Политический режим, существовавший в Малых и Внутренних ордах, находился под постоянным воздействием двух сил: с одной стороны, он отразился на исторический путь и экономическое положение казахского общества, с другой – на политику империи и местных колониальных властей.

The end of the 18 th century-and the first half of the 19th century represents the decisive stage of the colonial attack of tsarism on Kazakhstan and through it to the Central Asian khanates. The political regime that existed in The Small and Inner Hordes was under the constant influence of two forces: on the one hand, it affected the historical path and economic situation of the Kazakh society, on the other – the policy of the Empire and local colonial authorities.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Н.Иванов.** Казахи и Кокандское ханство – записки Института востоковедения АН СССР, т. VIII. М.-Л., 1939, стр. 94-95.
2. **С.З.Зиманов.** Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX века. Алма-Ата 1960. -293 с.
3. **Валиханов Ч.Ч.** Собрание сочин. в 5 тома. Т. А-Ата. 1961. с.426.
4. **Алехторов А.Е.** Указатель книг, журнальных и газетных статей о киргизах. // Казань, 1900. - 985 с.
5. **Кляшторный С.Г., Султанов Т.И.** Государства и народы евразийских степей. Древность и Средневековье. СПб., 2004.
6. **Козыбаев М.К., Козыбаев И.М.** Ист. Казахстана. А-Ата, 1993.
7. **Турсунбаев А.Б.** Из истории крестьянского переселения в Казахстан. - Алма-Ата, - 1950. -101 с.
8. **Бекмаханов Е.** Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы, Санат, 1994. - 416 бет.

ПЕРОВСК УЕЗІНІҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛЫ

(XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басы)

Абдуллах АҒАЛЫҚОВ (Оголиков),
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың магистранты

1865 жылы Сырдария облысы алғаш құрылғанда оның аумағы 8595 шаршы шақырымды құрайды. Халқының бастапқы саны – 818 47 адам. 1886 жылы оның аумағы әлдеқайда кеңейіп, 403 253 шаршы шақырым болады. Яғни, Түркістан өлкесінің 70 пайыз аумағын алып жатады. Халқының саны 1 219 400 адамға жетеді. Ол солтүстік-батысында – Торғай, оңтүстік-шығысында – Ферғана, батысында – Орал, шығысында – Жетісу, оңтүстігінде – Самарқан, Бұқара, Закаспий облыстарымен шектесті.

1868 жылдың 21 қазанында облыстарға бағынысты уездер құрылады. Уезд деген – бүгінгі аудан іспеттес құрылым. Бір уезге бүгінгі бірнеше аудандардың жері кіреді. Сырдария облысы – Құрама, Ходженд, Шымкент, Жызак, Әулиеата, Қазалы, Перовск (кейінгі Қызылорда) болып, жеті уезге бөлінеді.

Перовск уезі Сырдария облысының солтүстігінде, Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойында, екі жақ бетінде орналасты. Батысында Қазалы уезімен, шығысында Шымкент уезімен, солтүстік-батысында Торғай облысының Торғай уезімен, солтүстік-шығысында Ақмола облысының Атбасар уезімен, оңтүстігінде Қызылқұммен, Жаңадария өзенінің кепкен арналарымен шектесті. 1886 жылғы дерек бойынша Перовск уезі 65965 шаршы шақырым, 1906 жылы Перовск уезінің жер көлемі 95965 шаршы шақырым болған. Перовск уезі 1907-1908 жылдардағы деректе 95965 шаршы шақырым деп көрсетілсе, 1910 жылғы мәліметте 82720 шаршы шақырым жерді алып жатты делінген. Сыр бойы патшалы Ресей билігінің қол астына өткеннен соң өңірдің сондай-ақ Перовск уезінің демографиялық ахуалы бүгінгі күнде өзекті мәселе болып отыр.

Перовск уезінің демографиясын саралауда ауыл мен қала тұрғындарының, сонымен қатар отырықшы және көшпелілердің рөлі маңызды болды.

1870 жылы Түркістан статистикалық комитетінің Сырдария облысы бойынша берген мәліметінде Перовск уезінде 10 көшпелі болыс, 109 ауыл, 20018 шаңырақ (әрбір шаңырақта орта есеппен 5 адам) деп көрсетілген [1, 6-б.]. Облыс бойынша салыстырғанда Перовск уезі халық саны жағынан 3-орынды иеленген.

1870 жылы Перовск уезінің Жаңақорған болысында – 15 ауыл, 3083 шаңырақ; Жөлек болысында – 14 ауыл, 2740 шаңырақ; Кеңтүп болысында – 12 ауыл, 2076 шаңырақ; Царская болысында – 12 ауыл, 2141 шаңырақ; Шаған болысында – 11 ауыл, 2192 шаңырақ; Жомарт болысында – 9 ауыл, 1495 шаңырақ; Байзақ болысында – 11 ауыл 1827 шаңырақ; Қармақшы болысында – 10 ауыл, 1627 шаңырақ; Қысбөгет болысында – 10 ауыл, 1779 шаңырақ; Аққыр болысында – 6 ауыл, 1058 шаңырақ, барлығы – 98 көшпелі ауыл, 20018 қазақ шаңырағы болған [1, 118-б.]. 1870 жылы әр шаңырақта орта есеппен 5 адамнан болды десек, шамамен Перовск уезінде 108620 қазақ болған. Ал қаладағы халық саны – 3387 адам болды. Егер басқа ұлт өкілдері мен әскерилер санын қоса есептегенде уезде 112031 тұрғын болған.

Перовск уезіндегі қазақтардың ру-тайпалық құрамы туралы маңызды мәліметтің бірі – 1870 жылы Түркістан Статистикалық партиясы жинақтаған дерек. Онда төмендегідей көрсетілген:

Жаңақорған болысындағы 15 ауылда сунақтар – 149, арғындар – 350, қожалар – 92, наймандар – 588, қоңыраттар – 301, қыпшақ – 464, бақтиярлар – 1042, сұлтандар – 97, барлығы 3083 шаңырақ болған.

Жөлек болысындағы 14 ауылда қыпшақтар – 2481, арғындар – 259, барлығы 2740 шаңырақ.

Кеңтүп болысындағы 12 ауылда жаппастар – 1644, қожалар – 432, барлығы 2076 шаңырақ.

Царская болысындағы 12 ауылда жаппастар – 1714, алтындар – 170, алашалар – 257, барлығы 2141 шаңырақ болды.

Шаған болысындағы 11 ауылда қаракетелер – 500, бақтиярлар – 10, әлімдер – 181, шеркештер – 40, алашалар – 240, есентемірлер – 110, алтын – 370, шөмекейлер – 610, сұлтандар – 61, ыссықтар – 70, барлығы – 2192 шаңырақ болған.

Жомарт болысындағы 9 ауылда керейіттер – 1385, телеулер – 110 шаңырақ болған.

Байзақ болысындағы 11 ауылда табындар – 1687, тамалар – 140, барлығы 1827 шаңырақ болды.

Қармақшы болысындағы 10 ауылда шөмекейлер – 695, телеулер – 130, керейіттер – 131, алтындар – 374, сұлтандар – 30, алашалар – 103, кетелер – 45, табындар – 10, қожалар – 10, арғындар – 30, қыпшақтар – 69, барлығы 1627 шаңырақ.

Қысбөгет болысындағы 10 ауылды шөмекейлер қоныстанып, олар 1779 шаңырақты құрады.

Аққыр болысындағы 6 ауылда кетелер – 738, қаракетелер – 370, барлығы 1058 шаңырақ боған.

1875 жылы Перовскі халқының саны осы жаққа жер аударылған үш жүз орал казактарымен, келесі жылы соларға жіберілген отбасыларымен едәуір көбейді. 1891 жылғы жайлаған аштықтан кейін Перовскіде, сол кезде Орта Азияға жылжыған, қоныс аударғандардың бір бөлігі қалды. Ақыры, Ташкент темір жолының құрылысы әр түрлі адамдарды, орыстардан бұрын, көбінесе басқа бұратаналарды (армяндар, грузиндер, парсылар және т.б.) осы жерге мекендеуге қызықтырды. Сырдария облысының басқа қалаларымен салыстырғанда, Перовскіде еврейлер аз және оларға жұмыс болмағандығынан емес, уезд бастығы В.Н.Никольский заң тарапынан ешқандай жағдай жасамаған. 1910 жылға дейін Бұқар еврейлерінің отбасы 80-ге жуық болған. Татарлар отбасы 100-ге жуық болды.

1885 ж. Перовск уезінің жері 1346 мильге жетті. «Перовск қаласында 5280 адам тұрса, көшпенділер саны 111.560 адамды құрады», – деп көрсетеді Е.Смирнов өз еңбегінде. Уезде жалпы алғанда 116.840 тұрғын болып, орта есеппен 1 шаршы мильге 87кісіден келген [2, 58-б.].

Сырдария облысына қарайтын қалалардағы халықтың басым бөлігін жергілікті ұлт өкілдері құрады, тек Қазалы қаласында ғана орыстар жергілікті халықтан басым болды.

Қалалар	Орыстар	Жергілікті халықтар	Барлығы	Орыс тұрғындарының %-ы
Ташкент	11,685	109,725	121,410	1
Шымкент	100	8,980	9,080	-
Әулиеата	280	5,420	5,700	0,5
Түркістан	176	3,524	3,700	-
Перовск	463	4,000	4,463	1
Қазалы	3,650	2,122	5,772	63
Ходжент	50	34,750	34,800	-
Ура-Тюбе	49	14,551	14,600	-
Жизақ	57	21,743	21,800	-
Барлығы	16,510	204,815	221,325	-

Сырдария облысы халқының ұстанатын дініне сәйкес бөлінісі (1885 ж.)

	Христиандар		Мудейлер		Путқа табынушылар		Мұсылмандар		Барлығы
	ерлер	әйелдер	Ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	
Ташкент қаласы	5,740	5945	468	401	45	-	56,816	52,000	121,410
Уездер									
Құрама	370	350	-	-	-	-	115,600	113,700	230,020
Ходжент	92	69	9	-	2	-	123,550	120,278	244,000
Шымкент	52	48	-	-	-	-	82,555	74,605	157,260
Әулиеата	1,210	1,091	6	-	-	-	87,480	83,483	173,270
Түркістан	102	66	115	68	-	-	35,214	34,227	69,800
Перовск	334	257	138	66	-	-	60,800	55,245	116,840
Қазалы	2,107	1,543	210	50	-	-	49,550	46,540	100,000
Барлығы	10,015	9,369	941	585	47	-	611,565	580,078	1,212,600

Кестеден көріп отырғанымыздай, Құрама мен Ходжентте халық саны басқа уездермен салыстырғанда жоғары екенін байқаймыз. Перовскідегі 116840 адамның 116045-і мұсылман болды.

1886 жылғы Сырдария облысының шолу кіта-

бында (“Обзор Сыр-Дарьинской области”) жарияланған мәліметтер бойынша төмендегі кестеде [3,149-б.] Перовск уезімен салыстырғанда Сырдария облысындағы басқа да уездердегі халық санын келтірейік:

Уездер	Орыстар	Еврейлер	Жергілікті халықтар	Барлығы
Ташкент қ. мен Құрама уезі	12301	867	343912	357080
Ходжент	170	10	243580	243760
Шымкент	310	-	156360	156670
Әулиеата	3135	8	171612	174755
Түркістан	170	180	71440	71790
Перовск	1251	787	113307	115345
Қазалы	3554	260	96186	100000
Барлығы	20891	2112	1196397	1219400

1886 жылғы Перовск уезінің көшпелілер мен отырықшы тұрғындардың арасалмағына келетін болсақ, уезде – 3500 отырықшы, 111845 адам көшпелі өмір сүрді. Уезд тұрғындарының 97 %-ын көшпелілер құраған.

1892 жылы Перовск уезінде 108916 мұсылман болды, олардың 55411-і ерлер, 53505-і әйелдер болған [4,196-197-бб.]. Ал жалпы уезде 110237 адам болған.

1895 жылы Сырдария облысында жалпы адам саны 1217067 адам болса, Перовск уезінің тұрғындарының саны 111500 адамға жетіп жығылған [5,178-179-бб.]. Перовск қаласының халқы 2923-ті құраған. Бұл көрсеткіштер 3 жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда, уезд халқының көбейгенін көрсетеді. Сондай-ақ 1895 жылы Перовск қаласында 13-ер бала, 27-қыз бала дүниеге келген болса, 12-ер мен 6-әйел қайтыс болған [6].

1897 жылғы бүкілресейлік санақта Перовск уезінің халқы 133663 адамды құраған. Олардың 130663-і қазақ, 3000 адам басқа ұлттың өкілдері болды. Ал қалада 5058 адам өмір сүрді.

1906 жылы уезде 149720 адам болып оның 80801-і ер, 68919-ы әйел болды [7,1-2-бб.]. Осы жылы Перовск қаласында 174 ер бала мен 211 қыз бала өмірге келген. Қайтыс болғандар санына келер болсақ, қалада 123 ер мен 78 әйел, бүкіл уезде 938 ер және 930 әйел қайтыс болған.

1911 жылы Перовск уезінде 20-болыстық, 167-ауыл, көшпелі шаңырақ 19240, отырықшы шаңырақ 8430, орыс ауылы 4, орыс шаңырағы 275 болды [8,15-б.]. Бұдан шығатын қорытынды Сырдың төменгі ағысындағы халықтың көшпелі мал шаруашылығын басты кәсіп еткендігін дәлелдей түседі.

Перовск уезі қазақтарының жыныстық құрамы, 1911 ж. [9, 271-6.]

Болыс, село	ерлер	әйелдер	барлығы	1 шаңырақтағы адам саны, орта есеппен
Царская	4548	4263	8811	5,5
Кеңтүп	3520	3930	7450	5,6
Көткеншек	6909	6021	12930	5,3
Аламесек	1962	2070	3924	4,4
Шаған	3193	2882	6075	4,8
Қысбөгет	3650	3120	6770	4,9
Қостам	2800	2300	5100	4,5
Қараөзек-Қуандария	1848	1945	3793	4,7
Айнакөл	3284	3277	6561	4,5
Қараөзек	2499	2467	4966	4,6
Маслов	2437	2002	4436	4,4
Байзақ	3429	2320	5749	5,3
Скобелев	4586	3816	8402	5,8
Телекөл	2170	1670	3840	5,5
Головачев	4691	4003	8694	5,3
Сауран	5208	4507	9715	4,5
Приречная	4940	4216	9156	5,3
Жөлек	4385	3604	7989	4,5
Жаңақорған	3815	2518	6333	5,9
Гродеков	3280	3500	6780	4,4
Барлығы	71292	62645	133937	4,9

Енді, ұстазым, түстік тарихының тарланы М.Әб-дәкімұлының Ташкент архивінен алған құнды мәліметтерінің бір бөлігін, яғни Перовск уезіне байланысты деректерді жазбалап өтейік, 1911 жылы уезд орталығы Перовскіде 2865 қазақ, 1988 сарт, 1861 татар, 67 неміс, 190 парсы, 190 армян, 67 еврей, 98 поляк, 3309 орыс тұрыпты. Қалада 602 үй болды. Олардағы жан саны – 6612 ер, 5144 әйелді, барлығы – 11 756 адамды құраған. Уезд Перовск және Жөлек болып, екі учаскеге бөлінген.

Перовск учаскесіне қарайтын Царская болысындағы 9 ауылда үй саны – 1622 қазақ: 4548 ер, 4262 әйел. Кеңтүптегі 7 ауылда үй саны – 1326 қазақ: 3520 – 3936 (мұндағы 3520 ер, 3936 әйел, төмендегі мәліметтерде ер-әйел деп жазбай тек санын жазатын боламыз). Көткеншектегі 7 ауылда үй саны – 2511 қазақ: 6909–6021. Аламесектегі 6 ауылда үй саны – 904 қазақ: 1962–2070. Шағандағы 7 ауылда үй саны – 1276 қазақ: 3193–2882. Қысбөгеттегі 12 ауылда үй саны – 1390 қазақ: 3650–3120.

Қостамдағы 7 ауылда үй саны – 1150 қазақ: 2800–2300. Қаракөл-Қуандариядағы 6 ауылда үй саны – 818 қазақ: 1848–1945. Айнакөлдегі 8 ауылда үй саны – 1467 қазақ: 3284–3277. Қараөзектегі 8 ауылда үй саны – 1088 қазақ: 2499–2467. Масловтағы 6 ауылда үй саны – 1021 қазақ: 2487–2002. Байзақтағы 7 ауылда үй саны – 1092 қазақ: 2429–2320. Аламесек базарда үй саны – 15 қазақ, 5 татар, 20 сарт: 90–62.

Ылғи қазақтар тұратын осы болыстықтармен қатар учаскеде Александровское және Ново-Астраханское деген екі орыс селосы болған. Екеуіндегі үй саны – 42: 85–109. Учаске бойынша 15 747 қазақ, 42 орыс, 20 сарт, 5 татар отбасы болған. Барлық еркектер мен әйелдердің саны – 34422–30710. Жалпы халық – 65 132.

Жөлек учаскесіндегі Скобелев болысында Скобелев орыс селосында қазақ, орыс, парсы ұлттары аралас тұрып, 97 үйді құраған. Оның қасындағы Жөлек ауылында 70 үй қазақ тұрған. Бұлардағы тұрғындардың бәрін қосып есептегенде – 209 ер, 187 әйел болған. Осы болыстықтағы қалған 9 қазақ ауылында – 1452 үй, 4586 ер, 3816 әйел. Тілеу болысындағы 4 ауылда және қыстауларда үй саны – 700 қазақ, 3 орыс: 2170–1670. Головачевтағы 8 ауылда үй саны – 1635 қазақ: 4691–4009. Саурандағы 15 ауылда үй саны – 1961 қазақ: 5208–4507. Приречнаядағы 23 ауылда үй саны – 1742 қазақ: 4940–4216. Жөлектегі 34 ауылда үй саны – 1624 қазақ: 4385–3604. Жаңақорғандағы 26 ауылда үй саны – 1076 қазақ: 3815–2518. Гродековтағы 11 ауылда үй саны 1571 қазақ: 3380–3500. Учаске бойынша – 11 923 үй (36 780 ер, 31 935 әйел). Ал Перовск уезді бойынша – 27 670 үй (71 292 ер, 62 645 әйел). Құжатқа барлығы – 113 937 адам тіркелген.

Перовск уезінде 1913 жылы 90534-ер, 79770-әйел барлығы 170304 адам болған. Қалада 8071-ер мен 6437-әйел жалпы есепте 14528 адам өмір сүрді [10,6-7-бб.]. Қаладағы халықтың 1629-ы басқа ұлт өкілдері болды, бұл облыстың басқа уездерімен салыстырғанда жоғары көрсеткіш.

Түйіндей келгенде жоғарыда көрсетілген демографиялық мәліметтердің басым бөлігі құрғақ сандар болуы мүмкін, бірақ бұл да тарихтың бір парасы ғой. Келтірілген мәліметтерден Перовск уезінде XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Сыр бойына қоныстанушылардың көбейгенін байқауға болады соның арқасында уезд халқының саны мейілінше артқан.

РЕЗЮМЕ

В статье описывается демографическая ситуация в Перовском уезде во второй половине XIX - начале XX в. Статье описывается половой состав и уровень рождаемости населения уезда.

The article describes the demographic situation in Perovsky district in the second half of the XIX - beginning of the XX century. The article describes the sex composition and birth rate of the county population.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Издательство Туркестанского статистического комитета. Вып. 1. Под ред. Н.А.Маева. – СПб.: Типография Ф.Михьева, 1872. - 237 с.
2. Смирнов Е. Сыр-Дарьинская область. Описание составленное по официальным источникам. – С-Пб., 1887. – 350 с.
3. Обзор Сыр-Дарьинской области. Приложение к всеподданнейшему отчету военного губернатора области за 1886 г. – Ташкент: Типо-литография С.И.Лахтина, 1888. – 385 с.
4. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1892 г. Приложение к Всеподданнейшему отчету Военного губернатора. – Ташкент: Типо-литография С.П.Петухова, 1894 – 194 с.
5. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1895 год. Приложение к Всеподданнейшему отчету военного губернатора. – Ташкент: Типо-литография торгового дома «О И Г. Бр. Каменского», 1897. 327 с + приложение.
6. Қызылорда Обл. Мем. Мұрағаты, 829-қ., 1-т., 3-іс, 32-п.
7. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1906 год. – Ташкент: Типо-литография ВАС. Меф.Ильина, 1907. – 287 с.
8. Обзор Сыр-Дарьинской Области за 1911 г. Издание Сыр-Дарьинского Област. Статист. Комитета. – Ташкент: Типо-литография В.М.Ильина, 1913. – 182 с. + приложение I-XXVIII.
9. Қартаева Т. Сыр өңірінің дәстүрлі этнографиясы.- Алматы: «Арыс», 2015.- 448 б.
10. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1913 год. Издание Сыр-Дарьинского областного Статистического комитета. – Ташкент: Типо-литография В.М.Ильина, 1916. – 162 с.+ приложение I-XXXV.

ОӘЖ:93/94:81 373.231 (574) (043)

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВТИҢ ҒЫЛЫМИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАШКЕНТТІК КЕЗЕҢІ

Хадиша ӘУБӘКІРОВА (Аубакирова),
тарих ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық университетінің доценті,
Бауыржан ЕҢСЕПОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық университетінің аға оқытушысы

Мақалада авторлар Х.Досмұхамедовтің Түркістан АКСР-інің орталығы болған Ташкент қаласындағы ғылыми педагогикалық қызметіне талдау жасайды. Әсіресе, XX ғасырдың 20-30-жылдары Ташкент қаласында жұмыс жасаған «Сана» журналы, Қырғыз (қазақ) ғылыми комиссиясы мен Орта Азия мемлекеттік университетіндегі Х.Досмұхамедовтің атқарған қызметін ғылыми негізде саралайды.

Кілт сөздер: ТАКСР, «Ақ жол», «Шолпан», «Сана», Қазақ Ағарту институты, Ө.Диваев, Х.Досмұхамедұлы, Т.Жүргенов және т.б.

Азамат соғысы Кеңестердің жеңісімен аяқталып, Кеңестік негіздегі Қазақ автономиялық Республикасы құрылды. Алаш қозғалысы тарих сахнасынан күшпен кетіріліп, Х.Досмұхамедұлы сынды қазақ зиялылары кеңес өкіметі мен коммунистік идеологияға қарсы күресті рухани салаға ауыстырып, күрестің «бейбіт» жолдарын таңдайды.

Халел Досмұхамедұлы 20-жылдардан бастап елдің мәдени өмірінің әр саласында бел шешіп өнімді қызмет етті. Ол Орта Азия Мемлекеттік университетіне «Педагогия» курсы бойынша доцент болып бекітіліп, ұстаздық, дәрігерлік, ағартушылық-шығармашылық, ТАКСР Денсаулық Сақтау комиссиясындағы және Қазақ-қырғыз Ғылым комиссиясындағы сан қырлы қызметтерге араласады. Х.Досмұхамедұлы ұстаз, дәрігер ретіндегі білімімен қатар, ол студент жастардың денсаулығының тазалығына көп көңіл бөлген. Денсаулығы нашар, ауру студенттерге көмектесіп, олардың емделуіне жағдай жасағандығын көптеген мұрағат деректерінен көреміз. Х.Досмұхамедұлы Ташкенттегі Орта Азия университетінің жанынан ашылған Полторацкий атындағы ауруханада қосымша ординатор қызметін атқарады. Осы ауруханада көптеген сырқат студенттер емделеді. Х.Досмұхамедұлы Түркістанда баспа жүйесін ұйымдастырушылардың бірі болды. 1923 жылдың 15 қыркүйегінде ол Орта Азия Мемлекеттік университеті баспасының Алқа мүшесі болып бекітіледі [1, 50-51-бб.].

Жалпы алғанда, Ташкентте ашылған Орта Азия Мемлекеттік университеті Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдени өмірін көтеруде көп көмегін тигізді. Бұл кезде университет 2 мыңнан

астам студенті және 370 профессор мен оқытушысы бар ірі оқу орнына айналған-ды [2, 228-229-бб.]. Сонымен бірге Орта Азия мен Қазақстанның бірден-бір ғылыми және мәдени орталығы болған бұл университет сан мыңдаған қазақ мұғалімдері мен мамандарды дайындады.

1920 жылы 21 тамызда ТАКСР Халық Ағарту комиссиясы алқасының кеңейтілген мәжілісінде Орта Азия Мемлекеттік университетінің жанынан өлкенің рухани мәдениетін өркендету мақсатымен ғылым комиссиясын құрады. 1921 жылы қыркүйекте Қазақ ғылым комиссиясының төрағасы болып Х.Досмұхамедұлы, комиссия мүшелігіне Ө.Диваев, У.Танашев және Омаров тағайындалады. Х.Досмұхамедұлына зор жауапкершіліктер жүктеліп, жұмысты жандандырып, жолға қою тапсырылады. Ғылым комиссиясы мектеп кітаптарын даярлауға қатты назарын аударады. Сонымен қатар, мәдени-рухани өмірдегі жаңалықтарды насихаттауға, қазақ өндерін нотаға түсіруге, мектепте оқылатын пәндердің бағдарламаларын, қазақ тіліндегі тұңғыш жағрапиялық карталар, қазақша-орысша сөздіктер жасауға, әр түрлі ғылыми конференциялар ұйымдастыруға Ғылым комиссиясы бастамашы болды.

Ғылым комиссиясының төрағасы ретінде Х.Досмұхамедұлы қазақ мектептерінде және жоғары оқу орындарында оқытылатын пәндердің бағдарламаларын жасауға, оқулықтар, кітаптар, ғылыми терминологияны қалыптастыру, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинау, бастыру жұмыстарын белсенді түрде жүргізе бастайды. Осы кезде оның ұйымдастырушылық, ғылыми-шығармашылық қабілеті жан-жақты ашылып, жарқырай түскен кезі еді. Төрағаның тікелей ат салысуымен Орта Азиялық мемлекеттік баспаға бірнеше оқулықтар тапсырылады. Олардың ішінде Х.Досмұхамедұлының «Табиғаттану», «Жануарлар», «Кенесары-Наурызбай», «Адамның тән тірлігі», «Адам анатомиясы және физиологиясы» және т.б. еңбектері болды [3, 89-91-пп.].

1923 жылы 3 желтоқсанда Х.Досмұхамедұлы Орта Азия Мемлекеттік университетіндегі түркістандық ғалымдардың тұрмысын жақсарту комиссиясының мүшесі болып сайланады [4, 15-п.]. 1924 жылы 21 ақпандағы ТАКСР Халық Ағарту комиссиясының №30-бұйрығы бойынша Х.Досмұхамедұлы оқыту-

шыларды сараптаудан өткізетін комиссия құрамына тағайындалады [5, 5-б.]. Сонымен бірге, 1924 жылы Ресей академиясы Орталық өлкетану бюросына корреспондент мүше болып сайланды.

Халел Досмұхамедұлының мәдени өмірде қосқан қомақты үлесінің бірі – оның баспа саласындағы, редакторлық қызметі. Оның тікелей бас-тамасымен 1923 жылы Ташкентте ғылыми көпшілікке арналған әдеби альманах – «Сана» журналы шығады. Оның алғашқы санында Х.Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз Ғылым комиссиясына», «Ұйқы деген немене», «Машинаның күші», «Жұлдыздарды күндіз көруге бола ма?», «Миллион деген немене?», «Шәкірттер саулығын сақтау» сияқты мақалалары мен зерттеу еңбектері жарық көрді [6, 11-п.].

Мұрат Мөңкеұлы, Шернияз шешен, «Қарасай-Қазы», «Қыз Жібек», «Кенесары-Наурызбай» сияқты кітаптардың кейбіреуіне өзі алғысөз жазып шығарады. Абай, Мағжан, Бернияз сынды ақындардың шығармаларының баспадан жарық көруіне себепші болған.

Баспагерлік қызметінің мақсатын ол «Кенесары-Наурызбай» кітабын шығарғанда «Ел әдебиетінен алынған сөздерді қалай етіп шығару туралы қолдан келгенше үлгі көрсетіп, жол салу болды», – деп көрсетеді [7, 100-б.]. Сонымен қатар, Халел Досмұхамедұлы Ташкентте Тұрар Рысқұловтың шақыруымен Қырғыз (Қазақ) педагогикалық училищесінде дәрігер болып істейді [8, 83-п.]. Қазақ педагогикалық училищесінің негізі 1917 жылы қаланып, 1920 жылы Қазақ Ағарту институты болып қайта құрылды. Ағарту институтының негізгі мақсаты – ауыл мектептерінің бірінші сатысына мұғалімдер даярлау еді [9, 15-п.].

Халел Досмұхамедұлы қазақ мектептеріне арналған біршама оқулықтарды жазып қалдырған. Атап айтқанда «Өлі табиғат», «Зоология оқулықтары» (1922), «Қырғыз тіліндегі сингармонизм» (1923), «Оқушылардың саулығын сақтау» (1925) және «Зоология» оқулығының үшінші бөлімі» (1926) атты еңбектері жарық көреді. Бұлар қазақ педагогикасы мен оқулықтарының тарихында ерекше орынға ие. Сөйтіп Халел педагогика саласын ғылыми тұрғыда зерттей отырып, республика ағарту саласына ұсынылып отырған білім беру жүйесінің бір ізге түсірілген сапалы оқу жүйесін қалыптастыруға еңбек сіңірді [10, 85-86-бб.].

Училищеде істеген қызметкерлердің барлығы жаңа ашылған Қазақ Ағарту институтына қайтадан жұмысқа алынады. Х.Досмұхамедұлы да осы институтқа табиғаттану пәнінің оқытушысы және дәрігер болып орналасады.

1925 жылы 8 қазанда ТАКСР Халық Ағарту комиссариатының қаулысымен Қазақ Ағарту институты негізінде Қазақ педагогикалық институты құрылады [11, 13-14-бб.]. Бұл педагогикалық институттың оқу жоспарын жасау үшін арнайы комиссия құрылып, оның құрамына Ташкент қаласындағы белгілі әдіскерлер мен профессор ғалымдар шақырылды. Шақырылғандардың ішінде доктор Х.Досмұхамедов, профессор Н.А.Димо, профессор Шмидт, профессор В.И.Романовский, профессор Н.Н.Фиолетов, доцент Д.М.Барботкин, профессор Н.Л.Лаппо-Данилевский және басқалар болды.

Халел жетекшілігімен жұмыс істеген комиссия Ташкенттегі Қазақтың Жоғары педагогикалық

институтының оқу жоспарының жобасын РСФСР педагогикалық институттарының жобасынан өзгеше жасады. Мұндағы басты қағида – пәндер бағдарламаларында жергілікті ұлттық ерекшеліктерді ескеру. Ташкенттегі Қазақтың жоғары педагогикалық институтының жұмысына Орта Азия университетінің ең таңдаулы ғалымдарымен қатар Москва және Ленинград қалаларынан түрік-моңғол халықтары тарихының мамандары, белгілі академик ғалымдар В.В.Бартольд, С.Е.Малов және т.б. ғалымдар шақырылды. Сонымен қатар институтта оқу-тәрбие жұмысы мен дәріс беруге жергілікті қазақ зиялыларының арасынан шыққан Темірбек Жүргенов, Әлімхан Ермековпен қатар профессор Х.Досмұхамедов та болды. **Ташкент қаласында ұйымдасқан Қазақтың жоғары педагогикалық институтының тұңғыш ректорлығына Орта Азия университетінің түлегі, халық ағарту ісінің көрнекті қайраткері Темірбек Жүргенов тағайындалды.** 1926 жылы Х.Досмұхамедұлы оның проректоры болып жұмыс істеді. Ол институтта педология пәнінен дәріс берді [12, 99-103-б.]. 1927 жылы шыққан қазақ педагогикалық институттың алғашқы бір жылдығының есебі туралы кітапқа Х.Досмұхамедұлының «Жалаңтөс баянәдүр шежіресі» тақырыбында шағын зерттеу мақаласы жарық көреді [13]. Ол 1928 жылы Ташкент қаласындағы Қазақтың жоғары педагогикалық институтының негізінде ұйымдасқан Қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны – қазіргі Абай атындағы Қазақтың ұлттық мемлекеттік университетінің негізін қалаушылардың бірі, бірінші проректоры болды. Ол 1929 жылы университеттің педология кафедрасының профессоры ғылыми атағын иеленді.

Қысқасы, өткен ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Х.Досмұхамедов сынды тарихи тұлғаларға қазақ елі кенде болған жоқ. Олардың өмірі мен қызметі бүгінгі қазақ зиялылары үшін межешамдай, темірқазықтай жарқырап тұра бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жизнь и деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане / Сборник документов и материалов. – Шымкент: Южной-Казахстанский госуниверситет им. М.Ауезова, 2004. Ч.1. – 177 с.
2. Назарбаева Г, Әбжанов Х. «Қазақстан: тарих пен тағдыр», Алматы 2003, 296 б.
3. Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. 17-қ., 1-т., 1118-іс
4. ӨР ОММ. 86-қ., 1-т., 621-іс.
5. Досмұхамедұлы Х. Қазақ тілінде латын әріпін алу мәселесі (ғылыми жоба) // Ақ жол, 1924. № 435.
6. ӨР ОММ. 372-қ., 1-т., 67-іс.
7. Досмұхамедов Х. Аламан. -Алматы: Ана тілі, 1991. -172 б.
8. ӨР ОММ. 372-қ., 1-т., 9-іс.
9. ӨР ОММ. 372-қ., 1-т., 93-іс.
10. Озғанбай Ө. «Жарығы өшпейтін жұлдыз» Алматы: Нұрлы әлем, 2008. – 231 б.
11. Тілеуқұлов Г.С., Қосанбаев С.Қ. «Алғашқы баспа жемістері» Ташкент: Шарқ, 2001. – 31 б.
12. Тілеуқұлов С., Оразымбетов Ш. Первый Казахский институт в Ташкенте (сборник документов и материалов). – Ташкент: ТГПУ им. Низами, 2005. -160 с.
13. Год работы казахского высшего педагогического института. Издание Казпедвуза. 1928.

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ: ҰЛТ МҮДДЕСІ

Өтеген ИСЕНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор, Ө.Сұлтанғазин атындағы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

XX ғ. басында ұлт мүддесін ту өтіп көтерген – Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінде басылымдар шығарумен де, жан-жақты шығармашылық жұмыспен де қатар айналысты. Ол 1910 жылғы 21 ақпанда Семей түрмесінен Орынборға екі жылға әкімшілік жаза түрінде жер аударылады [1, 266-б.]. Ахмет Байтұрсынұлы онда Орынбор ғылыми архив комиссиясының құрамына, 1913 жылдан бастап, комиссияның мүшелігіне алынады. Оның қызметі хаттамада газет редакторы ретінде тіркелмей, Торғай-Орал қоныс аударушылар партиясының қызметшісі ретінде көрсетілген [2, 124-б.].

А.Байтұрсынұлы өз өмірінің осы кезеңі туралы: «1913 жылы Орынбор қаласында, «Қазақ» газетінің ашылуын ұйымдастырдым. Оның редакторы ретінде қызмет атқардым. Аталмыш газетті редакциялап жүргенде, бірнеше мәрте әкімшілік жолымен айып тартып, тұтқындалдым... 1917 жылдың соңына дейін редактор болып істедім» [3, 20-п.], – деп жазады. Ол газетке «Түрік баласы» атты бүркеншік есімімен халықтың қазақ тарихы туралы мақалаларын жариялап отырған [4, 15-19-бб.]. Ол бір емес бірнеше рет айыппұл төлеген. Мысалы, 1914 ж. 11 қазанда №6408 қатынас қағазында көрсетілгендей, «Қазақ» газетінің №80 санында редакторы А.Байтұрсынов үкіметтің бұрынғы Дала Ережесінің орнына ұсынған заң жобасына және оған қосымша берілген түсіндірме жазбасына байланысты мақала жариялаған. Мақала авторының пікірі қазақтардың арасында үкіметке қарсы наразылық тудыруы мүмкін. Сондықтан «Қазақ» газетінің редакторы А.Байтұрсыновқа осы мақаланы газетке басқаны үшін дереу 1500 руб. айыппұл немесе 3 ай түрмеге отыруға тура келеді» [5, 105-п.], – деген Орынбор губерниясының басқармасының басшысы генерал-лейтенант Н.А.Сухомлинов үкім шығарған. Қолма-қол төлейтін ақшасы болмай газет жабылуына қауіп төнген кезеңде, саулығының дімкәстігіне қарамай, ол түрмеге отыруға келісім беріп, 1914 жылдың 20 қазанында қамалған. М.Дулатұлының дереу телеграммен жан-жаққа хабарлауының нәтижесінде керекті қаражат жиналып, А.Байтұрсынов 4-5 күнде түрмеден босатылған. Міне, осындай жағдайлар «Қазақ» газеті тарихында бірнеше рет қайталанған [1, 268-б.]. М.Дулатұлының айтуынша, А.Байтұрсыновтың ұйымдастырғыш қабілетінің арқасында кейін жеке баспаханаға қол жеткізген. Жеке шағын кітапханасы, газет шығаратын қағаздарының үлкен қоры жинақталып, газет тиражы 8000-ға жеткен [3, 24-п.]. Ұлттық газеттің басында Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы және Міржақып Дулатұлы тұрды. Алаш зиялыларының қазақ халқының арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу мақсатында бірігіп атқарған жақсы дайындық жұмыстарының арқасында жарық көрген «Қазақ» газеті бірден жалпы ұлттық мәнге ие болған басылымға айналады [4, 27-б.]. Цензуралы патша өкіметінің өзі «Қазақ» газеті туралы: «Кең-байтақ

қырғыз (қазақ – Ө.И.) өлкесінің жан-жақты мәселелерін қамтыған жалғыз өлкелік орган «Қазақ» газетінің кейбір біржақты салаларына қарап, прогрессивті газет деп айтуға болады», «қазіргі кезде 2500 данамен таралып тұр» [5, 127-п.], – деп мәлімдеген.

Зерттеулерден байқағанымыздай, сол заманда-ақ ұлттық газетті шығаруды мақсат тұтқан қазақ зиялыларының ой-пікірі, армандары халқын ояту екендігі айқын аңғарылады. Сондықтан да бас мақалада: «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» деп қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десеңдер, азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенінше істеп кетелік. Малша оттап, ас ішіп, халық үшін қам қылмай, қарын тойғанына мәз болып, мал өлімінде өлмейік», – деген жолдардан газетті ұйымдастырушылардың халқына қызмет ету жоспарлары нақты айтылады. 1914 жылғы 24 қарашадағы Торғай губернаторына №1303 қатынас қағазында генерал-майор Бабицтің баяндағанындай, алдымен газетті Ахмет Байтұрсыновтың бір өзі редакциялаған, сонан соң өзге бірнеше адамның қатысуымен «азамат» серіктестігі құрылған [5, 127-п.].

1916 ж. Әлихан Бөкейханның Орынборға келуімен, газет өзінің мәдени ағартушылық бағытын сақтай отырып, «Алаш» партиясының саяси органына айналып тақырып аясын кеңейте бастайды [2, 146-б.]. 1917 жылдың маусым айынан бастап, «Қазақ» газеті «Алаш» ұйымының ресми газетіне айналады [6, 12-б.]. А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев, М.Тынышбаев, т.б. ғылыми ізденіс жүргізіп, бұқараның көкейінде жүрген сан сауалдардың жауабын газет арқылы жеткізген. «Қазақ» газетінің басыдан шығу үшін алдына қойылған арнайы бағдарламасында төмендегідей мәселелер қаралды: бірінші, қазақтарға қатысты үкіметтік заңдар мен шешімдер; екінші, Мемлекеттік кеңес пен Мемлекеттік Думаның қызметі; үшінші, ішкі және сыртқы жаңалықтар; төртінші, қазақтардың тұрмысы мен тарихы; бесінші, тарих, әдеп, этнография және мәдениет; алтыншы, экономика, сауда-саттық, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы және қол өнер; жетінші, халықтық білім беру, мектеп, медресе, білім беру, өнер, тіл және әдебиет; сегізінші, гигиена, ветеринария; тоғызыншы, фелбетон; оныншы, корреспонденция және телеграмма; он үшінші почта; он төртінші, қосымшалар; он бесінші хабарландырулар [3, 144 п.].

Ұлттық партия құру қажеттілігі туралы Ахметтің 1917 жылы 24 шілдеде жариялаған мақаласында: «Ресейде осы күнде түрлі саяси партиялар бар. Олардың көздеген мақсаттары бағдарламасында жазылған, ...қай партияның болса

да бағдарламасы түп-түгел қазақ мақсаттарына үйлеспейді, ... сондықтан біздің қазақ мақсаттарын түгел көздейтін өз алдына партия жасамайынша болмайды» [7, 127-б.], – деп жеке ұлттық партия құру туралы мәселені көтерді. Съезд өкілдері өздерінің қабылдаған шешімінде: «қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуды... Партияның негізін демократиялық-федеративтік парламенттік республика аясында құрылмақ» [7, 108-б.], – десе, ал Ахмет «Қазақ» газеті арқылы партияның аты «Алаш» қойылып, оған тіліктестерді Құрылтай жиналысына депутаттыққа өкілдер тізімін осы партияның атынан жасауды ұсынды және барлық облыстардағы қазақ комитеттеріне саяси партиясының атын «Алаш» қою туралы жедел хаттар жіберді. Съездің қаулысы бойынша, қазақ саяси партиясының атын «Алаш» деп бекіткендіктен: «*бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды таба алмаймыз*» [7, 414-б.], – деп түсіндірді.

Партия Бағдарламасы мен оның жарғысын дайындаған топқа Ахмет Байтұрсынұлы жетекші болды. Оның қатысуымен дайындалған Бағдарлама мәтіні 1917 жылдың 21 қарашасында «Қазақ» газетінде жарияланады және онда партияның ағзалық жарнасы 1 сом дем көрсетілген [7, 128-б.]. Ресей тарихшысы Д.А.Сафоновтың дерегі бойынша, «Қазақ» газетінің айналасында 31 адам жұмыс жасаған. А.Байтұрсыновпен қатар газет шығарушылар қатарында М.Оразаевты көрсетеді. «Қазақ» газетінің ұлттық келбеті бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде, қара жұмысқа қазақты бермеу, қоныс аударушылардың қазақтың жерін баса көктеуіне жол бермеу, қазақ жерінен орыс мұжықтарының қуылуын талап етуі, қазақтың жер мәселесіне келгенде өз жерін сақтау, қазақтың жерге деген құқы казактардың құқымен теңестірілуін, әскери міндетті өтеудің қайта қаралуы, үкіметтің қазаққа деген саяси көзқарасына наразылығы, ұлттық партияның құрылуы, оның мақсат-міндеттері, патша тақтан құлады, қазіргі жағдайда қазақ елі қалай өз мұң-мұқтажын жоқтап, тәуелсіздігін аршып алады, міне, осындай сан салалы сұраулардың бар жауабы осы «Қазақ» газеті бетінен табылды. Бір сөзбен түйіндесек, А.Байтұрсынов «Қазақ» газеті арқылы қазақ елінің жоғын жоқтаушысы бола білді.

1918 жылы өкімет басына большевиктер келген кезде контрреволюциялық басылым ретінде типографиясын, артық қағазын, кітапханасын, бәрін тәркілеген. «Қазақ» газетінің соңғы саны № 261 номермен 1918 жылдың 27 ақпанында жарық көрген [8, 236-240-бб.]. 1913-1918 жж. аралығында «Қазақ» газетінің 256 номері баспаханадан шықты [2, 140-б.]. А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің басылымдарын Шек-аралық Комиссия кітапханасының қорына сақтауға жыл сайын тапсырып отырған [9, 16, 187-бб.]. «Қазақ» газеті қазақ даласындағы мерзімдік басылымдардың шығуына жол ашты. Атап айтсақ, **1917 жылдың ақпанынан қазан айының аралығында Семейде «Сары-Арқа» газеті шықты. Бас редакторы –Халел Ғаббасов.** Оның белсенді қызметкерлері Әлімхан Ермеков, Әлихан Бөкейханов, Маннан Тұрғанбаевтар болған. **Ташкентте «Алаш» газеті шығып тұрды.** Бас редакторы Мұстафа Шоқай оның белсенді қызметкерлері Қайыретден Болғанбаев, Нәзір Төреқұлов, Сұлтанбек Қожанов, т.б. болды. Ақмолада «Тіршілік» газеті шығып тұрды.

Оның редакторы Рақымжан Дүйсембаев қызметкерлері Садуақас Сейфуллин, Өмірбай Дөнентаев, Абдолла Асылбековтер болған [2, 148-б.]. **Астра-ханда Ғабдолғазиз (Мусин) Мұсағалиев редакторлығымен бөкейліктер шығарған «Ұран» газеті шықты.**

Қорыта келе айтпағымыз: «Қазақ» газетінің номерлері бүгінде Алматыда Ұлттық кітапхананың және бір бөлігі Орынбор облыстық ғылыми кітапханасы қорында сақтаулы. Бұл – бір. **Екіншіден,** «Қазақ» газеті бүкіл қазақ сахарасының рухани саяси өрлеуіне ықпал етті; **Үшіншіден,** Жоғарыда ықшамдай тұжырымдаған және біз бұл жолы сөз етпеген «Қазақ газетінде» жарияланған мақалалар, сөз, жоқ түбі бір түркі халқының бірлігі мен ұлттық төл тарихымыздың да күрделі мәселелері болды [10, 221-222-б.].

РЕЗЮМЕ

Политическая партия Алаш создала орган печати, который отражал основные программные требования казахской интеллигенции. Таким печатным органом была газета «Казах», в которой выражались главные интересы казахской нации накануне Февральской и Октябрьской революций 1917 г. Формирование национального самосознания происходило как раз благодаря печатному органу партии Алаш.

The political party Alash created a press body that reflected the main program requirements of the Kazakh intelligentsia. Such a printed body was the newspaper «Kazakh», which expressed the main interests of the Kazakh nation on the eve of the February and October revolutions of 1917. The formation of national consciousness was due to the printed body of the Alash party.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Әмірхан Әбдиманұлы.** Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу эссе. – Алматы: Арда, 2007. – 296-б.
2. **Тугай Т.И.** Оренбургский путь Ахмета Байтурсынова. / Тугай Т.И. – Оренбург: ООО ИПК Университет, 2018, – 253 с. Изд-ие 2-е доп.
3. РФ ОРОММ, 10-қ., 2-т., 55-іс.
4. **Әбдіманов О.** Қазақ газеті. – Алматы: Қазақстан. 1993. – 166-б.
5. РФ ОРОММ, 21-қ., 9-т., 4-іс.
6. **Көкішев С.** Ахаң туралы ақиқат. – Қазақстан-Шапағат. 1992. – 112-б.
7. **Тұрғараева Г.М.** Ахмет Байтұрсыновтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (1872-1937 жж.): Монография. – Алматы, Нур-Принт, 2015 – 258-б.
8. **Сафонов Д.А.** Периодика Оренбургского края. Первые сто лет. – Оренбург: Оренбургская губерния, 2004. – Вып. 1. – 504 с.
9. **Дулатов М.** Ахмед Байтурсынович Байтурсынов (Биографический очерк). // Труды Общества Изучения Киргизского края. – Оренбург, 1922. – Вып. 3 – 18 с.
10. **Исенов Ә.И.** Дәстүрлі қазақ қоғамы: тұлғалар тұғыры. /Монография. – Қостанай, Шапақ ЖШС баспасы, 2016. – 356-б.; **Исенов Ә.И.** Зұлқарнай Алдамжарұлы еңбектеріндегі Ахметтану мәселесі. // «Алдамжар оқулары 2018» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Қостанай: академик З.Алдамжар атындағы ҚӨТУ, 2018 – (167-170-бб.).

ТІЛ МӘСЕЛЕСІ – ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

Әсемгүл ҚОСКЕЕВА,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық
университетінің аға оқытушысы, тарих магистрі

Тәуелсіздігіміздің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Бұлар жоқ жерде ел ешқашан да тәуелсіз бола алмайды, болуы да мүмкін емес. Дербес мемлекеттігін құрған халқымыз өткеннің рухани-тілдік мұрасын кемеңгерлікпен кәдеге жарата отырып, өзіне ғана тән тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қалыптастыра алды. Бірнеше мыңжылдықтың қазынасына сүйенген үш ғасыр даму арқасында тілдік қоры мейлінше бай қазақ халқына әлемдік өркениеттің бел ортасынан орын тебуге қол жеткізді [1, 45-б.]. Бұған айғақ та, дәлел де жеткілікті.

Қазақ тілінің тағдырына төнген қауіп-қатерді тереңінен ұғынғандар Алаш зиялылары еді. Олар тығырықтан шығудың нақты жолдарын көрсете алды. Алаш зиялыларының білім саласындағы мақсаттары отарлаудың зорлық-зомбылығын аз көрмеген қазақ тілінің беделін көтеріп қана қоймай, қоғамдағы жетекші мәдени-рухани рөлін асқақтатуды көздеді. Бастауыш мектептерде алғашқы үш сыныпты ана тілінде оқу күн тәртібінде қойылды. Егер бастауыш мектепті аяқтаған баланың жасы 10-11-ге толатынын айтсақ, бұл ұрпақ ана тілін ешқашан ұмытпайтынын ұғыну қиын емес. Кезінде мұны А.Байтұрсынов кешенді дәлелдеп шыққан болатын.

1914 жылы «Қазақ» газетінің бетінде жарияланған «Бастауыш мектеп» атты мақаласында ол былайша ой толғады: «Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы. Бастауыш мектептің кілең орысша оқитын екі жылында үйретілетін білім гимназиясының яки реальный мектептердің төменгі кластарына кірерлік болу тиіс. Бастауыш мектептер осындай болса, бұлардан әрі мұсылманша я орысша оқыту үшін қазақ балаларының бастауыш мектепте үйренген білімі негіз болуға жарайды» [2, 99-б.].

Осынау басты мәселені қазіргі заманда балабақшадан бастап үш тұғырлы тілді өнгізіп отырған шенеуніктер құлақтарына құйып алса екен дейміз. Себебі ана тіліне негізделмеген билингвизмнің тұлғаның ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына, ұлттық дәстүр, мәдениет рухында тәрбиеленуіне зиянын тигізеді. Қазақтың ұлт ретінде жойылып кетуіне жол ашады, өйткені тіл жойылса, ұлт та жойылатынын естен шығармауымыз керек.

Қазақ тілінің тағдыры үшін күрес соңғы жүз жылда бірде-бір толас тапқан жоқ. Хакім Абайдың заманын айтпағанда, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтар бастаған алып топ тіл мәселесіне ерекше мән беріп, оның шексіз байлығын, суреткерлік қуатын, бейнелігі мен саздылығын көркемдік сапаға жеткізді. Олармен қатарлас XX ғасырдың 20-30-жылдарында қазақ тілінің мәртебесін саяси жолмен анықтауда қазақтың біртуар тұлғалары көп еңбек сіңірді.

Мысалы, С.Сейфуллин «Ақ жол» газетіне «Затқа ат іздеу, ұсынысқа сөз іздеу» атты арнайы мақала жазды. Ол тілді таза ұстау, терминдерді пайдалана білу жөнінде де білікті пікір қосты. Онда «революцияны» төңкеріс, «коммунисті» еншілес деп аударуға келіспеді. Бұл сөздерді және

«большевик» атауын аудармай пайдалануды «Центральный Комитет» дегенді «Орталық Комитет» деп алуды, «председатель», «начальник» дегендерге «төрағасы», «бастығы» деген сөздерді балама етуді ұсынды [3, 32-б.]. Бұл атау, терминдер жөніндегі С.Сейфуллин ұсынысының қабылданып, тілімізге солай еніп кеткеніне қазір куә болып отырмыз.

Қайраткер «Ұлт мәселесі һәм Қазақстан құрылысы» деген мақаласында ұлт мәселесі Қазақстанның Қазақ Республикасы аталып, «өзінің кіндік үкіметін сайлағаннан бері» шешілді, қазақтың жерлері енді жиналып біртұтас мемлекет болғанын айтады. Бірақ бұл ұлт мәселесінің сыртқы шешілген түрі екендігін, шын мағынасында ұлт сипатындағы ішкі мәселелер әлі шешілмегенін Қазақ Республикасының үш жылғы тәжірибесі көрсетті дейді. Бұл істің қазақта жұмыскер ұлт әлеуметтік табын қалыптастыру, іс-қағаздарды ұлттық тілде қазақша жүргізумен байланыстылығын айтады. «Милиция, инспектор – орыс, қазақшадан бір ауыз білмейді» [4, 11-б.], – дейді. «Жоғарғы аткомдарға барсаң, тағы тілмәшсіз болмайды. Осы кемшіліктерге көз салмай, теріс қарап күңкілдеп, қолын сілтеп үміт үзгендер бар», – деген Сәкеннің сөздері ғасырға жуық уақыт өтсе де, әлі өзектілігін жойған жоқ.

Ұлт зиялысы осы мақалаларында ұлт мәселесі білім мен сақтықты қажет ететіндігін ескертеді. Аталған мәселелердің шешілуін ол қазақ жұмыскерлерін ұйымдастырумен, оларды оқыту, партия және кеңес ісіне кеңінен тартумен байланыстырады. Қазақ азаматтары Қазақстанда үкімет басқармаса ұлт мәселесі шешілмейтіндігін де көрегендікпен көрсете білді.

Сонымен қатар ұлт зиялылары ауыл шаруасына түскен бірыңғай салық, ақша-қазына комиссариаты, Ақмола губерниясының кеңес комитеті, Қазақстан Республикасында жаңадан аудандар құру, егіннің жиылуына байланысты сауда-саттық, Қазақстанда әуе кемесін жүргізу мәселелерімен қатар Қазақстан мекемелерінде кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу туралы өз ойларын да ашық жеткізіп отырды.

Кеңестік кезеңдегі «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған мақалада «Қазақты – қазақ дейік, қатені түзетейік» [5, 211-б.] деп айтылды. Осы сөз бен бүгінгі күні Елбасымыздың «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген сөздерінде астарлы үндестік пен зерделі ой жатқанын тани аламыз. Ғасыр басындағы ұлт зиялылары, 1920 жылы құрылған Қазақ автономиясы «қырғыз» деп дұрыс аталмай отырғанын, бұл бұрынғы патшаның қазақты кемсітуінің көрінісі екендігін, тарихи шындықтың бұрмаланып келгенін айтады. Сондықтан мемлекет атын «Қазақ Республикасы» деп өзгертіп, мемлекеттік тіл қазақ тілі болуы керек дейді. Қазақстанның Орталық үкіметі «киргиз» деген есімді жойып, «қазақ» деген есімді қолдануға жарлық (декрет) шығаруы қажет. Сөйтіп, тарихи қатені түзетейік деген тұжырым жасап, өзінің қазақ халқы алдындағы азаматтық парызын өтеді деп айтуымызға әбден болады.

Ұлт зиялыларының қазақ тілін өркендетуде іс қағаздарын барлық мекемелерде қазақ тіліне көшіру

мәселелерін айта келе, азаматтарға ынта керек екенін, жігер қайрат болса, ер жігіттің істей алмайтын ісі жоқ екеніне де тоқталады.

Кеңестік кезеңдегі ұлт зиялылары Қазақстанның алдында тұрған төрт түрлі ірі мәселе туралы сөз қозғайды. Олар: қаржы-қаражатты тиімді пайдалану, ауыл шаруашылығын оңалту, сауда мен кәсіпті дамыту және әлеуметтік тұрмыста, кеңестік құрылыс жасауда қазақ тілін жүргізуді көңілдегідей ілгерілендіру, міне, осыларды жиылысқа келетін уәкілдер жете қарастыруы қажеттігін ескертеді.

Сонымен қатар қазақ тілінің тарихта кездестірген қиындықтары мен дағдарыстарының себептерін де көрсете отырып, қазақ халқы үш ғасырға жуық орыс отаршылдығының қыспағында болып, ұлт ретінде жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрғандығына басты назар аударған бойы орыстандыру саясатын жүргізіп, қазақ тілінің қолданылу аясын тарылтып бақты.

1930-1950 жылдары ұлт пен тілді қадір тұтқан қазақ зиялылары түгелге жуық атылғаны белгілі. Қазақ тілінің жайынан түңілген халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы 50-жылдары Қазақстанның партия хатшысына мынадай хат жолдаған: *«Ана тілінен бірнеше жағдайлар себеп болып ажыраған ел «азған ел» атанып, кейіннен аты өшіп, ұрпақтары бұршақша бытырап, қардай еріп, құмға сіңген судай дерексіз жоғалып кеткенін тарихтан кездестіруге болады. Ондай сормандай ел бұрыңғы кезде аз болмағанына тарихта дәлелдер аз емес»* [6, 11-б.]. Осы хатында Бауыржан Момышұлы жоғарғы оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиеті, тарихы міндетті пән болу керек деп ұсыныс айтады.

1950-60-жылдары да қазақ тілінің, оны қадір тұтатындардың көрген қорлығы аз емес. Академияның тіл-әдебиеті институтының, Жазушылар одағының, әдеби басылымдардың жұмысынан «ұлтшылдық» тапқан Компартия Орталық Комитетінің қаулылары ашық күнде ойнаған найзағайдай әсер берді. Сол шақтың шындығы: өз тілінен, дәстүрінен, тарихынан жерігендер байқалып қалды. Міне, осылар «домбыра қажет емес», «қазақ тілі мәдениетке жарамсыз тіл» деп, ұялмай сөйлейтін болды. Мәңгірттік пен көзқамандықтың жаңа дәуірі осылай туды.

Ұлт мектептерінің жабылуы, облыстық, аудандық газеттердің тек орысша шығуы *«интернационализм мен халықтар достығы принциптеріне сәйкес келеді»*, – деген зиянды түсінік қалыптасты. Осыдан бір-екі жыл бұрын ғана «ұлтшыл» деген айыппен әбден ықтырылып, қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларынан «жүз тілде сөйлейтін планетаны» – қазақ жерінде пайда болған жаңа интернационалистер планетасын сан қилы теңеулермен құбылта да көпірте мадақтау етілді [7, 363-б.].

Белгілі ғалым Т.Көкішұлы «Түркістан» газетіне жазған «Ол тіл үшін осылай күрескен!..» деген мақаласында: *«Н.С.Хрущев егер коммунизмді ертерек көргілерің келсе, онда орыс тілін тезірек меңгеріңдер деуі мұң екен, КСРО Ғылым академиясының жанынан Орыс тілі институты ашылып, жер-жерлерде орысша үйретуге ұран тас-талды, мәжіліс-жиындар жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтардай қаптап кетті. Оның үстіне біздің жәреуке Қазақстанда Қазақ ССР Оқу министрі Ә.Сембаев ешкіммен ақылдаспай өз жарлығымен қазақ тілін орыс мектептерінде оқытуды тоқтатып тастады. Оған «әу, мұның қалай?» деп айтуға Орталық партия комитетінен де, үкімет тарапынан да ешкім шықпады»* [8, 25-б.], – деп еске алады.

Алайда кеңестік қазақ зиялысының сапалы жаңа күш ретінде жарты ғасырдан астам уақыт өте келе қалыптасуына әлемдік өркениеттегі іргерілеулер, республиканың экономикадағы, әдебиет пен өнердегі, ғылым мен техникадағы табыстары тікелей әсер етті. Қ.Сәтбаевтың, М.Әуезовтың, Ш.Аймановтың, Ғ.Мүсіреповтың, Ө.Марғұланның, Б.Момышұлының, І.Есенберлиннің, Ш.Қалдаяқовтың, К.Байсейітованың, А.Жұбановтың, Ж.Молдағалиевтың, Н.Алдабергеновтың, Қ.Нұрмахановтың тағы басқалардың шығармалары мен жеңістері сананы ашып, танымды тереңдетті, ұлтжанды намыс отын жақты, ұрпаққа өнеге болды [9, 177-б.].

Кеңес дәуірінде қордаланған қазақ тілінің мәселелерін шешу 1980 жылдардың ортасында қайта құру заманында көтеріле бастады. Соның нәтижесінде, 1989 жылы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Бұл қоғамды құруға сол тұстағы зиялы қауым өкілдері ерекше ат салысты. Қоғамның алғашқы жылдарындағы жұмыстарының пәрменді болуына ұлтжанды қазақ азаматтары белсенділік танытты. Осы белсенді ұйымның арқасында барлық облыстарда, ірі қалаларда бөлімдер ашылды. Қоғамның президенттігіне академик ғалым Әбдуәли Қайдари сайланды. «Қазақ тілі» қоғамы қазақ мектептері мен балабақшаларының, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында қазақ бөлімдерінің ашылуына көп күш салды. Халықтың санасын оятуда, ұлттық мүддені насихаттауда, қазақ тілінің лайықты орынға ие болуында қазақтың ұлттық шығармашылық интеллигенциясы өзінің тарихи миссиясын атқарды. Ұлттық интеллигенция өкілдері 1989 жылы алғашқы тіл туралы заңның қабылдануына, «Ана тілі» газетінің жарыққа шығуына үлес қосты және өз кезеңіндегі міндеттерін абыроймен атқарды.

Тәуелсіздік алуымызбен бірге тіліміз де еркін дамуға мүмкіндік алды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев *«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде»* деген тұжырымдаманы үнемі айтып келеді. Бірақ шешімін таппай келе жатқан түйінді мәселелер әлі де көп. Сонымен, академик М.Қ.Қозыбаев *«тіл, тарих, әдебиет – ұлттың жаны мен қаны, рухани болмысы»* [10, 221-б.] дегендей, ұлт руханиятының қайнар көзі ана тілімізді дамытып, жетілдіруге және шынайы Қазақ мемлекетінің тіліне айналдыру үшін әрқайсымыз табандылық танытуымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Бабалар сөзі. 100 - томдық. – Астана «Фолант», 2004-2009 жж. 506 б.
- 2.Абайдың қара сөздері. – Алматы: «Өнер», - 2010. – 124 б.
- 3.Ахметов Қ. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан мәдениеті («Мәдени революцияның» концепциясы, идеологиясы, жүзеге асырылуы). Тарих ғылымдарының докторы дисс. Авторефераты. – Алматы, 2002. 55 бет.
- 4.Омарбеков Т. Мәдени құрылыс тарихы: тапшыл көзқарас сабақтары...// Ақиқат, 1996. № 3. 12-13 бет.
- 5.Абсеметов М. Сакен Сейфуллин – Председатель Совета народных комиссаров Казахстана г. Оренбург 1922-1924. - Астана : «Рух-пресс», 2006. - 416 с.
- 6.Қамзабекұлы Д., Серғалиев М., Әбжанов Х. Тіл саясаты: тағылым мен тәжірибе. Алматы: «Арда», 2005. – 256 бет.
- 7.Омарбеков Т. XX ғ. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001 – 404 б.
- 8.Көкішұлы Т. Ол тіл үшін осылай күрескен!.. // Түркістан. – 2002. – 10 қазан, 45-47 бб.
- 9.Әбжанов Х., Назарбаева Г. Қазақстан: тарих пен тағдыр. Мақалалар. - Алматы: «Кітап баспасы» ЖШС. – 2003 ж. 296 б.
- 10.Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы: «Сөздік-Словарь». – 2001 жыл. 369 бет.

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ КОММУНИСТІК ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ҮСТЕМДІГІ

Загира ТОҚБЕРГЕНОВА,
Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Большевиктер партиясы мен Кеңес өкіметі елдің күллі өмірін социалистік негізде қайта құруда, саяси насихат пен мәдени құрылыс ісіне үлкен мән берді. Олардың осы мәселедегі бағдарламалық ұстанымдары адамдардың зердесіне коммунистік идеологияны әр түрлі әдістерді қолданып, жаппай енгізу жолымен жалпы қоғамдық сапаны жаңа талаптарға сай қайта құруды көздеді. Адам сапасын «кеңестендіру» мен «коммунистендіру» үшін мәдениеттің барлық салаларына – баспасөзге, оқу-ағарту ісіне, ғылымға, өнерге байланысты іс-шаралар белгіленді. Олар дін мен ділге, ұлттық әдет-ғұрыптарға байланысты да жүзеге асырылды...

Халық бұқарасына коммунистік ұстанымдарды насихаттап, көпшілікке саяси тәрбие беруде алғашқы большевиктік газеттер айтарлықтай рөл атқарды. Бастапқы кезде Сырдария облыстарының жұртшылығына Ташкент, Орынбор, Верный, т.б. қалаларда шыға бастаған орыс, өзбек, қазақ тіліндегі газеттер таратылды.

Әуел баста Қазақстан мен Түркістанның жергілікті ұлттарының тілінде шығатын газеттердің аз болуына байланысты орыс тіліндегі газеттерге қазақ, өзбек, қырғыз тілдерінде қосымшалар мен арнайы бөлімдер жарияланып тұрды. Көп кешікпей Қазақстан мен Түркістан өлкесінің жекелеген қалаларында қазақ тілінде кеңестік бағытта газеттер шығарыла бастады. Олардың қатарына «Тіршілік» (Ақмола), «Көмек» (Верный), «Ұран» (Орда, Орынбор), т.б. газеттерді жатқызуға болады [1, 487-б.].

Бұрын полиграфиялық базасы болмаған қалаларда (олардың қатарында Сырдария облысының уезд орталықтарында) газеттер шығару үшін баспаханалар (типографиялар) ұйымдастыру жөнінде шаралар жүзеге асырылды. Мәселен, 1918 жылғы 29 мамырда Түркістан уездік жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Кеңесінің Атқару комитеті еңбек комиссарына қалада типография ұйымдастыруға және оған қажетті үш адамнан (қазақ, орыс және мәмен баспагер) тұратын қызметкерлерге қажетті қаражат табуды тапсырды [2, 91-п.].

Кеңес өкіметі дінді «адамдардың миын уландыратын апиын» деп жариялады. Ресейдегі шіркеу мен мұсылман дініндегі халықтар мекендейтін ұлт аймақтарындағы мешіттер мемлекеттен ажыратылды, мектеп пен басқа оқу орындарында дін сабағын өткізуге тыйым салынды [3, 263-б.]. Қазақстан мен Түркістандағы мешіттер мен олардың жанындағы медреселер жабылды, діндарлар мен діни қызметкерлер қуғын-сүргінге ұшырады, діни әдебиетті оқуға тыйым салынып, отқа жағылды. Ислам дініне сенушілер мен оны уағыздаушылар коммунистік идеология мен кеңестік құрылысқа қарсы саяси бағыт деп бағаланып, оған «панисламизм» деген айдар тағылды. Тілдерінің негізі ортақ, ділі мен әдет-ғұрыптарында көптеген ұқсастықтар бар

түрік тілдес жұрттар бірлігі туралы пікір айтып, оны насихаттаушылар Кеңес өкіметі мен большевиктер уағыздаған «интернационализм» принциптеріне қарсы әрекет етушілер деп айыпталып, оларға «пантүркістер» деген анықтама берілді. Олар Кеңес өкіметі нығайғанда саяси қуғын-сүргін объектілеріне айналды.

Оқу-ағарту ісі де саясаттандырылды. Тек қана жаңа, кеңестік типтегі, коммунистік идеологияны, таптық принциптерді басшылыққа алатын жаңа оқу-ағарту жүйесін – мектептер мен жоғарғы оқу орындарын қалыптастыру мен дамыту міндеттері мәдени құрылыстың өзекті мәселелері болып жарияланды. Бұл ретте 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін құрамына Сырдария облысы кіретін Түркістан өлке-сінде көптеген конфессионалдық (діни), айтарлық жәдидтік (жаңаша), жүздеген орыс-түзем, таза орыс мектептері болды. Зерттеушілер А.Голованов пен Г.Тілеуқұловтың мәліметтеріне сүйенсек, 1913 жылы Түркістан өлкесінде 7290 конфессионалдық мектеп (оқушылар саны 70.861 адам), 40 жәдидшіл (жаңаша) мектеп (олардың қатарында үш қыздар мектебі), 126 орыс-түзем (орыс-қазақ, орыс-өзбек, т.б.) мектеп, 330 бастауыш орыс мектептері (оқушылар саны – 26.386 адам) және 7 мыңдай тәліптер оқитын медресе болды [4, 152-б.].

Қазақстан мен Орта Азияны мекендеген байырғы халықтардың 1917 жылғы қазанға дейінгі сауаттылық деңгейі тек қана орысша сөйлеп, орысша жаза білгендердің санымен ғана анықталды. Олардың айтарлықтай бөлігі сандаған ғасырлар бойы араб графикасы негізінде сауатты болғандығы, бұл өңірде жүздеген ұлттық және діни мектептер болғандығы есепке алынбады. Сондықтан да Қазан төңкерісіне дейін Қазақстан мен Түркістанды мекендеген қазақтар мен басқа жергілікті халықтардың екі-ақ пайызы сауатты болған деген тұжырым ғылыми және саяси әдебиетте орын алды. Осындай мәдениетсіздік пен қараңғылық жайлаған елге оқу мен білімді кеңестік жүйе алып келді деген пікір саналы түрде сіңірілді. Білім мен ғылым біртіндеп елдегі «аға, жетекші халық», басқаларды «жарылқаушы ұлт» аталған орыс халқының үлесіне тиесілі болды.

Оқу-ағарту жүйесінде, ең алдымен мектептерге байланысты жоғарыда айтылған большевиктік мәдени бағдарлама бұрыннан қалыптасқан өлкедегі орыс және жергілікті халықтар тіліндегі оқу орындарының мұғалімдері тарапынан қарсылыққа кездесті. Олар ең алдымен мектептерді саясаттандыру әрекеттеріне наразылық білдірді. Олар айтылмыш мәселеде *«мектеп саясаттан тыс тұрады, мұғалімдер қандай да болсын саяси партияның көзқарасын жақтамау қажет. Мұғалім еркін тұлға болуға тиіс»*, – деген Бүкілресейлік мұғалімдер одағының бағытын жақтады [5, 214-б.].

Осыған қарамастан Кеңес өкіметі 1917-1920 жылдарда Қазақстан мен Түркістанда, олардың қатарында Сырдария облысының қалалары мен ауыл-селоларында жаңа типтегі, кеңестік мәдени құрылыс міндеттеріне сай мектептер жүйесін қалыптастырып, оларды мұғалімдермен қамтамасыз етуде, хат танымайтын ересек адамдардың сауатсыздығын жоюға көптеген оңды жұмыстарды жүзеге асырды.

Бұл саладағы игілікті істер Азамат соғысы аяқталғанда өз жалғасын тауып, бастауыш, орталау, орта мектептер жүйесімен қатар, жоғарғы оқу орындар, ғылыми-зерттеу мекемелері, т.б. мәдениет салалары қарқынмен дамытылды. Осы іс-шаралардың жиынтығы кеңестік тарихнамада мәдени революцияның жеңіске жетуі деп анықталғаны белгілі. Мәдени құрылыстың барлық салалары дерлік коммунистік идеялар негізінде саясаттандырылғанымен, оның табыстары Қазақстан мен Түркістан халықтарын әлемдік өркениеттің жетістіктерімен сусындауға мүмкіндік берді...

1917-1920 жылдар аралығында ескі мектептер жүйесінен жаңа кеңестік мектептерге көшуде алғашқы қадамдар жасалды. Ескі мектептер жүйесін қайта құру ісіне Түркістан АКСР-ның Оқу-ағарту істері жөніндегі комиссариаты мен жергілікті Кеңестер жанындағы оның бөлімшелері жетекшілік жасады. Оқу-ағарту ісінде Түркістан жағдайында бұрыннан бар әртүрлі мектептерді (конфессионалдық, жәдиттік, т.б.) бірыңғай кеңестік еңбек мектептері етіп қайта құру принципі негізге алынды. Бұл мектептер екі сатыға бөлінді: бірінші сатылы мектепте 8-ден 13-жасқа дейінгі балалар бес жыл оқитын болса, екінші сатылы мектептің оқу мерізімі төрт жыл болып анықталып, онда 13 пен 17 жастар арасындағы ұл-қыздар оқуға тиісті болды. Түркістанның көшпелі халықтарының балаларын кеңестік мектептерге тарту үшін арнайы интернаттар ашылды.

Жаңа бірыңғай кеңестік мектептердің басты міндетін 1919 жылғы наурыз айында өткен РКП(б)-ның VIII съезі «Қоғамды коммунистік тұрғыда қайта түлетудің құралы» болу деп анықтады.

1920 жылдардың басына қарай Түркістан АКСР-нда 1925 бірінші сатылы мектептер (оқушылар саны 165.615, олардың 55,6%-ы жергілікті халықтардың балалары) және жарты мыңдай оқушысы бар 58 екінші сатылы мектептер жұмыс істеді, көшпелілердің балалары үшін 150 интернат ашылды. Жаңа тұрпатты кеңестік мектептер санының өсуімен қатар, ескі әдістемелі мектептер (діни және діни-ұлттық) саны күрт азайды. Ондай мектептер саны 1920 жылдың жазына қарай небәрі 20-дай ғана болып, медреселер жойылу жағдайында болды [4, 152-153-б.].

Жаңадан құрылып жатқан кеңестік мектептерге мұғалімдер жетіспеді. Бұрынғы мектептерде қызмет атқарған мұғалімдерге Кеңес өкіметі сенімсіздік білдірді. Сондықтан да облыс және уезд орталықтарында бастауыш мектептер мұғалімдерін даярлайтын немесе олардың білімін жетілдіретін қысқа мерзімді (негізінен үш айлық) курстар ашылды. Ол курстардан өткен жүздеген мұғалімдер шалғайдағы ауыл мен қыстақтардағы мектептерге жіберілді. Осындай жолмен даярланған адамдарға бастауыш мектеп оқушыларына жазу мен сызу білімі ғана берілді, олар шын мәніндегі мұғалімдерге қойылатын талаптарға жауап бере алмайтын. Алайда ол кезде басқа амал болмады. Осындай зәрулікті аз да болса қанағаттандыру үшін Түркістан өлкесінің үкіметі әскер қатарында қызмет ететін мұғалімдерді

әскери қызметтен босатып, оларды өз мамандығы бойынша пайдалану туралы бұйрық та шығарды [6, 244-245-б.]. Бірақ та мұндай шаралардың тиімділігі шамалы болды.

Жергілікті партия ұйымдары мен кеңестер большевиктік идеологияны таратудың басқа да жолдары мен әдістерін іздестіріп, олардың біразын жүзеге асырды да. Жастар арасында жаңа идеяларды тарату мақсатында әр түрлі кештер, концерттер ұйымдастыру, театр үйірмелері мен қауымдастықтарын құру, жергілікті клубтар мен газеттер жанынан тегін оқу бөлімдерін жабдықтап, оларда коммунистік үгіт пен насихат жүргізу істері жолға қойылды.

Бұл істе жергілікті большевиктер сол кезде жекелеген уезд орталықтарында пайда бола бастаған әр түрлі көркемөнерпаздар үйірмелерін, «Театр қауымы» атанған шығармашылық ұйымдарды біртіндеп өз мақсаттарына пайдалануға тырысты. Мұндай ұйымдардың алғашқысының бірі 1918 жылдың басында Қазалы қаласында қазақтың өнерпаз жастарынан құрылған «Театр қауымы» болды. Қауым өздерінің «Тұтынған жолын халыққа білім тарату, ұлт мектептерін ашу» деп анықтады [7]. Осы «Театр қауымының» мүшелері қалада «Ұлттық кеш» өткізіп, онда «Адам қаны аттатпайды» атты драма қойып, оның соңынан халық музыкасынан концерт берді [8].

Қазақ жастарының театр қауымы (театр үйірмесі) Перовск қаласында да құрылды. «Бірлік туы» газетінің мәліметі бойынша қалада құрылған «Қазақ оқушы жастар тобы» «13 мартта (1918 ж.) Рахат Төлешевтің жаңадан жазылған «Аға сұлтан» деген пьесасын қойып, әдебиет кешін өткізген. Түскен пайда аштарға көмекке арналды. Жастар тобы өз беттерімен қаражат жинап, «Рахатты басқа жұмыстан босатып, жаңа кітап жазуға мүмкіндік берген». Жастар оған ай сайын 70 сом мөлшерінде қаламақы төлеп тұратын болған» [9].

Осылай халыққа өз беттерімен, өз ынталарымен мәдени қызмет атқару мақсатында пайда болған жастар қауымдастықтарына большевиктердің нұсқауымен біртіндеп жаңадан құрылып жатқан Комсомол ұйымдары ықпал ете бастады. Енді олардың мәдени-ағарту мақсатында ұйымдастырған кештері мен қойған спектакльдері арқылы өмірге деген коммунистік көзқарас уағыздала басталды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін осындай ұйымдардың жұмыс тәжірибесі «Қызыл отаулар», «Қызыл керуендер» сияқты коммунистік идеологияны насихаттайтын мекемелердің қызметіне ұласты...

Сонымен, қорыта келгенде Қазан төңкерісі мен Азамат соғысының жеңісі нәтижесінде жеке, дара саяси билікке қол жеткізген большевиктер кеңестік негіздегі мемлекеттік жүйені қалыптастырды. Бұл жүйе 1917-1920 жылдар аралығында Орталық Ресейдің үлгісімен және оның тікелей ықпалымен Түркістан АКСР-ында, оның құрамында 1924 жылға дейін болған Сырдария және Жетісу облыстарында қалыптасып, орнықты. Сол аумалы-төкпелі, қарама-қайшылықтарға толы кезеңде келешекте күшіне кіретін тоталитарлық мемлекеттің экономика мен идеология саласындағы алғышарттары пайда болып, қоғам өмірінің шындығына айналды.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается начало распространения коммунистической пропаганды в Туркес-

танском крае после установления здесь Советской власти. Показывается становление работы таких региональных учреждений, как «Красные юрты», «Красные караваны», пропагандирующих коммунистическую идеологию. На основе анализа достоверного, конкретно-исторического материала показывается искажения, перегибы реализации пропаганды коммунистической идеологии в прессе, просвещении, науке, искусстве.

Ключевые слова: коммунистическая идеология, «Красные юрты», «Красные караваны», панисламизм, пантюркизм, интернационализм.

The article discusses the beginning of the spread of Communist propaganda in Turkestan after the establishment here of the Soviet government. Show the formation of such regional institutions as the "Red Yurt", "Red caravans" propagating Communist ideology. Based on the analysis of accurate, specific historical material shows the distortions, excesses implement the propaganda of Communist ideology in the press, education, science, art.

Keywords: communist ideology, «Red nomad's tents», «Red caravans», pan-Islamism, pan-Turkism, internationalism.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Елеуов Т.** Установление и упрочение Большой Советской власти в Казахстане. – Алматы, 1961. – 526 с.
2. Шымкент облыстық мемлекеттік мұрағаты. – Қор-57, тізбе-5, іс-1, 91-п.
3. Собрание узаконений рабоче-крестьянского правительства РСФСР, 1917-1918 гг. – №18. – 893 с.
4. Туркестан на историческом повороте (1917-1920 гг.): Учебное пособие //сост.: Голованов А.А., Тилеукулов Т.С. – Ташкент: Изд-во "Халк мероси", 2002. – 161 с.
5. **Нурпеисов К.** Становление Советов в Казахстане (март 1917 г. – июнь 1918 г.). – Алма-Ата: Наука, 1987. – 240 с.
6. Подготовка и проведение Великой Октябрьской социалистической революции в Узбекистане //Сборник документов. –Ташкент: Фан, 1970. – 560 с.
7. Ақмешіттегі театр // Бірлік туы. – Ташкент, 1918, ақпан –28.
8. Ұлұғ Түркістан. – Ташкент, 1918, қаңтар – 28.
9. Бірлік туы. – Ташкент. –1918, наурыз – 22.

КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ДІНГЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ (XX ғасырдың 20-30-жылдары)

Жанат ӘБІШЕВА (Абишева),
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

XX ғасырдың 20-30-жылдары қазақ халқының тарихындағы аса бір қиын кезең болғаны белгілі. Большевиктер партиясының отаршылдық саясаты қазақ халқының өзіне тән ерекшелігін ескермей, Ресейде болған шараларды қайталап, елде жаппай қирату мен бүлдіру жұмыстарын жүргізді. Кеңестік билік өздерінің идеологиясын қазақ ауылына енгізуге кедергі жасайтын бірден бір күш – ислам діні деп есептегені де құпия емес еді. Сондықтан да ислам идеологиясы өкілдерінің көзін жою – Кеңес өкіметі саясатының басты бағыттарының бірі болды.

1918 жылдың 23 қаңтарында Халық Комиссарлар Кеңесі «мемлекетті шіркеуден бөлу туралы» декрет қабылдады [1, 237-б.]. Іле-шала большевиктер осы декретті жүзеге асыруға бар күштерін салды. Бірақ та оған ең бірінші кезекте кедергі келтірген мәселе – жергілікті жерлерде дайындықтан өткен қызметкерлер мен арнайы органдардың болмауы еді. Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Кеңес өкіметі декретті жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік басқарма құруды жоспарлады. Сөйтіп 1918 жылдың мамырында Халық Комиссарлар Кеңесі декретті жүзеге асыру үшін Заң Халық Комиссариаты жанынан арнайы «VIII бөлім» құрды.

1917-1919 жылдардағы Кеңес өкіметі Қазақстанның территориясында исламға қатысты саясатын әлі де белсенді түрде жүргізе алмады. Мұның бірнеше себептері болды. Олар елдегі тұрақсыздық, азамат соғысы, Өлкенің бір бөлігінің Алаш автономиясының және Кеңеске қарсы күштердің ықпалы мен билігінде болуы еді. **Мысалы, Алаш автономиясы 1918 жылдың 14-24 маусымындағы қаулысында:** «Алаш автономиясының терри-

ториясында Кеңес өкіметі шығарған барлық декреттер жарамсыз деп танылсын», – деп атап көрсетті [2, 108-109-бб.].

Азамат соғысы аяқталып, елдегі жағдай біршама тұрақталғаннан кейін РКФСР Заң Халық Комиссариаты жанынан құрылған «VIII бөлім» өз қызметіне білек сыбана кірісті. Бөлімнің Қазақстандағы меңгерушілігіне И.М.Алексеев, ал хатшылығына Г.М.Ибрагимов бекітілді. **Республикада құрылған «VIII бөлім» төмендегідей жұмыстар атқарды:**

- жоғарыда айтылған декреттің губерниялар мен облыстарда іске асырылуына басшылық жасау;
- дискуссия, дәріс, әңгімелесу және қысқа мерзімді үгіт курстары арқылы «дінге қарсы ғылыми насихатты» ұйымдастыру;

- діни қоғамды тіркеуге қатысты қорытынды беру.

Елдегі құрылған әр түрлі ұйымдардың жанынан дінсіздер бұрышы ұйымдастырылып, халық арасында табиғат құбылыстарын, адамның жаратылысын «ғылыми» тұрғыдан түсіндіретін танымдық дәрістер өткізілді. Бірақ та осы жұмыстарға қарамастан 20-жылдардың орта кезінен бастап Қазақстанда дінді тануға деген ұмтылыс өзінің биік шыңына жетеді. Архив құжаттарына қарағанда мұсылман мекемелері Қазақстанның барлық аудандарында қызмет жасады және әр түрлі ұлттардың өкілдерін (қазақ, өзбек, татар, ұйғыр) біріктірді. Қазақстанда бірнеше ондаған діни мектептер, мұсылмандық сот істері қызмет жасады. Мешіттер салынды, имандардың рөлі артты. *«Исламдық фактордың» белең алуы, бұқараның арасында идеологиялық ықпалынан айырылған өкіметке үлкен қауіп туғызды.* Кеңестік билік осыған байланысты мұсылман

дініне қатысты мемлекеттік саясатты қатаң бақылауға алып, Ораза, Құрбан айттар мейрамы кезінде ауыл ауылдарға «VIII бөлімнің» өкілдерін жіберіп, мұсылман дініне қарсы үгіт-насихат науқанын жүргізді.

Республикада негізінен дінге қарсы күрес 20-жылдардың орта кезінен өрши түсіп, ұйымдасқан сипат алды. Дінді қоғамдық өмірден сәтті ығыстыру үшін коммунистер дінге қарсы қозғалысты бұқаралық қозғалысқа айналдыруға талпыныс жасады. Сол себептен де қоғамдық ұйым құруды ойластырды. *Құрылатын ұйымның басты мақсаты «халықты діни нанымнан азат ету» еді. Көп кешікпей-ақ 1925 ж. сәуірінде «Дінсіздер одағы» құрылды. Ал 1929 жылдың маусымында бұл одақ «Жауынгерлік дінсіздер одағы» болып өзгертілді. Партия тарапынан одаққа мынадай міндеттер жүктелді [3, 232-6.]:*

*а) дінмен идеялық күрес;
ә) еңбекшілерде ғылыми дүниетанымды қалыптастыру;*

б) діндар адаммен жеке жұмыс жүргізу;

в) атеистік әдебиеттерді шығару;

г) ғылыми-жаратылыс білімін насихаттау және т.б.

Қазақстанда 1926-1927 жылдары «Дінсіздер одағының» ұялары мен үйірмелері пайда бола бастады. Кейіннен «Дінсіздер одағының» қалалық және аудандық кеңестері құрылды. Кеңестердің жанынан қазақ жастарының секциясы ұйымдастырылды. Бұл секцияларда әр ай сайын дінге қарсы тақырыптарда дәрістер оқылды. Құдайсыз дәріскер ислам дінін құбыжық ретінде көрсетіп, Ораза, Құрбан айттардың шығу тегі және діни ұстанымдар мен дағдылардың «кесірі» жайлы айтудан бір тынбады. Жер жерлерге «Дін – еңбекшілердің таптық жауы» деген сарындағы жарнамалар іліне бастады.

Қазақстандағы «Кіші қазан» дінге қарсы насихатпен қатар жүргізілді. 1926 жылдың қыркүйегінде БК(б)П Қазақстан Өлкелік комитеті жанынан дінге қарсы насихат жүргізетін комиссия ұйымдастырылды. Комиссияның құрамына Б.Мырзахмедов, И.Хухарев және Н.Арықова кірді. Комиссия дінге қарсы жұмысқа комсомол, Қосшы одағы, кәсіподақтарды және де әртүрлі ұйымдарды белсенді түрде тартуға тырысты. Бірте-бірте дінге қарсы насихат дінге қарсы күреске ұласты. Егер де бұрын дінге қарсы күресте басты назар мәдени-ағарту жұмыстарына, табиғаттану мен қоғамтануға қатысты әдебиеттер шығаруға аударылса, енді басты назар еңбекшілерге қарсы мұсылман дін иелерінің қызметтерін «әшкерелеу» мен исламның ықпалын шектеуге қатысты нақты шараларды қабылдауға аударылды. Сондай-ақ бұрын дінге қарсы үгіт-насихатты партия ұйымдары мен мәдени-ағартушылық сипаттағы мемлекеттік органдар (Халық Ағарту Комиссариаты, Саяси-ағарту Басқармасы), қоғамдық ұйымдар жүргізсе, енді «діни сарқыншақтармен» күреске басқа да мемлекеттік органдар, соның ішінде күштеу аппараты да тартыла бастады. 1926 жылдан бастап ресми құжаттарда мұсылмандықтың «кеңеске қарсы сипаты» туралы тезистер пайда бола бастады, ал 1927 жылы «ислам дінімен күрес шаралары» жүргізіліп, ислам дініне «еңбекшілердің таптық жауы» деген мәртебе берілді. Губерниялар мен уездерде ислам имамдарының қызметтерін «зерттеуге» қатысты арнайы комиссиялар жұмыс істей бастады. Ал мемлекеттік органдар халықты діни ұйымдар мен дін иелерінің ықпалынан оқшаулауға, сол арқылы еңбекші бұқараны «діни еліртпеден» құтылуға және де «бір ғана коммунистік сенімді идеологияны» қа-

былдауға көмектесуі тиіс болды.

Алайда партия ұйымдарының дінге қарсы жүргізген ауқымды жұмыстарына қарамастан, Қазақстанда ислам ұйымдарының саны өсе түсті. Алланы таныту мақсатында мұсылман дін иелері қандай жағдайға болса да баруға тура келді. Мысалы, әйел мәселесінде енді олар әйелдерді мешітке тарту бағытын ұстанды. Болашақ ана, бала тәрбиешісі ретінде дін иелері қыз-келіншектерге үлкен сенім артты. *Әйелдердің арасында үгіт-насихат жұмысын Имам мен азаншының әйелдері жүргізді. Олар ауылдағы әрбір той мен жастардың ойын-сауық кештерінде құранның ілімдерін, ислам діні бойынша әйелдердің әрі құқы, әрі міндеті болып саналатын екі негізгі шарт – еріне қызмет көрсету мен бала тәрбиесі, адамгершілік, ізгілікті қасиеттер жайлы әңгіме-дүкен құрды. Қыз балаларды имандылық мектебі-медресеге оқуға шақырды. Мысалы, Әулие Ата қаласындағы медреседе 514 оқушының 323-і қыз балалар еді [4]. Басқа жерлердегі медреселердегі қыз балалардың үлес салмағы да осы шамалас болды. Осы жағдайды ескере отырып, өкімет әйелдерді өз жағына тарту үшін олардың арасында саяси түсіндірме жұмыстарын жүргізуді қолға алды. Кеңестік биліктің мұсылман дін иелеріне қарсы үгіт-насихат жұмыстарына әйелдерге иек артуының астарында да өзіндік сыр бар еді. Себебі әйел ұрпақты жалғастырушы, ұлттың ұйымтқисы болды. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық деңгейі әйелдің қоғамда алатын орнымен анықталды. Өкімет әйелдерді басыбайлылықтан босату арқылы өз саясатын қолдайтын күшке ие болатындығына сенімді болды [5].*

Діни ұстанымдарға қарсы күресті сауатты жүргізу үшін партия мен комсомол мүшелерінің өздерін дайындық курсынан өткізу қажеттілігі туындады. Себебі көптеген партия және комсомол мүшелерінің арасында әлі де болса «ескіліктің әдептерін» ұстаушылар бар еді. Бұл, әсіресе, оңтүстік аудандары мен Қарақалпақ автономиялы облысында қатты байқалды. Өйткені бұл жерлердегі өзбек ағайындарының арасында діни ықпалдың күшті болуы және Бұқара, Самарқан сияқты діни орталықтарда жастардың білім алуы мұсылмандық көңіл-күйдің өсуіне өз септігін тигізді. Ал діни ұстанымдармен күресті жүргізу үшін партия мен комсомол қызметкерлерінің өзі «ескі әдеттерден» арылуы керек еді. Сондықтан да Өлкелік комитет үгіт-насихат бөлімдері мен аудандық комитеттерге *«коммунистердің, әсіресе, кеңес қызметкерлерінің арасында түрлі діни жораларды (сүндетке отырғызу, ораза ұстау, намаз оқу, зекет беру және т.с.с.) жасау кешірілмейтін болсын»,* – деп тапсырды [6, 104-б.].

Көп кешікпей-ақ дін иелеріне қарсы қуғын-сүргін науқаны да басталып кетті. Ауыл молдарына бала оқытуға, уағыз жүргізуге тыйым салынды. Мешіт, медресе сияқты діни орындарды жабу және діни әдебиеттерді жаппай жою науқаны басталды. Бұл жабылған діни орындары мәдени-ағарту мақсатына пайдаланылды немесе қойма, шеберханаларға айналды. Ал мұсылман дін иелерінің ең беделді және ықпалды өкілдерін халықтан аулақ ұстауға тырысты, жер аударды немесе абақтыға жапты. Сол кезеңнің тарихи құжаттарына үңілсек, ислам идеологиясының Қазақстандағы көрнекті өкілдерінің көздерін жою – кеңес өкіметі саясатының басты бағыттарының бірі екендігін байқауға болады. **БОАК-нің Төралқасына және И.Сталиннің өз атына жолдаған арызында Ақмола округінің азаматы Әділбаев Ахмет өзінің**

отбасымен Гурьев округіне «қауіпті антисоветтік элемент» деген жаламен жер аударылуының негізсіз екенін, хандар, сұлтандар тұқымына жатпайтынын, оның үстіне 52 бас қана ірі қара малы болғанын айта келе **өзі жайлы мынадай мәлімет береді:** «Мен жоғары мұсылман білімін алғаш Ақмола губерниясында, онан соң 2 жыл Мединеде, Арабиядағы «Ишфха» медресесінде, онан соң Египеттегі Каир қаласында «Жамие Асхари» медресесінде алдым. Отаныма араб тарихшылары: Ибн Халдунның, Ибн әл Асирдің, Талфикул Акбардың, Ибн Халекеннің және басқалардың еңбектерін алып оралған мен Исламның тарихын жаза бастадым. Осы тарихқа байланысты қабір ескерткіштерін және Қазақстанның өзіндегі исламның тарихына байланысты жазба құжаттарды зерттей бастадым. Осындайда қазақ байларын жер аудару және олардың мүлкін тәркілеу науқанында Ақмола ОГПУ-і менің 45 пұт кітаптарымды, соның ішінде жоғарыда көрсетілген араб тарихшыларының шығармаларын, сондай-ақ менің Мединедегі, Каирдегі курстарды бітіргендігім туралы дипломдарымды және Константинополда Шейх ұлы Ислам маған тапсырған дипломымды да алып қойды...» [7, 99-б.]. Басшы органдар ислам қайраткерлерінен арылуды мақсат еткендіктен олардың арыз-шағымдарына құлақ аса қойған жоқ.

1929-1931 жылдары Қазақстанда 372 рет шаруалардың бұқаралық бас көтерулері болды. Жылдарға шаққанда олардың 54-і 1929 жылы, 241-і 1930 жылы, ал 77-сі 1931 жылы орын алды. Көптеген көрнекті діндарлар, молдалар осы көтерілістердің рухани жетекшілері болғаны белгілі. Бірақ бұған оларды емес, кеңес үкіметінің ислам дініне қарсы ашық жаулық саясатын, жергілікті жерлерде мешіттерді қорлау, дінге сенушілерді «әлеуметтік қауіпті элемент» деп қудалау әрекеттерін айыптаған жөн деп ойлаймыз. Сол жылдары большевиктер партиясы өздерінің идеологиясын қазақ ауылында енгізуге кедергі жасайтын ислам діні деп білгені де құпия емес. Сондықтан 1929-1931 жылдардағы көтерілістерге байланысты жазалау көрнекті дін басыларды түгелдей қамтыды. Тұтқындалғандардан бірде-бір дінбасы ақталып босатыла қойған жоқ. Тек, Бостандық, Тақтакөпір, Созақ, Сарысу, Талас, Батпаққара, Балқаш және Шоқпар көтерілістеріне байланысты істерді қараған кезде ғана Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ) үштігі 8 ишан мен молданы ату жазасына кесіп үкім шығарды.

Ал 12 дінбасы әртүрлі мерзімдерге сотталды және жер аударылды [7, 141-б].

XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап тек мұсылман дін иелері ғана емес, сондай-ақ басқа да діннің өкілдері жаппай құғын-сүргіннің қармағына ілікті. 1937 жылы Қазақ өлкелік комитеті «діннің таптық мәнін түсіндіре отырып, дінге қарсы үгіт-насихатты кең құлашпен жүргізу» туралы шешім қабылдады. Осы кезден бастап «еңбекшілердің таптық жауы» ретінде дін иелеріне қарсы қатаң жазалау шаралары жүргізілді. Қазақстанның түкпір-түкпірінде молдалар мен ишандарға, тәуіптер мен бақсыларға қарсы қудалау науқаны басталды. 1937-1938 жылдары қазақ ауылдарындағы дін иелерінің барлығы дерлік ұсталып, түрмеге жабылды не ату жазасына кесілді. Тек молда мен ишандар ғана емес олардың балалары мен немере-шөберелері де молдалар санатына жатқызылып, жазалаудың құрығына ілікті.

Әлбетте, кез келген мәдениеттің негізі – дін. Дін – мәдениеттің құрамдас бөлігі ғана емес, қоғам өміріне әсер ететін үлкен әлеуметтік күш. Қазақ мәдениетінің өзегін ислам дінінсіз елестету мүмкін емес. Ал ислам дінінің негізі имандылық пен рухани құндылықта жатыр. Кеңес өкіметінің «дінсіздік идеологиясы» қоғамды рухани аздырып, халықты сенімі мен үмітінен, рухани құндылықтарынан айырды. 30-жылдардан бастап Кеңес өкіметінің исламға қатысты саясатында жаңа мәдениеттің келбеті пайда болды. Кеңестік идеология өзінің құшағын кеңге жайып, халықтың бойындағы діни сенімі мен діни сауаттылығын барынша жоюға әрекет жасады. Сөйтіп, бұқара халықты діннен бездіру үшін қолдан келген бар мүмкіндікті пайдалануға тырысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Декреты Советской власти. Мос.: Наука, 1957. Т. 1. – С. 423.
2. Алаш-Орда: Сб документов. А-Ата: Айқап, 1992. – С. 189.
3. Преодолевая религиозное влияние ислама. Сб. документов Алма-Ата: Казахстан, 1990. – С. 255.
4. Қазақстан Республикасы Президент мұрағаты, 141-к, 1-т, 2251-іс, 80-п
5. Musai F. The attitude of the Muslim clergy toward the status of women in the 1920's - 30's. Journal Global History 2001; 55(3-4): 99-110.
6. Культурное строительство в Казахстане. Сб. документов и материалов. Алма-Ата: Казахстан, 1985. Т. 2. – С. 567.
7. Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997. – 320 б.

КЕЙБІР КСРО АЗАМАТТАРЫН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ

(Атырау облыстық архивы құжаттары негізінде)

Алдар СӘРСЕНОВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Шахман НАҒИМОВ,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Динара ХАМИДУЛЛИНА,
PhD, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Соңғы жылдары советтік тоталитарлық кезеңнің әртүрлі аспектілеріне арналған біршама еңбектер жарық көрді. Дегенмен, зерттеушілер назарынан тыс қалған маңызды мәселелер әлі де жеткілікті. **Тоталитарлық қоғам тарихындағы әлі де толық зерт-**

телмеген проблемалардың бірі – кейбір әлеуметтік топтарды саяси және қоғамдық өмірден аластату. Наразы болғандарды жер аударды немесе ату жазасына кесті. Совет өкіметі (*Өкімет атауы түпнұсқа күйінде сақталды – ред.*) әлеуметтік орта-

ны күшпен өзгерту үшін басқа да өрескел шараларға барды [1]. Олардың бірі азаматтарды таптық белгісіне қарай сайлау және сайлану құқығынан айыру еді. Совет өкіметінің бұл құйтырқы әрекеті Қазан төңкерісінен кейін-ақ белгілі болған еді. 1918 жылы РСФСР Конституциясының 1-бабында тұтқында отырғандар мен есалаң деп танылғандарды дауыс беру құқығынан айырды (30-ж. ортасына дейін сақталды). Сөйтіп 18 жыл бойы ел азаматтарының бір бөлігі сайлау және сайлану құқығынан айрылған еді [2]. Бұл проблема отандық тарихнамада әлі де болса толық зерттелген жоқ. Азаматтардың конституциялық құқын бұзуды зерттеу Совет Одағындағы 1920-1930 жж. репрессияның жалпы сипатын түсінуге мүмкіндік береді [3].

Адам және азамат құқығын қорғаудың тарихи тәжірибесі проблемалары қазіргі демократия принциптерін дамыту жағдайында үлкен маңызға ие болып отыр. Совет мемлекетінің дискриминациялық саясатына және оның бір бағыты – халықтың қалың бір бөлігін сайлау құқығынан айыру процесіне зерттеушілер тарапынан қызығушылықтың тууы бұған дейін құпия болып келген архив құжаттарымен танысуға мүмкін болғанынан еді. Осыған байланысты бізге **«1923-1928 жылдардағы Гурьев уезінің сайлау құқығынан айырылған азаматтарының тізімі»** атты №2,3 қорларының №1,2,3 істерімен танысуға мүмкіндік туды [4]. Совет өкіметі азаматтарды сайлау құқығынан айыруды 1918 жылдан бастап еді. Бүкілресейлік Советтердің V съезінде 1918 ж. қабылданған РСФСР Конституциясының 23-бабында былай делінген еді: **«Социалистік революция мен жұмысшы табының мүдделерін басшылыққа ала отырып РСФСР жекелеген топтар мен жекелеген адамдарды сайлау құқығынан айырады»**. Ал сол Конституцияның 65-бабында сайлауға қатыса алмайтын және сайлану құқы жоқ азаматтардың 7 категориясы көрсетілді.

Архив материалдары көрсеткендей, жергілікті билік кейін оларға «жарамсыз элементтер» деген айдар берді. 1923 ж. №3 қордың №3-ісінде сайлау өткізу туралы уәкіл В.Липатовтың Гурьев округының Редут, Жаманқала, Зеленовск, Самаров болыстарындағы жұмыс туралы баянхатында «жарамсыз элементтер» деген термин жиі кездеседі. Мысалы, Зеленовск болысының Өрлік поселкесінде 20 адам, Карманово поселкесінде 12 азамат, Бақсайда 26, Яманқада 49 азамат анықталды. Самар болысында да жұмыс осы бағытта жүргізілді. Қандауыр поселкесі бойынша партия ұясы комсомолдардың көмегімен «жарамсыз элементтерге» 49 адамды жатқызды [5]. Барлық округтердегі «жарамсыз элемент» болып танылған адамдар жергілікті Советке дауыс беру, сайлану құқығынан айрылды. Енді осылардың кімдер екеніне тоқталайық. №2 қордың №6 ісі былай деп аталады: **«Материалы на лиц, лишенных избирательных прав при проведении подготовительных работ по выборам в Советы»**. **Он бетті қамтитын №2 партия ұясы анықтаған 1923 ж. 24 тамыздағы Редут поселкесінің «жарамсыз элементтерінің» тізімі:**

Тегі	Жасы	Кім болып есептеледі
Фадин Степан	65	Ақсақал, антисоветтік элемент
Точилин Василий	46	Бұрынғы поселке атаманы
Фадин Александр	42	Антисоветтік элемент
Жидков Федосей	58	Ақсақал
Фадин Федот	44	-----\\-----
Жидков Сергей	60	Ақсақал, антисоветтік элемент
Калмыков Максим	57	Ақсақал
Зевакин Агий	36	Саудагер және кулак
Бубнов Петр	42	Қанаушы
Абоимов Василий	26	Антисоветтік элемент

Юдин Василий	42	-----\\-----
Шелков Тимофей	27	-----\\-----
Заршиков Трофим	28	-----\\-----
Калиметов Дюсенбай	35	-----\\-----
Лашманов Александр	40	-----\\-----
Маржаков Никифор	38	-----\\-----
Иванов Федор	55	-----\\-----
Заршиков Иван	47	-----\\-----
Зевакин Родион	36	-----\\-----
Думчев Викул	48	-----\\-----
Заршикова Анна	30	-----\\-----
Жидкова Пелагея	34	-----\\-----
Думчев Устим	36	Шетелден келген
Липатов Терентий	37	-----\\-----
Карамышев Иван	28	-----\\-----
Зевакин Стахий	36	Ұрлық үшін сотталған
Заршиков Георгий	28	-----\\-----
Ревков Константин	26	-----\\-----
Ревков Евдоким	28	-----\\-----
Жидков Григорий	28	-----\\-----
Ревков Ананий	26	-----\\-----
Точилин Андрей	26	-----\\-----
Бахиров Максим	28	-----\\-----
Наготков Александр	36	Діни қызметкер
Хохлов Никифор және Анфиса	55,40	-----\\-----
Ротнов Николай зайыбы Олимпиада	60	Қанаушы және кулак
Фадин Порфирий зайыбы Евдокия	61	Кулак
Зевакин Сафрон	63	Антисоветтік элемент, қанаушы
Зайыбы Агриппина	55	-----\\-----
Ревков Никанор зайыбы Мария	58	-----\\-----
Ревков Иван зайыбы Ольга	62	-----\\-----
Точилин Нефод	60	Антисоветтік элемент, қанаушы
Сапаров Құрманғали	30	Маклер
Павлов Александр	26	Саудагер
Павлов Иван	20	-----\\-----
Ревков Зиновий	40	Хат жүргізуші

«Жарамсыз элементтерді» анықтауда Совет өкіметінің өкілдері адамның миына кіріп-шықпайтын категорияларды ойлап тапты. Мысалы, Редут поселкесі бойынша тізімге кірген 45 азаматтың 90 %-ы орыс болғанына қарамастан, оның 13-і ақсақалдар категориясына енгізілген. Орыс қоғамында «ақсақал» дегеннің болмайтынымен олардың шаруасы жоқ еді.

Жоғарыдағы істің 18-бетінде Редут поселкесі бойынша 5 күннен кейін, яғни 29 тамызда жасқалған тағы бір тізімге назар аударайық:

Тегі	Жасы	Кім болып есептеледі
Ноготков Александр зайыбы Агриппина	32 30	Діни қызметкер
Моржаков Никифор зайыбы Павлина		Саудагер
Лашманов Леонид		-----\\-----
Дятлов Николай зайыбы Лемпияда		Қанаушы
Фадин Порфентий зайыбы Евдокия		-----\\-----
Канцев Александр		Сотталған
Хохлов Никифор зайыбы Анфиса		Діни қызметкер
Зевакин Николай		Сотталған
Заршиков Иван		-----\\-----
Калмыков Максим		Антисоветтік элемент, өсекші
Фадин Александр		-----\\-----

Дауыс беру құқығынан айыратын азаматтарды анықтау үшін РК(б)П уездік комитеті бүкілодақтық заң актілерінің негізінде тапсырма (наказ) жасақтап шығарды. Осы тапсырманың негізінде жергілікті шенеуніктер 1923-1928 жж. аралығында жыл сайын дауыс беру құқығынан айрылғандардың тізімін жасап отырды. Бұған Атырау мемлекеттік архивындағы №2, №3 қорлардың материалдары дәлел болады. №2 қордың 4-ісіндегі материалдарға талдау жасағанымызда Гурьев уезі бойынша 1927 ж. 2307 адамның дауыс беру құқығынан айрылғанына көз жеткіздік.

Гурьев қаласы бойынша 352 адам, Платовинск селолық советі – 19, Соколинск болысы – 165, Қызылқоға болысы – 274, Саркөл болысы – 105, Есбол болысы – 160, Доссор промыссы – 102, Редут болысы – 72, Ақжол болысы – 28, Тополи болысы – 101, Ембі-Атырау болысы – 119, Қарасапар болысы – 99, Ракуша болысы – 71, Соколинск болысы бойынша қосымша – 38, Сартөбе болысы бойынша – 472, Ембі болысы – 224 [6].

Енді осы азаматтардың категорияларына тоқталайық:

- | | |
|------------------------|----------------------|
| 1. Есі ауысқандар – 25 | 5. Бақыстар – 23 |
| 2. Болыстар – 25 | 6. Бұрынғы билер – 7 |
| 3. Сотталғандар – 17 | 7. Монахтар – 103 |
| 4. Күзетші – 1 | 8. Сиқыршылар – 7 |

Осы асырасілтеулерге негіз болған тапсырманың мазмұнына үңілейік [7].

Сайлау қарсаңындағы дайындық жұмыстарын жүргізуші үйездік атқару комитетінің аудандық өкілдеріне

ТАПСЫРМА

Өкілдер міндетті түрде анықтап есепке алу керек:

1. РСФСР Конституциясының 63-бабы бойынша дауыс беру және сайлау құқығына селқос қарайтындар;

2. Дауыс беру және сайлау құқығы болса да деревня буржуазиясының, кулактар мен байлардың сойылын соғатын антисоветтік пиғылдағы элементтер.

3. Сайлауға түсетін элементтердің біріншіден Совет өкіметі идеяларына берілгендігін, екіншіден жұмысқа қабілеттілігін есептеу, оларды жұмысшылардың, кедейлер мен батырақтардың, революцияшыл жастардың, бұрынғы қызылармияшылар мен азат әйелдердің ішінен таңдау керек.

4. Болыстық және селолық атқару комитеттерінің құрамын тексеру керек. Олардың ішінде кімдер жұмысты жанын салып істейді, кімдер немқұрайды қарайды, осыны сұрыптап анықтау қажет. Бұлардың ішінде жеке мүддесін көздеген адамдар болуы мүмкін, ең зиянды элементтер осылар.

5. Билер мен ақсақалдарды есепке алу керек. Билер санатына болыстар, болыстың іс жүргізушілері, ауылдың старшындары, халық қазылары енеді. Ал ақсақалдар дегеніміз – белгілі-бір лауазымы жоқ, бірақ өз беделінің арқасында биліктегілерге сөзін өткізе алатын адамдар. Бұлар Конституцияның 65-бабы бойынша еңбек етпей табыс табатындарға жатады. Олар – пара алу арқылы дүние жинағандар.

1920, 1921 және 1922 жылдары дауыс беру және сайлану құқығынан айрылғандардың ішінде сайлауға қатысу фактілері кездеседі. Оларды анықтау үшін төмендегідей шаралар қолданылуы тиіс.

1. Бұл жұмысқа партия ұялары мен комсомол ұйымдарын тарту;

2. Кедейлер мен жастардың саналы бөлігін, совет қызметкерлерін, мұнай және балық кәсіпшілігіндегі жұмысшыларды осы жұмысқа тарту арқылы анықтау;

3. Қазақ интеллигенциясының өкілдерін өз болыстарындағы осындай адамдарды анықтауға жұмылдыру;

4. Байлардың өздерін тізімде орташа деп көрсету фактілерін анықтау;

Дауыс беру және сайлану құқығынан айыру үшін РСФСР Конституциясының 64, 65-баптарын түсіндіру керек.

Дауыс беру және сайлану құқығына ие болатындар:

А) Өз күнін өндіріспен және қоғамдық пайдалы еңбекпен көретіндер, үй шаруашылығымен айналысатындар, жұмысшылар мен қызметшілер, ауыл шаруашылығы, сауда қызметкерлері;

Б) Совет армиясы мен теңіз флотының жауынгерлері;

В) Еңбек ету қабілетін жоғалтқан азаматтар;

Дауыс беру және сайлау құқығынан төмендегі категориялар айрылады:

А) пайда табу жолымен жалшы ұстайтындар;

Б) капиталдың, өндірістің, процентін пайдаланып

жұмыс істемейтіндер;

В) жеке саудагерлер мен делдалдар;

Г) Діни қызметкерлер;

Д) Бұрынғы полиция қызметкерлері мен агенттер, жандармдар мен күзет бөлімінде (охранка) қызмет істегендер, патша семьясына кіретіндер;

Е) есінен айрылғандар және оларға теңестірілгендер, қорғаншының (опекун) қарамағындылар;

Ж) Қылмысы үшін сотталғандар.

РК (б) П үйездік комитетінің хатшысы

(Өтеулиев).

Үйездік атқару комитетінің төраға орынбасары

(Кенжалиев).

Хатшы (Сарин).

Осы құжатты басшылыққа алған жергілікті ұсақ шенеуніктер өз халқына қарсы репрессиялық шараларды бастап кетті. Байлар, билер, ақсақалдар, діни қызметкерлерді тек қана дауыс беру мен сайлану құқығынан айырып қойған жоқ, олардың кейін мал-мүлкін кәмпескелеп, отбасыларымен жер аударып жіберді. Мысалы олардың қатарына тек қана Теңіз ауданы бойынша Танашевтар, Салиевтер, Құрманбаевтар, Әлиевтер бастаған барлығы 15 отбасы ілікті [8].

1928 жылы Гурьев округі бойынша дауыс беру және сайлану құқығынан 32 категорияны құрайтын 3 мыңдай адам айрылды. Бұлар кулактар, атқамінерлер, байлар, еңбек етпей пайда табатындар, бұрынғы офицерлер, бақыстар, Совет өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізгендер, еңбекпен айналыспайтындар, саудагерлер, діни қызметкерлер, сотталғандар, сұпылар, ақсақалдар, қажылар, азаншылар, т.б.

Гурьев қаласы бойынша 291 адам дауыс беру және сайлану құқығынан айрылды. Оның 80-і қазақ, 180-і орыс, 31-і татар. Аудандар бойынша деңі қазақтар болды. Новобогат ауданынан 356 адам, Ембі ауданынан 607 (554-і қазақ, 53-і орыстар мен татарлар), Ембі-Атырау болысынан – 219, Ақжол болысынан – 100, Соколов болысынан – 155, Ракушадан – 343, Кеңезектен – 38, Сарытөбеден – 125, Жаман шоланнан – 180, Жұлдыз құдықтан – 63, Айбасан – 69, Қарасамардан – 100, Доссордан – 102, Қызылқоғадан – 332, Саркөлден – 188, Есболдан – 318 адам. Барлығы Гурьев округі бойынша 3586 адам [9].

Категориялар бойынша жалпы тізімі төмендегідей (архив құжатын орыс тілінде терминдерін өзгертпестен беріп отырмыз):

1. На иждивении – 1801
2. Баи – 130
3. Кулаки-аткамнеры – 341
4. Офицеры – 6
5. Бақысы – 40
6. Закабалающие окружающего населения – 5
7. Торговцы – 137
8. Священники – 10
9. Муллы – 514
10. Псаломщики – 4
11. Сумасшедшие – 26
12. Подсудимые – 13
13. Административно-ссылные – 3
14. Мясники – 4
15. Аксакалы – 16
16. Спекулянты – 47
17. Азанчи – 41
18. Суфы – 141
19. Бывшие правители – 17
20. Бывшие старосты – 7
21. Монахи – 8

22. Имеющие работников – 24
23. Барщники – 2
24. Зناхари – 12
25. Бандиты – 15
26. «Прихвостники» баев – 5
27. Антисоветские элементы – 3
28. Эксплуататоры – 200
29. Хажи – 9
30. Бывший судья – 1
31. Содержатели мечети – 4
32. Имамы – 5

Барлығы 3586 адам [10].

Бұл адамдар тек дауыс беру, сайлану құқығынан айрылып қойған жоқ, оларды жұмысқа қабылдамады, отбасы мүшелерін оқуға алмады. Олар колхозға да кіре алмады, кооперативке мүше бола алмады, бірақ салықтан босатылған жоқ. Карточкалық жүйе кезінде (1918 ж. бастап оларға карточка берілмеді) бұл категорияға жататын адамдар азық-түлікті коммерциялық бағамен сатып алуға мәжбүр болды, пенсия мен қосымша ақылар берілген жоқ. 1929-1930 жж. бастап мемлекеттік мекемелерде осындай категориядағы адамдардан арылу үшін «тазалау» жүргізілді. Ауруханалар мен соттар, тұрғын үй және салық мекемелері, басқа да құрылымдар оларға қатысты алалаушылық саясат ұстады, олар кәсіподаққа мүше бола алмады, керісінше салық пен басқа да төлемдерді былайғы азаматтардан анағұрлым жоғары төледі.

20-жылдардан бастап бұл категорияға жататын адамдарды коммуналдық пәтерлерден күштеп қуа бастады, балаларын мектептерден шығарды. Оларға бастауыш білімнен жоғары сатыларда әртүрлі қиындықтар туғызды. Оқуға бірінші кезекте еңбекшілердің балалары қабылданады, ал қанаушылардың балаларына бос орын болғанда ғана рұқсат етіледі дегенді желеу етті [11].

Көріп отырғанымыздай бұл саясаттың ең сорақысы – сол адамдардың өздері ғана емес отбасы мүшелерінің де зардап шегуі. Отбасы мүшелері осы категорияға жатқызылған адамдар бірнеше есе көп еді. Мысалы, Гурьев қаласы бойынша кейбір документтерге зер салайық. Кулак категориясына жатқызылған *Пупыкин Липатийдың үш ұлы Тимофей, Егор, Георгий* да сайлау және сайлану құқығынан айрылды. *Ходин, Тоцаков, Демидов, Приданов, Мустакимов, Артамонов, Карамышев, Ибатуллин, Анискин, Ұзақпаев, Липатов, Чанпанов, Чертыхин, Зарщиков*, т.б. отбасыларында да жағдай осындай еді.

Округтың барлық аудандарында да осындай саясат жүргізілді. Мысалы, Новобогат ауданында Әлменов Қали деген байдың өзімен бірге әйелі Жансекер, інілері Бисен мен Кенжеғали, келіндері Қарашаш, Жамал, Болған, анасы Дәметкен сайлау және сайлану құқығынан айрылды. Барлығы облыс бойынша ағайын-туыстардан 1801 адам сайлау және сайлану құқығынан айрылды (50,2%).

Совет мемлекетінің жазалау саясатында діни қызметкерлер мен дінге сенушілерге қарсы репрессия ерекше орын алады. Бұндағы түпкі мақсат діни сенім-нанымдарды біржолата жою еді. **Бұл сұрқия саясат Лениннің 1919 жылғы Дзержинскийге хатынан басталған еді:** «...Необходимо как можно быстрее покончить с полами и религией. Попов надлежит арестовывать как контрреволюционеров и саботажников, расстреливать беспощадно и повсеместно. И как можно больше. Церкви подлежат закрытию. Помещения храмов опечатать и превращать в склады» [12].

Бұл тек қана шіркеулер емес мешіттерге де қатысты еді. Қазан төңкерісіне дейін Гурьев үйезінде 2000-дай шәкірт оқитын 70-тен астам мешіттер мен медреселер болған еді. Тек қана 1930-1932 жж. олардың 80 % жабылды, көпшілігі қиратылды. Мысалы, **Ахмедияр халфе, Арон Еркінғали, Хасен Хазрет, Қарабала, Қосмұхан, Тегісбай халфе, Мырзағали, Құспан, Ғаббас** т.б. [13]. Архив материалдарына сүйенсек, Гурьев үйезінде тек 1928 ж. діни қызметкерлердің 11 категориясы сайлау және сайлану құқығынан айрылған екен. Бұл шаралар мемлекеттің өз халқына қарсы жасаған адам төзгісіз айуандық саясатының бірі ғана еді. Себебі бұл шаралар бай-феодалдарды кәмпескелеу, дінді және діни қызметкерлерді қуғындау, көшпелі және жартылай көшпелі халықты күштеп отырықшылыққа айналдыру тәрізді компаниялармен қатар жүрді. Бұл шаралар негізінен 1929-1933 жж. аралығында Қазақстанды шаш ал десе бас алатын Ленин мен Сталиннің жандайшабы Голощекин басқарған кезде аса қызу жүрді. Қазақстанда «Кіші қазанды» жүзеге асырмақ болған оның солақай саясатынан қазақ халқының 3,5 млн. адамы құрбан болды [14]. Большевиктердің өз халқына қарсы ұйымдастырған бұл геноциді еш халықтың тағдырында болмаған еді.

Бұл мақалаға арқау болып отырған азаматтарды сайлау және сайлану құқығынан айыру болашақ үлкен террордың бастамасы ғана еді. Бұдан кейін ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру, ұлттың 60-70% жоюға әкелген қолдан жасалған аштық келді. Тәуелсіз мемлекет құруға ұмтылып, большевиктер басшылығын састырған қазақ интеллигенциясының басы қырқылды. Бәлкім, қазақты ұлт ретінде жоюға бағытталған осы шаралардың түп-төркінін осыдан іздеу керек шығар?

«*Тарих өткеннің сабағы, алдағының кейінгіге өнегесі*», – деген болатын Н.Назарбаев. «*Өткенін ұмытқан халықтың болашағы да бұлыңғыр*», – дейді У.Черчилл. Әрине, біз тарихты сызып тастай алмаймыз. Біз тек коммунистік жүйенің саяси зардабын, халқымызға шектірген ауыр қасіретін жазып, жас ұрпаққа, өсіп келе жатқан буынға анықтап түсіндіріп, нағыз «рухани жаңғыру» жасай білуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Российский государственный архив социально-политической истории. (РГАСПИ). Ф. 17.
2. Выборы в Советы по РСФСР в 1972 г. М.: «Власть Советов», 1928. – 216 с.
3. Документы свидетельствуют: из истории деревни накануне и в ходе коллективизации. 1927-1932. Под ред. В.П.Данилова и др. М.: Издательство политической литературы. – 1989. – 502 с.
4. Атырау облыстық мемлекеттік архиві. (АОМА) Қор №3, опись №4, ic №3.
5. АОМА. Қ №3, ic №3, п.5.
6. АОМА. Қ №2, ic №4, п.32.
7. АОМА. Қ №2, ic №6, п.23.
8. АОМА. Қ №3, ic №1, п.13.
9. АОМА. Қ №3, ic №4, ic №3, п.13.
10. АОМА. Қ №3, опись №4, ic №3, п.21.
11. Русина Ю.А. «Нет право голоса – нет доверия» // Уральский сборник. История. Культура. Религия. Екатеринбург. 2009 (Вып.7. с. 192-200)
12. «Криминал әлемі» газеті. - №28., - 2016., - б.17.
13. Ш.Нағымұлы. Атырау: путь к знаниям. Алматы: РИО ВАК РК., - 2000. – с.27.
14. Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории. – 1989. - №7.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Аккали АХМЕТ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік
университетінің профессоры, т.ғ.д.
Әділбек ӨМІРЗАКОВ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік
университетінің II курс магистранты

Жылқы малын қадірлемейтін, жылқының қасиетін ардақтамайтын қазақ жоқ шығар. Мінсең көлік. Жесең ас. Жұмыр жер бетіндегі 250 тұқымнан тарайтын 65 млн жылқының шыққан жері – қазақ даласы. Жылқыны өсіретін – тұқым. Жылқының тұқымын дұрыс таңдай білу керек. Жергілікті жер-суға, ауа-райына әбден көндіккен, үйренген қазақ тұқымды жылқыны көбейту қашан маңызды. Елімізде кеңестік кезеңде жылқы шаруашылығына ерекше көңіл бөлінгені белгілі.

Облыстың еңбек даңқы шежіресінде, Ұлы Отан соғысы жылдарында өздеріне сеніп тапсырылған жылқы үйірлерін бағып, 166 биеден 157 құлыннан алып, жылқы малының басын өсіріп, майданға жөнелткен мына жылқышылар 1948 жылдың 23 шілдесінде КСРО Жоғары Кеңесінің Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағымен марапатталды: Е.Ахметов, Б.Бүзекенов, М.Енбаева, І.Үсенов (Есбол ауданы), А.Аюпов, Т.Башпанов, Т.Нысанов, М.Қалиев (Новобогат ауданы), Д.Бердібеков, Н.Бейнеуов, Ұ.Есқожаев (Шевченко ауданы), Ж.Әспенбетов, Н.Ақбетов, А.Бисалиев, Ә.Ысмағұлов (Теңіз ауданы), Ә.Жиеналиев, Т.Сауыров, Ж.Жаскеленов (Бақсай ауданы), Т.Денинов (Жылыой ауданы), Ә.Ерқалиев, Д.Кеңесов (Қызылқоға ауданы), т.б. [1, 92, 94, 95, 100, 107, 118-66.]. Олардың бағып-күткен жылқылары сонау сұрапыл соғыс жылдарында Л.М.Доватор, П.А.Белов, И.А.Плиев сынды атты әскер қолбасшылары мен кавалеристерінің астында жауға атой салғаны белгілі. Соғыстан кейінгі жылдары үкімет тарапынан мал шаруашылығына зор мән бере бастады. Мерзімді бұқаралық ақпарат беттерінде мал шаруашылығының жәй-күйіне қатысты мақалалар жиі жарияланып тұрды. Оның мысалы облыстық газетте «Озат мал өсірушілер» тақырыбында мақала жарық көрді. Мақалада жылқышы Көсемов Қыстаубай 38 биеден 38 құлын алып, аман сақтап келе жатқандығы және ол өзіне сеніп тапсырылған табындағы жылқы малын бірде-бір шығынсыз өсіруде екендігі айтылады [2]. **Тілші өз мақаласында:** «Колхоздарда малшыларға жақсы жағдай туғызылған: олар жылы орынмен, киіммен толық қамтамасыз етілген. Мал өсірушілер малды қыстан шығынсыз, күйлі шығару үшін, сөйтіп Қазақстан бойлаушыларының IV съезін жаңа табыстармен алу үшін еңбек етуде», – деп ерекше шабытпен жазады.

Сол жылдары облыстық «Социалистік құрылыс» газеті: «Шевченко ауданы, Шевченко ауыл шаруашылық артелінің жылқышысы Оразов жолдас өзіне бекітіліп берілген 60 биеден 60 құлын алып, күйлі өсіруде. Ол жылқы малын жайып-бағуды ерекше жақсартқан. Тәжірибелі жылқышы жайылымдарды таңдап алып, өрісті жиі-жиі аударып отырады. Ыссы күндері жылқыны құдық суынан 3 рет суарады. Осының нәтижесінде малдың күйі күн санап артуда. Оразов жолдас республикамыздың 30 жылдығы алдындағы социалистік жарысқа қосылып, алынған төлдерді шығынсыз сақтауға міндеттеніп отыр. Ол бұл міндеттемесін орындау жолында табандылықпен еңбек етуде», – деп жазды [3]. **Көп ұзамай облыстағы жылқы шаруашылығы дабыл қағарлықтай жағдайға жетіпті.** Оның нақты мысалы

– жылқы шаруашылығына байланысты 1950 жылы 18 қазанда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Оңдасыновтың қол қойған қаулысының шығуы [4, 283-288 пп.]. **Бұл қаулыны қабылдауға ықпал еткен – Кеңес Одағының маршалы С.М.Буденныйдың хаты,** мұны архив деректері айғақтайды. Атақты маршалдың Гурьев облысындағы (қазіргі Атырау облысы) жылқы шаруашылығының жай-күйі туралы хатына сәйкес қабылданған қаулыдан аңғаратынымыз – соғыстан кейінгі жылдары облыстағы ұжымшарларда жылқы шаруашылығы құлдырап кетуі.

Қаулыда Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Гурьев облыстық атқару комитеті тарапынан облыстағы жылқы шаруашылығының дамуын қадағалауды әлсіретіп жібергендігіне баса назар аударылды.

Онда КСРО Министрлер Кеңесінің 1949 жылдың 15 қазандағы «1950-1951 жылдардағы республикалар мен өлкелердегі ұжымшарлар мен кеңшарлардағы жылқы шаруашылығының даму жоспары» атты қаулының Гурьев облысында өте қанағаттанарлықсыз орындалуда екендігі аталып өтті. Қаулыда көрсетілгендей, жылқы шаруашылығының дамуы облыста 1950 жылдың 1-қазанындағы жағдай бойынша 79 пайыз болса, ал Теңіз, Есбол, Новобогат аудандары бойынша 59 пайыз ғана орындалған. **Оның басты себептері, облыс көлемінде 1950 жылдың мамыр-қазан айлары аралығында 2500 бас жылқы өлген, соның салдарынан биелердің саны 6,1 пайызға төмендеген.** Сол жылы 100 биеден 57 құлын ғана алынған. Ал, 1949 жылы 100 биеден 75 құлын алған [4, 284-п.]. Сонымен бірге жылқы фермаларында зоотехникалық жұмыстар мүлдем жолға қойылмаған және онда зоотехникалық есептер жүргізілмеген. Құлындарды асырап-бағу жұмыстары да дұрыс жолға қойылмағандығы анықталды. Ұжымшарлардағы адай тұқымдас жылқыларды өсіру жұмыстары әлсіреп, тұқымдық айырлардың облыс көлемінен тысқары жерге сату жоспары жүзеге асырылмаған.

Сол жылдары облыс көлемінде өсірілген адай жылқысына тоқталайық. Адай жылқысы – салт мінілетін қазақ жылқысының бір тұқымы. Түркімен тұқымының белгілері басымырақ. Бойы биік, мойыны ұзындау, бөдені сұлу, шоқтығы биік, арқасы түзу, сауыры ұзын, әрі солық, аяғы құйма-тұяқты. Суық пен ыстыққа төзімді, қысы-жазы жайылымда жүреді, күтім талғамайды [5, 89-б.].

Көптеген ұжымшарларда құлындары ежелерінен ажыратылмаған, үш жасқа жетпегендерін жұмысқа пайдалану кеңінен өріс алған. Мемлекет тарапынан белгіленген ережеге сай жылқы фермалары аумағында жем-шөп базасы, су жеткізу мәселелері дұрыс шешілмеген. Оның нақты айғағы жылқы фермалары аумағында жем-шөп қорын дайындау 34-43 пайыз ғана болған. Ат қораларға жөндеу жұмыстары жүргізілмеген және жаңадан салынбаған, ұжымшар тарапынан ағаш құрылыс материалдары алынбаған.

Тек 1950 жылдан бастап қана Қазақ КСР Ғылым Академиясына қарасты Эксперименталды биология

ғылыми-зерттеу институты адай жылқысын өсіру мен оны жетілдіруді қолға алған.

Аталған қаулыда көтерілген мәселеге байланысты облыстық атқару комитетінің төрағасы Ержанов пен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Ахметовке жіберілген кемшіліктерді жою жөнінде тапсырма беріледі. Сонымен бірге Ауыл шаруашылығы министрінің жылқы шаруашылығы жөніндегі орынбасары Жүнісовке жеке нақты тапсырмалар берілген. Облыстық атқару комитетімен келісе отырып, кемшіліктерді жою жөнінде жұмыс жоспарын жасақтау міндеттелген.

Облыстық, аудандық атқару комитеттері және ауыл шаруашылығы мекемелеріне мынадай нақты тапсырмалар берілді: қазан айы бойы жылқы үйірлерін қысқы тебінге (жайылымға) дайындау шараларын іске асыру, үйірлердегі арық жылқыларды бөлек жемдеу және оларды қысқы тебінге айдамау, 10 қарашаға дейін үйірлердегі 3 жасқа дейінгі тайларды бөлу, олардан бөлек үйірлер құру, жас малдарды жұмысқа пайдалануға тыйым салу, ветеринар-зоотехникалық комиссиясының шешімімен тұқымы әлсіз айғырларды піштіру жұмыстарын жедел түрде қолға алу тапсырылды. **Үкімет қаулысы төмендегі қызметкерлерге мынадай тікелей міндет жүктеді:** Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрі Дауылбаевқа, облыстық атқару комитетінің төрағасы Ержановқа, Маңғыстау аудандық атқару комитетінің төрағасы Есеналиевке адай тұқымды жылқы өсірудің іс-шараларында жіберілген кемшіліктерді жою және асылдандыру жұмыстарын жандандыру мен өсіруді қолға алу. Министрге 1951 жылдың 1 сәуіріне дейін Гурьев облысына 3 зоотехникті жіберуге, облыстық ауыл шаруашылық басқармасының жылқы шаруашылығы бөлімін білікті мамандармен толықтыру жауапкершілігі жеке жүктелді [4, 287-п.]. Жіберілген кемшіліктерді жою мақсатында үкімет тарапынан 1951 жылы Маңғыстау ауданында ауданаралық ветбаклаборатория ашу, бірінші жартыжылдықта асыл тұқымды жылқы өсіру аумағында 2 жасанды шағылыстыру пунктін ұйымдастыру, адай тұқымды жылқының селекциялық жұмыстарын жүргізу туралы мемлекеттік жоспарын жасақтау, Эксперименталды биология ғылыми-зерттеу институты (директоры Базанова) ұжымның тақырыптық жоспарына адай тұқымды жылқыны өсіруді жақсарту мәселелерін қойды. Қабылданған қаулыдан шығатын қорытынды облыстағы жылқы шаруашылығына үкімет тарапынан

ерекше көңіл бөлінген.

Қазіргі таңда әлемнің 30 елінде тек қана жылқыға, тағы да 30 елде жылқыға жанама түрде арналған мұражайлар жұмыс жасайды. Көрші Ресейде арнайы жылқы шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты және бірнеше жылқы мұражайлары бар. Қазір облыста тікелей жылқы шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтарды құру, оларға тиісті қаражатпен көмектесу, ветеринарлық көмект.б. күн тәртібінен түспегені жөн. Жылқы еті дәмді әрі құнарлы, шипасы мол дәрумен қымызының жөні бір бөлек. *«Ембі бойында болған бір асқа Бейсенбі Бажықой дейтін бай 10 жылқының терісінен жасалған сабаға 100 шелек қымыз құйып әкелген»*, – деп жазды **этнограф тарихшы-ғалым Халел Арғынбаев.** Сырым батырдың асында 5000 шелектей қымыз ішілгендігі туралы деректер бар.

Бүгінде облыста жылқы шаруашылығын шындап қолға алуға мол мүмкіндік бар. Облыс бойынша 2016 жылғы қазан айындағы мәлімет бойынша жылқы саны 64618 бас болса, 2015 жылы 60485 бас болған. Өсім байқалды. Аудандар бойынша қарастырсақ, Құрманғазы ауданында 17786, Исатай ауданында 13734, Қызылқоға ауданында 11078, Жылыой ауданында 8487, Индер ауданында 7738, Махамбет ауданында 4241, Мақат ауданында 501, Атырауда 1053 бас жылқы бар екен. Асыл тұқымды қазақы жылқы малын өсіретін Құрманғазы ауданындағы «Рсай» («Ырысай») шаруа қожалығында 528 жылқы өсірілуде. Бұл – облыс көлемінде асыл тұқымды қазақы жылқы малын өсіруге болатындығының айқын айғағы.

Төрт түліктің асылы жылқы туралы ақын І.Жансүгіров: *«Жырым – жылқы, жүйрік ат – салған әнім. Аспан асты, жер жүзі кең сахара, Күн көріп атам қазақ келген мәлім»*, – деп жырлағандай жылқыны қадірлейтін, қасиетін ардақтайтын халықтың ұрпақтары екендігіміз шын болса, жылқы өсіруді ерекше қолға алғанымыз жөн деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Атырау (Гурьев) облысының колхоздары мен совхоздары туралы тарихи анықтамалық (1928-1997 жж.) – Алматы: Асем-систем, 2008, – 176 б.

2. **Айдабаев Қ.** Озат малшылар // Социалистік құрылыс, 19 январь 1949 жыл.

3. **Ізмұкамбетов К.** 60 биенен 60 құлын // Социалистік құрылыс, 13 июнь 1950 жыл.

4. Атырау обл. мем. архиві (АОМА), 855-қор, 2-тізім, 415-іс.

5. Қазақстан Ұлтық энциклопедиясы I-том. Ал., 1998. – 700 б.

ПАТРИОТИЗМ – АЗАМАТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗІ

Айгүл ОРАЗАЛИНА,

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Тарих және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының магистранты

Ғылыми жетекшісі: Бауыржан ӘБДІРАХМАНОВ (Абдрахманов)

*Нағыз патриот – өз елін мақтайтын емес,
нағыз патриот кемшіліктерді байқап,
оларды түзетуге ықпалдасатындар.*

Н.Ә.Назарбаев.

Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің маңызы зор екендігі бүгінгі күн қажеттілігінен туындап отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: *«Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты*» атты Қазақстан халқына Жолдауының негізгі жеті бағытының бірі *«Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көп конфессиялы қоғамымыз табысының негізі»* деп атады. Елбасымыз өзінің *«Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде»*,

«Тарих толқынында» деген еңбектерінде идеялық мәселелерге топтасудың керек екенін айтып, бірігуге шақырып, бұл міндетті жүзеге асыруда білім берудің, отбасы, еңбек ұжымы сияқты дәстүрлі институттардың маңызды рөл атқаратынын, олардың ықпалы ерекше тиімді болатынын баса айтты.

Патриотизм – Отанға, туған жерге, өзінің мәдени ортасына деген сүйіспеншілік. «Патриотизм – дегеніміз (гр. *Patriotes* – отандас, *patrio* – отан, туған жер) Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту.

Патриотизмнің мәні туралы сөз еткенде, оның идея-

ларының ежелгі дәуірден бері қарай қалыптасып келе жатқанын және патриоттық тәрбие ісінде маңызды орны бар екенін білеміз. Патриотизм идеясының идеялар мен құндылықтар жүйесі ретінде пайда болуы және дамуы Аристотель мен Платонның, Цицеронның, XVIII ғасырдағы француз материалистерінің есімдерімен тығыз байланысты.

Цицерон патриоттық сана Отанға деген көзқараспен өлшенбек дей келе «Мемлекет туралы» тілдесуінде: «Ең ізгі ойлар – отанның игілігі үшін», – деп тұжымды ой айтады. Оның ойынша, «Отан дегеніміз – ең алдымен, саяси орта, құқықтық қатынастармен маталған адамдардың бірлестігі және мемлекет». Ежелгі ойшылдардың пайымдауынша, отан алдындағы қарыз дегеніміз – оны тек соғыс жағдайында қорғау ғана емес, сонымен бірге мемлекетті басқару ісіне белсене қатысу. Патриотизм мен халықтар бауырластығының бұл идеясын Н.Г.Чернышевский одан әрі жалғастырып: «...орыстың әрбір ұлы адамының тарихтағы орны оның Отанға сіңірген қызметімен, ал адамгершілік парасаты – патриотизмінің қуатымен өлшенеді», – деп тұжырымдады. Оның пайымдауынша, «Отан дегеніміз – ең алдымен халық». Белгілі бір жерде тарихи қалыптасқан халық, сол жерді өзінің терімен суарып, гүлдендіреді, бостандық пен тәуелсіздік үшін күресте қан төгіп, сол жерді қорғайды, өз жерін әлеуметтік мазмұнмен байытып, түрлендіретін, Отан мағынасына енгізетін де дәл сол халық.

Қазақстандық саясаттану ғылымында ұлттық бірегейленудің негізін құрайтын этникалық және саяси-азаматтық ұлт қалыптастырудың негіздемелері – ұлттық идея мен жалпыұлттық идеяның бүгінгі қазақстандық қоғамдағы идеялық және идеологиялық негіздемесі және ұлттық патриотизм аспектілері жөнінде қазақстандық ғалымдар А.Әбсәттаров, Б.Әбдіғалиев, Н.Садықов, Б.Аяған, К.Бұрханов, Ж.Жүнісова, Г.Ибраева, Р.Нұртазина, К.Қалиев, С.Борбасов, Р.Қадыржанов, Ә.Нысанбаев, А.Сейдімбек, Ә.Ғали, А.Шәріп, І.Ерғали, т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Патриотизм мен интернационализм – азаматтық тәрбиенің негізі. Жас ұрпаққа азаматтық тәрбие берудің мақсаты – еліміздің заңдары мен тәртіп ережелерін сыйлау, оны орындау, жастарды азамат ретінде тәуелсіз Отанына сүйіспеншілікке, айналамыздағы адамдарға қиянат, зорлық-зомбылық, қылмыс жасамауға үйрету, бауырмалдық, мейірімділік, ізгілік сезімдердің бойына өту, өзінің халықпен тұтастығын сезіне білу, тәуелсіз еліміздің болашағына кәміл сенуге, сондай-ақ барлық ұлттар мен ұлыстарға, олардың тәуелсіздігіне құрмет көрсету, бейбіт достықта өмір сүруге тәрбиелеу.

Патриотизм сезімі – санаға біртіндеп сіңетін, тынымсыз еңбектің нәтижесінде қалыптасатын ұлы сезімнің бірі. Патриоттық тәрбиенің мектеп қабырғасында қалыптасатын негізі – мемлекеттік рәміздерге: Ту, Елтаңба, Әнұранға құрмет. Өйткені, оларда халқымыздың өткен өмір тарихы, бүгінгі жеңістеріміз, болашақ мақсаттарымыз өрнектелген.

Ұлтымыздың патриотизмге бай тарихын, жауынгерлер мен батырлардың ерліктерін, ата-бабаларымыздың өнегелі өмірін жас ұрпаққа жеткізу – патриотизмге баулудың бірден-бір көзі. Мәскеу түбіндегі Волоколам тас жолы бойында ерлікпен күрескен Бауыржан Момышұлы, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Бигелдинов, жаудың оғына кеудесін төсеген С.Баймағамбетов және басқа батырлардың ерліктері ерекше ел аузында аңызға айналды.

Отанды сүю, елін қорғау, батырлық жайында құнды тәрбие мұралар біздің Б.Ахметов атындағы педагогикалық колледжінің мұражайында жинақталған. Оқушыларды отаншылдыққа, халықтар достығына тәрбиелеуде педагогикалық колледж мұражайындағы мате-

риалдарды кеңінен пайдалануға болады. Өз елінің тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтау үшін, ел басына күн туған шақта, Ұлы Отан соғысы жылдарында өз Отанын қорғау үшін майданға аттанған, жаумен жан аямай шайқасқан қазақстандықтар туралы тарихи мәліметтер бар. Олардың бәрі де Отанын шексіз сүйіп, көпшілігі Отан үшін өз өмірін құрбан етті. Бұл ержүрек адамдарға халық алғысын айтып, олардың Отан үшін жасаған жауынгерлік ерліктерін дәріптеп, мақтаныш етеді.

Соғыстың алғашқы жылында әскер қатарына бір миллион екі жүз мыңдай қазақстандық шақырылды. Павлодар облысынан 40 мыңнан астам адам майданға аттанды. Павлодарлықтар барлық майдандағы соғыстарға қатысты. Ленинградтан бастап Кавказға дейін көптеген павлодарлықтар Берлинге де жеткен. 23 павлодарлық Кеңес Одағының батыры атанды. Атап айтсақ олардың қатарында Андрей Елгин, Махмет Қайырбаев, Қанаш Қамзин, Михаил Катаев, Иван Кривенко, Иван Ледовский, Серікбай Мүткенов, Кузьма Семенченко, Григорий Ткачев, Иван Ворущин, тағы басқа азаматтарымыз болды. Ал педагогикалық училищенің 60-қа жуық түлегі мен оқытушысы майданда болды. С.Мүткенов, Қ.Сұрағанов, А.Қабышев, А.Щербинко, Б.Ахметов, Қ.Нұркин, Қ.Елубаева, В.Киян, Н.Васютин, И.Рязанцев, Н.Артеменко, А.Қабылбеков, т.б. Олардың ішінде Кеңес Одағының Батырлары: Мүткенов Серікбай, Сұрағанов Құдайберген.

Оқушыларды отаншылдыққа, халықтар достығына тәрбиелеудің мынадай жолдарын ұсынуға болады:

Халықтар арасында қалыптасқан достықты, ынтымақтастықты насихаттай отырып, озық дәстүрлермен таныстыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру.

Халық өкілдерінің өнегелі өмірін, қызметін, еңбегін дәріптеу.

Туған өлке тарихын зерттеу мақсатында ғылыми жұмыстар ұйымдастыру (тарихи деректер, өлкетану мұражайы материалдарын кеңінен пайдалану).

«Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша мәдени-тарихи өлкелерге саяхаттар ұйымдастыру.

Еліміздің тарихын бейнелейтін фильмдер көрсету.

Б.Ахметов атындағы колледжде студенттерге патриоттық тәрбие беру мақсатымен белгілі деңгейде әртүрлі іс шаралар жүргізілуде. Мысалы, Ұлы Отан соғысының қатысушыларына байланысты ерлік сабақтары, митингтер, кездесулер, шығармашылық кештер, т.б. Студенттер өз шығармашылығында бұл батырларымыздың ерліктерін дәріптеп, өлең жолдарын арнайды. Басқа да еліне еңбегі сіңген азаматтарымыздың қызмет жолдары мен ерліктерін дәріптей отырып, студенттердің бойында патриотизмді қалыптастыру – ұстаздар қауымының парызы.

Өз халқының тарихының өнегелі жақтарын білу, өз елінің кешегі және бүгінгі қаһармандарын мақтаныш ету, олардың ерлігіне тағзым ету, жаужүрек бабалар рухына сай ұрпақ қалыптастыру – патриотизмнің құрамдас бөлігі.

Батыр ата-бабаларымыздың ерлік істері – нағыз патриотизмнің үлгісі!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан, 28 қаңтар, 2012 жыл.
2. «Қазақстан – 2030» даму стратегиясы.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбие тарихы дерісінің бағдарламасы. А., 1994.
4. Бықай Ф. Қазақстан – менің елім, менің Отаным. // Егемен Қазақстан. 28 ақпан, 2008.
5. Жамбылов Д. Тәуелсіздік және саяси сана. А., 1999.
6. Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында», 1999 жыл.

МАЙДАНДА МЕРТ БОЛҒАН БАТЫР

Ардақ МЫРЗАҒҰЛ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих,
археология және этнология факультетінің II курс магистрі

Әлем елдерін әлекке салған XX ғасырдағы Екінші дүниежүзілік соғыс қаншама адамды қыршынынан қиды. Майдан шебінде шайқасқа түсіп, Қызыл армияның қатарында сапқа тұрған солдаттар мен офицерлер және қол бастаған қолбасшылар шығыны аз болмады. Солардың арасында соғыстың соңғы айларында майдан шебінде мерт болған батырымыз генерал Сабыр Рақымовтың орны да, батырлығы да ерекше.

Сабыр Рақымовтың 20 жылдан астам уақыты әскер қатарында өткен. Ол 13-14 жасында Ташкенттегі балалар үйіне орналасады. Осында оқып, тәрбиеленеді. 1919 жылы Ташкенттегі тоқыма фабрикасына жұмысқа тұрады. Бұл жерде тоқымашы ретінде өндірістік тапсырманы асыра орындап, комсомол қатарына қабылданады. Осы фабрикада екі жылдан аса жұмыс істейді. **1922 жылдың қараша айында оны озат жұмысшы ретінде жолдамамен Бакудегі Біріккен әскери мектепке оқуға жібереді.** Осы кезден бастап оның әскери қызметі басталады. Сабырдың өзі ұзын бойлы, алып денелі, батыр тұлғалы адам болған екен. Әрі білімділігімен, алғырлығымен, өжеттігімен қатарластарынан ерекшеленіпті. Сонда осы мектептің курсанттарын сынап көру мақсатында өкімет сайыс ұйымдастырады. Сонда **Сабырдың ат үстіндегі шеберлігіне, қылышты жақсы меңгергеніне, әскери сауаттылығына қолбасшы Фрунзе ерекше тәнті болып, оған қоладан құйылған аттың мүсінін сыйға тартқан екен.** Сондай-ақ, Сабыр жас кезінен бастап ұйымдастырушылық қабілетімен, қоғамдық жұмысқа жиі араласуымен ерекшеленген. Курсант кезінен бөлімше командирі, сосын взвод командирі болған [1, 6-6].

1925 жылы әскери мектепті бітіргеннен кейін Сабыр жолдамамен Самарқан қаласындағы атты әскерлер дивизиясына жіберіледі. Алғашында атты әскер эскадронының взвод командирі етіп тағайындалады. Көп кешікпей эскадрон командирі болады. Бұл кезде елде басмашылар қозғалысы жүріп жатқан болатын. Бұл шайқастың негізгі күші Қашқария облысының Китаб қаласында орналасқан еді. Оқуды жаңа бітірген Рақымовтың взводы осы жерде басмашылармен шайқасады. Сабырдың взводының ерлігіне ризашылық білдіріп, **қолбасшысы С.М.Будённый оған семсер қылыш сыйлапты.** Бұдан кейін де басмашылармен арада болған көптеген соғыстарға қатысады. Көп шайқастарда өзі де дене жарақаттарын алады. 1927 жылы Түрікменстанда Жонайтхан «бандыларымен» күреседі. **Осы жылы басмашылармен жанқиярлықпен соғысқаны үшін, оны «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапаттайды.** 1930 жылы шайқастардың бірінде аяғынан ауыр жарақат алып, дәрігерлердің ұйғарымымен Ялтаға емделуге жіберіледі [2].

1934 жылы Сабыр Рақымов кіші командирлер дайындайтын мектепті басқаруға тағайындалады. Жыл өткен сайын әскери тәжірибесі шыңдалып, іскерлігімен көзге түсе бастайды [3].

1939 жылы қорғаныс қабілетін күшейтуге аса зор мән берілген Өзбекстан осавиахим (ерекше химиялық авиация) ұйымдары кеңесінің ең жауапты

– жауынгерлік дайындық бөліміне жетекшілік етіп, жоғары дәрежелерге қол жеткізеді [4].

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталған алғашқы күндерде-ақ майор Рақымов өзі қызмет еткен бөлімімен соғысқа аттанады. Оған Ельн өзенінің бойындағы ұрыс майданына бару туралы бұйрық беріледі. Сабыр 104-мотоатқыштар полкі командирінің орынбасары ретінде алдыңғы шепке орналасты. Мұнда өте ауыр жағдай болатын. Қиян-кескі ұрыс. Жоспар бойынша осындағы Кеңес әскерлерінің осы маңайдағы бөлімдері бірлесе отырып соғысуы тиіс еді. Жау шабуылы өте қатты. Тоқтаусыз жаңбырша жауып жатқан снарядтар мен оқтар басылар емес. Өмір мен өлімнің беттескен сәті. Айнала түнекке айналған. Үдей түскен атыстардан жауынгерлер бұғып, әрекетсіз қалды. Осы кезде полк командирі Ермоленко ауыр жарақаттанып, ендігі бар міндет Рақымовқа жүктелді [4].

Полк бірнеше рет қарсы тойтарыс беруге талпынып еді, күштерін нықтап алған неміс әскерлері оларды орнынан тырп өткізбеді. Осы тұста Сабыр қарсыластарының ұрыс құралдарын игеру жағынан өздерінен әлдеқайда басым екенін ұғына түсті. Соғыстың алғашқы күндері осындай қиыншылықтар мен үздіксіз кедергілердің кесірінен сәтсіз өтті. Қаншама күн құлақты тескен жарылыстар мен ұйқысыз күндерде Сабыр қанға біткен қасиетімен, қайсарлық мінезімен айқаста аянып қалмады. Қарсы күресті де шебер ұйымдастыра білді. Сабырдың дара басшылығының арқасында Кеңес әскерлері артқа шегінуді білмеді. Оққа ұшып, қаншамасы көз алдында мертігіп жатса да, ол жауынгерлердің рухын бәсеңдетпеді. Жан-жағынан немістердің қоршауына түсіп қалса да, үрейге бой алдырмай, қолы басым дұшпан шебін бұзып шықты. **1 тамызда Смоленскіден ентелей кіріп, Доргобужды басып алуға ұмтылған жау әскерімен болған шайқаста ауыр жарақат алып, Железновод госпиталіне түседі.** Осынау кескілескен ұрыстағы ерлігі үшін **С. Рақымов «Қызыл жұлдыз» орденімен** марапатталады [5].

Ростов қаласын азат етуде С.Рақымов басқарған полк жауынгерлері көзге түседі. Көптеген азық-түлік, қару-жарақ қоймасын және дұшпанның 30 танкін, 17 зеңбірегі мен 30 пулеметін, 250 автомашинасын қолға түсіреді. Фашистерге қырғидай тиген **Сабыр Рақымов «Қызыл Ту» орденімен** марапатталады [6, 9-б.].

1942 жылдың жаз айында Клейст басқарған фашистерді тойтару мақсатымен Рақымов полкі Донбасқа қарай бағыт түзейді. Майданның бұлар ұрысқа кіріскен тұсында немістердің №104-тау және 125-жаяу әскери дивизиялары және Италияның экспедициялық корпусы орналасқан болатын. Сабыр осы жолы да жаяу әскер әрекетін артиллерияның, танктердің, авиацияның күшімен шебер ұштастыра біліп, жауды 75 шақырым жерге дейін қуып тастады. **Ұрысты сауатты ұйымдастыра білген подполковник С.Рақымовты майдан басшылығы дивизия командирлігіне жоғарылатты.** Кавказ тауы үшін соғыста олар тағы да жауды қырып салды. Кох, Горячий ключ жоталарын, Кояканово ауданын қорғауда Сабыр Рақымовтың дивизиясына жаудың үш бірдей дивизиясы қарсы ұмтылды. Бірақ Донбасс

кеншілерінен құралған бұл дивизия жауынгерлері соғыс тактикасына әбден үйреніп алған еді. 1942 жылдың 27 тамыз күні әскери басшылық Сабыр Рақымовты полковник дәрежесіне көтереді [7, 170-б.].

Күз айларының бірінде дивизия радиостан байланысшысы Аня Ткаченко дұшпан радиограммасын ұстап алды. Бұл 148-неміс жаяу-әскер дивизиясының командирі, генерал Фон Бугтың бұйрығы болып шығады. Ол бұйрықта: «5 қыркүйек күні сағат бесте шабуылға шығамыз. Бізге қарсы Донбасс түбіндегі ұрыстардан аман қалған полковник Рақымов деген біреудің әскері соғысады. Оны жалғыз соққымен жоқ қылып, үш күн ішінде Туапсени басып аламыз. Сөйтіп, Кавказ операциясын жеңіспен аяқтаймыз», – делініпті. Рас екен, ертеңінде шабуыл болады. Рақымовтың дивизиясы жаудың 15 бірдей шабуылын тойтарды. Бұл соғыс, генерал Фон Буг айтқандай, үш күн ішінде бітпей, 1942 жылдың аяғына дейін созылады.

Сабыр Рақымовтың осы шайқас туралы 1943 жылы айтқан естелігінде: «Біз фрицтерге өзіміздің қаншалықты «шаршағанымызды» көрсетейік деп шешім қабылдадық. Келесі күні таңертең сағат 5-те шайқас басталды. Көп ұзамай радист қыз неміс полковнигінің қаза тапқанын, бір подполковниктің ауыр жараланғандығын және бір сағатқа да жетпейтін қысқа ұрыста 300-ден астам неміс фрицтерінің жарақат алғандығы туралы хабарлама алды. Осы күні немістердің 15-ке жуық шабуылдарына тойтарыс берілді. Барлығы 900-ге жуық офицерлері мен сарбаздарынан айрылған фашистер кейін шегінді. Немістер кейінгі күндері де сәтсіздікке ұшырады. Фон Бугтің белгілеген «үш күні» үш айға созылды. Қыркүйек, қазан, қараша айларында немістердің біздің қорғаныс шебімізге жасаған шабуылдары нәтижесіз аяқталып, бір метр де алға жылжи алмады», – деп айтылады [6, 10-б.].

Әр адым жер үшін табиғаттың қатал қысында да, күннің шыжыған ыстығында да соғыса білген полковник Сабыр Рақымовқа КСРО Халық комиссарлары кеңесінің 1943 жылғы 19 наурыздағы қаулысы бойынша генерал-майор атағы беріледі. 1943 жылдың мамыр айында генерал-майор Мәскеуге Ворошилов атындағы жоғары Әскери академияға оқуға жіберіледі. Оқу аяқталған соң қайтадан майдан жолдары басталады [8].

1944 жылы Сабыр Рақымовтың дивизиясы жауға шабуыл жасай отырып, 1-Белорус майданы қатарында Брановичи, Беласток, Слонит және Граудецке бірінші болып кірді. Кеңес Одағының маршалы К.К.Рокоссовскийдің қол астында жүре отырып, Белоруссия мен Польшаны азат етуге қатысады. Шығыс Пруссиядағы неміс-фашист әскерлерін талқандауға, Гданьск қаласын азат етуге ат салысады. Осы ерліктері үшін №37-дивизияның жауынгерлік туына екі бірдей Қызыл Ту, Суворов және Кутузов ордендері тағылады. Гвардиялық дивизияға білгірлікпен, ұтымды басшылық жасаған қолбасшының өңірінде Суворов орденімен бірге 4 жауынгерлік «Қызыл Ту», «Қызыл Жұлдыз» ордендері, «Кавказды қорғағаны үшін» медалі жарқырады [7, 171-б.].

12-армияның қолбасшысы генерал-майор А.Гречко: «Ұстамды, тактикалық білімді, тәртіпті офицер. Майданда дивизиясын дұрыс басқара біледі», – деп жазса, ал генерал И.И.Федюнинский өзінің «Поднятые по тревоге» атты кітабында: «Сабыр Рақымов соғысты 1941 жылы Ельн түбінен бастады. Осы соғыста ол қатты жараланды. Ортаға қосылған соң полк командирі, содан соң

дивизия командирі болды. Донда, Таганрог маңында, Кубаньда, Донбаста, 1 және 2-Белорус майданында соғысты. Әскери адам ретінде ол қашан да соғыстың ең қиын тұсында жүруді ұнататын. Өте батыл адам еді...», – деп еске алады [7, 171-б.].

1945 жылдың басында Пруссия жерінде ауыр қан төгісті соғыстар жүріп жатты. Рақымов дивизиясы немістердің таңдаулы бөлімдерінен құралған әскерлерге қарсы сынақтан мінсіз өтті. Тек Польша үшін шайқастарда олар төрт мыңнан астам неміс солдатты мен офицерін, 12 өзіндік жүретін қондырғыны, 40 миномет пен қару-жарақты, 1118 көліктің көзін жойды. 1945 жылы 26 наурызда таңертең дивизияның командалық бекетіне жаудың зеңбірегі түсті. Алапат жарылыстан қанға малынған генерал қолындағы микрофонды тастап үлгерместен құлады. Дивизия командирі С.Рақымов, дивизия комиссары полковник А.Смирнов және байланыс басшысы ауыр жарақаттан қайтыс болды. Тірі қалғандар генерал денесін омақаса құлаған бақылау бекетінен алып шықты. Дәрігерлер ота жасады. Бірақ самай мен сол жақтағы екі жарақат қауіпті еді. Өлім аузында жатқан С.Рақымов ернін жыбырлатуға ғана шамасы келіп: «Қош болыңдар, гвардиялықтар, Берлинге қарай алға», – деген сөзбен бақылыққа аттанды [9, 257-б.].

1945 жылы 28 наурызда 37-гвардиялық Сталинградтық, Речицкілік, Грауденцкілік атқыштар дивизиясы өздерінің командирі – гвардиялық генерал-майор С.Рақымовпен мәңгілікке қоштасты. Генералды аза тұту рәсімі өтіп, адал анттар берілді және қоштасу отшашуы атылды. Бұл Данцикке апарар жолдағы Фиррек деген жерде болды. 1945 жылы Рақымов және оның әскери жолдастары Белоруссия жеріндегі Гродно қаласына уақытша жерленді. Соғыс аяқталған соң, 1945 жылы мамырда генералдың денесі Ташкент қаласына әкелінді. Қоштасу рәсімі және қаралы митинг 1945 жылы 25 мамырда өтті. С.Рақымов мұсылмандық мазаратқа жерленді. Сабыр Рақымов неміс-фашист басқыншыларымен соғыс кезінде үш жарақат және контузия алды [10].

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен 1965 жылдың 6 мамырында генерал-майор Рақымов Сабыр Омарұлына Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін «Кеңес Одағының Батыры» деген атақ берілді [11].

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

1. Құралов Н. Ұлтының қазақ екенін дәлелдеу қиынға соқты // Аңыз адам. – 2017. – 6-бет.
2. Мырзахмет Ж. Темір генерал // Егем. Қаз. – 2017. – 5 сәуір.
3. Әлібек С. Қазақтан шыққан қолбасшы // Оңтүстік Қазақстан. – 2012. – 9 мамыр.
4. Ысқақ Ә. Темір генерал – Сабыр Рақымов // Қазақ үні. – 2015. – 5 мамыр.
5. Сәрсенбайұлы Ғ. Бас қалаларға батыр ескерткіші орнатылса // Түркістан. – 2011. – 3 наурыз.
6. Құралов Н. Фрицтерге қаншалықты шаршағанымызды көрсетейік дедік // Аңыз адам. – 2017. – 9-бет.
7. Сабыр Рақымов: Қазақ арасынан шыққан тұңғыш әскери генерал // Жүз тұңғыш: Жинақ. – Т.2. – А.: Жалын, 2005. – 168-175-бб.
8. Смагул Б. Легендарный генерал // Казахстанская правда. – 2015. – 25 апреля.
9. Сайлан Б. Генерал Сабыр Рақымов – қазақ батыры // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. «Тарих» сериясы. – 2014. – №2. – (73). – 255-259-бб.
10. Исмаилов А. Боевой путь генерала С.Рахимова // Южный Казахстан. – 2008. – 8 май.
11. Указ о присвоении звания Героя Советского Союза Рахимову С.О. // Правда. – 1965. – 7 мая.

ЗАҢҒЕР ҒАЛЫМДАР – тәуелсіздік тарихының дерек көзін жасаушылар

Амангелді ТӨЛЕМІСОВ (Толамисов),
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік
университетінің тәрбие ісі жөніндегі проректоры,
тарих ғылымдарының кандидаты

Келешек Қазақстан тарихнамасының өзекті мәселелерінің бірі – тәуелсіздік тарихы. Сондықтан, оған осы бастан дайындық жұмыстарын жүргізудің маңызы өте үлкен. Дайындық ең жаңа тарихымыз бейнеленген әр алуан формадағы деректердің типтері мен түрлеріне деректанулық талдау жасап, олардың ерекшеліктері мен ғылыми құндылықтарын анықтау арқылы, тәуелсіздік тарихының деректік негізінің ғылыми жүйесін қалыптастырудан басталуы тиіс. **Осындай, тәуелсіздік тарихының дерек көздерінің бірі – заң актілері.** Әрине, бір мақаланың көлемінде заң актілері сияқты күрделі дерек көзіне жан-жақты деректанулық талдау жасап, оны ғылыми айналымға тарту жолдарын көрсету мүмкін емес. Сондықтан мақалада, тәуелсіздік тарихының дерек көзі ретінде, кейбір аса маңызды заң актілерінің авторын анықтау проблемасының (атрибуциялық проблемасы – А.Т.) маңыздылығы қаралады.

Заң актілері, басқа да дерек көздері сияқты, нақты субъекттердің саналы іс-әрекеттерінің жемісі. Сондықтан, олардың авторын анықтаудың заң актілерінің деректік ерекшеліктері мен оларда сақталған мәліметтердің ғылыми құндылықтарын анықтауға көмектесері даусыз. Әрине, тәуелсіздік тұғырына айналған заң актілерін жасауға ондаған заңгер ғалымдардың және басқада мамандардың өз үлестерін қосқандары рас. Сондықтан, көп жағдайда, заң актілерін өзінің пайда болуы жағынан ұжымдық дүние ретінде қарастырып, авторын анықтаудың қажеті де болмауы мүмкін. Ал, кейде нақты заң актісінің авторын анықтау, оған деректанулық талдау жасаудың маңызды проблемасына айналуы да мүмкін. **Осындай, авторын анықтаудың принципті маңызы бар заң актілеріне, тәуелсіздік тарихында шешуші рөл атқарған: «Қазақ ССР-нің тілдері туралы» Заңы, «Қазақ ССР-інде Президенттік лауазымды бекіту туралы» Заң, «Қазақ ССР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы», «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Заң, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң сияқты бірнеше заң актілерін жатқызуға болады.** Тарихқа Конституциялық заңдар деген атпен енген мұндай заңдарды жасаушыларды анықтау, олардың әлеуметтік табиғаты мен функцияларын, тарихи маңызы мен деректік құндылықтарын анықтауда көмектесері анық. Өйткені, Конституциялық заңдардың авторлары, яғни дерек көзін жасаушылар да, белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі, демек белгілі бір әлеуметтік функция атқарушы субъектер. Сондықтан да, заң авторын немесе заңның дәл сондай мазмұнда қабылдануына ерекше ықпал еткен адамдардың

қоғамдағы әлеуметтік орны мен дүниетанымын, қоғамдық-саяси көзқарасы мен ұстанымын анықтау, заңның қандай мақсатпен, кімдердің мүддесіне сай жасалынғандығын және қоғам даму тарихында қандай орын алатындығын анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қоғамдағы саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістердің негізін қалаған заң авторларының немесе нақты заңды дайындауға елеулі үлес қосқан адамдардың заңның пайда болуына және қабылдануына қатысты жариялаған естеліктеріне, заңды қабылдау кезінде жасаған баяндамаларына, заң мәтінін талқылау барысында сөйлеген сөздеріне және басқа да деректерге қосымша дерек көздері ретінде талдау жасау, заңның пайда болу және қабылдану себептерін, оның қандай жағдайда, қалай пайда болып, қабылданғандығын, заң жобасына қандай өзгерістер енгізілгендігін, кімдердің заңның қандай тұстарын қолдағандарын немесе кімдердің қандай мақсатпен заңның нақты қандай тұстарына қарсы болғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Ал, ол, өз кезегінде, ел тарихының бетбұрыс, кезеңдерінің кейбір мәселелерін айқындай түсуге көмектесері анық.

Қазақстан Республикасы заңдарына талдау жасау, қоғам даму барысына түбегейлі әсер еткен Конституциялық заңдарды қабылдауда еліміздің белгілі заңгер ғалымдары, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академиктері Салық Зиманов пен Сұлтан Сартаевтың ерекше рөл атқарғандығын көрсетіп отыр. **Егер С.Зиманұлы өзінің тәуелсіздік тарихына байланысты заң актілерін жасауға қатысы туралы: «Республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты бола жүріп (бірінші рет 1990 жылы сайландым және 1994 жылы қайта сайландым практикалық бай тәжірибе жинаған ғалым-заңгер ретінде мен кең ақпараттық ортада еңбек еттім. XII шақырлаған (сәуір 1990-желтоқсан 1993 жж.) және XIII шақырлаған (сәуір 1994-наурыз 1995 жж.) Жоғарғы Кеңес Комитетінің төрағасы және Президиум мүшесі ретінде мен аса құнды материалдармен танысуға және биліктің жоғарғы эшолонында өткен талқылауларға қатысуға мүмкіндік алдым. Мен Қазақ ССР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның жобасын жасау жөніндегі жұмысшы тобының жетекшісі, Конституциялық кеңестің мүшесі және Парламенттің әр түрлі заңшығарушылық комиссияларының мүшесі болдым»** десе [1, 3-4-бб.], С.Сартаев: **«Мен, Президенттің бірінші командасында болғанымды әрқашан үлкен мақтаныш тұтамын. Еліміз егемендік алған кезде, 63 жасыма келгенде сол команданың белгілі мүшелерінің бірі болып, еліміздің көптеген заңдарын қабылдауға, көптеген мәртебелі іс-әрекеттерді атқаруға үлес**

қостым»,– дейді [2]. Демек, халқымызға кеңінен танымал заңгер ғалымдарымыз ел егемендігі мен тәуелсіздігінің заңдық негізін жасай жүріп, тәуелсіздік тарихы бейнеленген дерек көздерін де дүниеге әкелген.

Егер, деректану ғылымының талаптарына сай, хронологиялық принцип тұрғысынан келсек, заң қабылдау саласында тәуелсіздік жолында жасалған алғашқы нақты қадам 1989 жылдың 23 қыркүйегінде сол кездегі республикадағы ең жоғарғы заң шығарушы органы Қазақ ССР-ның Жоғарғы Советі қабылдап, қазақ тіліне мемлекеттік тіл статусын берген «Қазақ ССР-ның тілдер туралы» Заңы болды деп айтамыз. **Мысалы, ол туралы С.Сартаев:** «Тәуелсіз мемлекеттік бағыттың заңдық іргетасын қалаудағы нақтылы қадам 1989 ж. 23-ші қыркүйегінде «Қазақ ССР-нің тілдер туралы» Заңды қабылдауы болды. Бұл заңның қажеттілігі ССРО-да орын алған интернализациялау саясатының нәтижесінде ұлттық тілдің халі мүшкіл жағдайға килігіп, тіпті жоғалып кетудің шегіне жетуден туды»,– дейді [3, 27-28-бб.]. Демек, заң қазақ тілін жоғалып кету шегіне жетуден сақтап қалу мақсатында қабылданған. Ал, тілдің жоғалып кетуі – ұлттың жоғалып кетуі деген сөз. Олай болса, аталған заң қазақтың ұлт ретінде жоғалып кету қауіпін тоқтатқан тұңғыш заң.

Қазақ халқының тағдырында осындай шешуші рөл атқарған заңның қалай пайда болғандығы туралы академик **С. Сартан:** «1989 жылы Тіл турал Заңды қабылдаған кез әлі күнге есімде. Бұл заңның жобасын және Қазақстандағы тіл саясатының тұжырымдамасын жасау жөніндегі жұмыс комитетінің құрамында академиктер Кеңесбаев, Зиманов, атақты ақын-жазушылар Олжас, Қадыр, үлкен ғалымдар бар, төрағасы мен болдым»,– деп, заң тұжырымдамасын жасауға қазақтың көрнекті ғалымдары мен ақын-жазушыларының қатысқандарын айта келе, заңның қандай жағдайда және қалай қабылданғаны туралы: «Тіл туралы заңның жобасы жөнінде Жоғарғы Кеңестің Президиумында сөз сөйледім. Тіл – ұлттың байлығы, қазақ тілінің мәртебесін көтереміз деп шырылдап-ақ жатырмыз, қайтейік, бірақ сол кездегі депутаттар тобы ескі кеңестік көзқараспен, үйреніп қалған үрдіспен қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін жарата қоймады. Сол кезде Нұрсұлтан Әбішұлы шыдамай кетті білемін, орынан ұшып тұрып, былай деді: «Сендер өзі кімді аяққа жыққыларың келеді. Қазақ халқы күні кеше азып-тозып келген талай жұртты бауырына басқан ел, полигон зардабын көрген халық, оның үстіне өздерінің ұлттық мәдениеті мен тілінен, салт-дәстүрінен әбден айрылып бара жатқандарын білесіңдер ме?» Содан соң барып әлгі дауласып тұрған депутаттардың беттері қайтып қалды... Сөйтіп, көпшілік дауыспен біз тұңғыш рет өз ана тіліміз – қазақ тілі туралы заңды да қабылдап алдық»,– дейді [2]. Осылай, заңгер ғалым тіл туралы заңның тұжырымдамасын жасауға кімдердің қатысқандығы туралы ғана емес, сонымен қатар, ондай заңның қабылдануына, әсіресе, қазақ тілінің (демек қазақ халқының – А.Т.) жауларының жанталаса қарсылық көрсеткендігі, тек республиканың бірінші басшысы Н.Ә.Назарбаевтың белсене араласуымен ғана заңды қабылдау мүмкін болғандығы туралы да мәлімет жеткізіп отыр.

Егер, күні бүгінге дейін қазақ тілі өзінің заңды мәртебесіне ие бола алмай отырса, оған заң және сол заңды жасаушылар кінәлі емес. Бұл, біріншіден, қазақ тілі мәселесінің қазақтардың өз жерінде қаншалықты қиын жағдайға тап болғандығын көрсетсе, екіншіден, қоғамдағы тілге деген, әсіресе,

қазақ тіліне деген әлеуметтік қатынастардың аса күрделілігін көрсетеді. Егер, **белгілі бір әлеуметтік топтар** (олардың басым бөлігі қазақтар – А.Т.) ескі үйреншікті әдеттен бас тарта алмай, сол бұрынғысынша орыс тілінде сөйлесе, **екінші бір әлеуметтік топ** (басқа ұлттардың өкілдері мен ана тілін таза ұмытқан қазақтар – А.Т.) тіл үйрену қиыншылығынан қашып, қазақ тілінде сөйлей алмайды, **үшінші әлеуметтік топ** (негізінен славян халықтарының өкілдері мен өзінің ұлттық негізінен толық айырылған қазақтар – А.Т.) қазақ тіліне менсінбеушіліктанытып отыр, **төртінші әлеуметтік топ** (негізінен ұлты қазақ билік пен бизнес өкілдері – А.Т.) қазақ тілінің заңға сәйкес мемлекет көлемінде өз орнын алуына, дәл сол мемлекет көлемінде саналы түрде қарсылық көрсетуде. **Соңғы топтың ішкі пиғылын белгілі саясаткер Дос Көшім жақында «Жас алаш» газетінде жариялаған «Ұлттық мемлекеттің мызғымас шарттары» атты мақаласында** «...егер қазақ елі екенімізді мойындасақ, қазақ тілінің мемлекеттілігін де мойындауымыз керек, сол кезде біздер жұмыстан да, жеп отырған нанымыздан да айырылып қаламыз, ал біздің балаларымыз бен немерелеріміз «майлы шеппек» – қазақ жерінен кетуіне тура келеді деген қорқыныш»,– деп, дәп басып, дәл көрсете білді [4]. Оның тағы бір дәлелі биліктің «Қазақстандық ұлт» деген ұғымды ойлап тауып, қоғамдық санаға тықпалауы, қазақ тілінің тағдыры туралы мәселенің күн тәртібінен түспеуі, ұлтым деген қазақтардың қазақ тілі үшін күресінің бір күн де толастамауы, бұл мәселенің аса күрделілігі мен маңыздылығының айқын дәлелі. Міне, осылай, «Қазақ ССР-нің тілдер туралы» Заңына тәуелсіздік тарихының дерек көзі ретінде талдау жасау, ең жаңа тарихымыздың кейбір қырларына басқа жағынан қарап, тереңірек үңілуге мүмкіндік беріп отыр.

Саяси тарихымыз тұрғысынан қарағанда ел егемендігі жолында ерекше орын алар заң актісі, ол «Қазақ ССР-нің Президенттік лауазымды бекіту туралы» Заң болғандығы анық. Мұндай маңызды тарихи заңның, демек тарихымыздың маңызды дерек көзінің, пайда болуына қатысты «**Қазақстан Республикасының қалыптасуы**» атты кітаптың авторлары: «1990 ж. Қазақ ССР-нің Жоғарғы Советі Президиумының мәжілісінде депутат С.С.Сартаев Қазақстанда Президенттік лауазымды бекіту туралы ұсынысын айтып, оны егжей-тегжейлі дәлелдеді. Ол кезде Президенттік лауазымды енгізу көптеген факторларға байланысты еді. Сондықтан да депутаттар С.С.Сартаевтың ұсынысын қолдады. Осы мақсатпен құрамына республиканың көрнекті ғалымдары мен қоғам қайраткерлері енген Президенттік лауазымды бекіту туралы заңның жобасын жасау үшін Жұмыс тобы құрылған болатын»,– десе [3, 28-29-бб.], осындай ұсыныс айтып, бастамшылық көтерген С.Сартаевтың өзі: «90-шы жылдардың басы еліміз үшін аса бір белесті кезеңдер болды. Бұрынғы Одақта Президенттік басқару жүйесін алдымен КСРО, одан кейін ғана барып Әзірбайжан, Өзбекстан республикалары қабылдады. Әлі есімде, Жоғарғы Кеңестің Президиум Мәжілісінде Президенттік басқару жүйесі туралы Нұрсұлтан Әбішұлына ұсыныс жасадым. Біз осындай тапсырма алғаннан кейін Президенттік басқару жүйесі туралы заңның жобасын жасап, оны баспасөз бетіне жарияладық. Бір ай уақыт талқыға түсті»,– деп, еске алады [2].

Сонымен қатар, **С.С.Сартаев** осындай тарихи заңның қабылдануының куәгері ретінде: «Сол жылғы 24 сәуірде осы заңды және Конституцияға

өзгерістер енгізу туралы заңды қабылдамақ болды. Сөйткенше болған жоқ, сол күні таңғы сағат тоғыз жарым шамасында мәселені талқыламастан бұрын Нұрсұлтан Әбішұлына маған жолықсын деген хабар жетті. Сәлден кейін жолықтық. Маған Нұрекеңнің көңіл-күйі болмай тұрғандай көрінді. Өткен күнгі түнгі сағат үште Мәскеуден Орталық Комитеттің кадрлар жөніндегі басшысы Разумовский хабарласып, былай деген көрінеді: М.С. Горбачев Президенттік басқару жүйесі туралы күн тәртібіндегі мәселені алып тастауды өтініпті, мұны қалай етсек болар екен деп тұрмын, деді Нұрсұлтан Әбішұлы. «Егер де бұл заңды қолдамасақ, олар Өзбекстан мен Әзірбайжанды мәжбүрлейді, ал үш бірдей республикаға шамалары жетпес...» деп едім: «Олай болса, бастаңыз, Сұлтеке!» деді», – деп, заң тарихына қатысты құнды мәлімет те жеткізіп отыр [2].

Осылай, Мәскеудің қарсылығына қарамастан, Қазақстан коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы (Республиканың бірінші басшысы – А.Т.) Н.Ә.Назарбаевтың келісімін алған Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Заң жобасын өзірлеу жөніндегі комиссиясының мүшесі депутат С.Сартаев, сол 1990 жылдың 24 сәуірінде өткен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің кезекті сессиясында «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» баяндама жасады. Әрине, қазақ тарихында бұрын-соңды болып көрмеген мұндай сәттің кімге де болса ерекше әсер етері түсінікті. Сондай бір ерекше сезімді баяндамашы да өз басынан өткерді. Сол бір тарихи сәттегі өз бойын билеген сезім туралы Сұлтан Сартайұлы: «Дәл сағат 10-да мінбеге көтерілдім. Көкейімі қобалжытқан Мәскеудің сөзі бар, әрі бірінші рет ел тарихында Президенттік басқару жүйесін енгізуді орнатайық деп тұрмыз, қатты толқыдым», – деп еске алады [2].

Өз баяндамасында С.Сартаев соңғы уақытта КСРО-да болып жатқан түбегейлі өзгерістерге байланысты, қоғам өмірінің барлық саласын демократияландыру арқылы жаңарту мақсатында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу қажеттігін айта келе, Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындауға итермелеген себептерді атап көрсетті және осыған байланысты Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) қандай өзгерістер мен толықтырулар енгізу керектігі туралы мәлімдеді. Ұсыныс депутаттар арасында қызу талас тудырды. Кейбір депутаттар Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындауға болмайтындығы туралы әр түрлі себептер айтып, үзілді-кесілді қарсы шықты. **Дегенмен, көпшілік дауыспен Қазақ ССР Президенті лауазымын енгізу туралы заң қабылданып, Президент сайланды. Ол туралы С.Сартаев: «Баяндамадан соң жан-жақтан сұрақтар қаптады. Сұрақ бергендер әр облыстан келген орыс ағайындар, өзін-өзі елі жөндеп білмей, тани алмай жүрген өзіміздің ұлт өкілдері болды. Бәрінің де айтатыны жаттап алғандай бір баяғы сарын: Одақта 15 президент болуы керек пе, бұл өзі қайда алып барады, бекітуге болмайды, күн тәртібінен алып тастайық дейді... Біз көп дауыс алып, Президенттік басқару жүйесін орнаттық. Сол күні Нұрсұлтан Әбішұлы еліміздің тұңғыш президенті ретінде сайланып, үлкен мәртебелі қызметімен ең алдымен құттықтағандардың бірі өзім болғанымды мақтан етемін», – дейді [2].**

Еліміздің саяси тарихындағы үлкен өзгеріс осылай дүниеге келді. Қазақ қоғамы президенттік басқару жүйесіне көшіп, Нұрсұлтан Әбішұлы Назар-

баев Қазақстанның тұңғыш Президенті болып сайланды. Бұл, біріншіден, мемлекеттік басқару тәжірибесінде билікті ажырату принциптерін іске асыруға жол ашса, екіншіден, КОКП-ны басшылық рөлінен айырды. Республиканың мемлекеттік және қоғамдық құрылымында болған мұндай түбегейлі өзгерістерді іске асыру «Қазақ ССР-інде Президенттік лауазымды бекіту туралы» Заңның негізінде мүмкін болғандығы және оның негізгі факторларының бірі С.Сартаев екендігі талассыз шындық. Аталмыш заң актісіне тәуелсіздік тарихының дерек көзі ретінде талдау жасау мұны толығымен дәлелдеп отыр.

Егер, С.С.Сартаев аталмыш заңның пайда болып, қабылдануында қандай белсенділік танытса, академик С.З.Зиманов келесі тарихи да, деректік те маңызы да өте үлкен құжаттардың бірі – «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясының» пайда болуында және қабылдануында сондай белсенділік танытып, құжаттың қазіргі көпшілікке кеңінен танымал нұсқасында дүниеге келуіне өз үлесін қосты. Декларацияның тарихи маңызын белгілі заңгер ғалымдар, жоғарыда аталған «Қазақстан Республикасы Конституциясының қалыптасуы» атты кітаптың авторлары: 1990 ж. 25 қазанда «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясының ең басты ерекшелігі тәуелсіз мемлекеттің барлық негізгі элементтерінің одан әрі қалыптасуы үшін заңдық негіздерін нақты айқындап берді де, Қазақстан тарихында жаңа бетті ашты», – деп өте жоғары бағалаған. [3, 29-б.]. Декларацияның деректік маңызы өз бойында сол егемендік тарихына қатысты шынайылық деңгейі де, ғылыми маңызы да жоғары мол мәлімет сақтауында. Декларация авторын немесе негізгі авторларының бірін анықтау және оның естеліктеріне қосымша дерек көздері ретінде дерек танулық талдау жасау, сол мәліметтерді ала білуге көмектесері даусыз. Бұл мәселе «Қазақ тарихы» журналының 2008 жылғы 5-6 санында жарияланған мақалада арнайы қарастырылды.

РЕЗЮМЕ

Статья рассматривает особенности законодательных актов государственной важности принятых в годы обретения и становления независимости и деятельность ученых-юристов в принятии данных законов. Также в статье была сделана попытка дать историческую оценку деятельности ученым-юристам с точки зрения исторической объективности.

The article considers the peculiarities of legislative acts of state importance adopted during the years of gaining and becoming independent and the activity of legal scholars in adopting these laws. Also in the article an attempt was made to give a historical assessment of the activities of legal scholars from the point of view of historical objectivity.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Зиманов С.З.** Конституция и парламент Республики Казахстан. – Алматы: «Жеті жарғы», 1996. – 352 б.
2. **Сартаев С.** Елбасының ерлігін елі білсін (сұхбат) // Егемен Қазақстан. – 2005. – 15 желтоқсан.
3. **Сартаев С.С., Назарқұлова Л.Т.** Қазақстан Республикасы Конституциясының қалыптасуы: проблемалары мен болашағы. – Алматы: 2005. – 464 б.
3. **Көшім Д.** Ұлттық мемлекеттің мызғымас шарттары // Жас Алаш. – 2008. – 3 қыркүйек.

ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕР – ҰЛТ МҰРАСЫ

Досалы САЛҚЫНБЕК,
ҚазҰАУ-дың профессоры,
Баян МЫҢБАЕВА,
ҚазҰАУ-дың оқытушысы

Елбасы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауында: «*Рухани жаңғыру*» бағдарламасы жаппай қолдауға ие болып, қоғамдағы жаңғыру үдерістеріне зор серпін берді. Бұл бастаманы әрі қарай жалғастырып қана қоймай, оның аясын жаңа мазмұнмен және бағыттармен толықтыру қажет», – деп атап көрсеткен еді. Артынша-ақ, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жаңа бағыттармен толықтырған және оған жаңа мазмұн, жаңа серпін берген «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жарияланды.

Тәуелсіздік жылдарын сараптасақ, Елбасы еліміздің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өмірі мен сыртқы саясатына бағыт-бағдар берген еңбектерін жариялаумен бірге тарихымызды да назардан тыс қалдырған емес. Сонау Тәуелсіздігіміздің таңы атқан алғашқы жылдардың еншісіндегі аса үлкен мәнді зор оқиғалардың бірі 1992 жылы маусымдағы дүние жүзі қазақтарының бірінші құрылтайында жасаған баяндамасында: «Қазақ халқының тарихы, кейбіреулер айтып жүргендей, кешегі Қазақ Хандығы шаңырақ көтерген XV ғасырдан басталмайды. Хандықтың құрылуы бір басқа, бүгінгі қазақ халқы – сонау есте жоқ ескі замандардан-ақ тұлпарларының тұяғы мен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын, ата жұртты сақтап қалған халық», – деп, қазақ халқының бай тарихы мен жаңа тәуелсіз Қазақстанның әлемдік тарихтағы алар орнына үлкен мақтаныш сезіммен тоқталып өткен еді [1].

Бұдан кейінгі жылдары жариялаған «Тарих толқынында», «Ұлытау төріндегі толғаныс», «Ұлы дала төсінде мәңгілік ел құрамыз», «Ұлы дала ұлағаттары», «Тәуелсіздік дәуірі» атты еңбектері мен мақалаларында халқымыздың арғы-бергі тарихына қатысты ой толғамдар мен тұщымды пікірлерін нақты дәйектермен дәлелдеп жатып келеді.

Өз еңбектерінде, ата-бабаларымыздың сан ғасырлық арғы-бергі тарихына шолу жасаған Елбасы «Тарихты оқу және білу» ісіндегі екі басты құндылық «тағзым және тағылым» құндылықтарын бүгінгі жас ұрпақтың есіне әрдайым салып отырады. **Елбасы Ұлытау төріндегі сұхбатында:** «Отанды қорғау дегенде, әрине, адам баласы алдымен өзінің шаңырағын ойлайды. Әкеңді, шешеңді, бауырларыңды, балаларыңды, немерелеріңді ойлайсың. Сол жүрекпен, сол тілекпен Отаныңды қорғайсың. Сондықтан тарихыңды білген жөн. Тарихын білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр. Мысалы, керемет үлкен еменнің тамыры терең болмаса, ол дауылға шыдап тұра алмайды. Сондықтан тарихымызды таныту үшін қазір көп нәрсе жасап жатырмыз» [2], – деумен, шежірелі бай тарихымыздың жастарды

отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа және патриоттық рухта тәрбиелеу ісіндегі айрықша орын алатын рөліне және мемлекет тарапынан осы салада атқарылып жатқан істерге тоқталып өтті.

Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында ұлтымыздың этногенезінің негізгі элементтерін құраған ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің басым бөлігі Қазақстан аумағында құрылғанын, осы далада олардың зор мәдени жетістікке жетіп, оны басқа аймақтарға таратқанын және олардың өз заманындағы озық ақыл-ой жетістігінің арқасында көптеген жаңалықтарды ойлап тауып, адамзаттың ілгері дамуына ықпал еткенін дәйектейді. Бұған дейін ғылыми ортада үстемдік етіп келген «еуропацентристік» көзқарастың салдарынан көне тарихымыздың бұрмалаушылықтарға ұшырап, тарам-тарам бөлшектерге әдейі ұшыратылып келгенін тұжырымдап, «Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік беретін» ойларымен бөліседі. Жаһандық тарихтағы өз рөліміз бен орнымызға дұрыс пайым жасауды ұсынған Елбасы мақаласының «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» атты тарауында ежелгі заманда өмір сүрген ата-бабаларымыздың жалпы адамзаттың ілгері дамуында тың серпін берген рухани және материалдық жетістіктерін айқындайтын «Ұлы даланың жеті қырына» талдау жасайды. Ал осы еңбектің «Тарихи сананы жаңғырту» атты екінші тарауында көтерілген мәселелердің қай-қайсысы болсын терең зерттеуді қажет ететінін баса көрсетіп, осы жұмыстарды жүзеге асыру жолындағы ірі ауқымды алты жобаны ұсынады.

Атап айтқанда, «Архив – 25» жобасы аясында «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасын құрып, шетелдік мұрағаттарда халқымыздың арғы-бергі тарихына қатысты дүниелерді тауып, зерттеп айналымға енгізу; «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасы аясында халқымыздың ұлы тұлғаларының есімдерін ұлықтау жұмыстарын одан әрі жандандыру мақсатында «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашу; «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жоба аясында 2019 жылы Астанада Түркологтардың дүниежүзілік конгресін және Түркі халықтарының мәдени күндерін ұйымдастыру; «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі» жобасы аясында «Ұлы дала» атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашу, «Ұлы даланың ұлы өркениеттері» атты жалпыұлттық тарихи реконструкциялар клубын құру; «Дала фольклоры мен музыкасының «мың жылы» жобасы аясында «Дала фольклорының антологиясын» жасау, «Ұлы даланың көне сарындары» жинағын шығару; «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» жобасы аясында «Қазақстанның өркениет тарихының үздіксіз дамуын көрсететін деректі-қо-

йылымдық фильмдердің, телевизиялық сериалдар мен толықметражды көркем картиналардың арнайы циклін» өндіріске енгізуді тапсырды [3].

Бағамдап қарасақ, рухани жан-дүниеміз, тарихымыз үшін өте ауқымды, өте маңызды жобалар. Бұл маңызды жобаларға дейін де, елімізде Елбасының бастамасымен өшіп бара жатқан рухани-мәдени дүниелерімізді жандандыруда, тарихымыздағы ақтаңдақтарды қайта зерделеуде үлкен жұмыстар атқарылған болатын. Мәселен, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша еліміздегі қаншама тарихи-мәдени мұралар зерттелді, қалпына келтірілді және тарихи-мәдени дәстүрлерді қайтару, шет мемлекеттердегі рухани мұраларымызды жинақтау жұмыстары жүргізілген болса, «Мәдени мұра» бағдарламасымен үндесіп жатқан «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы бойынша бұрынғы бас-талған істер одан әрі жалғасын тауып, оның ауқымы одан әрі кеңейіп, шет мемлекеттердегі тарихи жәдігерлерімізді тауып, елге қайтару, көшірмесін жасау жұмыстары жүргізілді. Солай десек те, рухани-мәдени мұраларымызды түгендеу, тарихымызды зерттеу, оны құнды деректермен, жәдігерлермен байыту ісінде *«жоғын іздеген жолаушыдай күй кешіп»* жүрген жайымыз тағы бар. Олай дейтініміз, Қазақ елі Ресей империясының қол астына кіргеннен кейін және кеңестік кезеңде ұлан-ғайыр даламыздағы небір ғажайып дала ескерткіштері талан-таражға ұшырады. Ұлы тұлғаларымыздың мұралары тонауға түсті. Қазақ топырағынан табылған мыңдаған тарихи жәдігерлер «зерттеу мақсатында» деген желеумен орталыққа жөнелтіліп, қайта қайтарылмады. Осы орайда, айта кететін жәйт, белгілі композитор, қоғам қайраткері Еркеғали Рахмадиев ағамыз мәдениет министрі болып тұрған кезде, қазақ жерінен тоналған асыл мұралардың тізімін жасау, жинастыру жұмыстарын қолға алған екен. **Ағамыз «Өнерсіз халық – өлі халық» деген мақаласында былай деп жазған еді:** *«Біздің Президентіміз Нұрекең, Алла тағала жасын ұзақ қылсын, халық өнеріне, мәдениетіне ерекше мән беріп отыр. Осы уақытқа дейін шашылып кеткен дүниені, Белоруссияға барар жиналыстың алдында 2 ай жарғақ құлағым жастыққа тимей, Қазақстанда менің хабарым бар деген елдің бәрін жинап алып, 300-400 жыл бойы қазақтың даласынан сыйлық болып кеткен, не тоналып кеткен дүниелердің барлығының тізімін жасаттырдым. Менің ойымша, бұл тарихи ұрымтал тұс. Осы кезде 300-400 жыл бойы халқымыздың даласынан тоналған дүниесін қайтарудың кезі келген сияқты. Осының бәрінің санын тізгенде 1200 болды. Мен осыны Президентке апарып бердім»* [4]. Бұл 1992 жылы болған жағдай. Өкініштісі осы басталған жұмыстардың аяғына дейін жеткізілмеуі, мемлекет тарапынан кешенді бағдарламаның іске асырылмауы болып отыр.

Еліміздің тарихы, ата-бабаларымыздың қолөнерінің көрінісі мен мәдениетіміздің жемісі болып табылатын құнды тарихи жәдігерлеріміз Ресей, Франция, Англия, АҚШ, Жапония және тағы да басқа шет мемлекеттердің мұражайларында тарыдай шашылып, мен мұндалап орналасқан күйінде тұр. Бұл біз білетін тарихи жәдігерлеріміз. Біздің білмейтініміз қаншама?! Бұлардың басым бөлігі Қазақ даласынан ұрланған, тоналған жәдігерлер. Бір ғана Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің ішінен ғұламаның жібек жайнамазы, зергерлік өнер үлгісімен жасалған шырағдан астына қойылатын алты тұғырдың төртеуі, жылан басты ұшына қыл байланған Әмір Темір туының сабы, кесененің барлық бөлмелеріне жарық

беріп тұрған алты шырағдан және тағы да басқа құнды жәдігерлердің бірі Ресейдің Эрмитажында орналаса, тағы да бірі Францияның Лувр музейінде тұр.

Міне, сондықтан да Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында орындауға тапсырылған жобаларды жүзеге асыру аясындағы алдымызда тұрған кешенді жұмыстардың бірі – шетелдерегі тарихи жәдігерлеріміздің белгілілерін өз отанына қайтару, сұрау салу, ғалымдарымызды шет мемлекеттерге жіберіп, іздестіру, зерттеу жұмыстарын жүргізу болмақ.

Әр кезеңдегі халқымыздың мәдени мұрасы, тарихының шынайы көзі болып табылатын құнды жәдігерлерімізді түгендеу ісі мемлекетіміз тарапынан дипломатиялық келіссөздер жүргізу арқылы, қаржысын төлеп, сатып алу нәтижесінде, көшірмелерін жасату бойынша жүргізілсе, Елбасы мақаласында атап көрсетілген *«ұлт тарихын санаға сіңіру, ұлы даланың ұлы есімдерін ұлықтау, Түркі халықтарының мәдени ортақтастығын көрсету, ұлы даланың ежелгі өнері мен технологиялар жетістігін көрсету, тарихымызды, тарихымыздағы ұлы тұлғаларды кино өнері арқылы жаңа көкжиекке алып шығу, әлемге таныту және ұлы даланы жаңа қырынан таныту, ұлы дала тарихына жаңаша пайымдаулар жасау»* жұмыстарын орындауымызға үлкен септігін тигізетіні даусыз еді.

Республикамыз тәуелсіздігін алғаннан кейін шет мемлекеттерге асып кеткен құнды жәдігерлерімізді қайтару, көшірмелерін алу, отарлық езгінің салдарынан асыл сүйектері қолда болған арыстарымыздың сүйектерін қайтару істері там-тұмдап болса да жүргізілгенін барша қауым біледі. Тікелей Елбасының араласуымен, тапсырмасымен және ұлт жанашырларының қажырлы еңбектерінің нәтижесінде Қожа Ахмет Иассауи кесенесіндегі тайқазан құтты орнына қайтарылды, сонау сегізінші ғасырға тиесілі тасқа қашап жазылған атақты Күлтегін батырға арналған жырдың көшірмесі жасалып, Астанадағы Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетіне қойылса, Кейкі батырдың бас сүйегі, қоғам және мемлекет қайраткері Сымағұл Сәдуақасұлы сүйегінің күлі әкелініп, құран бағышталып, жер қойнауына тапсырылды. Міне, осы аз да болса атқарылған шаралардың өзі халқымыздың рухани жан-дүниесіне үлкен серпін берді, *«өлгені тіріліп, өшкені жанғандай»* рухани күш алды. Тайқазан мен Күлтегін батыр ескерткіші қаншама тарихи еңбектерге дерек болды, халықаралық, республикалық ғылыми практикалық конференциялар өткізілді, тарихи жәдігерлеріміз әспеттелген құжатты бейнефильмдер түсіріліп, халық назарына ұсынылды. Бұл суретшілеріміз бен әулетшілеріміздің шығармашылық жұмыстарына арқау болды. Ал арыстарымыздың сүйектерінің қайтарылып, өз отанымызда жер қойнауына арулап тапсырылуы жастарымызды ұлтжандылыққа баулуда үлкен өнеге болды.

Құнды жәдігерлерімізді түгендеуге байланысты айта кететін мәселенің екінші қыры, біз тарихи сананы жаңғыртамыз, талан-таражға түскен жәдігерлерді түгендейміз деп, игілікті істерді атқарып жатқанымызда, киелі, қасиетті тарихи орындарымыздың ойран-ботқасын шығарып қазып, тонап, бүлдіріп, тапқанын шетел асырып жүргендер ел аумағында қаптап жүр. Сондықтан да бұл саладағы жұмыстарды бір ретке келтіріп, заңды қатайтып, тарихи мұраларымызды қорғауды мемлекет тарапынан реттейтін арнайы заңды қабылдау уақыты келгенін де қаперден шығармайық.

Бүгінгі көк туы желбіреп, әлемдік қауымдастықпен

бірге болашаққа қадам басқан тәуелсіз республикамыздың аумағы ежелгі замандардың өзінде мемлекеттік құрылым дәрежесіне дейін жеткен Сақтар мен Ғұндардың, одан берідегі Ұлы Түркі елінің қара шаңырағы болды. Ұлы далада 1465 жылдан 1847 жылдар аралығында жеке Қазақ Хандығы өмір сүріп, ата-бабаларының даңқты тарихи жолын жалғастырды. Біздің ата-бабаларымыз тарихи даму жолында соңында қалған ұрпағына баға жетпес мәдени мұрамен бірге өзінің ерлік жолының үлгі-өнегесін қалдырды.

Қазақ топырағында болған және Өзбек ханы Мұхаммед Шайбанидің қазақтарға жасаған шапқыншылығына қатысып, оқиғаның барлығын өз көзімен көрген **ирандық тарихшы Фәйзолла ибн Рузбехан «Мехманнама-и Бұхара» (Бұхара қонағының жазбалары) атты еңбегінде:** «Бұл қазақтар өздерінің қайтпас ерлігімен де, қуат-күшімен де бүкіл әлемге танылған халық. Егер қазақтар рулы елімен бас құрап, ту көтеріп, уақытында шеп түзей алса, ешбір жауға алдырмайды», – деп, батыр бабаларымыздың әр кеуделі жоғары рухын ерекше атап өтеді [5]. Келтіре берсек, бұндай мысалдар жеткілікті.

Әлемде өзін көне өркениеттің қайсысына жатқызарын білмей жүрген көптеген халықтар бар. Содан келіп, әркімнің шаужайына жармасқандай, қисыны келсін-келмесін көне өркениеттік және орта ғасырлық мұраларды өзіне тиесілі етіп көрсетуге тырысып бағып жатқаны. Ал біз, керісінше, өткенімізбен мақтанып, қолдағы барымызды бағалай алмай жүрміз.

Ежелден адамзат өркениетінің отаны болып, адамзат баласының ілгері дамуына өзіндік лайықты үлесін қосқан ұлы қазақ даласының тұлғалары мен ойшылдарының тарихы отарлық езгі мен содан туындаған зымиян саясаттың салдарынан әдейі бұрмаланып, әлемдік өркениетке қосқан үлесі, әлемдік өркениеттегі көш бастаушылық еңбегі лайықты бағаланбай келді. Осы қателіктерді түзетіп, ұлы даланы асқақтататын, адамзат дамуының озық көшіндегі оның рөліне лайықты баға беретін уақыттың кезі келді деп ойлаймыз. Міне, сондықтан да: **«Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін»**, – деген Елбасы тарихи санамызды жаңғырта отырып, тәуелсіз еліміздің ілгері дамуына жаңа серпін беретін ауқымды жобаларды жүзеге асыруды тапсырды.

Осы жобаларды іске асыру жолында баршамыз «жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген халық даналығын басшылыққа алып, жұмыла іске кірісейік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Назарбаев Н.Ә.** Құшағымыз бауырларға айқара ашық. Егемен Қазақстан. 1992. 4 маусым.
2. **Назарбаев Н.Ә.** Ұлытау төріндегі толғаныс. Егемен Қазақстан. 2014. 26 тамыз.
3. **Назарбаев Н.Ә.** Ұлы даланың жеті қыры. Егемен Қазақстан. 2018. 21 қараша.
4. **Рахматиев Е.** Өнерсіз халық – өлі халық. Қазақ әдебиеті. 1992. 14 ақпан.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) II том. Алматы: Атамұра, 1998. 382 б.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МҰРАГЕРЛЕРІ

Ердәулет БЕРЛІБАЕВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Ақбота СЕЙСЕНБАЕВА,
PhD, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Бүгінгі Қазақстанның Ұлы Даланың мұрагері екенін әлемдік деңгейде насихаттап, санаға терең сіңірудің маңызы айрықша. Әлем халықтарында Англияны – «Тұманды Альбион», Кубаны – «Бостандық аралы», Жапонияны – «Күншығыс елі», Қытайды – «Аспанастан елі», Голландияны – «Қызғалдақтар елі», Кореяны – «Таңғы шық елі» деп таныған түсінік қалыптасқан. Ешкімге ерсі емес өзіндік ерекшеліктерімен осылай қалыптасып кеткен. Осындай атаулы брендті кез келген ел ойдан шығара алмайды.

Қазақстан Конституциясының 20 жылдық мерейтойына арналған конференцияда сөйлеген сөзінде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: **«Біз – Ұлы Даланың ұрпағымыз. Осы далада біздің ата-бабамыз даланы сақтап қалған. Қан төгіп, тер төгіп сақтап қалған. Қазақстан мен «Ұлы Дала елі» екеуі қатар жүрсе, дұрыс болады»**, – деп мәлімдеді («Егемен Қазақстан». 2015 жыл.).

Көне тарихи жазбаларға көз жүгіртсек, «Ұлы Дала» ұғымының ежелден бері келе жатқанын аңғарамыз. Бұл атау ғасырлар қойнауынан аршып алынып, бүгінгі күнге дейін жеткен жыр, қисса, дастандарда, түркітілдес халықтар туралы деректерде, орыс әдебиеттерінде, Қытай жазбаларында және Лев Гумилев сынды көрнекті тарихшы-ғалымдардың еңбектерінде кеңінен орын алған. Бұл де-

ректер бүгінгі Қазақстанның Ұлы Дала мұрагерлері екендігіне толық тарихи негіз бола алады.

Еуропа мен Азия құрлықтарын мекендеген халықтар арасында өзіндік тарихымен, әлемдік өркениеттегі қайталанбас қолтаңбасымен жаһанға мәлім қауымдастықты түркі этностары құрап отыр. Түркілік алты тәуелсіз мемлекетте, Ресей мен Қытайдан басқа ондаған елдерде өмір сүріп жатқан бұлардың саны 200 миллионнан асып жығылады.

2018 жылы Ұлттық ауданарма бюросынан жарық көрген әлемнің ең үздік оқулықтарының бірі саналатын С.Г.Тер-Минасованың «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» еңбегінде: **«Мәдениет – белгілі бір адамдар тобының белгілі бір дәуірде жасаған дәстүр, сенімі, өнері, музыкасы және басқа да адамзат ойының жемісі (ежелгі грек мәдениеті, тайпалық мәдениет, т.б.)»**, – деп нақты көрсетілген [1]. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда шыққан тегі бір түркілер тарихы жеңіс пен жеңіліске, салтанат пен қасіретке, тұтастық пен тұрақсыздыққа куә тарихи мәні бар ұлы із қалдырды. Алайда сол тарихты зерттеуде, оқытуда, насихаттауда ортақ ұстаным мен көзқарас қалыптаспаған. Олардың бірі империялық биікті бағындырса, екіншісіне отар өлке қамытын кигізді. Басқа халықтар мен өркениеттер қатарына кіріп кеткендері де бар. Қайткенде де

әрқайсының өз тарихы, бәрінің басын қосатын ортақ тарихы бар. Ол түркі халықтарының ортақ бастау алған ежелгі түбі бір Ұлы Түрік халықтарының әлемге әйгілі тарихының болуы.

Кореядан Қара теңізге дейінгі аралықты қамтыған әлемге әйгілі Ұлы Түрік империясы бүкіл әлемдік тарихи аренаға шаруашылықтың ең негізгі түрі, **темір өндірісімен әйгілі** болды. Түріктердің аты аңызға айналған аталары ашиналықтар солтүстікке қашып барып «*жужандарға темір өндіріп бергені*» туралы тарихи деректер бар. Археологтар VI-IX ғасырларға сәйкес келетін түріктердің темір өндіру кеніштерінің орнын көптеп тапты. Ғалымдардың мәлімдеуінше, түріктер өндірген темір сапасы өте жоғары 95,45% таза металдан алынған. Өндірістегі осы жетістіктер түріктердің атты әскерін сол замандағы тамаша сауыт-сайманның ең жетілген түрімен қамтамасыз етіп, тез арада әскери жетістіктерге жетуіне мүмкіндік жасады. Түрік кезеңіне дейін майданда атты садақшы мергендер шешуші рөл атқарса, темірден жасалған сауыт-сайманның жасалуы майданның бұрынғы сипатын түбірімен өзгертіп жіберді. Түріктер **Азияда алғаш рет темір өндіру кәсіпшілігімен даңқы шығып**, оны өздері өмір сүрген аймақта жалпы бұқаралық деңгейде пайдаланып, осы жетістігін әскери салаға шебер пайдалана білуімен әлемдік тарихи аренаға шықты. Аталған жетістіктер түрік жауынгерлерін бұрын-соңды болмаған жеңіске жеткізіп, Қытайдан Донға дейін және Сібірден Иранға дейінгі аралықта әскери үстемдігін жүргізуге мүмкіндік беріп, даңқын бүкіл әлемге таратты /2/.

Көшпелілермен айырбас сауда Испиджаб, Отырар, Тараз, Суяб, қалаларында жинақталған жәрмеңкелерде жүргізілді. **Жетісудың оңтүстік-батысында маңызды сауда орталығы Тараз болды, деректерде Тараз қаласы көпестер қаласы деп аталған** /3/.

Шу аңғарында орналасқан Суяб қаласы да осындай қала болды. Ол туралы тарихи деректерде онда «*түрлі елдердің саудагерлері аралас тұрады... ал қала тұрғындарының жартысынан көбі көпестер*», – деген жазба тарихи деректер бар /4/.

Түріктер Қытайдан шыққан Жібекті Жерорта теңізі жағалауы елдеріне жеткізетін Жібек саудасы жолдарының негізгі бөлігін өз бақылауында ұстады. Нәтижесінде VI-XI ғасырларда сауда керуендерімен елшілер осы аймақ арқылы өтті. Сол кезеңдегі халықаралық керуен жолымен сауда жасау кеңінен өрістеді /5/.

Ұлы жібек жолының солтүстік тармағы Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу арқылы өткен. Оның Суяб Тараз және Испиджаб қалалары арқылы өтетін бөлігінің суреттелгені туралы тарихи жазба мәліметтер бар /6/. Түріктер өмірінде арнайы шеберлікті меңгеруді қажет ететін аңшылық өнері ерекше рөл атқарды. Бұл өнер түріктерді әскери өнерді меңгеруге баулып, ерлікке тәрбиеленуге жол ашты. Орта ғасырлық авторлар кең далаларда аңдардың сансыз көп түрі кездесетінін көшпелілердің аң аулау өнерін жақсы меңгергені туралы естеліктер бар. Аң аулауға қаршыға, бүркіт сұңқар, т.б. құстар пайдаланылды. Аң аулаудың осы түрі түркі тектес халықтарда күні бүгінге дейін ұлттық мәдениеттің ерекше түрі ретінде сақталған. Бұл туралы Елбасы өткен жылдың аяғында жариялаған «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында да жан-жақты айтып өтті.

Мал шаруашылығы түріктерді өмірге қажеттінің барлығымен ет, сүт, маймен, тұрғын үймен, киіммен, көлікпен қамтамасыз етті. Көшпелі түрік-

тер жазда биік таулы өңірлердегі жайлауда, ал қыста қалың қар жауғанда табындарды қар жұқа, шөбі мол, жазық, желі аз құмды өңірлерге апарды. Киіз үйлерде тұру табиғи қажеттілікке байланысты болды. Олар көшуге, қалаған жерлеріне орын ауыстырып қайта құруға ыңғайлы жылы киіз үйлерде тұрды. Осы мезгілге дейін түрік кезеңінде тастан жасалған лашықтар киіз үйлерден де ыңғайлы, жылы, қолайлы болды деп ешкімде дәлелдеген жоқ.

Түрік дәуіріндегі жерлеудің сипатты белгісі – адамды атымен бірге жерлеу. Мұның өзі түрік халықтарының өмірінде ер қанаты жылқының ең маңызды рөл атқарғаны жөнінде басқа дәлелдеуді қажет етпейтін тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Түркі халықтарының байырғы мекені саналатын бүгінгі Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған алғашқы жылдарда-ақ қабылдаған Елтаңбасында түркі тектес халықтар ерекше қадір тұтатын, аңыздарда көп айтылатын, **ай мүйізді алтын пырақты** бейнелеп, бүкіл әлемге паш етуі осы тарихи сабақтастықтың заңды жалғасы. Түркі дәуіріндегі молалардың көпшілігінде адам сүйектері мен жорықтарды мінген аттарының сүйектері, қару-жарақтары, темір үзеңгілер, жебелер, қанжарлар, қылыштардың сол заманғы жетілген түрлері, мүсінді метал қаптырмалармен сәнделген жауынгерлік белдіктер көп кездеседі /7/.

Археологиялық деректер түрік киімдерінің қандай болғаны жөнінде мәліметтер береді. Олар жүн және жібек матадан тігілген. Сырт киім теріден тігілген. Шекпен денемен дене болып тігілген, белі белдікпен буылып жылдам, епті қозғалуға ыңғайланған. Былғары етік, өкшесіз болды. Әйелдер көйлектің шапанның сыртынан аң терісінен, түсті маталардан желбегей жамылған. Еркектер биік киіз қалпақ, аң терісінен жасалған малақайлар киген. Олардың осы бейнелері қазақ далаларында көптеп кездесетін балбал тас мүсіндерде де бейнеленген. Бүгінгі түрік халықтарының бәрінде де киіз үй өте бағалы. Қазақстанның бүгінгі Елтаңбасындағы шаңырақ ұлттық нышанымыз ғана емес, түп атамыз түркі халықтарының бәріне де ортақ нышан.

VI-IX ғасырлардың бірінші жартысы аралығында қала мәдениеті Оңтүстік Қазақстан мен Оңтүстік-Батыс Жетісуда дамыды. 567 жылдың өзінде-ақ Иштеми қағанның сауда ісін дұрыс жолға қою үшін Иранға екі рет елші жіберуі кездейсоқ емес /8/. Халықаралық және аймақаралық саудада Қытайда (Таң әулеті), Соғдыда, Ферғанада, Бұхарада соғылған теңгелер пайдаланылды. VII-VIII ғ.ғ. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуде жаппай өз теңгелерін соғу басталды. Отырар алқабында бірнеше түрдегі қола теңгелер шығарылды. Шу аңғарының қалаларында ақшамен сауда жасаудың дамығанын түргештер кезінде соғылған теңгелер дәлелдейді. Түргеш теңгелері қаған атынан шығарылған.

Ұлы Жібек жолы арқылы Азия мен Еуропа халықтары өркениеті араласып, түрік халықтарының мәдениетінің дамуына тиімді әсер етті. Сонымен қатар Жібек жолы арқылы теңіздің арғы жағындағы елдерден ғылым білім, түрлі діни ағымдармен оны насихаттаушы миссионерлер өздерінің діни көзқарастарын ала келді. Индиядан Орта Азия және Шығыс Түркістан арқылы буддизм келді. Сирия, Иран Араб елдері арқылы христиан, кейін ислам діні тарады.

Түріктердің тамаша жеңістері, қағанаттың жарты әлемге әмірін жүргізуі кездейсоқтық емес. Түрік қағанаты өз дәуірінде жоғары дәрежедегі армия мен басқару жүйесін құрып, соған сәйкес идеология

жүргізіп дұрыс бағыттағы экономиканы үйлестіре білді. Сондықтан түркі дәуіріндегі жеңістерге толық сеніммен нағыз лайықты жеңістер болды деп баға беруге болады. Бір өкініштісі түркі қағанатының дәуіріндегі тарихи шындықтар кешегі патшалық Ресей мен кеңестік дәуірдегі саясатпен, евроцентристік көзқарастардың үстем болуымен толық тарихи шындықтар айтылмады немесе бұрмаланып көрсетілді. Кезіндегі пантуркистік идеологияның үстем болуы түркі тектес халықтардың түпкі тарихымен ата тарихына балта шабумен бірдей болды. Бүгіндер осы кемшіліктердің орнын толтыратын жаңа кезең туды.

XVIII ғасырда Орхон-Енисей жазбалары Еуропа ғалымдарының назарын аударды. 1893 жылы Дания ғалымы В. Томсен байырғы түркі мәтіндерін оқудың кілтін тапты. Азияны мәдени-өркениеттік дамуда мешел құрлық санаған еуроцентристік түсінікке соққы берілді. XIX-XX ғасырларда Ресей ғалымдары түркі және шығыс халықтарының тарихын зерделеуге көп күш жұмсады. Отарлауды және социалистік идеяны жүзеге асыруды көздеген империялық саясат пен өктемдік жақтастары бұл орайда аянып қалған жоқ. Біреуі мәселенің мәнін білмей тарихи сананы шатастырды. Енді біреулері түркітануда құнды зерттеулер жазғанмен, түркі халықтарын аса ұната қойған жоқ. Қалай десек те, XX ғасыр соңына дейінгі зерттеулер, құжаттар жинағы, даланың ауызша тарихы, шығыстану мен түркология құнды-құнды ойтүйіндермен, пайымдармен, тіпті тұжырымдармен ерекшелене тұра, ұлттық және жалпытүркілік тарихымыздың кешенді келбеті мен мәнін бере алмады. Ортақ түркі тарихын зерттейтін мамандар даярланбады, жазуға КОКП рұқсат бермеді. Түбі бір Түркиямен ғылыми-гуманитарлық байланыс туралы сөз де болуы мүмкін емес еді.

Бүгінгі таңда осы мәселелерді жаңа заман тұрғысынан саралап, қайта қарастыруға зор мүмкіндіктер туып отыр. Жер жүзінде 11 миллион шаршы шақырымды алып жатқан, аумағына үш Еуропа сыйып кететін ұлан ғайыр жерде орналасқан түркі жұртының әлемдік қауымдастықта алар орны күн санап артып келеді. Кеңестік жүйеге негізделген алып империяның құлауымен, Тәуелсіздік алған түркі тектес елдердің қазіргі заманға сай аймақтық, халықаралық деңгейдегі саяси-экономикалық беделі де артып, өзара достық түп тамырын айқындайтын түрлі халықаралық шаралар өткізілуде. 2018 жылдың 11-13 қазанында өтетін V Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумы да осы айтулы шараның бір бөлшегі. Түркі дүниесі ұғымының аясы мейлінше кең. Бір замандарда түркілер билеген аумақтардың біразында тап қазір мүлде басқа этностар мен мемлекеттер өмір сүруде. Қалай болғанда да ежелгі дәуірден бергі түркі тарихының хронологиялық ауқымы 1 млн. жылды қамтып жатыр. Өйткені Ұлы даладағы алғашқы адам ж.с.д. 1 млн. жыл шамасында пайда болғанын археологиялық жәдігерлер куәлендіруде.

Ғасырлар тоғысында бес түркі елінің мемлекеттік тәуелсіздікке қолы жеткенде аумақ, шекара, тіл туралы қасиетті талаптар, халық, билік, тұлға одағы Ата Заңмен бекемделді. Тағы да бірлік пен біртектілік ауадай қажет екені сезілуде. Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиында Елбасы Н.Назарбаев былай деген еді: «Түркі халықтары жаратылысында әрдайым бірге, береке-бірлікте болу үшін жаратылған. Бабаларымыз да бізге осыны мирас еткен. Бірлік – біздің барлық жеңістеріміздің алтын қайнары, ел қорғағанда күш-қуат берер асқақ айбары. Осыны

әрдайым жадымызда ұстауымыз керек. Жаһандану заманында тағдыр талайымен бөлініп кеткен, тілі, ділі, діні мен тегі бір түркі халықтары XXI ғасырда ынтымақ жарастыруы қажет. Сөйтіп, саясатта, экономикада, ғылым мен технологияда өзара ықпалдастық пен байланыстарды күшейте беруіміз керек. Ата тарихы бізді осыған шақырады» /9/. Бұл сөздер – өмір шындығы.

Түбі бір түркі ұрпағының бір тармағы ата жұртта мекен етіп отырған Қазақстанның Тәуелсіздік алған аз ғана жылда қол жеткізген табыстары ұшан теңіз. Ұлттың рухани өмірі, оның мәдениетіне байланысты әлі де болса көпшілік қауымға жетпей жатқан тарихи, әдеби асыл мұраларымызды игеру жолында еңбектену, бұрын мән бермей жатқан халықтану, шығыстану, түркітану ілімдерін барынша дамытуды мақсат ету – заман талабы. Ендеше жауынгер рухты, биік мұратты ежелгі түркілердің бүгінгі азат рухты, терең білімді ұрпақтары да осы халықтың тілі мен тарихын мәдениеті мен этнографиясын зерттеушілер келелі ой айтып, түркі тану ілімінде жұртшылық игілігіне айналар құнды нәтижелерге қол жеткізеді деген сенімдеміз! Қорытынды ойымыз бүгінгі Қазақстанның Ұлы Даланың мұрагері екенін әлемдік деңгейде насихаттап, санаға терең сіңірудің маңызы айрықша деп түйінделеді. Ұлттық идеямыз Мәңгілік Ел саясатын жүзеге асыратын Ұлы Даланың бүгінгі ұрпақтары қазақстандықтар.

РЕЗЮМЕ

В статье освещены основные вопросы изучения истории культуры древнетюркских народов в мировой цивилизации. По мнению автора, территория, язык, личность, власть являются главной движущей силой государства в непрерывном развитии истории

Ключевые слова: люди, личность, власть, территория, язык.

The article highlights the main issues of studying the history of culture of ancient Turkic peoples in world civilization. According to the author, the territory, territory, language, personality, power are the main driving force of the state in the continuous development of history.

Keywords: people, individual, power, territory, language.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **С.Г.Тер-Минасова.** Тіл және мәдениетаралық коммуникация – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл. 320 бет. 18-б.
2. **Шефер Э.** Золотые персики Самарканда. Книга о чужеземных диких в империи Тан. М., Наука, 1981, 164, 270, 312-б.
3. **Волин С.Л.** Сведения арабских и персидских источников IX-XVI вв., 73-б.
4. **Зуев Ю.А.** Китайские известия о Суябе, 90 б.
5. **Кляшторный С.Г.** Древне тюркские рунические памятники, 101-103-б.
6. **Зуев Ю.А.** Китайские известия о Суябе, 87-96.
7. **Арсланова Ф.Х.** Памятники Павлодарского Прииртышья (VII-XII.в.в.)// «Новое в археологии Казахстана» А. 1968.
8. **Бартольд В.В.** Очерк истории Семиречья. Соч. т.2, ч.1, М 1963, 31-б.
9. **Назарбаев Н.** Біз – ұлы дала ұрпақтарымыз! // Отан тарихы. - 2015. - №4. - 7-б.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЖАҢА ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮРДІС және Қытаймен ынтымақтастық

Мәдина ОМАРОВА,
Абылай хан атындағы ҚазХКЖӨТ университеті
шығыстану факультетінің доценті

Бүгінгі ғаламдасу заманында халықаралық ұйымдар, трансұлттық одақтар секілді ортақ бірлестіктерге бірігу халықаралық қауымдастық мүшелерінің басты даму, ықпал ету, серіктесу құралына айналғандай. Қандай халықаралық үдеріс болса да оның артында жеке мемлекеттің немесе белгілі бір ұйымның мүддесі тұратыны анық. Соңғы кездердегі әлемдегі түрлі халықаралық ұйымдардың құрылуы, түрлі мемлекеттердің бір бірлестік шеңберіне шоғырлануы осы үрдістің тиімділігін көрсетсе керек. Өйткені қатаң бәсекелестік белең алған ғаламдасу жағдайында әлем елдерінің саяси-экономикалық, инвестициялық әлеуетін біріктіру қажеттігі туындады. Осы орайда, тәжірибесі айтарлықтай мол, дамудың белгілі кезеңдерін басынан өткерген Еуропалық Одақ, НАФТА, АСЕАН секілді ұйымдарды атауға болады.

Ортақ тағдыр, біртұтас шаруашылық байланыстар, бір аймақ біріктірген Орталық Азия елдеріндегі жаңа мазмұндағы өзара ынтымақтастық пен интеграция 90-жылдардан бастау алады. Алайда интеграциялық үрдістің қарқынды дамуына түрлі субъективті және объективті себептер кедергі болғанын да білеміз. Аймақ елдері өзара әрекеттесуді, яғни бірігуді сонау 1994 жылдың өзінде-ақ бастап кеткен болатын. Орталық Азия ынтымақтастық ұйымын құрған аймақтың Түрікменстаннан басқа 4 мемлекеті республикалардың экономикалық әлеуетін біріктіру арқылы әлемдік нарыққа тең дәрежеде шыға алатын ортақ нарықты құруды көздеген болатын. Ұйымның 2006 жылы ЕАЭҚ-қа кірігуі интеграциялық үдерістің одан әрі тереңдей түскендігін көрсетті. Құрылған мемлекетаралық бірлестіктер құрамы жағынан және сапасы жағынан өсе бастады. Нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Президенттері 2014 жылдың 29 мамырында Астанада қол қойды.

Осы үш мемлекеттен басқа 2014 жылдың 10 қазында Одаққа қосылу туралы шартқа қол қойған Армения Республикасы және 2014 жылдың 23 желтоқсанында ұқсас Шартқа қол қойған Қырғыз Республикасы Одақ мүшелері болды. Еуразиялық экономикалық одақ халықаралық құқық субъектілігіне ие, аймақтық экономикалық ықпалдастықтың халықаралық ұйымы болып табылады. Одақ мүше-мемлекеттердің халқының өмірлік деңгейін арттыру үшін экономикаларын тұрақты дамытуға арналған жағдай жасауға, сонымен қатар ғаламдық экономика жағдайларында ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, жан-жақты жаңарту және кооперациялауға арналған [1].

Аймақ елдері арасындағы өзара байланыстар соңғы жылдары жаңа серпін алып, қарқынын арттыра түсті. Оның басты себептері ретінде Орта Азия елдері басшыларының өзгеруін айтуға болатын

сияқты. 2018 жылдың 15 наурызында көптен бері бас қоспаған Орталық Азияның мемлекет басшылары Астанада кездесу өткізді. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан президенттері және Түрікменстан тарапынан қатысқан мәжіліс төрағасы аймақ алдында тұрған өзекті мәселелерді талқылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы негізінде жасалған Президенттің 2014 жылдың 21 қаңтарындағы №741 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2014-2020 жж.-ға арналған сыртқы саяси концепциясы негізгі мақсаттардың бірі ретінде «аймақтық және халықаралық сауда-экономикалық қатынастар жүйесіне интеграциялануды әрі қарай жалғастыру» аталса, **ҚР сыртқы саясатының басымы бағыттары мен міндеттері төмендегіше белгіленген:** «1. Қазақстан Орталық Азияның саяси, экономикалық тұрақты және қауіпсіз дамуына мүдделі. Өзінің аймақтағы жауапкершілігі мен рөлін түсіне отырып, Қазақстан аймақ тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жалпы, соның ішінде көршілес аумақтардан төнетін жаңа қауіп-қатерлерге төтеп беруге баркүшін салады. Қазақстан қақтығыстық әлеуетті бәсеңдету, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу, су-энергетикалық және басқа қайшылықтардың өзегін тарқату мақсатында Орталық Азиядағы аймақішілік интеграцияның дамуына талпынатын болады. Аймақтың халықаралық саясат пен экономиканың біртұтас интеграцияланған субъектісіне айналуы болашағы зор мақсат болып саналады. 2. Еуразиялық экономикалық интеграцияны елдің әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесінде тұрақты орнығудың тиімді әдісі ретінде қарастыра отырып, Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ құру мақсатында Кедендік одақ пен Біртұтас экономикалық кеңістікті нығайтатын болады» [2].

Өзбек әріптесі Ш.Мирзиёевпен кездесу барысында Қазақстан президенті Н.Назарбаев аймақ елдерінің екі басты серіктесі әрі көршісі – Ресей мен Қытай бар екендігін атап өтті: «Біз олармен (Қытай мен Ресей) әрқашан бірлесіп жұмыс істейтін боламыз, барлық келісім-шарттар күшін жойған жоқ. Кейбір біздің мемлекеттер ЕурАзЭО-та, кейбірі ҰҚШҰ-да, кейбірі жоқ, бірақ ол маңызды емес» [3].

Орталық Азия аймағындағы интеграцияның қайта жандануын жекелеген республикалардағы (мысалы, Өзбекстан) басшылықтың өзгеруімен тікелей байланыстыруға болады. Ш. Мирзиёев мемлекет тізгінін ұстағалы ізашарымен салыстырғанда сыртқы әлемге анағұрлым ашық саясат ұстана отырып, әсіресе, аймақтағы көршілес елдермен тығыз байланыс орната бастады. Аймақ елдері ішінде демографиялық әлеуеті ең жоғары (халық саны 32 млн.) Өзбекстан

интеграциялық үдерістің басты қатысушысының біріне айналып келеді.

Өзбекстан саяси өмірінде тұңғыш орын алған маңызды оқиға – 2017 жылдың 23 желтоқсанындағы Өзбекстан президентінің ел Парламентіне жолдауы болды. Елдің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін, кең көлемде жүргізілген реформалар нәтижелерін сөз еткен президент Өзбекстанның сыртқы саясатына да тоқталды: «*Өзбекстанның сыртқы саясатында «Орталық Азия – бас үстем бағыт» қағидатын іс жүзіне асыруға кірістік. Нәтижесінде аймағымызда түбегейлі жаңа саяси орта қалыптасты, өзара сенім және жақсы көршілік негізіндегі байланыстар нығаюда. Түрікменстанмен, Қырғызстанмен стратегиялық ынтымақтастық орнатылды. Қазақстанмен стратегиялық ынтымақтастығымызды одан әрі тереңдету барысында бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды, 2 миллиард доллар мөлшеріндегі экономикалық бітімдер жасалды. Тәжікстанмен ынтымақтастығымыз жан-жақты нығаюда. Ташкент және Душанбе қалалары арасында авиақатынау жолға қойылды. Қырғызстанмен мемлекет шекаралары туралы бітімге қол қойылуы Орталық Азияда қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған үлкен қадам болды»* [4].

Өзбекстанның жаңа басшысы елдегі ішкі реформаларды қарқынды түрде жүзеге асырумен қоса көрші мемлекеттерге сапарлар жасауды жиілетті. Нәтижесінде Қазақстанмен стратегиялық әріптестік байланыстарды нығайтып, Қырғызстанмен және Тәжікстанмен шекараны демаркациялау мен су ресурстарын бірлесіп пайдалану мәселелерінде бейбіт келіссөздер жүргізіп, кедендік қатынас қалпына келтіріліп, виза рәсімдеу шаралары жеңілдетіліп, көрші елдермен байланыстар тез арада жақсара түсті. 2018 жылғы Орталық Азия басшыларының кездесуі де Өзбекстанның бастамасы мен белсенді араласуы нәтижесінде жүзеге асты. Өзбекстан танытқан икемділіктің арқасында Орталық Азиядағы аймақтық ынтымақтастық қайта қалпына келтірілді.

Ш.Мирзиев Өзбекстан президенті болғаннан кейін Орталық Азияның су ресурстары мәселесіне қатысты жаңа көзқарас пайда болды. Аймақ елдерінің байланыстарына кері әсер еткен жоғарғы, төменгі ағыстағы су ресурстарындағы қайшылықтарда жұмсару нышаны байқалды. 2018 жылдың наурыз айында 18 жылдан бері алғаш жасалған ел басшысының сапары барысында Өзбекстан Рогун су электр стансасы кіретін жоғары ағыстағы су энергиясын өңдеу объектілері құрылысына қатысуға ниет білдірді, бұл Орталық Азиядағы гидроэнергетикалық қайшылықты шешудің маңызды белгісі болды. Сондай-ақ жоғары және төменгі ағыс елдері арасындағы қарым-қатынастарды айтарлықтай жақсартып қана қоймай, жоғары ағыстағы Тәжікстан мен Қырғызстанның энергетикалық өзін-өзі қамтамасыз етуге қол жеткізуге және екі елдің экономикалық дамуына және шетел инвестицияларын тарту жағдайын жақсартуға көмектесетінін жеткізді. Сонымен қатар төменгі ағыстағы мемлекеттер ретінде Өзбекстан мен Түркіменстан суды тұтынуды азайту, соның ішінде ауыл шаруашылық дақылдары құрылымын реттеу, мақта отырғызуды қысқарту, жеміс-көкөніс сияқты дақылдарды өндіруді арттыру және су шығындарын реттеу, суды үнемдеуге қатысты халықтың сана-сезімін көтеруге бар күшін салуда [5].

Қытай мен Орталық Азия елдерін Шанхай ынтымақтастық ұйымы біріктіреді. Алғашында

шекара мәселесін ғана шешуді көздеген ортақ шек-арасы бар аймақ елдерінің өзара **байланыстары** тереңдеп, өз ауқымын кеңейте түсті. «Шанхай бес-тігінен» басталған бірлестік бүгінгі таңда Еуразия аумағының 60 пайызын алып жатқан 3 млрд-тан астам халқы бар аймақты біріктірген үлкен халықара-лық ұйымға айналды. **Қазақстан стратегиялық зерт-теулер институты директорының орынбасары С.Көшкімбаев Орталық Азия елдері үшін Қы-тайдың теңдесі жоқ әріптес екенін айта келе:** «Траншекаралық бастамаларды жүзеге асыру, түрлі кластерлерді құру маңызды. Бұған, әсір-есе, «Қорғас» аймағында аса назар аударылады. Бұл құрғақ порт, Азия мен Еуропа арасындағы трансконтинентальды бағыттардың маңызды бөлігі – «Достық-Алашанькоу» стансасы. Бұл бас-тамалардың бәрі, әрине, Шанхай ынтымақтастық ұйымының қолдауымен жүзеге асырылуда. Шан-хай ынтымақтастық ұйымы құрылғалы Қытай көршілермен мықты байланыс орнатып, бірлес-кен өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық жобалар-ды сәтті жүзеге асыруда,– дейді мамандар. Қазіргі таңда ұйым Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы байланыс алаңына айналды»,– деген болатын [6].

Орталық Азияның ішкі интеграциясы өңірлік тұ-рақтылық пен дамуға ықпал ететін және аймақтағы барлық елдердің мүддесіне сай келетін аймақтық ре-сурстарды тиімді интеграциялауға және пайдалануға мүмкіндік береді. Орталық Азиядағы барлық елдердің плюрализм қағидатын ұстанатындығын және барлық елдермен достық және ынтымақтастық қатынастарын дамытуға ұмтылу ниетін ескерсек, интеграциялық ынтымақтастықтың мақсаты Орталық Азиядағы қазіргі геосаяси құрылымды, аймақ елдерінің арасында билік теңгерімін, ірі мемлекеттердің бәсекелестік жағ-дайын өзгерту емес. Шанхай ынтымақтастық ұйы-мының кеңеюімен, сондай-ақ бақылаушы елдер мен диалог бойыншы серіктес елдер ынтымақтастығы-ның нығаюымен ұйымның әлеуеті үздіксіз көтеріліп отырады. Ұйымның ашықтығы, мөлдірлігі және әріп-тес байланыстардың тоқтаусыз кеңеюі оның халық-аралық беделін арттырады. Қытай төрағасы Си Цзиньпиннің «Бір белдеу – бір жол» ұсынысы аймақ елдері үшін өте маңызды, олар өз мемлекеттерінің мүдделерін ұйымның даму бағдарламаларымен бай-ланыстыра отырып жүзеге асыруда.

«Бір белдеу, бір жол» бастамасы құрлық ішін-дегі елдермен және теңізге шығатын елдермен интеграциялық жобаларды жүзеге асыруды көз-дейді. Сол үшін де осы бастама шеңберінде «Жібек жолының экономикалық белдеуі» мен «XXI ғасыр-дың теңіз Жібек жолын» құру қарастырылған. Алғаш рет осы жобаларды құру туралы ұсынысты қытай басшылығы 2013 жылдың қыркүйек-қазан айларын-да ҚКП ОК Бас хатшысы, ҚХР Төрағасы Си Цзинь-пиннің Қазақстан мен Индонезияға сапары кезінде айтылған болатын. «Назарбаев Университетінде» сөйлеген сөзінде Қытай басшысы «Жібек жолының экономикалық белдеуін» бірлесе отырып құруды ұсынды.

«Бір белдеу, бір жол» бастамасы ұсыныл-ғаннан кейін, ШЫҰ-ның негізгі аймағы болып табылатын Орталық Азия «Белдеу мен жол» құ-рылысының негізгі алаңына айналды. «Белдеу мен жол» және ШЫҰ құрылысы бір-бірін ілгерілетіп, бір-бірін толықтырды, мүше-мемлекеттер тағдыр қа-уымдастығын құру жолында айтарлықтай қадамдар жасады.

2013-2017 жылдары өткен ШЫҰ саммиттерінің декларациясында «Белдеу мен жол» құрылысын қолдау туралы нақты мәлімдеме жасалды. ШЫҰ 2014 жылы трансшекаралық тасымал туралы үкімет-аралық келісімге қол қойды, ол «Бір белдеу – бір жол» бастамасында ұсынылған инфрақұрылымға сәйкес келеді және олар бір-бірін толықтыра алады.

Қытай Халық университеті «Чунянь» қаржы институтының зерттеушісі Лю Иннің айтуы бойынша, **Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен «Белдеу мен жол» ұсынысының көптеген ұқсас құндылықтары мен мүдделері бар: «Шанхай рухы және Жібек жолы рухы ашықтық, өзара тиімділік пен өзара сенім негізінде құрылған. Оған қоса, «Бір белдеу – бір жол» ұсынысы инфрақұрылым құрылысына ықпал етіп, әр мемлекеттің ұлттық саясаты мен даму стратегиясын байланыстыра отырып, іскерлік ынтымақтастықты тереңдету арқылы ортақ дамуға жетелейді» [7].**

Өзбекстан Стратегиялық даму орталығының атқарушы директоры А.Бурхановтың айтуынша, ШЫҰ-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясы Өзбекстанның жариялаған «5 үстем даму бағытының әрекеттер стратегиясымен» мазмұндас болып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Өзбекстан мен барлық мүше мемлекеттердің ШЫҰ шеңберінде жүзеге асыруға болатын жобалар аз емес.

2014 жылдан бері ШЫҰ мемлекет басшыларының декларациялары мен премьер-министрлер қол қойған Коммюнике «Бір белдеу – бір жолды» нақты қолдап, мүше-мемлекеттер өздерінің ұлттық даму стратегияларын осы ұсыныспен үйлестіруге тырысты.

ШЫҰ-ның 2017 жылғы саммитінде Си Цзиньпин атап өткендей, Қытай жағы мен тиісті тараптар «Бір белдеу – бір жол» құрылысы, Еуразиялық экономикалық одақ құрылысы және Қазақстанның «Нұрлы жол» даму стратегиясы сияқты аймақтық ынтымақтастық бастамаларды белсенді түрде алға жылжытуда Шанхай ынтымақтастық ұйымы маңызды платформа рөлін атқара алады.

«Бір белдеу – бір жол» құрылысына, ең алдымен оның бастамашысы Қытай мүдделі, сол себепті оның қарқынды дамуына Қытай тарапы бар күш-жігерін салуда. Соңғы бес жыл ішінде Қытайдың «Белдеу мен жол» бойындағы елдермен тауар айналымы 5 триллион АҚШ долларынан асты, шетелдік тікелей инвестициялар 70 миллиард АҚШ долларынан асты. 2017 жылдың соңына қарай Қытай 20-дан астам елде 75 шетелдік сауда-экономикалық ынтымақтастық аймағын құрды. Азия инфрақұрылым инвестициясы банкі, Жібек жолы қоры және БРИКС елдерінің банкі секілді «Бір белдеу – бір жол» жетістіктері ШЫҰ-мен тығыз ынтымақтастықты нығайта алады және ШЫҰ-ның дамуына қаржылық қолдау көрсетеді. «Белдеу мен жолды» салуда Қытай мен ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың көптеген жобалары біртіндеп алға басты. ШЫҰ аймағында Қытай 4 мың километрлік теміржолдар мен 10 мың километрден астам автокөлік жолдарын салуға ықпал етіп, ШЫҰ-ға мүше елдерге ынтымақтастық жобаларын қаржыландыруға 5 млрд доллар бөлді және Шанхай ынтымақтастық Ұйымы Даму Банкінің құрылуына ықпал етті, 2018 жылға дейін ұйымға мүше елдердің 2 мың бастауыш және орта мектеп оқушылары үшін жазғы лагерлік іс-шараларды өткізді. 2017 жылдан 2019 жылға дейін мүше-мемлекеттер үшін сауданы дамытуға 1000-ға жуық арнайы мамандар даярлады [8].

«Бір белдеу – бір жол» бастамасы соңғы бес

жыл ішінде Еуразия құрылысындағы маңызды аймақтық ынтымақтастықтың дамуына оң әсер етті. Бұл бастама болашақта да Шанхай ынтымақтастық ұйымының қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығының әрі қарай нығаюына, ШЫҰ-ның экономикалық, сауда ынтымақтастығы туралы аймақтық келісімдердің тез жүзеге асуына ықпал ететін болады. Сондай-ақ «Бір белдеу – бір жол» ШЫҰ тараптарының әлеуметтік және адами өзара әрекеттесуі мен әлеуметтік сәйкестігін күшейте түседі. Орталық Азия елдерінің екіжақты және көпжақты формадағы өзара ынтымақтастығының соңғы жылдары нығая түсуі олардың ШЫҰ сияқты аймақтық халықаралық ұйымдар шеңберінде де әрекеттесуіне оң ықпалын тигізеді сөзсіз. Аймақ елдері ұстанған сыртқы саясат олардың ұлттық саясатымен үндесе отырып, дауларды бейбіт жолмен шешу, ішкі ісіне араласпау, егемендікті құрметтеу, өзара тиімділік секілді халықаралық құқықта жалпы қабылданған қағидаттарды қатаң ұстанған жағдайда шешілмейтін мәселе болмау керек.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена новой интеграционной тенденции Центральной Азии и роли Китая в центральноазиатском сотрудничестве. Рассматриваются политические изменения в республиках Центральной Азии, в частности в Узбекистане, позитивно повлиявшие на отношения с соседними государствами и общность интересов стран Центральной Азии и Китая в рамках ШОС.

The article is devoted to the new integration trend of Central Asia and the role of China in the Central Asian cooperation. Political changes in the republics of Central Asia, in particular in Uzbekistan, have been positively affected by relations with neighboring states and the common interests of the countries of Central Asia and China within the framework of the SCO.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) туралы шарт күшіне енді // <http://www.eurasiancommission.org/kk/nae/news/Pages/01-01-2015-1.aspx>
- 2.Концепция внешней политики РК на 2014-2020 гг. <http://mfa.gov.kz/ru/erevan/content-view/konceptcia-vnesnej-politiki-rk-na-2014-2020-gg>
- 3.Назарбаев: Центральная Азия всегда будет сотрудничать с Россией и Китаем // <https://ru.sputniknews.kz/politics/20180315/4922951/nazarbayev-central-asia-sotrudnichestvo-china-russia.html>
- 4.Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтың Олий Мажлиске жолдауы // <http://www.uzembassy.kz/kz/article/zbekstan-respublikasy-prezident-shavkat-mirziyaevty-olij-mazhliske-zholdauy>
5. Zhang Ding. ZhongYa yitihua xinqushi ji qi dui Shanghai hezuo zuzhide yingxiang // *Gujiwen yanjiu*. – 2018, №3.
- 6.ШЫҰ қызметіне Орталық Азия елдерінің маңызы зор // https://kazakh-tv.kz/kz/view/world_news/page_190366_rol-stran-tsentranoi-azii-v-shos
- 7.Zhuanjia jianyan:Shanghezuzhi ruhe zai hezuo anquan zhong xingwen zhiyuan? // <http://world.people.com.cn/n1/2018/0523/c1002-30007632.html>
- 8.Xi Jinping tuidong Shanghezuzhi yu “yidai yilu” ronghe fazhan // http://news.ifeng.com/a/20180607/58610798_0.shtml

ТАРИХИ ЖАДЫ МЕН САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ:

Елбасы Н.Назарбаевтың реформалары

Толқын ЕРИШЕВА,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
тарих факультетінің 2-курс PhD докторанты

Тәуелсіздік алғанға дейін қазақ тарихын объективті зерттеуге еш мүмкіндік болған жоқ. Патшалық және кеңестік отаршылдық кезеңде қазақ тарихы бұрмаланып, дұрыс жазылмады. Соның салдарынан халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа үздіксіз беріліп келе жатқан қатпар-қатпар тарихы ұмытыла бастады. Тарихи тұлғалар мен тарихи оқиғалар жадымыздан өшіріліп, өз түп-тамырымыздан айырылуға шақ қалғанда еліміз еркіндікке қол жеткізіп, өшкенімізді қайта жаңғыртатын кезең келді.

Кезінде Ә.Бөкейханов: *«Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға бейім тұрады... Дүниеде өңге жұрттар қатарында қор болмайын, «тұқымым құрып қалмасын» деген халық өзінің шежіресін имани дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады»*, – деп жазған болатын. Сондықтан ол бастаған Алаш азаматтары қазақ болмысын айқындайтын рухани құндылықтарға ерекше көңіл бөліп, ұлт тарихын, ұлттық сананы қалыптастыратын, бір ізге түсіретін істерге ерекше назар аударды. Алайда, Кеңес өкіметі ұстанған саясат Алаш азаматтарының бұл ойын жүзеге асыртпады [1, 7-б.].

Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен тарихи жады мен сананы жаңғырту бағытында реформалар жүргізілді. Қазақ тарихындағы «ақтаңдақтар» тарихшы-ғалымдардың зерттеу объектісіне айналды.

XX ғасырдың соңындағы саяси-әлеуметтік өзгерістер, сөзсіз, тарих ғылымын да айналып өте алмады. Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-мәдени өмірінде тарихи сананы жаңғыртып, қалыптастыру тәртізді маңызды міндетті іске асыруда біздің мемлекетіміз бірқатар іс-шараларды атқарды. **Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан тарих ғылымының басым бағыттарына:** ақтаңдақтарды зерттеп жариялау, тарихи зерттеулердің әдістемесін құру, жылдар бойы қалыптасқан тарихи білімге жаңа баға беру, қазақ халқының этногенезін зерттеу, мемлекеттілік мәселесін және кеңестік дәуір тарихын зерделеу, тәуелсіздік жағдайындағы тарихи сананы қалыптастыру сияқты мәселелер айналды [2].

90-жылдардың басынан шыға бастаған «Қазақстан тарихы» деп аталатын мектеп оқулықтарын жасауда, олардың қолжазбаларын талқылап, жетілдіруде, сараптамадан өткізуде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еңбектеріндегі, сөйлеген сөздеріндегі тарихтың білім, ғылым ретіндегі, сондай-ақ адамдарды Отан сүйгіштікке, жоғары адамгершілік рухта тәрбиелеудегі маңызы, өз тарихымызды барлық қазақстандықтардың оқып меңгеруі қажеттігі туралы айтқандары тікелей басшылыққа алынды.

90-жылдары дайындалған бұл оқулықтарда тарихтағы бірқатар ақтаңдақтардың беті ашылды, көптеген ғылыми проблемаларға, тарихи фактілерге, құбылыстарға жаңа әдіснамалық, тарихи шындық тұрғыда баға берілді. Адамзат жасаған құн-

дылықтарды, оған дала өркениетінің қосқан үлесін, Қазақстан халықтарының мәдени жетістіктерін, рухани тіршілікті, әлеуметтік топтар мен тарихи қайраткерлердің қызметін, саяси тарихтың түрлі қырларын, идеялық-саяси, ұлттық, діни қозғалыстардың тарихын ашып көрсетуге, т.б. басты назар аударылды [3, 136-б.].

Академик М.Қозыбаевтың жетекшілігімен 1995 жылы «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы» құрастырылды. Осы тұжырымдаманың мақсаты мемлекеттік саясаттың тарихи сананы қалыптастырудағы басты басымдықтарын айқындау болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін мынадай міндеттерді атқару керек: тарихи ілім-білімнің ең басты нысаналарын анықтау; тарих ғылымының өтпелі кезеңдегі басты проблемалары мен оны шешудің ықтимал бағдарларын айқындап алу; тарихи білім беру мен ағарту ісін реформалаудың жолдарын белгілеу [4, 2-б.].

Қазақстанда тарихи сана тақырыбының көтерілуі тәуелсіздіктен кейінгі ұлттық сананың жаппай оянуы, тарихи ақтаңдақтарды қалпына келтіру, тарихи әділеттікті орнату үдерістерімен байланыстырылады. Халқымыздың аңсаған арманының жүзеге асуы барысында ұлттық тіл мен діл, дін жаңғырды. Тек тәуелсіздік тұсында ғана халық өз тарихи мен тағдырына бет бұруға мүмкіндік алды [5, 34-б.].

Елбасы Н.Назарбаевтың жарлығымен 1997 жыл – «Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу», 1998 жыл – «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 1999 жыл – «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы» деп жарияланды.

Н.Ә.Назарбаевтың 1999 жылы «Тарих толқынында» атты кітабы жарық көрді. Бұл еңбекте қазақ халқының тарихи жады мен санасы жөнінде: *«Қазақ болмысының келесі бір ерекшелігі – оның тарихшылдығы. Қара халықтың тарихтан хабардарлығы мейлінше жоғары болған. Керек десеңіз, білім институттарының дамыған жүйесі бар бүгінгі күннің өзін бұрынғы қазақтардың санасындағы жаппай тарихшылдықпен салыстыруға болмайды. ...Қазақ даласының дүйім жұртында кең құлашты тарихи сана болған, себебі бұл даладағы әрбір жұмыр басты пенденің жады бала кезінен ауызша айтылатын қисапсыз мол дерекке әбден жаттығып, көз қанық болып өскен»*, – деп ой түйіндейді [6, 31-б.].

2003 жылы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» атты Қазақстан халқына Жолдауында **«Мәдени мұра»** мемлекеттік бағдарламасын әзірлеп, іске асыруды ұсынды. Бағдарлама халықтың тарихи жады мен санасын қалпына келтіруге бағытталған тағы бір қадам болды, ауқымы зор жұмыстар атқарылды.

Бағдарлама қабылданғаннан кейін төрт жылда тарих пен мәдениеттің 51 ескерткіші қайта жаң-

ғыртылып, Қазақстан аумағындағы 39 қалашықта, қоныста, тұрақта, обалар мен қорғандарда маусымдық археологиялық зерттеулер жүргізілді. Қытайға, Түркияға, Моңғолияға, Ресейге, Жапонияға, Египетке, Өзбекстанға, Арменияға, АҚШ пен Батыс Еуропаға 15 ғылыми экспедиция ұйымдастырылып, Қазақстан тарихы, этнографиясы, өнері жөнінде бұрын белгісіз болып келген 5000-ға жуық қолжазбалар мен баспалық басылымдар табылды. Тек Қытайға жасалған экспедицияның барысында Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне қатысты бұрын зерттелмеген маньчжур тіліндегі 3 мың, қытай тіліндегі 300, шағатай тіліндегі 60, ойрат тіліндегі 70 дерек табылды [7, 289-6].

Мемлекеттік бағдарлама тарихи-мәдени мұраны қайта қалпына келтірумен ғана шектелмейді. Оның басты мақсаты – қоғамдық санада оң өзгерістерге қол жеткізу және нақ осы тұрғыда ол маңызды идеологиялық, жалпымемлекеттік мәнге ие. Мемлекеттіліктің аса маңызды рухани негізі болып табылатын ұлттың тарихи санасының көкжиегін кеңейту және рөлін күшейтуге, ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы және нығаюына ықпал етті [8].

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деген Қазақстан халқына Жолдауында: *«Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек. Бүкілқазақстандық бірегейлік біздің халқымыздың тарихи санасының өзегіне айналуға тиіс»*, – деп тағы да тарихи сана мәселесіне назар аударды.

2014-2016 жылдарға арналған «Халық тарих толқынында» атты тарихи зерттеулер бағдарламасы жүзеге асырылды, ол отандық тарих ғылымының дамуындағы келесі қадам болып табылды. Бағдарламаның бас мақсаты ұлттық тарихтың тұтас көрінісін қалыптастыру, отандық тарихтың өзекті мәселелерін зерттеу, тарих ғылымын жаңғырту. Бағдарлама аясында шетелдік мұрағаттардан Қазақстан тарихына қатысты деректерді іздеуге бағытталған іс-сапарлар, іргелі зерттеулер, жаңа үлгідегі оқулықтарды құрастыру, жаңа заман талаптарына сай зертханаларды және зерттеу орталықтарды ашу, сондай-ақ басқа іс-шаралар атқарылды [2].

Президенттің бастамасымен 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы еліміздің ең үлкен мерекесі ретінде аталып өтті. Президент Н.Назарбаев осы мерейтойға арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде: *«Оның үстіне Қазақ хандығының шаңырағын көтеріп, айбынын асырған ұлы хандарымыз бен даңқты батырларымыздың есімдері біртіндеп ел жадынан өшіріле бастады. Өз ішімізден шыққан оларды жамандағыштар құрметке бөлгенді. Елімізде ханның, не батырдың ескерткіші тұрмақ, олардың атында білім мен мәдениет нысандары, керек десеніз, жалғыз-жарым көше де болған жоқ. Қазақ хандарының аты атала қалған жағдайда оларға үстем тап өкілі ретінде келеңсіз баға беріліп, қисынсыз айып тағылды. Бұл туралы ақын Ғафу Қайырбеков кезінде: «Басқаның патшасының бәрі жақсы. Неліктен біздің хандар жаман болған?» деп ашына жазған болатын. Ұлт жадының тамырына балта шабуға арналған осындай сұрқай саясаттың небәрі ширек ғасыр бұрын орын алғанына сенудің өзі қиын. Бірақ кеңес*

заманының ащы шындығы дәл осындай болатын» [9] деп тарихи жадыны жаңғыртуға бағытталған мерейтойды өткізу себебін түсіндірді.

Тарихи сананы жаңғырту оңай іс емес екендігін ескерсек, Елбасының бастамалары бір-бірін толықтырған, тереңнен ойластырылған дүниелер. Астанадағы жаңа көшелерге тарихи тұлғаларымыздың, көне қалаларымыздың, жер-су атауларының берілуі де осы кешенді жоспардың бір бөлшегі. Президент астананы Алматыдан Арқа төсіне көшірген сәтте қалада ең бірінші тұрғызылған ескерткіш Кенесары ханға арналған болатын. 1990 жылдардың басында батырлар мен хандардың, 1995 жылы ұлы Абайдың мерейтойларын атап, 2000 жылы Түркістанның 1500 жылдығын тойлау, 2001 жылы Астанаға Күлтегін ескерткішінің көшірмесінің әкелінуі, 2009 жылы «Қазақ елі» монументінің ашылуы, 2011 жылы Астанада «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының орнатылуы ұлттық тарихты насихаттап, елдік дәстүрді бұқараның санасында жаңғыртуға бағытталған жүйелі де салмақты саясаттың көрінісі мен нәтижесі [10, 7-6].

Қорыта айтсақ, тарихи жадыны жаңғыртуға бағытталған реформалардан елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тура бастамалары анық байқалады. Тарихи сананың қалыптасуына «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» «Ұлы даланың жеті қыры» мақалалары да арналған. Н.Ә.Назарбаев әр кез бұл мәселені басты назарда ұстады, соның нәтижесінде посткеңестік кезеңде бірталай құжаттар қабылданып, тарихи жады мен ұлттық сананы жаңғыртудың сара жолы салынды. Тарихи жадыны қалпына келтіру жұмысы алдағы уақытта да жалғастырылуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Тайжанов А.** Тәуелсіздік және ұлттың рухани болмысы мен санасы. // Егемен Қазақстан. - 2011. - 17 желтоқсан. - 7-8-бб.
2. **Сметова А.Т.** ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың саясаты және отандық тарих ғылымының даму үдерісі. – 2015. – 5 ақпан. //e-history.kz/kz/contents/view/2687
3. **Тұрлығұл Т.Т.** Қазақ, қазақстан тарихын оқыту шежіресінен. – ҚМҚПИ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2008. - № 2(3). -130-140-б.
4. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. // Егемен Қазақстан. – 1995. – 30 маусым. – 2-б.
5. **Сатершинов Б.** Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФЖСИ КБО, 2011. – 291-б.
6. **Назарбаев Н.** Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288-бет.
7. **Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А.** Қазіргі Қазақстан тарихы: Жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арналған оқулық / Б.Ғ.Аяғанның жалпы редакциясымен. – Алматы: Раритет, 2010. – 448-б.
8. «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының 2009 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы. //adilet.zan.kz/kaz/docs/P080001016_
9. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі. - 2015. - 11 қыркүйек. <http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal>
10. **Қарин Е.** Ұлттық идеологияның темірқазығы – мемлекеттілік. // Егемен Қазақстан. - 2014. - 31 қазан. – 7-б.

МОДЕРНИЗАЦИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ

в системе развития полиэтнического Казахстана общества

Марал КАЛИЕВА,
доктор политических наук, доцент, главный
научный сотрудник Института истории
государства Комитета науки МОН РК

Для развития социальных и общественных процессов историческое сознание имеет большое значение. Из поколения в поколение передаются знания и опыт, представления и социокультурные ценности, традиции и обычаи народа. Казахстан – полиэтническое государство. Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев в своем выступлении на встрече с избирателями в Алма-Ате 15 ноября 1992 г. подчеркнул, что «специфика многонационального Казахстана имеет огромные преимущества. Дружба народов – не только наше главное достояние, но наша вера, наша надежда» [1].

Историческое сознание оказывает воздействие на формирование ценностных ориентаций полиэтнического общества, способствует укреплению этнического самосознания, бережному отношению и сохранению самобытности социокультурных традиций и обычаев этносов. Важна модернизация исторического сознания на основе общечеловеческих ценностей в процессе развития межэтнических отношений. В этом плане большую роль играют такие аспекты, как рост образованности, причастность к достижениям национальной и мировой культуры, ценности демократии, патриотизма, гражданственности, толерантности.

Одними из составляющих исторического сознания являются исторические знания. Общественно-познавательная, мыслительная деятельность людей основывается на усвоении исторических явлений и событий. Исторические знания базируются на изучении фактов истории через систему образования. Они способствуют созданию представлений об историческом пути развития страны, ее месте и роли в мировом сообществе. Исторические знания и представления являются необходимым компонентом формирования интереса к истории и становления исторической памяти.

Историческая память выступает как способность человека в устной и письменной форме сохранять, воспроизводить и передавать знания, приобретенные в ходе обучения, приобщения к достижениям культуры и искусства, усвоения опыта и практики предыдущих поколений, использования социальных сетей и инновационных технологий в современных условиях развития общества. Историческая память как определенная форма общественного сознания и социальной памяти отражает процессы развития общества. Она аккумулирует приобретенный исторический опыт и трансформируется в духовный капитал, который дает возможность обществу всесторонне и поступательно двигаться вперед, формировать историческую идентичность.

Историческое сознание является одним из основополагающих компонентов, регуляторов социальной жизнедеятельности общества. Оно способствует выработке умений и навыков самостоятельно получать исторические знания и анализировать их. Изучение истории дает возможность овладеть широтой знаний о мировой цивилизации, постичь ценности общечело-

веческой культуры и осмыслить глубину наследия Великой степи.

Статья Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева «Семь граней Великой степи», вышедшая в свет 21 ноября 2018 года [2], создает основу для выработки и реализации новых концептуальных подходов модернизации исторического сознания. В системе научных исследований и познаний происходят глубокие изменения, связанные с повышением роли инновационных технологий в развитии общества, складыванием новых социокультурных ценностей и представлений. Модернизация исторического сознания в аспектах осмысления наследия Великой степи, неразрывной связи преемственности поколений, воспитания чувства патриотизма и гордости за свою страну предполагает активное исследование и изучение национальной истории. Важно понять и осмыслить ход исторического процесса. Историческое сознание является ресурсом самоидентификации общества, отражает характерные черты и признаки, социокультурные и ценностные аспекты жизнедеятельности людей.

Единый вектор материальной и духовной сторон в познании исторического процесса – один из ведущих компонентов модернизации исторического сознания. Современный аспект исторического познания предполагает применение синтетического подхода как одного из инновационных методов углубленного и системного анализа исторического процесса. В данной концепции историческое сознание аккумулирует в себе происходящие изменения в единстве пространства и времени во всех сферах развития общества. Материальные и духовные факторы рассматриваются во взаимодействии и взаимовлиянии, что способствует рассмотрению исторического процесса в единой целостной форме.

Составной частью исторического сознания является формирование мировоззрения в контексте теоретико-концептуального прогнозирования будущего. В этом плане историческое мышление предполагает изучение социума в его развитии. Историческое мышление проявляется в познании исторической реальности и действительности, фактов и процессов. Оно способствует продуцированию новых идей и концептов, проецированию стратегической перспективы, укреплению преемственной связи поколений.

Идейные концепты статьи Президента РК Н.А.Назарбаева «Семь граней Великой степи» раскрывают значимость наследия Великой степи в развитии полиэтнического казахстанского общества. Целевые программы «Архив – 2025», «Великие имена Великой степи», «Генезис тюркского мира», «Музей древнего искусства и технологий Великой степи», «Тысяча лет степного фольклора и музыки», «История в кино и на телевидении» являются новыми трендами осмысления национальной истории и культуры [3]. Каждый из вышеобозначенных проектов выявляет новые аспекты исследования национальной истории, имеет глубокое смысловое содержание по

модернизации исторического сознания.

Теоретико-прикладные направления осмысления исторического пути развития казахстанского общества, места и роли Казахстана в мировой истории **по статье Главы государства Н.А.Назарбаева «Семь граней Великой степи»** были рассмотрены в ходе работы крупных научно-практических форумов, проходивших с участием коллектива ученых Института истории государства Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан. Так, **7 декабря 2018 года состоялась международная научная конференция «Рухани жаңғыру: формирование исторического сознания», организованная Фондом Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы и Институтом истории государства Комитета науки МОН РК.** Она была приурочена к 10-летию образования Института истории государства КН МОН РК.

Центральное место в выступлениях ведущих отечественных и зарубежных ученых из Азербайджана, Кыргызстана, Российской Федерации, Турции, США, Украины занимали ключевые положения по изучению наследия Великой степи, разработке и внедрению новых методологий изучения национальной истории, аспекты и технологии модернизации исторического сознания.

Существенный интерес представляет коллективная монография «Горизонты национальной истории (Развитие исторической науки Казахстана в эру Независимости)», изданная под редакцией **Аяғана Бүркітбая Ғелманұлы – директора Института истории государства КН МОН РК, члена Национального совета РК, доктора исторических наук, профессора [4].** Данная работа посвящена исследованию роли и значимости развития исторической науки в годы независимости. В ней раскрыты институциональные основы развития исторической науки, объектом научного исследования является история независимости Казахстана. В монографии использован обширный пласт источниковедческого и историографического материала, что наполнило ее содержание инновационными методами изучения истории, способствовало углубленному анализу различных сфер жизнедеятельности общества, выявило актуальные темы исследования. За годы независимости *«историческая наука достигла определенных успехов и получила благоприятные возможности для поступательного развития и научного поиска, свободного от идеологических догм прошлого»* [5, с.8]. В данном труде ученых отражены сущность, тенденции и перспективы развития модернизационных процессов в полиэтническом казахстанском обществе. Во введении монографии подчеркнуто: *«Изучение исторических процессов государствообразующего этноса одновременно предполагало изучение истории и культуры этносов, в разное время и по разным причинам прибывших на территорию Казахстана»* [6, с. 28]. Данное положение раскрывает глубину исследования исторических процессов в годы независимости, широту применения концептуально-методологических подходов и междисциплинарных связей, всесторонний анализ источников.

Существенного внимания заслуживает представленное в монографии исследование ученого Н.С.Лапина, посвященное историческому сознанию казахстанцев. На основе анализа обширного спектра научных публикаций, материалов социологических исследований автор приходит к выводу, что *«в современном казахстанском обществе, хотя процесс и не завершен, но в целом уже формируется общеказахстанское историческое сознание»* [7, с.281].

Большое значение для осмысления исторического наследия, исследования и изучения национальной истории как составной, неразрывной части мировой истории; анализа роли и значения модернизации исторического сознания в развитии полиэтнического казахстанского общества имеет **Круглый стол «Инновационные концепции в работе Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева «Семь граней Великой степи»** с участием видного государственного и общественного деятеля, дипломата, «Қазақстанның Еңбек Ері», народного писателя, поэта, руководителя Республиканского государственного казенного предприятия «Государственный музей «Центр сближения культур» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан **Олжаса Омаровича Сулейменова** и известных ученых-тюркологов, историков, археологов, состоявшийся **15 января 2019 года в г. Астана в Тілеп-Қобыз сарайы.** Организатором мероприятия выступил Институт истории государства Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан.

Круглый стол был посвящен раскрытию новых концептуальных подходов и идей по изучению национальной истории, модернизации исторического сознания, озвученных в программной статье Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева «Семь граней Великой степи». В работе Круглого стола приняли участие депутаты Сената и Мажилиса Парламента Республики Казахстан, известные государственные и общественные деятели Казахстана, ученые, преподаватели, представители Министерств и ведомств, Дипломатических миссий зарубежных стран, широкой общественности, средств массовой информации, что свидетельствует о живом интересе к национальной истории.

В выступлениях участников Круглого стола подчеркивалось, что конкурентоспособное развитие полиэтнического казахстанского общества в условиях вызовов, рисков и реалий глобального мира XXI века выявляет актуальность и необходимость восстановления и сохранения памятников, связанных с великими именами и важными событиями в истории Великой степи, значимость музейного дела в формировании у молодежи патриотизма и сопричастности к национальной истории, важность разработки и издания нового поколения учебников и учебно-методических пособий по истории Казахстана для средней школы и высших учебных заведений на основе введения в научный оборот новых архивных документов и материалов.

Анализ вышеприведенных данных позволяет сделать вывод о том, что воспитание патриотических чувств, гражданской и социальной ответственности у граждан является неотъемлемой частью развития полиэтнического казахстанского общества в условиях реалий XXI века. Процесс глобализации представляет собой не только создание и функциональность общемировой системы транснациональных экономик, свободное и открытое перемещение финансов, товаров и рабочей силы. С точки зрения социокультурной составляющей, это очень сложный процесс, который может привести к стиранию особенностей развития национальных культур и духовных ценностей современных обществ. Глобализация – это реальность нашего времени. Она диктует необходимость формирования новых концептуальных подходов для сохранения и развития исторической памяти, модернизации исторического сознания.

Историческое сознание воспроизводит в созна-

нии людей свойства истории, изучение которой призвано раскрыть связь отечественной истории с мировой историей. Историческое сознание – это один из важнейших факторов самопознания окружающего мира. Семья, образование, социальные сети, кино, телевидение, театры, музеи, литература, аудио-видео ресурсы, средства массовой информации являются ведущими сегментами восприятия и осмысления культурного наследия, исторического прошлого, явлений и событий современного мира. По мнению ученого Р.А.Нуртазиной, «СМИ являются мощным средством воздействия на сознание людей в гражданском обществе» [8, с.35].

Национальная история объединяет и консолидирует полиэтническое общество. **Исследователь Б.Жумагулов полагает:** «Под национальным единством понимается целостность существования этнических общностей в составе единого государства, высокая степень самоидентификации граждан страны с Республикой Казахстан, с существующей системой ценностей и идеалов, которые близки абсолютному большинству казахстанцев и консолидируют общество в единое целое» [9, с.342].

Ценности, имеющие интегрирующий характер, являются одними из ключевых ресурсов модернизации исторического сознания. **К таким в полиэтническом казахстанском обществе следует отнести следующие:**

1) Республика Казахстан – это единое полиэтническое государство, родина всех проживающих на его территории этносов;

2) верховенство законов, согласно которому представители всех этносов имеют равные конституционные права и возможности для реализации своих потребностей и творческих потенциалов [10];

3) принципы демократии, гражданственности, толерантности, ответственности и патриотизма как одни из основополагающих концептов общественной и социальной жизнедеятельности граждан;

4) соблюдение прав личности как фактор межэтнического согласия и стабильности в обществе;

5) развитие гуманизма как принцип нравственности и социокультурное явление.

Как показывает мировая практика, социализация гуманизма занимает большое место в жизни современного социума. Образование, сфера деятельности человека, гражданское общество – основные сегменты осуществления этого процесса. Содержание гуманизма определяется социальными факторами. Целевое назначение гуманизма состоит в сохранении и развитии человеческого общества, культурного многообразия. Наследие исторических личностей Великой степи раскрывает их роль и вклад в социальную эво-

люцию и социокультурную преемственность поколений, в развитие общества в различные периоды исторического прошлого.

Таким образом, модернизация исторического сознания в системе развития полиэтнического казахстанского общества является одним из факторов социализации этносов, гармоничности межэтнических отношений, укрепления гражданского мира и согласия. Модернизация исторического сознания способствует стабильности и конкурентоспособности Казахстана, предполагает динамику роста в рейтинге современных государств, прогнозирование стратегического будущего.

ЛИТЕРАТУРА

1. Архив Президента Республики Казахстан. Выступление на встрече с избирателями в Алма-Ате 15 ноября 1992 г. Ф.7, оп.1, д.420а, л.8.
2. Статья Главы государства «Семь граней Великой степи» 21 ноября 2018 URL: <http://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi> (дата обращения: 28.01.2019).
3. Там же.
4. Горизонты национальной истории (Развитие исторической науки Казахстана в эру Независимости). Коллективная монография. Под редакцией Б.Г.Аягана. – Астана: ТОО «Дәме», 2018. – 379 с. + 16 с. вклеек.
5. Аяган Б.Г. Введение / Горизонты национальной истории (Развитие исторической науки Казахстана в эру Независимости). Коллективная монография. Под редакцией Б.Г.Аягана. – Астана: ТОО «Дәме», 2018. – С. 5-13.
6. Аяган Б.Г., Еримбетова К.М. Вклад казахстанских ученых в реформирование исторической науки / Горизонты национальной истории (Развитие исторической науки Казахстана в эру Независимости). Коллективная монография. Под редакцией Б.Г.Аягана. – Астана: ТОО «Дәме», 2018. – С. 14-43.
7. Лапин Н.С. Историческое сознание казахстанцев / Горизонты национальной истории (Развитие исторической науки Казахстана в эру Независимости). Коллективная монография. Под ред. Б.Г.Аягана. – Астана: ТОО «Дәме», 2018. – С. 263-281.
8. Нуртазина Р.А. Аспекты политической журналистики в контексте Стратегии «Казахстан-2050» / «Казахстан-2050 Стратегиясы» аясында журналистік білім берудің бүгіні мен болашағы: атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2014. – Б.33-38.
9. Жумагулов Б. Национальная идея «Мәңгілік Ел» и проблемы укрепления межнационального согласия / «От казахского ханства к Независимому Казахстану». Материалы международной научно-практической конференции. (22-23 мая 2015 года) / Под общей редакцией Б.Г. Аягана. – Астана: Институт истории государства, 2015. – С. 342-346.
10. Конституция Республики Казахстан URL: http://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitution (дата обращения: 28.01.2019).

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – саяси жүйенің маңызды бір белесі

Ақмарал ӨМІРБЕКОВА,
Қазақ мемлекеттік Қыздар
педагогикалық университетінің магистранты

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастама-сымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргі кезде халық өкілдігінің институты ретінде сапалық тұрғыда жаңа деңгейге көтерілді. Сол себепті оның

ғылыми, білімдік, тәрбиелік және идеологиялық қызметі мейілінше артып келеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Мемлекет басшысы ұлтаралық қатынастардың

үйлесім табуын мемлекеттің ішкі саясатының ең басты өзегі деп қарады. Егер тарих ғылымының алдында тұрған міндеттерді бетбұрыс кезеңінің талаптары тұрғысынан сараласақ, тарихшылардың туған халқы алдындағы нақты атқаратын міндеттерін айқын көруге болады.

«Осы жылдар ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының мақсат-міндеттері қандай болды?» деген сұраққа зерттеуші Ж.Х.Жүнісова Ассамблеяның міндеттері қойылған мақсаттардан туындады және келесідей анықталды деп санайды:

- Қазақстан ұлыстарының рухани жаңаруы мен дамуына жәрдемдесу;

- этносаралық сипаттағы мүмкін болатын шиеленістер туралы ескерту және бірлесіп шешімін табу;

- этносаралық сан алуандықты ескере отырып, қоғамдық-саяси өмірді зерттеу және талдау;

- ұлттық саясатты жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындау;

- этникааралық қатынастар тақырыбында Президентке нақты, тәжірибелі ұсыныстар беру [1].

Ал, бұл сұраққа саясаттанушы Т.Исмагамбетовтың пікірінше, Ассамблеяның қызметі келесі міндеттерді шешу үшін бағытталған:

- республикада этносаралық және конфессияаралық келісімді, қоғамдағы тұрақтылықты сақтау үшін жәрдемдесуге;

- Қазақстанның аумағында тұратын этнос өкілдерінің арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынасын дамытуға мүмкіндік туғызатын, олардың рухани-мәдени жаңғыруына және теңдік қағидасын сақтау негізінде дамуына жәрдемдесу үшін, мемлекеттік саясатты өткізу бойынша ұсыныстар дайындау;

- өркениетті және демократиялық қағидаларға сүйенетін азаматтардың саяси мәдениеттерін қалыптастыру;

- мемлекетпен жүргізілетін ұлттық саясатта әр алуан ұлттық мүдделерді есепке алуды қамтамасыз ету;

- қоғамда пайда болатын әлеуметтік қайшылықтарды шешу үшін, ымыраларды іздеу [2].

«Егеменді көп ұлтты елімізде халықтар жарастығын нығайту мәселелері қоғамдық ғылымдарға үлкен міндеттер жүктеп отыр. Интернационалдық және патриоттық тәрбие ісінде жүйелі сипат беруге, оның ішінде ғылыми негіздерін жетілдіруге ат салысуымыз керек. Ұлттық қатынастар саласында болып жатқан процестер мен тенденцияларға терең талдау жасап, реалистік тұрғыдан бағалау, халықтар достығын нығайтуға бағытталған ұсыныстар жасау қоғамдық ғылымдар өкілдерінің негізгі парызы» [3].

Бұл мәселелердің ішіндегі ең маңыздыларының бірі – азаматтық мәселесі. Бұл жолда Азаматтық жөніндегі заңға түрлі толықтырулар енгізіліп, Қазақстан мен Ресей арасында азаматтыққа қатысты Меморандумге, кейін белгілі келісімдерге қол қойылды. Орталықтардан және басқа да жерлерден мемлекеттегі тұрақтылықты бұзатын қарама-қайшылықтарды анықтап, олардың алдын алуға жағдай жасайтын сенімді механизмдерді іздестіру жалғасуда. Облыстарда саяси күштер мен мүдделердің үлкен спектрін жинақтауға бағытталған шағын Ассамблеялар ұйымдастырылған. 1995 жылдың 24 наурызында 120 мемлекеттік емес ұлттық білімдердің, қоғамдық-саяси, мәдени-ұлттық діни қозғалыстардың мүдделерін көрсететін Қазақстан халықтарының Ассамблеясының бірінші сессиясы өтті [4].

Осылайша әр қадам басқан сайын экономикалық саяси, хұқықтық негіздер қалыптасты. Жалпы айтқанда, ұлттық саясатты іске асыруда өткізілген жұмыстарды қорытындылай отырып, келесідей оң нәтижелерге қол жеткізгендігін атап өту керек:

Бірінші. Қазақстанда көп ұлттық және көп конфессиялық қоғамның консолидациясын қамтамасыз ететін стратегия жасалды және белсенді жұмыс жасауда.

Екінші. Қазақстанда азаматтарға этникалық және діни ерекшеліктерге қарамастан, құқық теңдігін қамтамасыз ететін барлық азаматтардың саяси және азаматтық қоғамы негіз болған құқықтық база пайда болды және жұмыс істейді. Бұл принцип мемлекеттің этникааралық саясатының негізінде жатыр. **Қазақстандағы ұлттық саясаттың құқықтық негізін заңдық нормалар мен актілер жинағы құрайды:** Қазақстан Республикасының Ата Заңы, Тіл саясатының Концепциясы, «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» заңы. Қазақстан Республикасының Конституциясында Ұлтаралық келісімді бұзуға себеп болатын кез келген әрекеттер заңға қарсы болып есептеледі. Жалпы Елдің ұлт саясаты заңның басқару және ұлт құқықтары мен адам құқықтарының саналы сәйкестігіне негізделеді [5].

Үшінші. Қазақстанның жүргізіп жатқан этникааралық саясатының тәжірибесі әлемдік қауымдастықта құнды деп танылған.

Төртінші. Қазақстанда жүйеге түскен тіл саясаты жүргізілуде, Қазақстан – бұл мәселені күрделі қақтығыстарсыз шешкен елдердің бірі. Ел азаматтарына, әсіресе, жастарға мемлекеттік тілді меңгерту істері белсенді жүргізілуде. Қазақстанның тілдік байлығы жалпы қазақстандық мәдениетті байытады және де көп ұлтты Қазақстанның ынтымақтастығын нығайтудың басты факторы ретінде көрінеді.

РЕЗЮМЕ

Эта статья посвящается Ассамблею народов Казахстана. В 1992 году в прежней столице Алматы был создан Первый форум народов Казахстана. Здесь Главой государства Н.А.Назарбаевым была высказана идея о необходимости работы этого форума на постоянной основе. Так, в своем выступлении наш Президент отметил, что «не одно поколение казахстанцев создавало наше главное достояние – дружбу народов, надо повседневно слышать голос каждого народа, любой национальности. Именно поэтому необходимо перевести форум на постоянную основу, создать новый общественный институт – Ассамблею согласия и единения народов Казахстана».

Ключевые слова: Ассамблея, Президент, этнос, конференция, форум.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Джунусова Ж.Х.** Республика Казахстан: Президент. Институты демократии. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 118 с.
2. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы, – Астана, 11 Қараша 2014.
3. **Исмагамбетов И.** Ассамблея народа Казахстана: статус и возможности// <http://www.assambleja.kz>.
4. **Назарбаев Н.Ә.** Қазақстан халықтарының Ассамблеясы. 10 жыл [Мәтін]: Қазақстан халықтары Ассамблеясының 1-10-сессиядағы баяндамалар жинағы. Астана, 2005.
5. **Назарбаев Н.Ә.** Қазақстан халықтарының Ассамблеясы-этносаралық ықпалдастықтың басты тетігі // Арқа ажары -2003, 25 желтоқсан.

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

(Жаңартылған білім мазмұны бойынша)

Гүлкыз ЖУСАНБАЕВА,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық
университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында басты мақсат етіп қойылғандай: «экономиканың орнықты дамуы үшін білім берудің және ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамытудың» [1] мәні зор. Сондықтан бүгінгі күні қолданысқа енгізіліп отырған жаңартылған оқу бағдарламасының басымдықтарын жүзеге асыруда ұстаздарға жүктелетін жұмыс пен міндеттің ауқымы айрықша.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты: «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту, критериялды бағалау жүйесін енгізу және мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру болып табылады.

Жаңартылған бағдарламаның басымдықтары:

-Білім беру жүйесі әлемдік білім беру стандартымен сәйкестенеді;

-Бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырады;

-Табысты өмір сүру дағдысын қалыптастырады;

-Үштілді толық білетін тұлға қалыптасады;

-Функционалдық сауаттылық қалыптасады;

-Тәжірибелік дағдылары дамиды;

-Мұғалімдердің кәсіби шеберлігі жетіледі. Осы басымдықтардың негізінде ХХІ ғасырда Қазақстандағы білім жүйесі әлемдік стандарттарға сәйкестенеді.

Осы жаңа оқу бағдарламаларының ерекшелігі – оның ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталғандығында: ақпаратты іздеу, талдау және интерпретациялау дағдыларын дамыту; адам, табиғат және қоғам туралы оқушылардың бастапқы білім қорларын қалыптастыру (әлемнің біртұтас бейнесі); рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту; оқудың функционалдық дағдыларын негіздеу: санау, оқу, жазу, өз ойын нақты әрі дәл жеткізе білу, себеп-салдарлы байланыстар орнату.

Қазіргі таңда еліміздегі білім беру жүйесінің басты міндеті – оқу процесінде белсенді оқыту әдістерін тиімді қолдану арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасау, өмірге жан-жақты даярланған тұлға етіп шығару. Мұндай оқу әр оқушының белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады.

Белсенді оқу барысында мұғалім:

- барлық оқушылардың оқу үдерісіне қатысуын қамтамасыз ететін жағымды оқу ахуалын қалыптастыруға;

- сенімді, жауапты, белсенді, жаңалыққа ұмтылатын және өзінің іс-әрекетін талдап, рефлексия жасай білетін оқушыларды тәрбиелеуді мақсат етуге;

- оқушылардың дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар мен белсенді әдіс-тәсілдерді қолдануға;

- алға қойылған оқу мақсаттарына қол жеткізу арқылы жоспарланған сабақты тиімді өткізу үшін мате-

риалдарды, ресурстарды және қосымша құралдарды пайдалана отырып, бүкіл сынып қатысатын, топтық немесе жұптық жұмыс түрлерін, оқушылардың жеке жұмыс істеуін ұйымдастыруға;

- оқушыларды мадақтап, оқуға еліктіре, қызықтыра отырып, ұғымдарды түсіндіруде және мағынасын ашуда, нұсқаулық беруде түсінікті, анық, қарапайым тілді пайдалануға;

- оқушылардың оқуын бақылап, оларға кері байланыс ұсынуға тиіс [2, 30-6.].

Тарих сабағында оқушылардың топтық ізденіс жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді жолдарының бірі – топтық жұмыс. Тарихшы мұғалімнің топтық жұмыстарды ұйымдастыру барысында ұстанатын басты міндеттерінің бірі жас ұрпақтың өз елінің басынан өткен тарихи оқиғаларының маңызын түсінуге, қазіргі ел тағдырымен тарихи сабақтастық орнатуына өз үлестерін қосуға бағыттау. Топтық жұмыстың нәтижесін бағаламас бұрын топтық жұмыс арқылы қандай нәтижелерге қол жеткізуге болатынын саралайық. Жаңартылған технологиялардың элементтерін пайдалану арқылы тарих сабағында топтық тиімді жұмысына қолдау көрсетіп, оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Сыныппен жүргізілетін топтық жұмысқа арналған тапсырмалар барлық сыныпты оқытумен қалай байланысты, барлық оқушыларды қамту, талқылау барысында оқушыларға олар қолдана алатын дағдылар, стратегиялар мен ережелер туралы ескерту арқылы іске асырылады. **Тарих сабағында топтық бағытында жүргізілетін сабақты ұйымдастыруда мынадай әдістер тиімді. Біріншіден,** оқылатын тақырыптың мазмұнын зерттей отырып, стратегияларды таңдап алу; **екіншіден,** оқушылар білімін бағалау өлшемдерін анықтау; **үшіншіден,** оқушылардың сөйлеуіне, ойлауына жағдай жасау басты мәселе болып саналады. **Тарих сабағында топтық жұмысты жүргізу бағыты мынадай бөлімдерден тұрады:** өткізілетін сабақ барысында топтық жұмыстың мазмұнын толық жоспарлау; Сол жоспар бойынша іс-әрекет жасау; Мұғалім оқушылар іс-әрекетін бақылауы; Сабақ барысында ой тұжырымдар жасауы, ойластыруы; Оқушылар білімін өзара объективті бағалауы жатады. Берілген тапсырма бойынша топтағы оқушылар өздерінің көзқарастары мен пікірлерімен бөлісіп, жұмыс барысын анықтайды.

Топтық зерттеушілік жұмыс барысында оқушылар сыныпта шағын топтарға бөлініп, берілген тапсырмаларды өз топтарымен зерттеп, жинақтап өзіндік тұжырымдар жасап қорытындылайды.

Деректермен жұмыс – берілген тапсырма бойынша басты тарихи оқиғаларға, мемлекеттің қалыптасуы, жеке тұлғаның өміріне қатысты мәліметтерді жинақтау барысында газет-журналдар мен мұрағат пен мұражай деректерін қолданады.

Талқыланған мәселе бойынша жоба құру, қор-

ғау: әр топ берілген тақырыптар бойынша жоба құрып, топтар алдында өз бағыттарын қорғайды.

Рефлексия – оқушылар өздірінің топтық жұмыстарын қорытындылап, өз топтарымен жұмыс соңында есеп береді.

Тарих сабақтарында топпен оқыту арқылы мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады: топқа бөлініп оқу сынып ішінде ынтымақтастық атмосфера-сын қалыптастырады, оқушылар бірлесіп топ ереже-сін құрады, сол ережеге бағынады, оқушылардың әр тақырыпты меңгеруі әр түрлі деңгейде болады. Сол себепті жұптық, топтық жұмыс бұл пәнге сай келеді. Сабақта тақырыптың мазмұны мен мәнін ашып, тарихи фактілерді дәлелдеу үшін әр түрлі тәсілдерін пайдаланғанда жақсы нәтижеге қол жеткізуге, оқу-шылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады. Осындай жұмысты бағалағанда нәтижеге емес, оқушының ынта мен қызығушылығына назар аударылады. Сабақ соңында мұғалім жаңа материалды ғана емес, ненің ұнағандығын, қандай тәсілдердің қолайлылығын да талқыға салып отыру керек.

Әр сабақта білім алушыларды шағын топтарға бөліп, сол арқылы олардың бірлесе жұмыс жасауына қолайлы жағдай жасау керек. Білім алушыларды шағын топтарға 4-5 адамнан бөлген тиімді. Олардың партаны жағалай бір-біріне бет қаратып отырғаны дұрыс.

Топқа бөлу әдетте кездейсоқ түрде жасалады. Алайда жыл бойы әр білім алушы басқалармен барлық сабақтарда топ құрамында жұмыс жасап шығуы керек. Мұндағы басты мақсат – білім алушылардың бір-бірімен тиімді қарым-қатынас құрып, ортақ тіл таба білуіне ықпал жасау. Топқа бөлуді әрекетке негіздеп, қызықты қылып өткізген жөн.

Топтық жұмыстарды ұйымдастыруда ұжымдық та-нымдық іс-әрекеттердің әр түрлі формалары мен түр-лерін жүзеге асыру маңызды орын алады. Бұл үшін мұғалім топқа бөлудің қызықты тәсілдерін қолдану керек. Ұстаз топқа бөлінудің алуан түрлерін, мысалы, жылдың төрт мезгілін, сурет қиындыларын, сандар-ды, геометриялық фигураларды, түстерді, жемістерді, гүлдерді немесе өңдерді және т.б. таңдау арқылы іске асатынын көрсеткені жөн.

Топтық жұмыс формасын ұйымдастыруда бірін-бірі бағалау әдісін де қолдануға болады. Бағалау әдісі білім алушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға; таным үдерістерін дамытуға; белсенді сөздік қорын дамытуға; тұлғаның қарым-қатынас, танымдық, сыйласу, шығармашылық тұрғыда өзін-өзі құлшындыру, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанғаттандыруға әсер ететіні сөзсіз.

Топтық бірлескен жұмыстан соң (талқылау, пікірлесу, ой қозғау, тәпсірманы бірлесе орындау, т.б.) әр топқа өз пікірі мен көзқарасын жариялау мүмкіндігін беру керек. Ол үшін топ атынан бір білім алушы (топ басшысы, шешен, спикер, капитан т.б.) берілген уақыт ішінде өз ойлары мен ұйғарымдарын ортаға салады.

Осылайша, бірлескен топтық жұмыс барысында бі-лім алушылар білім ала отырып, өзара түсіністікке қол жеткізеді. Топпен жұмыс істегенде білім алушылардың бастары бірігіп, араларында бір-біріне деген жылы сезімдер орнайды.

Оқушылардың бойында тарихи түсінікті дамы-туға мүмкіндік беретін әдістердің бірі – рөлдік ойын. Оларды жүргізу алдында оқытушы әдістемелік тұрғыдан жан-жақты дайындалуы шарт.

Ол, әсіресе, мына мәселелерді алдын-ала мұ-қият таңдап алуы керек:

- әрбір білім алушы рөл ойнайды;

- білім алушылар шағын топтарда қандай да бір

рөлді атқарады;

- орындарын ауыстыруға болады.

Рөлдік ойын барысында мұғалімнің берілген та-қырыпты ашу үшін білім алушылардың қабілетін шың-дап, әрі өзінің де позициясын білдіруі шарт. Олар өз пікірлерін алдымен ауызша келтіріп, соңынан жазбаша есеп береді. Егер, білім алушылар өз қателерін анық-тай алса, бұл жайт ойынның өз мақсатына жеткендігін меңзейді.

Рөлдік ойынның тиімділігінің үш міндетті эле-менті:

1) **Тарихи деректерді талдау:** оқушылардың тарихи дерекпен жұмыс істеуі олардың жас ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін, сондай-ақ дайындық деңгейін ескере отырып, біртіндеп күрделене береді.

2) **Оқушыларға тарихи деректерден үзінді беруді жүйелі түрде жүргізу керек.** Тарих сабақтарында сұ-рақтарды қою маңызды орын алуда, дұрыс әрі нақты құрастырылған сұрақтарға ғана орынды жауап алуға болады.

3) **Сондықтан да мұғалімдерге «сатылап сұрақ қою» әдісін қолдану ұсынылады.** Бұл әдісте дерекке немесе белгілі бір иллюстрацияға қойылатын сұрақтар жеңілден қиынға қарай күрделенеді (Ұлттық білім академиясы) [2, 29-б.].

Бүгінгі күні білім беру жүйесі сабақ беру кезін-де ақпараттық құралдарды кеңінен қолдануды қажет етеді. Осылайша, білім беру үдерісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман тала-бынан туындап отыр. **Оқытудың ақпараттық технологиясы** – ақпаратпен жұмыс жасау үшін ар-найы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдар-ламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және бейнеқұралдар, компьютерлер, электрондық оқулық-тар, телекоммуникациялық желілер). Білім беру үдері-сін ақпараттандыру дүниежүзілік озық тәжірибелер-ге сүйеніп, жаңа типті оқытуды, әр білім алушының қабілетін жан-жақты дамыту үшін қолайлы жағдай туғызуды, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Кез келген сабақта әр түрлі тақырыптағы сурет-тер, сызбалар, тәсілдер арқылы графикалық иллю-страциялар негізінде ақпараттық технологияларды пай-далану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қал-пыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Осылайша, интербелсенді оқытуда білім алушы-лар бірлескен жұмыс пен танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту сияқты әре-кеттерді атқаруға дайын болуы керек.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында оқу-тәрбие үдерісін бүгін-гі күн талабына сай жаңаша ұйымдастыру жолында ұстаздар қауымының білім берудің философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін терең зерттеуінің, заманауи талаптарға сай білім беру технологиялары мен әдістерін кең түрде тиімді қолдануының маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000205>

2. «Қазақстан тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы // Мұғалімге арналған нұсқаулық. - «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ БАҚЫЛАУ ҮЛГІСІ

(Жаңартылған білім беру жүйесі бойынша. 8-сынып.)

Айжан ЫДЫРЫСОВА (Идирисова),
№21 жалпы орта білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

1-тапсырма. Салт-дәстүр атауларын ұғымымен сәйкестендіріңіз.

1	Ерулік	А	Ауыл тұрғындарының тегін, бірлесе көмек көрсетуі
2	Қалау	В	Табиғи апаттардан зардап шеккен отбасыларға ауылдастарының көмек қолын созуы.
3	Асар	С	Көшіп келген ағайынға арнайы дастархан жаю.
4	Жылу жинау	Д	Үйге келген қонаққа қалаған затын беру.
5	Ат-тон айып	Е	Жаңа түскен келінді туыстарымен таныстыру.
6	Беташар	Ғ	Қонақжайлық дәстүрді бұзғаны үшін үй иесіне салынатын айып.

2-тапсырма. Тест сұрақтарына жауап беріңіз.

1.«Сібір қырғыздары туралы» жарғыны құрастырушы: А. К.Горчаков. В. Г.Карелин, С.В.Перовский. Д. М.Сперанский. Е. П.Эсен.

2. 1822 ж. жарғы бойынша орта жүзде билік сатысы болды: А. Екі сатылы. В. Үш сатылы. С. Бес сатылы. Д. Алты сатылы.

Е. Жеті сатылы.

3. 1822 ж. Жарғы бойынша Орта жүз аудандары кірген облыс: А. Тобыл облысы. В. Шығыс облысы. С. Омбы облысы. Д. Солтүстік облысы.

Е. Орынбор облысы.

4. Аға сұлтанды сайлады: А. Бүкіл халық.

В. Билер. С. Рубасылар. Д. Сұлтандар. Е. Хан.

5. Жарғы бойынша жергілікті сот шешімдерін қайта қарау құқығы болды: А. Ауыл старшыны.

В. Билерде. С. Окруткіт приказдарда.

Д. Ру басылары. Е. Сұлтандарда.

6. Кіші жүздің соңғы ханы: А.Бөкей. В. Ералы. С. Есім. Д. Нұралы. Е. Шерғазы.

7. 1824 ж. «Орынбор қырғыздары туралы жарғы» бойынша Кіші жүздің жері бөлінді:

А. Батыс және шығыс. В. Солтүстік пен батыс және шығыс. В. Батыс, орта және шығыс.

С. Оңтүстік пен солтүстік. Е. Орталық пен шығыс.

3-тапсырма. Концептуалдық кестені толтырыңыз.

Нейіпкер	Тұлғалық сипатын жазыңыз	Көтеріліс басшысы ретіндегі рөліне баға беріңіз
С. Датұлы		
М.Өтемісұлы мен И. Тайманұлы.		
К.Қасымұлы.		

10-тапсырма. «Триада» әдісін қолданып, кестені себеп-салдарлық принципі бойынша құрастырыңыз.

«А» жолағы – тарихи оқиғалардың себептерін анықтаңыз.

«В» жолағы – тарихи оқиғалар көрсетілген.

«С» жолағы – тарихи оқиғалардың салдарын анықтаңыз.

А			
В	С.Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс.	М.Өтемісұлы мен И.Тайманұлы бастаған көтеріліс.	К.Қасымұлы бастаған көтеріліс.
С			

Ұпай қою кестесі.

р\с	Жауап	Сипаттамасы	Ұпай	Ақпарат
1	Ерулік	Көшіп келген ағайынға арнайы дастархан жайылу.	1	
	Қалау	Үйге келген қонаққа қалаған затын беру.	1	
	Асар	Ауыл тұрғындарының тегін, бірлесе көмек көрсетуі.	1	
	Жылу жинау	Табиғи апаттардан зардап шеккен отбасыларға ауылдастар көмегі.	1	
	Ат-тон айып	Қонақжайлық дәстүрді бұзғаны үшін үй иесіне салынатын айып.	1	
	Беташар	Жаңа түскен келінді туыстарымен таныстыру.	1	
2-8		2.Д	1	
		3.В	1	
		4.С	1	
		5.Д	1	
		6.С	1	
		7.Е	1	
		8.В	1	
9		С.Датұлының тұлғалық сипатын жазады.	1	Білім алушының балама дұрыс жауаптары қабылданады
		С.Датұлының көтеріліс басшысы ретіндегі рөліне баға береді.	1	
		М.Өтемісұлы мен И.Тайманұлының тұлғалық сипаттарын жазады.	1	
		М.Өтемісұлы мен И.Тайманұлының көтеріліс басшылары ретіндегі рөлдеріне баға береді.	1	
		К.Қасымұлының тұлғалық сипатын жазады	1	
		К.Қасымұлының көтеріліс басшысы ретіндегі рөліне баға береді.	1	
10		С.Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің себептерін жазады.	1	
		С.Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің салдарын жазады.	1	
		М.Өтемісұлы мен И.Тайманұлы бастаған көтерілістің себептерін жазады.	1	
		М.Өтемісұлы мен И.Тайманұлы бастаған көтерілістің салдарын жазады.	1	
		К.Қасымұлы бастаған көтерілістің себептерін жазады.	1	
		Барлық ұпай.		

Семей қаласы.

Қазақ тарихы

№3 (170), наурыз, 2019

САҚТАР ТУРАЛЫ ТАРИХИ МӘЛІМЕТТЕР

Бақытжан АҚДӨНОВ,
Ұшағаш негізгі орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Ұзақ мер./ жоспар:	5.2В. Сақтар. Зерттеу сұрағы: Қандай дереккөздер сақтар туралы мәлімет береді?	
Оқу мақсаттары.	5.3.1.1. Картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.3.1.2. Ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын білу.	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Сақтардың тайпалық құрамын айтады. Оқушылардың басым бөлігі: Сақ тайпалары бірлестіктерінің орналасқан жерлерін анықтайды. Кейбір оқушылар: Сақтар туралы ежелгі грек және парсы тіліндегі мәліметтерді салыстырады.	
Бағалау критерийлері	Картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсетеді; Сақ тайпаларының шығу тегін біледі; Қазақстан аумағындағы сақтар тұрақтарын зерттейді; Олар туралы дереккөздер, мәліметтерді талдайды.	
Тілдік мақсаттар	Пәндік лексика және терминология: сақ сөзінің мағынасы, тиграхауда, парадарайа, хаума-варга, исседон, аргипей, аримаспа, дайлар, Геродот, «Авеста» кітабы, Бехистун сына жазуы. Оқытудың тілдік мақсаты: сақтар туралы әңгімелейді (айтылым дағдысы); сақтар кестесін толтырады (жазылым дағдысы); тақырып бойынша мәтінмен жұмыс жасайды (оқылым дағдысы); Сақтар туралы бейне ролик көрсетіледі (тыңдалым дағдысы). Диалог құруға /жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Қазақстан аумағындағы тайпалық одақтар... Біздің анықтағанымыз... деректерде.... Сақтардың мекендеген жерлері... Қорытындысында...	
Құндылықтарды дарыту.	-Өткен тарихына құрметпен қара еліне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру. -Оқушылардың бойына жауапкершілік, ынтымақтастық орта құру, ашықтық, сыйластық, патриоттық қасиеттерді қалыптастыру.	
АКТ қолдану дағдылары.	«Ерден атаның әңгімелері» тарихи анимациялық бағдарлама. Сақтар туралы презентация сабақтың қосымша материалы ретінде оқу мақсаттарын, жетістік критерийлерін, тапсырмаларды орындауда көрнекілік қызметін атқарады.	
Бастапқы білім	Қазақстан аумағындағы тайпалық одақтар мен мемлекеттер. Сақ тайпалық одақтары бөлімінің бірінші тақырыбы.	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекеттер	Ресурстар
Сабақтың басы 7 минут	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Оқушыларды топқа бөлемін. I топ: «Геродот». II топ: «Страбон». «Сұрақты ұстап ал!» әдісі арқылы үй тапсырмасы сұралады. 1.Азиялық скифтер /гректер атаған сақтарды/. 2.Тиграхауда /Шошақ бөріктілер/. 3.Парадарайа /теңіздің арғы бетін мекендегендер/. 4.Хао-маварга/ хаома сусынын дайындайтындар/. 5.Анахарсис /сақ ғұламасы, данышпан /. 6.Сақтар туралы ежелгі грек және парсы тіліндегі мәліметтер / Геродот «Тарих» еңбегі, 9 кітаптан тұрады; Страбон еңбегі: «География» . / Парсы тілінде: «Авеста» кітабы, Бехистун сына жазуы /I Дарий/. Өзін-өзі бағалау: «Ғажайып сызғыш». Б.Бейнематериал «Ерден атаның әңгімелері». Тарихи анимациялық бағдарлама. Сақтар туралы. Не көрдің? Не білдің? Не сезіндің? Сабақ тақырыбы, оқу мақсаттары мен бағалау критерийлерімен таныстыру.	Қазақстан тарихы (Ежелгі заман). Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық/ Т.Омарбеков, Г.Хабижанова, Т.Қартаева, М.Ноғайбаева.- Алматы: Мектеп, 2017.
Тақырыпты болжау		
Сабақтың ортасы 26 мин	Картамен жұмыс: Қазақстан аумағындағы тайпалық одақтар. Тапсырма: Сақтардың мекендеген жерлерін көрсету. Сақ тайпаларының қоныстануын атау. Дескриптор: - кескін картада сақ-массагеттердің орналасуын белгілейді; - кескін картада сақ-исседондардың орналасуын белгілейді; - кескін картада сақ-аргиппейлердің орналасуын белгілейді; - кескін картада сақ-аримаспылардың орналасуын белгілейді. Бейнематериал арқылы сақтардың түрлерін, мекендеген аумағын бекіту. Тапсырма. Мәтінмен жұмыс. Қосымша. 1.Сақтар туралы мәліметтер. Т.1) Сақтардың мекендеген жерін сипаттайтын мәтін ұсыну. Өр топ өз жұмыстарын орындап, таныстырған соң топтар өзара бағалау жүргізеді. Критерийлері: Тапсырманың мазмұнын ашу. 1. Образды ашуда таңдалған сақ түрлерінің атрибутын /ерекше белгісін / көрсету. 2. Креативті таныстыру, жеткізу. Оқушылар төмендегі тапсырмаларды рөлге бөліп, орындайды: I топ: «Томирисінің Кирмен соғысы». II топ: «Шырақтың қаһарман ерлігі». Өзара бағалау: «Екі жұлдыз, бір ұсыныс».	Қазақстан тарихы. Авторлары: С.Ахметова, А.Ибраева, А.Құлымбетова және т.б. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017. «Ерден атаның әңгімелері». Тарихи анимациялық бағдарлама. Сақтар туралы. Мәтінмен жұмыс. Қосымша Сақ тайпалары. Қазақстан тарихы.
Сабақтың соңы 7 мин.	«Шеңбер» әдісі арқылы қорытындылау. Өзін-өзі бағалау: «Бағдаршам». Рефлексия: Жалғастырыңыз: Маған ... қызықты болды. Бұл ... қиындық туғызды. Осы ... мені ойландырды.	

Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Ұшағаш ауылы.

САҚТАРДЫҢ МӘДЕНИЕТІ

Нұрланат ДӨНБАЕВ (Донбаев),

Ғ.Мұратбаев атындағы шағын жинақты жалпы орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Оқу мақсаты:	Сақтардың қолданбалы өнердегі аң стилі туралы деректерді талдау.
Сабақ мақсаты:	Сақтардың ат-өбзелдері мен қару-жарақтар жасаудағы ерекшеліктерін анықтау.
Бағалау критерийі	Сақтардың өнеріндегі аңдық стилінің дамуы мен қару-жарақ, ат-өбзелдерінің түрлерін анықтайды.
Тілдік мақсат:	Оқушылар: Өз бетінше оқулықпен жұмыс жасай алады, тақырыппен жаңа сабақты байланыстырып, жұмыс жасай алады, пәнге деген қызығушылығы артады.
	Негізгі сөздер мен тіркестер: оқушылар кездескен тақырыптағы аңдық стиль, ер тоқым, ат-өбзелдері сөздерін тыңдайды, жазады, оқиды, айтады.
	Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктері: Сынып оқушылары қарым-қатынасқа түсе отырып, ойын еркін жеткізе білуге ұмтылады, алған білімдерін тұжырымдайды, бір-біріне сұрақтар қояды
Құндырға баулу	6. тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы.
Пән/ар. байланыс	Дүниетану, биология, география.
Алдыңғы оқу	Ерте темір дәуірі тайпаларының шаруашылығы.

Уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Басталуы: 0- 4 минут 4-10 минут	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Стикер арқылы оқушыларды I топ, II топ, III топқа біріктіру. Тиграхауда, Парадарайя, Хаомаварға топтарына бірігеді. «Конверт сұрақ» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау үй тапсырмасын пысықтаймын. I топқа: Ежелгі металлургия тапсырмасы. II топқа: Зергерлік өндіріс тапсырмасы. III топқа: Қыш өндірісі тапсырмасы беріледі. Оқушылар үй тапсырмасының сұрақтарына жауап береді. Тест жұмысы алынады: 1. Темір өндірісі пайда болған кезең? А) б.з.б. VIII-VII ғғ. Ә) б.з.б. VII-V ғғ. Б) б.з.б. VI-V ғғ. 2. Мыс пен қалайының қоспасы? А) қола. Ә) темір. Б) қорғасын. 3. Қоныстар мен обаларға қазба жұмыстарын жүргізген кезде алынған негізгі материал? А) қыш Ә) ағаш Б) сүйек 4. Елбасымыз Н.Назарбаевтың соңғы жолдауы жолданды? А) 5 қазан 2018 жылы. Ә) 6 қазан 2018 жылы. Б) 1 қазан 2018 жылы. 5. Астана қаласына неше жыл? А) 20 жыл Ә) 21 жыл Б) 22 жыл.	Қосымша материалдар. Сұрақтар. Стикер.
Сабақтың ортасы: 10-25 минут 25-30 минут 30-35 минут	Жаңа сабаққа шолу жасап, түсініктеме беріп, оқушыларға ұсынамын. Оқушылар сақ және сармат тобына бірігеді (стикердің түстері арқылы). Тақырыпшаны топтар алып танысады, анықтап алып тақырыпшаларды оқып шығады. «Постер» әдісі арқылы топтағы оқушылар берілген тақырыпшаларды алып оқып танысады, талқылап, талдап, берілген тақырыпшалар бойынша плакатқа түсіріп қорғайды, түсіндіреді. Тапсырмаларды орындау барысында топтарға барып сұрақ қойып жауап алып талқылайды. Оқушылар тақырыптарды меңгеріп, алған білімін көрсете білуі тиіс. Шығармашылық тапсырма: (картамен жұмыс). Сақ және сармат тайпаларының жер аумақтарын көрсетеді. «Ақылды доп» әдісі арқылы жаңа сабақты қорытындылап, пысықтаймын.	Қосымша материалдар Оқулық Плакат, маркер Карта
Аяқталуы:	Кері байланыс: Оқушылар төмендегі кестеге ойларын, әсерлерін жазады.	
40 мин.	Саралау. Оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? - Шатасқан әріптер: ҮЖГНЕ, АҚС, РЕ ОҚТМЫ, ДААҚС, ЖЕЕБ. Бағалау. Оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? Смайликтер арқылы бағаланады. Тарихи диктант: Б.з.б 1 мыңжылдықта ----- даласында ертедегі көшпелілердің -----пайда болып, олардың жекелеген ----- қалыптаса бастады. Олар -----жағалаулары Солтүстік Кавказ, -----маңы, Орталық Қазақстан Жетісу, Шығыс Қазақстан,-----ойпаты, Тыва, Моңғолия және Ордос. Осы тапсырмаларға жауап береді.	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы. Указканы дұрыс пайдалану. АКТ пайдалану ережесін ұстану.
Рефлексия.		
Үйге тапсырма: Сақтардың мәдениеті.		

Түркістан облысы, Отырар ауданы, Қостерек ауылы.

ҚАҢЛЫЛАРДЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ОЛЖАСЫ

Сабила АЛМАХАНОВА,
Қ.Мұңайтпасов атындағы жалпы білім беретін орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Оқу мақсаттары	5.4.2.3 – Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру.		
Сабақ мақсаттары:	Ұлы Жібек жолының қалай пайда болғанын білу; Ұлы Жібек жолының тармақтарын жергілікті жермен байланыстыру; Қаңлыларда қала мәдениетінің дамуы немен байланысты екенін білу.		
Тілдік мақсат	Негізгі сөздер мен тіркестер: «Жібек жолы, елші, қаңлы, мәдениет, Хуанхэ» т.б сөздерімен танысады. Оқушылардың оқылым, айтылым және тыңдалым дағдыларын дамытуды қамтамасыз етуде мәтінмен жұмыс оқулықтан сұрақтарға жауап іздей алады.		
Бағалау критерийлері	Ұлы Жібек жолының маңызын анықтау; Кескін картаға Ұлы Жібек жолының Қазақстан территориясы арқылы өтетін бөлігін түсіру.		
Құндылықтарды дарыту	Мәңгілік ел идеясы. Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау, қарым-қатынас жасау қабілетін дамыта отырып, оқуға баулу.		
Пәнаралық байланыс	Жаратылыстану, математика, әдебиет, музыка, бейнелеу.		
АКТ-ны қолдану	Сабаққа қатысты бейнебаян көрсету.		
Бастапқы білім	Үйсіндер туралы жазба деректер.		
Сабақтың жоспары			
Сабақ кезеңі	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері		Ресурстар
Басталуы 10 минут	Ұйымдастыру. Психологиялық ахуал қалыптастыру: Сынып реттілігін қадағалау. Оқушыларды түгелдеу. Оқу құралдарын байқау. Топтың «Алтын ережесін» құру. Топқа бөлемін: Туға үш түсті жұлдызшалар жабыстыру арқылы 3 топқа біріктіремін. 1-топ: САҚ. 2-топ: ҮЙСІН. 3-топ: ҚАҢЛЫ. (Әр топқа бағалау парақша таратамын). Білу және түсіну. Алдыңғы білімді «Кім жылдам» ойыны бойынша пысықтау. 1.Үйсіндердің өмір сүрген уақыты: б.з.б.III ғ. – б.з.V ғ. аралығы. 2.Үйсіндердің ең жоғарғы билеушісінің титулы: Гуньмо. 3.Үйсіндердің мекендеген жері: Қазақстанның Жетісу өлкесі, Шу Талас өңірі, Ыстықкөл және Қытайдың солт-батыс аумағы. 4.Үйсіндердің астанасы: Қызыл Аңғар. 5.Қызыл Аңғар қайда орналасқан: Ыстықкөл мен Іле өзенінің оңтүстігі. 6.Қытай деректері бойынша шығысында қай тайпамен шектеседі? Ғұндармен. 7.Үйсін мемлекетінде неше әскер болған: 188 мың. 8.Тайпа көсемдері не деп аталды: Бек. 9.Үйсіндер Қытай мемлекетімен қарым-қатынасын қалай реттеді? Құданалық жолмен. 10.Қытай деректері бойынша үйсіндер батыс жағында қай тайпамен шектеседі? Қаңлы. Міне, сол Қаңлы елі қай уақытта өмір сүрді, қай жерде өмір сүрді, бұл елдің үйсін мемлекетінен айырмашылығы қандай, қаңлы мемлекетінің қалалық мәдениетінің дамуына не әсер етті, сол туралы біз бүгінгі сабағымызда толық танысамыз. Дескриптор. Білім алушы: -Үйсін мемлекетінің саяси құрылымын атайды. -Үйсін мемлекетінің басқару жүйесін біледі; -Үйсін мемлекетінің әлеуметтік құрлымын атайды; -Үйсін мемлекетінің тарихы туралы деректердің қай мемлекет тарихшылары жазғанын атайды.		Ту стикер түрлі-түсті маркерлер Бағалау парақшасы Проектор Карта
Сабақтың ортасы 20 минут	Білу, түсіну. Жаңа сабақ: Қызығушылықты ояту. «Бейнематериал» көрсету. 5 мин. -Бейнематериалда кімдер туралы айтылады? -Ұлы Жібек жолы қалай бастау алған; -Қазақстанның қай жерлері арқылы Ұлы Жібек жолы жүріп өткен? -Ұлы Жібек Жолы деп аталу себебі неде? -Ұлы Жібек жолы бойымен не тасымалданды? Дескриптор: Білім алушы. -Қаңлылардың мекендеген жерін картадан көреді; -Қаңлы елінің көрші елдермен қарым-қатынасы туралы біледі; -Ұлы Жібек жолының қай жерден бастау алғанын біледі; -Ұлы Жібек жолы бойында пайда болған Қазақстандағы қалаларын атайды? -Елбасымыздың бастамасымен Ұлы Жібек жолын өркендету идеясының қалай жүзеге асып отырғанын біледі. «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі: Әр топ оқулықта берілген мәтінмен танысады және ой түйеді. Топ болып талқылайды 5 минут. Постер дайындайды 10 минут. Дескриптор Білім алушы. 1. Ұлы Жібек жолының пайда болу себептерін атайды; - Жібек матаның қалай дайындалатынын айтады. 2. Ұлы Жібек жолының Шығыс пен Батыс арасын байланыстыратын негізгі жол болғанын анықтайды; - Жергілікті өңірмен Қаңлылардың байланысын анықтайды? - Ұлы Жібек жолының қаңлылардың қала мәдениетінің дамуына ықпалық біледі. 3. Қаңлылардың ғұндармен одақтасу себептерін анықтайды. «Адасқан әріптер». Сақ тобы: Бұзықтөбе, Қажымұқан баба, Әбихан ата. Үйсін тобы: Отырар, Көкмардан, Арыстанбаб. Қаңлы тобы: Испиджаб, Саран, Түркістан. Жергілікті жермен байланыстырып, пысықтаймын.		Бейне материал Оқулық. Қаңлы мемлекетінің, Ұлы Жібек жолының картасы. Қосымша мәліметтер А3 форматы, маркерлер, стикер. Үлестірме

Сабақтың соңы 10 минут	Зерттеу сұрағы: Қаңлыларда қала мәдениетінің дамуы немен байланысты? Қорытындылау. Қолдану. «Роунд-робин» әдісі. Барлық оқушы кезекпе-кезек бірінің айтқанын бірі қайталамай бүгінгі алған білімдері бойынша бір сөйлемнен айтып шығады 2 минут. Кері байланыс: Бағдаршам арқылы. Оқушылар стикерге жазып бағдаршамға жапсырады 1 минут. Топ басшы бағалауын хабарлайды 2 минут. Үйге тапсырма: «Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы». Кескін картаға Ұлы Жібек жолының Қазақстан территориясы арқылы өтетін бөлігін түсіру.	Бағдаршам Ежелгі Қазақстан тарихының атлас және кескін картасы.
Қосымша ақпарат		
Саралау: жоспарлап отырасыз ба?	Бағалау: оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс. Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы.
Сабақ бойынша рефлексия. Жалпы баға. Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: Бейнематериал көрсету арқылы қызығушылықты ояту. 2: «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі. Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: Оқушылардың белсенділігі. 2: Тиімді-әдіс-тәсілдер. Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?		

Түркістан облысы, Отырар ауданы.

ҰСТАЗ ЗЕРТТЕУІ

ТІРЛЕЙ ЖАНҒАН БАТЫР

Қаныш САДЫР,
Х.Нұрымғалиев атындағы жалпы білім беретін
мектептің жоғары санатты тарих пәні мұғалімі

Миллиондаған адам өмірін жалмап, талай сәбидің көз жасы жазықсыз төгілген екінші дүние жүзілік соғыс аясындағы Ұлы Отан соғысының жарасы әлі де болса жазыла қойған жоқ. Жаңақала ауданы, №8 Тұрдығұл ауыл кеңесінен (қазіргі Жуалыой ауылы) екі жүздің үстінде адам соғысқа аттанып, көбісі майдан даласында қалса, кейбірі хабарсыз кетті. Олар туралы деректер әлі күнге дейін белгісіз. Оларды іздейтін адам да жоқ, соғысқа кеткендердің кейбірі жас жігіттер болса, қалған ұрпақтарының өзі де егде тартқан немесе қайтыс болған. Ауылдан шыққан майдангерлердің ішінде ерлікпен қаза тапқандары да бар. Асқан ерлік көрсеткендердің бірі – **Арыстан Ахметов** еді.

Ол 1902 жылы Жаңақала ауданы, №8 Тұрдығұл ауыл советінде дүниеге келген. Колхозшы. 1942 жылдың 24 қаңтарында Жаңақала аудандық әскери комиссариатынан әскерге аттанған. Атақты Панфилов дивизиясының құрамында соғысқан. Воронеж облысының Сурковое селосы маңында 19 қызыл әскер фашистердің бір батальонына қарсы шайқасады. Олардың он бірі қаза тауып, қалған сегізі ауыр жараланған күйінде жау қолына түседі. Арасында Арыстан және жолдастары Өтеп Әминов (Атырау қаласынан), Аймаш Дүкешев (Атырау, Мақат ауданы), Жұбан Бекболатов (Атырау қаласы), Сағадат Жұбанов (Атырау, Құрманғазы ауданы, Добехан селосы) бар. Фашистер Арыстаннан жауап алуға тырысады, бірақ ол да жолдастары да жауап беруден бас тартады. Ақырында, гитлершіл жендеттер ер жүрек жауынгерлерді азаптап, үстеріне жанармай құйып, тірілей өртейді. Арыстан Ахметов бастаған қазақ жауынгерлерінің даңқты ерлігі мен қаймықпас қайсарлықтары туралы «Отан үшін»

(3.10.1942 ж.) атты майдан газетінде, журналист М.Жантикиннің «Жауынгерлік даңқ шежірелері» атты кітабында баяндалған. «Отан үшін» газетінің бұрынғы редакторы, майдангер журналист Т.Н.Кузнецовтың «Алматыдан Берлинге дейін» (Алматы, 1945 ж.) атты кітабында Арыстанның соғыс кезінде ән шығарғанын, оны қаруластары шабыттана шырқағанын жазады.

*«Ей, Жаңғала өзегім,
Аспаның, мөлдір өзенің,
Өзіңде өмір нәрі де,
Керікті қыздың бәрі де,
Өрбіткен жылқы табынын,
Жаңақаламды сағындым»* деген ән шумағында ер жүрек жауынгерлердің туған ел, өскен жерге деген перзенттік сағынышы көрініс тапқан.

Ресейдің «obd-memorial.ru» сайтынан алынған мәлімет бойынша А.Ахметовтың әскери шені болмаған, партияға мүше емес. Жаңақала аудандық әскери комиссариаты берген аса құпия тізімде оның жақындарынан Ахметова Жұмазия есімді жарының аты жөні тұр. Басқа дерек тіркелмеген.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» деп атап көрсеткен.

Күн санап соғысқа қатысқан майдангерлер саны азайып келеді. Біздің қолымыздан келетіні олардың ерліктерін кейінгі жас ұрпаққа үлгі етіп айтып, еске алып отыру. Олардың ерліктеріне тағзым ету. Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды!

Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Жуалыой ауылы.

ЕЛБАСЫ – БОЛАШАҚТЫҢ ҚАМҚОРЫ

Ай ЖАНГЕЛДИНА, Лаура ЖИРЕНБАЕВА,
Лашын ӘЖІҒАЛИЕВА, Арайлым ЕСТЕМЕСОВА,
№26 жалпы білім беретін мектептің мұғалімдері

Мақсаты: Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың туып-өскен жері, өмір жолы туралы мәлімет беру. Елбасының еңбек жолын үлгі-өнеге ете отырып, отансүйгіштікке, азаматтыққа баулу, халқына сіңірген еңбегін, ерлігін, жүргізген саясатын үлгі ету. Туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Ел болашағын ойлайтын, халқы үшін еңбек ететін, ұлттық санасы, құқықтық мәдениеті қалыптасқан жастарды тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Н.Ә.Назарбаевтың кітаптарының көрмесі, бейнекөрсетілім, презентация, шарлар.

1-жүргізуші: – Армысыздар, құрметті ұстаздар мен оқушылар!

1 желтоқсан – Қазақстан Республикасында Тұңғыш Президент мерекесі болып елімізде жыл сайын тойланып отыр. Бүгінгі тәрбие сағатымызда елінің егемендігін, ынтымақты, тұтастық, бірлікті ойлаған, ұрпақтың саналығына мән берген, ар менен намысты биік ұстаған, әлемдік деңгейдегі ірі қоғам қайраткері, еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арналған **«Елбасы – болашақтың қамқоры!»** атты мерекелік кешімізді бастаймыз!

2-жүргізуші: – *Қазақстан дейтін менің бар елім.*

Жатыр алып жарты дүние әлемін!

Бұл даланы аням жаспен суарған,

Бұл далада атам қолға ту алған,

Бұл далада жылап келіп, уанған,

Бұл даланы көріп алғаш қуанған.

Бұл далада өскен жанда жоқ арман!

2006 жылы 7-қаңтарда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны қабылданды. Егемен еліміздің Әнұраны жаңарды, “Менің Қазақстаным” жер жүзіне таралды. Бүгінгі мерекелік кешімізді бастамас бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранына кезек берейік. (Әнұран айтылады).

Тәуелсіздігімізді алғаннан соң халықтың басын біріктіріп Н.Ә.Назарбаев тұңғыш президент болды. Елбасының бастауымен менің Отаным әлемге танылды. Елім елдігін көрсетті, ерлігін танытты.

1-жүргізуші: – Халқы құрмет тұтқан, елі үшін еңбек еткен Елбасымыздың өмір жолына шолу жасайық (Елбасының дүниеге келуі көрсетіледі).

1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Шамалған ауылында болашақ көшбасшы өмірге келеді.

Нұрлы ғұмыр нұрлы мекеннен, жанарына нұр тұнған балалықтан, санасына сыр тұнған бала даналықтан бастау алады. «Батыр болар балаңды бетінен қақпа, белін бу» деген қағидамен қағу көрмей, еркін өсіп, ер жеткен бала Сұлтан, батыр бабалардың басқан іздерімен балалықтың балдәуренін өткізіп, көнелерден жеткен көсем сөзбен суындады. Дәл қазір Елбасымыздың балалық шағынан көрініске кезек берелік.

Көрініс: Балалық сәттен (таңертеңгі шайдың кезі).

Сұлтан: – Жеңеше, жеңеше мен бір керемет түс көрдім.

Сұлтан: – Мына Алакелдінің жотасына бір қап тұз аркалап шығыппын. Тұзды жотаға алып шыққаным сол, ауыл жаққа қарасам менің класым да, мектебім де, мектептегі балалар да осы Шамалған ауылының бәрі төменгі жақтан көрінді. Соны өзім аркалап шығарған тұз толы қаптың

үстінен қарап отырып көрдім.

Анасы: – Балам, сен өте үлкен адам болады екенсің, дәрежең жоғары болады екен, тұз деген жақсы нәрсе, Алла тілеуінді берсін балам. Мансабың жоғары, өрең терең, несібең аса мол, еңсең биік болады екен (Анасы баласына ақ батасын береді).

2-жүргізуші: – Міне, анасы мен үлкендердің жорыған түстері дәл келіп, бүгінде аз ғана уақыт ішінде әлемді аузына қаратқан Қазақ елін басқарып, атақ-дәрежесі күллі дүниені шарлап кетті. Тұңғыш Президентіміздің өмір жолы қиын да қайталанбас көп қырлы...

1-жүргізуші: «Ел – Елбасына тірек, Елбасы – елге қалқан». Бұл – бүгінгінің шындығы. Н.Назарбаев десе – Қазақстан, ал Қазақстан десе – Назарбаев ойға оралады. Елбасымызға қандай тілек арнасақ та жарасады. Олай болса, Елбасына өздерінің жүрекжарды өлеңдерін, тілектерін арнағалы отырған оқушымызға кезек берейік. Қанекей қошеметпен сахна төріне шақырайық!

2-жүргізуші: Менің атам да, анам да – қазақ. Қазақпын деп айтуға ешқашан намыстанған кезім жоқ. Намыстанбаймын да. Қайта маған тіл, дін, өмір, тіршілік сыйлаған туған халқыма бар есті тірлігімде қарыздар болып өтуге бармын. Ендігі кезекті мерекелік көңіл-күй сыйлайтын өнерлі жастарымызға берейік. Қарсы алыңыздар! «Күй».

Ортада «Мен қазақпын» әні.

1-жүргізуші: Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті ұйымдастыруымен өткен ғылыми жұмыста 3-орын иеленген Оразхан Аяулымның “Алматы” деген өлеңіне кезек берейік.

2-жүргізуші: *Жеріне күн нұрын шашқан,*

Елі бар дәулеті асқан.

Ол біздің – Қазақстан!

Білімді ұрпағы бар,

Әсем қала Астанасы бар.

Ол біздің – Қазақстан!

Желбіреген көк туы бар,

Болашаққа елін бастаған

Елбасымыз бар.

1-жүргізуші: *Бұрынғыдан сірә сөз артылмаған,*

Сақта қазақ қайткенде салтыңды аман.

Елбасы бір-ақ келген жер бетіне,

Қазақ үшін найзағай жарқылдаған.

Ортада «Би Нұры» бишілер тобы «Қазақ биі».

2-жүргізуші: – *Қазақ елі желбіреп көк байрағың,*

Гүлге оранды ауылың мен аймағың.

Елбасымыз биіктерге бастады,

Ол көрсеткен нұрлы жолдан таймағын.

1-жүргізуші: –Туымыздың тұғыры берік, еліміздің еңсесі биік болсын! Тәуелсіз еліміздің іргесі мықты болсын! Көгімізде көк туымыз мәңгі желбірей берсін!

6-сынып оқушылары «Атамекен» хорын орындайды.

2-жүргізуші: – Осымен «Елбасы болашақтың қамқоры» атты ашық тәрбие сағатымыз аяқталды. Келесі кездескенше күн жақсы! Осындай тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің болашағы үшін жауап беретін ұрпақ екенімізді сезінеміз.

Алматы қаласы.

ЖАТ АҒЫМНАН САҚТАНАЙЫҚ!

Айбек БЕЙСЕКЕНОВ,
Қарақол орта мектеп-балабақшасының
тарих және қоғам тану пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты: Мемлекеттегі діннің орны, дәстүрлі емес ағымдар және экстремизм, терроризм терминдеріне түсінік беру. Діни наным-сенім, олардың пайдасы, зияны туралы түсіндіру.

Тәрбиелік мәні: Отансүйгіштікке, мейірімділікке баули отырып, имандылыққа тәрбиелеу. Оқушының дүниетанымын қалыптастыру.

Сабақтың түрі: Пікірталас.

Көрнекілігі: Тақырып, слайд, БАҚ материалдары.

Әдісі: сыныпты топқа бөлу, топ аттарын қою.

Топ аттары: «Ұлағат», «Мейірім».

Сабақ барысы: 1.Ұйымдастыру, түгендеу.

2. Кіріспе: (мұғалім сөзі).

– Ел ертеңі жастар, болашаққа бастар! Бүгін 9 «А», 9 «Б» сынып оқушыларымен «Жат ағымнан сақтанайық!» тақырыбында пікірталас сабақ өткізгелі отырмыз. Пікірталасқа «Ұлағат» және «Мейірім» тобы қатысады.

Әлемдегі дәстүрлі діндердің барлығы да адамды жақсылыққа, сенімге, қайырымдылыққа тәрбиелейді. Дін – белгілі заңдылықтар жүйесі. Дін – ол ақыл, білім, мінез-құлық, адамгершілік, имандылық, бейбітшілік.

«Ұлағат» тобы: 9 «А» сынып оқушысы Болатова Ұлжан: «Елдегі діннің орны туралы»: Қазақстан тәуелсіз ел болып жарияланған соң дін бостандығы жаңа арнаға түсіп, Қазақстан Республикасы өзін зайырлы мемлекет деп жариялады. Ата заңымызда: «Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп көрсетілген.

«Мейірім» тобы: 9 «Б» сынып оқушысы Қамақова Ақниет: «Жат ағымның арбауына түспейік»: Қазіргі кезде жат ағымдардың құрығына жастарымыз жыл-

дам түсіп жатыр. Ағымдардың шырғауына түсіп жатқан жастардың осал тұсы, діни сауаты толық қалыптаспағандықтан, яғни діни білімнің төмендігінен болып отыр...

«Ұлағат» тобы: 9 «А» сынып оқушысы Әбілов Қасым: «Діннен адастырар теріс ағым»: Қазіргі таңда діни ағымдарға бөліну, тіпті осының ішіндегі ең сорақысы бірлікке шақыратын, ислам дінінде жүріп, топ-топ, ағым-ағымға бөліну мәселесі, еліміз ұстанып отырған бірлік, бейбітшілік, татулыққа сызат түсірмекші...

«Мейірім» тобы: 9 «Б» сынып оқушысы Төлеу-ханов Жақсылық: «Жат ағымнан қалай сақтанамыз?»:

Жастар яғни біз, кез келген теріс діни ағымдардың зияндылығын танып, біліп, оның астарына үңіле білгеніміз дұрыс. Дін, әдет-ғұрып, діни экстремизм туралы мәліметті «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінен аламыз, сондай-ақ, БАҚ, телеарналардан білеміз...

Оқушылардың пікірі тыңдалған соң: «Жалған діндер – ғасырлық адасу» тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, осы ролик туралы оқушылардың ой-пікірлері тыңдалды.

Қорытынды: Бүгінгі сабағымызда дін, әдет-ғұрып, діни экстремизм туралы біраз мәлімет алдық. Бір сөзбен айтқанда әлемдік дәстүрлі діндердің барлығы – бірліктің діні. Ол ешқашан жанжалдасуды қаламайды, жалпы ешкімге жамандық тілемейді. Біз бірлігіміз бен ынтымақтастығымызға қол сұғуға ешкімге жол бермейміз. Жат ағымнан сақтану әркімнің өз қолында ол үшін діни сауаттылық қажет.

Шығыс Қазақстан облысы,
Ұржар ауданы,
Қарақол ауылы.

АВТОРЛАРҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

СУРАҚ ТУСА, САЙТТЫ ҚАРАҢЫЗ!

“Қазақ тарихы”, “Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл” журналдарына ортақ жаңа сайт ашылғанын бұрын хабарлағанбыз. Сайттың интернеттегі тұрағы: kaztar.kz Кіріп көріңіздер. Тілін білген кісіге интернет пен сайттың қыруар шаруаны жеңілдететінін естен шығармаңыздар!

Сайт жеті бөлімнен тұрады және әр бөлімде оқырманға пайдалы ақпарат ұсынылған. Бөлімдер «Басты бет», «Фотокөрме», «Журнал туралы», «Мақала жариялау», «Мұрағат», «Қазақ тарихы» баспасы, «Байланыс» деп аталады. 2-бөлімі – қос журналдың тарихынан

естеліктер ұсынатын «фотокөрме» деп аталса, «Қазақ тарихы баспасы» бөлімінде бұған дейін шығарылған кітаптардың мұқабасы берілген. Кітап шығарғысы келген авторлар соған қарап өз таңдауын жасай жатар. Жиі қойылатын сұрақтардың жауабын да, жазылу мен мақала жариялаудың талабын да, редакцияның тұрағы мен телефонын да осы бөлімдерден табасыздар. Тіпті «Байланыс» бөлімі арқылы бірден редакцияның элпоштасына хат жаза да аласыз. Ендеше көкейіңізде кез келген сауал туса, бұрынғыдай редакция қызметкерлерін мазаламай, сайтқа жүгініңіз. Мұқият танысып, кейбір түйткілді нақтылау үшін ғана редакцияға хабарласыңыз.